



**Ақмола облысының әкімдігі**  
**Ш.Уәлиханов ат. Көкшетау университеті**  
Акимат Акмолинской области  
Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова

**АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН  
ҚҰРБАНДАРЫ ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ  
ЕСКЕ АЛУ КІТАБЫ**  
КНИГА ПАМЯТИ ЧЛЕНОВ СЕМЕЙ ЖЕРТВ  
ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ  
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

**ЕСТЕЛІК ӘҢГІМЕЛЕР ЖИНАҒЫ**  
СБОРНИК ПАМЯТНЫХ РАССКАЗОВ

Көкшетау, 2023 ж.

**ӘОЖ 94 (574)**  
**КБЖ 63.3 (5Қаз)**  
**А 37**

*Ақмола облысы әкімдігі Ішкі саясат басқармасының тапсырысымен орындалды  
/Исполнено по заказу Управления внутренней политики акимата  
Акмолинской области.*

*Рецензенттер/Рецензенты:*

Капышев А.К. – тарих ғылымдарының кандидаты  
Абдыкулова Г. – PhD.

**А 37 Ақмола облысының саяси қуғын-сүргін құрбандары отбасы мүшелерінің еске алу кітабы.** Книга памяти членов семей жертв политических репрессий Акмолинской области. **Естелік әңгімелер жинағы.** Сборник памятных рассказов / *Редакциялық алқа / Редакционная коллегия:* А.Б. Әміренова, А.А. Сейткасымов, А.Т. Бексеитова, А.Б. Кушпаева, М.З. Утегенов, А.Т. Шукеева, Р.А. Идрисов, Т.А. Уалиев, А.Б. Еламанова. Жалпы ред. / Под общ.ред. / М.Қ. Сырлыбаев – Кокшетау «Мир печати», ИП Устюгова Н.Ф., 2023. - 200 с.

**ISBN 978-601-80953-6-8**

Жинақта ұрпақтар, қоғам қайраткерлері және аймақтың қарапайым азаматтары ұсынған әңгімелер мен шынайы деректі материалдар бар. Жинаққа сондай-ақ үкімет қаулыларынан, хаттамалардан үзінділер, мемлекеттік органдардың қорытындылары мен анықтамалары енгізілген. Жинақ тоталитарлық жүйе кезеңіндегі өткен ғасырдағы Ақмола облысындағы саяси қуғын-сүргін тарихына, туыстары мен жақындарының естеліктері, халық жадында ғылыми айналымға енгізілген материалдарды талдау және қайта қарау мәселелеріне арналған. Басылым зерттеуші мамандарға және ХХ ғасырдың 20-50 жылдарындағы отандық тарихқа қызығушылық танытатын оқырмандардың кең ауқымына арналған.

Сборник содержит рассказы и подлинные документальные материалы, представленные потомками, общественными деятелями и простыми гражданами региона. В сборник также включены выписки из постановлений правительства, протоколов, заключения и справки государственных органов. Сборник посвящен истории политических репрессий прошлого века в Акмолинской области в период тоталитарной системы, вопросам анализа и пересмотра материалов, введенных в научный оборот по воспоминаниям родных и близких, памяти народа. Издание предназначено для специалистов-исследователей и широкого круга читателей, интересующихся отечественной историей 20-50-х годов ХХ века.

**ӘОЖ 94 (574)**  
**КБЖ 63.3 (5Қаз)**

**ISBN 978-601-80953-6-8**

© Кокшетауский университет  
имени Ш. Уалиханова, 2023



## АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстан 1991 жылы өзінің саяси тәуелсіздігіне ие болған кезеңнен бастап өзінің өткен тарихын шынайы объективті таным тұрғысынан тарих таразысынан өткізіп келеді. Тәуелсіздік жылдары өсіп-өніп келе жатқан жас ұрпақ үшін алдыңғы ұрпақтың кеңестік дәуірдегі зобалаң мен зұлматты жылдар басынан кешкен қасіреті туралы ғылыми негіздегі архив пен сол заман адамдары – тірі куәгерлері арқылы жеткен замана шындығының ақиқат бейнесі туралы толық түсінігі болуы тиіс. Онысыз біз бүгінгі қоғамның шындық тамырын біле алмаймыз, нені артта қалдырып, нендей мұраттар мен құндылықтарға ұмтылу керектігін біле алмаймыз. Әрбір ұрпақтың адал, көпшіл, елшіл жарқын болашақтан үміті бар өкілдері өзінен кейінгі ұрпақтардың бақытты өмір сүргенін қалайды. Осы принцип – қағида барлық өзін өркениетті деп санайтын елдерге тән қасиет. Біздің халқымызда ерте дәуірлерден ақпарат хабар, тарих ауызша тігінен сызығы бойымен атадан – балаға беріліп келді. Осыған байланысты күні кешеге дейін тұтас әулиеттердің тарихы ресми тарих оқулығы беттерінде емес, халық жадындағы әңгімелер түрінде хатталып, сақталып келді. Алайда, коммунистік режим сіңіріп тастаған үрей психологиясы салдарынан ол әңгімелер жиынтығы халық жадындағы құпия әңгімелерге айналды. Ол қорқыныш үрей инерциясының күштілігі соншалықты оның екпіні КСРО – дағы тоталитарлық жүйе құлаған соң да біраз уақыт сақталып тұрды. Тіпті оның сарқыншақтары бүгінгі күнге дейін жетіп отыр. Осы үрейді біржола жеңбейінше еркін қоғам, елшіл принципшіл азаматты тәрбиелеу мүмкін еместігіне соңғы отыз жылдық тарихымыз дәлел. Біз бұл жолды қайткен күнде де жүріп өтуіміз керек. Ол жолды жүріп өту үшін біз өткен тарихымызға жүгінуге тура келеді. Архив құжаттары сарғайған қағаз бетіне түсірілген көбіне құрғақ үнсіз, күйсіз деректерден құралса, халық жадында сақталып келе жатқан естелік деректерінің орны ерекше. Себебі, тірі куәгерлердің аузынан сол заманның ызғарын, қатыгез мінезін, жан азабы мен тән азабын тартқан адамдардың қайғы-мұңын, өкініш – арманын қатты сезінесің. Азап лагері туралы сөйлеп отырған адаммен бірге азапты жолды бірге кешіп өткендей күй кешесің. Сондықтан, замана куәгерлері арқылы бізге жеткен деректі әңгімелердің оқырман мен тыңдаушыға әсер ететін эмоционалдық әсер қуатын сөзбен айтып жеткізе алмайсың. Омбы қаласында 1917 жылы Ақмола облыстық алаш комитетінде Торғайдан арнайы өкіл болып съезге қатынасқан Алаш көсемдерінің бірі Міржақып Дулатовтың қызы Гүлнәр апайдың әңгімелерінің естелік әңгімелері «Оян қазақ» сияқты керемет фильмнің арқауы болып, көрермен жүрегіне жетті, оның ұлттық рухын қозғады, жастарда шынайы азаматтық, патриоттық сезімдер оята алды.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылдың 24 қарашасында қол қойған «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» №456 Жарлығы осы арнайы комиссия құруға бастама болды. Жарлықтың екінші тарауында негізгі міндет былай деп





айқындалды: «Мемлекеттік комиссияның негізгі міндеті саяси қуғын-сүргін құрбандарын заңдық және саяси тұрғыдан ақтау болып табылады». Жарлық жарияланғанынан кейін халық жадында сақталған деректі куәлік – әңгімелерді ел ішінен жинап алу жұмысына ерекше серпін берілді. Өкінішке орай, бұл жұмыс КСРО – мен бірге коммунистік режиммен бірге оның адам жегіш идеологиясы құрдымға кеткен сәттен бастап ықтиаттап жиналуға тиіс болатын. Соңғы отыз жыл ішінде сол заманды көзімен көрген, басынан өткерген тірі куәгерлердің барлығы дерлік дүниеден өтіп кетті десе де болады. Ештен, кеш жақсы демекші сол тірі куәгерлердің бүгінгі ұрпақтарының есінде хатталып қалған әңгімелердің жұқанасының өзі де біз үшін аса құнды тарихи дерек көзі болып табылады.

Белгілі айтыскер - ақын Баянғали Әлімжанов өзінің естелік әңгімесінде: «1977 жылы Сәбит Мұқановтың музейінде жұмыс істеп жүргенде, досым Құлбек Еркөбек екуміз архив ақтарып, Жайық ағаның хатын оқыдық. Онда Ж. Бектұров Сәбеңе: Әбілқайыр Досовты НКВД ұстап, халық жауы деп түрмеде азаптағанда, балуан тұлғалы қайратты ,қайсар азамат қатты қарсылық көрсетіп, тергеуші жендеттермен төбелесіп өлген екен!» - деп жазған екен.

Жақсы жаман болсын өткен тарихты – мансұқтау, тарихты «жаңа беттен» бастаймын деген билеуші патшалардың қаншамасы тарих көшінен қалып, айдалаға лақтырылып тасталды десеңші?!

Қазақ тарихы тамыры терең бәйтерек тәрізді, соның алтын бұтақтарын боз қырау басқан, жапырақтары ерте солып, үзіліп түскен кездері де аз болмаған. Қазақтың таяу тарихыдағы ең бір қасіретті де қайғыға толы зобалаң жылдары ұлтымызды жер бетінен жоқ қыларға шәк қалған - кеңестік кезеңнің «қызыл қырғын» уақыты. Сол дәуірдің тірі куәгерлерінің немесе сол зұлматтан аман қалғандардың балалары арқылы там-тұмдап жеткен куәліктерді бүгінгі, болашақтағы ұрпақтарға жеткізу зерттеуші ғалымдардың қасиетті парызы. Өткен дәуірдің заманхаттары өткен ұрпақтардың бізге қалдырған - аманат хаты. Дана халқымыздың тәмсіл сөзіне сүйенсек – «Аманатқа қиянат жүрмейді»

**А.Б. Әміренова,**  
Ақмола облысы әкімінің орынбасары



**Жабал Ерғалиұлы  
ЕРҒАЛИЕВ**

Қазақстандық жазушы, журналист, қоғам қайраткері, 2019 жылдан бері Қазақстан Республикасы Сенаты жанындағы сенаторлар Кеңесінің мүшесі, 2011–2017 жылдары аралығында Сенат V және VI-шақырылымдарының депутаты. Жабал Ерғалиұлы 1952 жылы, 30 қазанда Көкшетау облысы, Чкалов ауданы, Қараағаш ауылында дүниеге келген, (қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша ауданы Қараағаш ауылы).

### **Жүректегі соғыс сызы**

Күркіреп өткен кешегі соғыстың мәңгі ұмытылмас, жаныңды мәңгі сыздатар қасіреті бар екен. Мен осы бір қасіретті жастайымнан сезіп өстім. Көктем шығып, 9 мамырдағы Ұлы Жеңіс мейрамы жақындаған сайын әкем көп күрсінетін де, ақыр соңында төсек тартып, жатып қалатын. Қайран әкем үшін қанды майдан даласындағы қырғыннан оралмаған өзінің төрт бірдей туған бауыры – екі ағасы мен екі інісінің қайғысы мен қасіретін көтеру, әрине, оңай болмағаны анық.

– Барып дұға қылайын десем, қабірі жоқ, оқиын десем, хаты жоқ бауырларымның, – деп егілетін қайран әкем.

Жеңіс күні әкемізбен бірге біз де егілетінбіз, біз де күрсінетінбіз. Соғыс даласынан қайтпай қалған әкемнің екі ағасы Мұқаметқали мен Нұрғали, екі інісі Нәбіғали мен Қинаятқали Жұмжұмаұлдарын іздестіріп, солар жайлы деректер жинауға әкемнің осы бір жан күйзелісі әсер еткен еді. Бір қызығы, осы ағалардың қазасы жайында елге бірде-бір «қаралы қағаз» келмеген көрінеді. Алайда, бертін, ел үлкендерінің айтуынша, соғыста хабарсыз кеткен ағалардың қаралы қағаздары елге келген де деседі. Сол кездегі колхоз басшылығында жүрген шолақ белсенділер: «Қажы молланың үйі елді жинап алып, дұға оқытып, колхоздың жұмысына кедергі жасайды, қаралы қағазды соғыс біткен соң берерміз», деп пішеді. Бірақ соғыс біткеннен кейін колхоздың кеңсесі, сондағы барлық құжаттар өртеніп кеткен көрінеді.



Менің атам Жұмжұма молла діни білімі күшті және түрлі қасиеттері де мол жан болатын. Біздің ауылдың кез келген адамы ең әуелі біздің үйге бас сұғып, нан ауыз тиіп, атамның батасын алып қана жолға шығады екен. Жарықтық сол атам өз балаларының оққа ұшқандықтарын түсімен-ақ біліп отырған деседі.

– Құлыным-ай, өтіп кеткен екенсің-ау», – деп аһ ұрып, төсегінен тұрады екен де, құранын бағыштайды екен. Төрт бірдей ұлдарының соғыстан оралуын зарыға тосып, күні-түні жылаумен болған әжем Жүрсила Шегенқызының екі көзі су қараңғы соқыр, атам екі аяғынан жүре алмай сал болып отырып қалған-ды. Мұның барлығын маған Бикен әжем айтатын. Бұл кісі соғысқа дейін әкемнің туған ағасы Мұқаметқалидың әйелі болған. Ері соғыстан қайтпаған соң үлкендер жағы немере ағамыз Ғабдылхамитке әменгерлік жолмен қосқан көрінеді. Жалпы, сол тұста соғыстан қайтпаған көптеген азаматтардың жесірлерін қайындары мен өз ағайындарына қосу ел ішінде көп болған көрінеді. Немере ағамыз Бірімжан Оқасұлы соғыста оққа ұшқан өзінің туған ағасы Кәрімжанның әйелі Латипаны алғаны бар. Сол ағамыз: «Масқара, ағамның әйелін алып қойдым ғой, ағам келіп қалса мен не қыламын?! Мен онда ауылдан қашып кетемін, – деп әзілдеп болса да айтып отыратындығын да естіп өстік.

Әжем Жүрсила 1945 жылдың соңын ала қайтыс болыпты. Төсек тартып жатқанында ақырғы демі үзілгенше өзінің кіші ұлы Қинаятты (Қинаятқалиды) сұрап жатты деседі.

– Келді ме, Қинаятжан келді ме? Бар, қарап келіңдерші, Қинаятым келді ғой деймін! Келді ме? – деп кейуана зарығып дүниеден озыпты.

Бұрынғы Көкшетау облысының Красноармеец аудандық әскери комиссариатындағы (қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша ауданы) архивте отырып, шаң басқан папкілерді ақтарғанымда да ағаларым жайында ешбір дерек таба алмадым.

– Олар тірі, келіп қалады. Мен өліп қалып, олар үйге келіп қалса, сендер танымай қалып жүрер ме екенсіңдер?!» – деп әкем ауыр күрсініп бізге осыны айтатын да, екі ағасы мен екі інісінің түр-түсін, біздің қайсымыздың солардың қайсысына ұқсайтындығымызды көзі жұмылғанша санамызға сіңірумен болды. Өз бауырларын тірілер қатарында санап, жыл сайын төртеуіне тиесілі пітір садақасын да өзі беріп жүретін. Енді ойлап отырсам, әкем өз бауырлары өзі жоқта келіп қалса, біз танымай қала ма деп алаңдаған да екен-ау!

Ағалар жайлы нақтылы бір дерек болмағаннан кейін сол кездегі Кеңестер Одағының Қорғаныс министрлігінің Орталық архивіне сұрау салып хат жазуға тура келді. 1983 жылдың 21 сәуірінде Орталық архивтен алынған №85359 жауапта 1904 жылы туған қатардағы жауынгер Мұқаметқали Жұмжұмаұлы 1942 жылдың шілде айында, 1906 жылы туған Нұрғали 1942 жылдың қазан, 1916 жылы туған Нәбіғали 1943 жылдың қараша, ал 1919 жылы туған Қинаятқали 1943 жылдың наурыз айларында хабарсыз кеткендігі жазылыпты.

Міне, бір үйдің төрт бірдей азаматының және әкемнің төрт бірдей бауырының, менің ағаларымның тағдыры осылай болған екен. Қорғаныс министрлігінен алынған осы бір жан сыздатар қаралы хабарды әкеме айта алмадым. Бұл жайында әкем мүлдем білмей өтті дүниеден. Әкемнің «олар тірі, келеді әлі, мен жоқта келіп қалса, танымай да қаласындар-ау» деп отырар тәтті бір соңғы үмітін үзгім келмеді. Өмірдің түрлі-түрлі қасіретінен онсыз да



мұқалып жүрген әрі өзінің төрт бірдей туған бауырын зарыға тосқан әке жаны күйзелмесе екен дедім.

Міне, осы арада Нәбіғали ағамның майданнан жазған бір өлеңінде:

Түсімнен Қинаятжан шықпай-ау жүр, Білмеймін бұл күнде не болғанын? – деп күңіренгені ойға оралары бар. Сонда жарықтық Нәбіғали ағам өзінің туған бауыры Қинаятқалидың 1943 жылдың наурызында оққа ұшқандығын түсінде сезген екен ғой деп ойласам болды, жүрегім жылайды. Ал «Түсімнен Қинаятжан шықпай-ау жүр», – деп сыз окопта отырып мұң жырын жазған Нәбіғали ағамның өзі 1943 жылдың қарашасында оққа ұшқан еді.

Әкемнің төрт бірдей бауырларының, біздің үйдің төрт бірдей арыстай-арыстай азаматтарының осы бір «хабарсыз кеткендіктері» бір кездегі біздің қасиетті шаңырағымыздың кейінгі қасіреті де болып, ең аяғы соғыстан кейін туған біздің де тағдырымызды мұздатқандықтары аз болмады.

Бұған дейін, яғни Кеңес өкіметі орнаған заманда бай-қажының тұқымдары ретінде көзге түрткі болғанды былай қойып, менің атам Жұмжұма молланың туған ағасы Бабаназар қажының орыс патшасына қарсы жұмыстар жүргізді деген айыппен Сібірге жер аударылған Науан хазіретті елге қайтару және де Дала генерал-губернаторының әмірімен Көкшетау өңірінде жабылып қалған мешіттер мен діни медреселерді қайта ашып, тыйым салынған діни салт-дәстүрлерді қайта қалпына келтіру жөнінде орыс патшасы Николай екіншіге хат жазғандығы тарихта бар жай. Менің атам Бабаназар қажы ақ патшаның алдында болып, арызданып, Науан хазіреттің соңынан іздеп барып ит жеккен жер дейтін Иркутскіден елге аман-сау алып қайтты. Бұл жайында жазушы ағамыз Сарбас Ақтаев өзінің Науан Хазірет жайындағы зерттеу еңбегінде дәлелді айта білді. Бұл жайға менің қолымдағы Омбыдағы Дала генерал-губернаторының патша кеңсесіне 1903 жылдың 9 қараша айында түсіп, тіркелген мына бір анықтама айғақ болары да анық. «Аса мәртебелім! Сізге қырғыздар Бабаназар Жаңабатыров пен Әбутәліп Бакизиннің және де басқалардың жергілікті әкімшіліктің құзырымен жабылған медресені ашу және Сібірге жер аударылған молла Таласовты босатып, қайтару жөніндегі Ақмола облыстық Әскери губернаторының аса маңызды істер жөніндегі шенеунігі Яхонтовтың, мұсылмандармен хат алысып, хат алмасушы ісінің меңгерушісі генерал-майор Романовтың айғақтары мен түсініктері бойынша бар жағдайды тікелей өзіңізге жеткізуді ұйғарып отырмын», – деп қол қойылған тарихи құжат айғақ болары бар.

Қажы атамның ақ патшаның қабылдауында болғандығы және сыйлыққа оқалы шапан мен алтын сағат алғандығы біздің әулеттің кешегі кәмпескенің тізіміне де ілігуіне себеп болып, жан сақтау үшін бір түнде Сібірге қашып кеткендігі де ұрпақтар санасында қалды.

Кеңес өкіметінің біздің әулетке деген әуелгі осы бір сенімсіздігі мен күдіктеріне енді келіп, төрт бірдей жанның соғыста хабарсыз кетуі келіп қосылды да, мұның соңы біздің үйдің тыныс-тіршілігінің ұдайы жасырын бақылауда болуына әкеліп соқты. Әсіресе, Нұрғали ағамның жауға «беріліп кетті» деген күдікті жай көп болған көрінеді. Әкемнің айтуынша, НКВД-ның жандайшаптарының біздің үйді сырттан торуылдаулары мен аңдулары хрущевтік «жылымық» орнағанша тоқтамаса керек. Тіпті осы бір аңдудан



зәрезап болған әкем 1971 жылы кеңес әскері қатарындағы жауынгерлік міндетімді атқаруға аттанғалы тұрған сәтімде мені оңаша шығарып алып:

– Мүмкіндік болып жатса, әскерде жүрген жағында партияға өтіп кел. Сені бұл жақта өткізбейді, – деп айтқанының сырын да кейін түсіндім. Әкемнің сол кеңесімен мен елге әскерден Компартия мүшелігіне кандидат болып оралған едім.

– Түннің бір уағында есік-терезені тас қымтап алып, шай-суымызды ішіп, бір-бірімізбен сыбырласып сөйлессек те, таңертеңіне біз не ішіп-жедік, не дедік соның барлығын да колхоз кеңсесіндегілер біліп отыратын, – деп әкем осы жайды қамығып айтатын.

Сондай бір аңдудың салдарынан колхоз егістігінен суы ағып тұрған бір шелек қара бидай алып келген менің анам Үмітжан Уәлиқызы да 1946 жылы он жылға сотталып кете барды. Үйдегі майданнан оралмаған төрт бірдей жауынгердің сал болып қалған әкелерінің, яғни менің атамның да жағдайына, оны қойып, бесіктегі алты айлық баласына да қарамастан, он келі қара бидай үшін сот өз үкімімен менің анама он жылды кесіп берген еді. Сот үстінде анамның:

Етегі көйлегімнің бәсең деймін,

Баласы Шәкіровтің есер деймін.

Қаралап сен ісімді бергенменен,

Әділ сот бұл ісімді шешер деймін, – деген соңғы бір үміті де ақталмады. Шәкіров деген сол кезде милиция тергеушісі болса керек. Мен бүгін айдалармын, сор кешермін,

Бұл жолдан не қайтпаспын,  
не келермін?!

Өзінді көрінде де қарғап өтем,

Қызығын жалғызыңның көрсетпесін, – деп қайран анам жылай-жылай этаппен Краснояр өлкесіндегі кілең әйелдерге арналған колонияға түсіп, сондағы кірпіш зауытында жұмыс істеген екен.

Гудогы айғайлайды сағат сайын,

Әрдайым барып тұрам, пошта дайын.

Поштада бір мыңдаған хат жатады,

Оқимын соның бәрін шықпайды атым.

Анадан жетім қалған мен бір мұңды,

Жүремің жалғыз басым, сары уайым.

Сіздермен хат арқылы сөйлескенмен,

Іштегі тарқамайды қалың қайғы, – деп басталар анамның сол айдауда жүріп елге жазған көп өлеңдерінің осы бірін оқыған сайын ғазиз анамның тым болмаса бейнесін де көз алдыма әкеле алмай қиналамын да, жанарыма жас үйіріліп, жүрегім қан жылап тұрары бар. Сондай-ақ, Нәбіғали ағамның қан майданның ортасында жүріп:

Қадірлі ел ішінің жастарына,

Әртүрлі мекеменің бастарына.

Сәлемім, барлығыңа аманатым,

Алындар біздің үйді естеріңе, – деп қан майданның ортасында жүріп жазған ұзақ бір жырын ауылдағы сол кездегі жарықтық аналарымыз көз жастарын сығып, сыңсып отырып әндетіп айтатындықтары да осы күндері





санамда қайта бір жаңғырып тұрып алатыны бар. Сол өз үйіне күні бүгінге шейін орала алмай жүрген қайран ағамның: «Алыңдар біздің үйді естеріңе!» – дегені біздің әулетті өздері жоқта тағы да «жау», «дұшпан» есебінде жандайшап пысықтардың әлекке саларларын сезді ме екен?! Өйткені, Нәбіғали ағамның да отызыншы жылдары ұсталып, түрме азабын тартқаны бар екен.

Жатырмын Қызылжардың түрмесінде,

Адамның басына мұны бермесін де, – деп жазған жыры да осыған айғақ болса керек.

Әлқисса, Нұрғали ағамның «жауға беріліп кетіпті» деген нақтылы анықталмаған күдікті жай бертін келе біздің де жанымызға қатты бататын. Кеңестік жүйе «Отанын сатқандар» мен жау қолында тұтқын болғандарды аямағандықтарын, тіпті олардың үрім-бұтағына дейін сенімсіз «элементтер» ретінде есепте ұстағандықтарын бүгінгі аға ұрпақ өкілдері біледі.

Біздің ауылда бір аяғын соғыста беріп келген Зейнеш Салықбаев деген ағамыз болды. Бұл кісінің бір ұлы Өсербай екеуміз он жыл мектепте бірге оқыдық. Кейін газетте тілші болып жүргенімде осы Зейнеш ақсақалмен ұзақ әңгімелесіп, қарт жауынгер жайлы суреттеме де жаздым. Сол әңгіменің үстінде Зейнеш ақсақал:

– Сенің Нұрғали ағанды немістерге беріліп кетті деп жүргендердікі бекер. Бос сөз. Біз бір ауылдың алты азаматы Сталинград түбіндегі бір алапат шайқаста бір окопта қатар жаттық. Содан бір кезде жау жағынан артиллериядан снаряд қарша борады да, іле жау ұшақтары бомбаның астына алды. Астан-кестені шыққан дүние бір жарты сағаттан кейін тына қалды. Есімізді жиып, айналаға барлай қарасақ, қырылып қалған екенбіз. Жаңағы бір ауылдың алты азаматынан окоптан бас көтерген Нұрғали екеуміз ғана едік. Жаудың жаяу әскері анталап қаптап келеді. «Кейін шегініңдер» деген бұйрық жетті. Шегіне беріп, бір кезде Нұрғали «Аналар топырақтың астында беттері жабылмай қалып қойды ау», деп жау анталап келе жатқан бетке ұмтылды. «Қайт кейін» деп жаным ышқына айқай салғанымды білемін. Содан кейін Нұрғалиды көрген жоқпын. Бомбаның астында қалған ауылдың бірге өскен азаматтарын құтқарамын деп жауға қарсы жүрген сенің ағанды өзіміздің, болмаса немістердің оғы алды. Бұлардың Нұрғали жауға беріліп кетті деп сандырақтап жүргендіктері осы шығар. Жоқ, Нұрғали жау қолына түскен жоқ, – деп «махоркасын» ұзақ сорып отырып алған қарт жауынгердің бейнесі көз алдымда әлі де тұр.

Міне, кешегі соғыстың біздің үйдің төрт бірдей арысын жалмап кеткен қасіреті мен мұңы енді келіп, менің жүрегімді сыздатады. Өкеден қалған жалғыз тұяқ, кей-кейде мен де жалғыздықты сезініп, жаны ашыр аға, бауыр іздер сәттерімде соғыстан оралмаған ағаларымды ойлаумен күн кешемін. Қайран сол төрт бірдей ағалардың соңынан, шіркін-ай, тым болмаса бір-бірден ұл қалса ғой, олар да өсіп өніп, ендігі біз де бір қаралы үй болып отырар едік-ау, деп өкінемін. Сол ағаларымның соңынан ұрпақ қалса ғой, кешегі күні әкем дүниеден озғаннан кейін атадан балаға мұра болып келе жатқан қара шаңырақтың есігіне жылай-жылай құлып салып, егіле кетпес едім-ау елімнен деп те мұңаямын.

Өкініш... міне, осы бір өкініш, сұм соғыс ойып түскен бір шаңырақтың қасіреті ет жүрегіңді тырналап, өз қасіретіңнің иіріміне батыра береді әлі күнге дейін.



Соғыстан қайтпай жүрген ағаларымның туған елдегі, туған топырақтағы ізі өшпесін деген ниетпен әке қабырының басына орнатылған құлпытасқа да төрт ағаларымның аттарын, Қорғаныс министрлігінің архивінен алдырған анықтама бойынша туған және соғыста хабарсыз кеткен жылдарын тасқа қашап, жазғызып қойдым. Ағалар соғысқа аттанған қара шаңырақ – елдегі қараша үйді де ешкімге берместен, болмаса құлатпастан, өздері дәм татқан қазан-ошақтары мен дастарқанын да шашау шығармай сақтап отырмын әзірге. Бәлкім, келіп те қалар...

Ағалар тағдырына алаңдаған көңіліммен деректер жинастыра жүріп, біздің шағын ғана – Қарағаш ауылынан соғысқа 125 ер-азаматтың аттанып, солардың 68-і майдан даласынан қайтпағандығын, қаралы қағаз келгендігін, хабар-ошарсыз кеткендігін анықтадым. Отан үшін от кешкен ағалардың 45-і ғана елге аман-сау оралып, туған елінен дәм татуды жазған екен Жаратқан Иеміз!



Соғыстан оралмаған төрт бірдей ағамның әзірге екеуінің ғана фотосуретін қолға түсірдім. Нәбіғали (ел іші Нәбікен деген) суретке колхоз басқармасының мүшесі, партия ұйымының мүшесі, партия ұйымының хатшысы болып жүрген кезінде, яғни соғыстың алдында түскен көрінеді. Ал Қинаятқали соғысқа Көкшетаудағы қазақ педучилищесін бітіріп келіп, Ортақ ауылында мұғалім болып жүрген жерінде алынған көрінеді. Сейіл Әушамұлы бізге жиен. Жұмжұма атамның інісі Әушаманың (Тентаға) қызы Рахима апамыздан туған ұл. Бірақ Тентағаның ұл баласы болмағандықтан, Сейілді

бауырына басып, асырап алған көрінеді. Сейілді білетін, көрген адамдар оның дене тұрқының ірілігін, азаматтық қадір-қасиетін айтып, күні бүгінге дейін тамсанып отыратындары бар. Сол Сейіл ағам соғыстан аман-сау келіп, әнеміне үйленемін деп жүргенде, соғыстан жазылмай қайтқан жарасы асқынып кетіп дүние салыпты.

Дүние дөңгеленіп, шыр айналып тұрған сәтте соғыс салған жара талайлардың жанын сыздатар әлі. Майдан даласынан қайтпай жүрген қайран ағаларым, сендердің жүрегімдегі де, өмірімдегі де орындарың мәңгілік толар емес. Бәлкім, ол менің жанымның жазылмас мәңгі жарасы, айықпас мұңы мен сағынышы болып қалатын да шығар. Дүние-ай, шіркін!..



**ЖЕТПІСҚАЛИЕВ**  
**Серік Сапарұлы**

Ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Атырау облысы, Индер ауданы, Жарсуат ауылында 1960 жылы дүниеге келген. 1982 жылы ҚазМУУ-дің филология факультетін бітірген. Еңбек жолын аудандық «Индер» газетінен бастаған. Содан бері журналистика саласында жұмыс істеп келеді. 2007 жылы Көкшетаудан шыққан тәуелсіз «Бұқпа» газетінде тілші, жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары, Көкшетаудан шыққан республикалық «Алаш үні», одан кейін «Шығыс спорт өнерлері» газеттерінің бас редакторы, облыстық «Арқа ажары» газетінің бөлім меңгерушісі, «Қазақстан» РТРК АҚ Ақмола облыстық филиалы директорының орынбасары – бас редакторы болып қызмет істеген. 2010 жылдан Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. 2015 жылдың мамыр айы мен 2021 жылдың қазан айы аралығында қалалық «Көкшетау» газетінің бас редакторы болды. 2021 жылдың қазан айы мен 2022 жылдың тамыз айы аралығында облыстық «Арқа ажары» газетінде бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарды. 2022 жылдың 22-ші тамызы Көкшетау Қалалық ақпараттық кітапхана жүйесінің басшысы болып тағайындалды.

### **Санадан өшпес қайғы-мұң...**

Қызыл қырғын, қуғын-сүргін, репрессия, жала жабу, жасағаман істі «жасадым» дегізу, болмағанды «болды» дегізу...Көшбасшы, сөз ұстаған, ел басқарған азаматтардың өздерін ғана емес, жұбайларын, балаларын да тоз-тоз еткен сұрқайы саясат. Тіпті, кейін балаларын таба алмасын деп, аты-жөндерін өзгертіп, бір балалар үйінен екіншісіне ауыстыру...Еліміздің, халқымыздың басынан өткен сол саяси зобалаң санамыздан ешқашан өшпес. Оны ұмытуға қақымыз да жоқ. Қаншалықты ауыр болса да ол тарихты білуіміз, түйсініп, түсінуіміз, жазықсыз опат болған, жазаланған, қудаланған жандардың есімін түгендеу азаматтық борышымыз. Өйткені олар ел намысы, ел болашағы үшін жандарын пида етті. Ерінбей еңбек етіп, шаруасын дөңгелетіп туған жерінде



дәулетті күн кешкені үшін де мал-мүлкінен айырылып, жер аударылды. Ата мекеннен ауа көшті. Қорлық көрді. Бүкіл ұрпағы шет жерде өсіп-өнді...

Мен бұл тақырыпқа алғаш 2015 жылы қалам тарттым. Оған себеп, Астана қаласының іргесіндегі «АЛЖИР» мұражай-кешеніне баруым болды. «Отанын сатқандар әйелдерінің ақмолалық лагері» атанған КАРЛАГ-тің 26 – шы нүктесі екен. Осы мұражайды аралап көріп, оның жәдігерлерімен танысқаннан кейін екі ай бойы өз-өзіме келе алмай жүрдім. Не деген бассыздық, арсыздық? Асыра сілтеу!..Жазықсыз адамдарды сонша қорлап, азаптап, естерінен айырылардай халге келтіріп, жала қағаздарына қол қойдырып, сосын аяусыз жазалай берген. Және қандай азаматтар, шіркін? Ылғи оқыған, талантты, талапты, озық ойлы азаматтар ғой! Сол «АЛЖИР» маңайы азынап, азалы ән айтып, қор болған әйелдер қайырсыз күндерін зарлап жеткізіп тұрғандай аза бойым қаза тұрды!

Ол әсерімнен туған 21 беттік «АЛЖИР» деп аталған көлемді мақалам «Көзімдей көр» деп аталатын («AsVeRaShi» баспаханасы, Көкшетау қаласы, 2015 жыл) кітабыма енді.

Бұл тақырыпқа арнап бірқатар өлеңдер де жаздым. «Тасқайрақ» атты (Көкшетау, 2020 ж.) жинағыма енген «Қайдан келе жатыр ек...» деген өлеңімде:

Түссек егер егеске,  
Мақсатымыз елес пе?  
Қазақ деген Ахмет  
Байтұрсынов емес пе?

Жиі алатын ел еске,  
Бой бермеген Кеңеске.  
Қазақ деген кәдімгі,  
Ер Бауыржан емес пе?!

Енді қайттік? Не болдық?  
Енді кімге теңелдік?  
Қайда қалды ұлт жолы,  
Қайда қалды кемелдік!» деген жолдар бар.

Осы кітаптағы «Қазақтың жігіттері» деген өлеңде:

...Басқа түскен зіл заман асыл етті,  
Қиналса да жоймады қасиетті.  
Үкіметі үрпип қас көрсе де,  
Сәкен тұрып мақтапты Ахметті!

Жақсыларды жамандап, жармаса кеп,  
Бұққанда жұрт: «Мені атап қалмаса» деп.  
Ғабит тұрып қырандай саңқ етіпті:  
«Мен де жаумын, Бейімбет жау болса!» деп.



Мықтыларға жүктелген үлес көп-ті,  
Тұлпарларға шаң-тозаң ілеспепті.  
Төкпеу үшін абыройын бір-бірінің,  
Иманжүсіп Балuanмен күреспепті!

Ұлттан жаны ерлердің бөлек емес,  
Жамандардың соңынан ере ме көш.  
«Мәншүк алмас болса егер» депті Мәлік:  
«Маған мынау Жұлдызың керек емес!»

Бүгінгіге өнеге етпегім көп,  
Жігіттіктің шыңына жеткенім көп.  
Ірі атақтан Бауыржан бас тартыпты,  
«Момышұлы» демедің, «ов» дедің деп!

Жамандарға күйкі өмір, бас қайғы көп,  
Қыран өзін биіктен тастайды кеп!  
Кенекеңді манаптар күзетпепті,

«Хан басымен бұл – батыр, қашпайды!» деп, - деген жыр жолдары кездеседі. Бұл менің сол тарихты оқып-біле отырғандағы тебіренісімнен туған ойлар. Әркімнің жүрегінде, әркімнің көкірегінде осындай ауыр ойлардың жүргені кәміл.

Сол себепті, Шоқан Уәлиханов атындағы университет ғалымы, тарихшы Аманай Сейітқасымовтың Ақмола облысы бойынша «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау» жөніндегі өңірлік комиссияның үйлестірушісі, аймақтық жобалық кеңсе басшысы ретінде ғалым-зерттеушілерді жұмылдырып, атқарып отырған шаруасы аса маңызды шаруа, тағылымды іс. Сондықтанда, ол айтқан тапсырмаларды мұқият орындау, сауалдарына жауап беру, білгенімізді жеткізу тек сол комиссия мүшелерінің ғана емес, баршамыздың міндетіміз болуға тиіс.

...Бурабай ауданы, Мәдениет ауылында Сайлау Бегахметов деген азамат тұрады. Сол кісінің нағашысы 7 тіл білген адам екен. 1930 жылдары айдап алып кеткен, содан хабар-ошар болмаған. Мекен-жайы, аты-жөні анықталса, архивтерден тағдыры жайлы дерек табылып-ақ қалар. Ал, өзінің әкесі бес ағайынды жігіттер болса, олардың 3-еуі ату жазасына кесілген. Есмағамбет Ысмайыловтың «Біржанды көргенім» деген мақаласы : «1939 жылы июль айында Аманжолов екеуіміз Көкшетауды араладық. Көкшенің сұлу жерлерімен бірге Біржанның, Шолақтың, Бекахметтің, Әпіш ақындардың туған жерлерінде болып, солар жайындағы елдің ауыз әңгімелерін көп естіп, тыңдадық.» деп басталады. Осы мақаладағы Бекахмет. Әдебиетші ғалым мақаласын тағы да: «Шолақ алдымен палуан ғой. Керей ішінде Бөкеннің Хамиті, Сары балаларынан Бекахмет пен Мариям, біздің елдегі Мұқан бәрі де сол асылдың сынығындай әншілер ғой» деп аяқталады.





Күсеп селолық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы Жұмаш Ерғалиұлы Төкенов туралы бір мақалада: «Жұмаштың айтуынша әкелерінің Каркен, Дүйсен есімді ағалары болыпты. Жаппай қуғын-сүргін басталған 1937 жылы біреудің көрсетуінше Каркеннің үйінен Құран, басқа да діни оқулықтар табылып, ағайынды отбасылар тергеледі. Осы сәтте атамыз бар кінәні толықтай өз мойнына алып, ұлтшыл, дін уағыздаушысы ретінде 25 жылға сотталып, жазасын Иркутск қаласында өтейді.» деп келтіріліпті. Сөйлескенімізде Жұмаш Ерғалиұлы ол кісінің сол жақта жүріп қаза тауып, көп мүрдемен бір бейітке жерленгенін айтты. Демек, бұл әулеттен де толығырақ дерек алауға болатын сыңайлы.

Өзімнің қайын енем Еркетай (Күләндам) Әміреқызының әңгімесі бойынша «Соңғы болыс» атты әңгіме жазғаным бар. Ол әңгімеде Көкшетау өңірінде болыс болған Әміре Әйтеевтің басынан кешкендері баяндалады. Ол Көкшетау қаласына жақын Дөңгілағаштың тумасы. Қызылдардан қашып Түмен асқандардың бірі. Елге 1961 жылы Түменнен інілерінің бірі Айтжан көшіріп әкелген.

Бұл тақырыпқа басқадай қатысым жоқ.

Қомақты да ұлағатты істі қолға алған комиссия мүшелеріне сәттілік тілеймін.





**ТӨРЕҒОЖА**  
**Қайырбай Зейноллаұлы**

Ақмола облысының «Арқа Ажары» газетінің бас редакторы,  
әдебиеттанушы, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау  
университетінің профессоры.

1957 жылы 3 тамызда Көкшетау облысында, Ортақ ауылында дүниеге келген. Қотыркөл қаласындағы ветеринариялық-зоотехникалық техникумды бітіріп, кейін Қазақ мемлекеттік университетін бітірген. Киров журналистика факультеті. Алғашқы еңбек жолын ауылда механизатордан бастап, 1981 жылы шығармашылық салаға көшті. Алдымен Зеренді аудандық газеті, одан кейін Көкшетау облыстық «Көкшетау правдасы» газеті, республикалық «Халық кеңесі» газеті теледидарда. 1983 жылы жас жазушылар мен ақындардың республикалық кеңесіне, 1985 жылы «Жігер» республикалық шығармашылық фестиваліне қатысты. 1999 жылы ақындар арасында «Ақмола мен Көкшетау егіз ұғым» байқауына қатысып, 2003 жылы жазушы, педагог Сейтен Сауытбековтың 95 жылдығына арналған байқауда бас жүлдеге ие болды.

### **Қаралы кезең қасіреті**

Бұл туралы ойлау да, жазу да ауыр. Өзіңіз көз алдыңызға елестетіп көріңізші, ел алдында, мемлекет алдында ешбір жазығы жоқ адамды күндердің күні «халық жауы» деп алып кетеді де, ақыры түбіне жетіп тынады. Ол түбіне жету дегеніміз, атып, белгісіз бір орға көме салу, не болмаса, Сібірге ит жеккенге айдатып, сол жақта зықысын шығару. Осылай Қазақстаннан да сонау ойранды отызыншы жылдары миллиондаған адам сталиндік зұлматтың кесапатына ілігіп, «жаптым жала, жақтым күйеге» жем болып кете барды. Олардың алдыңғы қатарында ұлтының ілуде бір туар ұл-қаздарының тұрғанын осы күні көпшілік біз қайталамай-ақ, жақсы білері анық.

Иә, сол зобалаңда әркімнің соңынан шырақ алып түскен НКВД бір жау көріп, көлденең екі түртпектеп, қазақтың кең даласында «шпион», «бай-құлақ», «ескінің құйыршығы» жоқ ауыл қалмауға айналған-ды. Ондай «кінәлілерді» жер-жерде жаппай етек алған репрессия сойқаны ежелден қазақ жері болып



саналатын Омбы өңірінен де көптеп тауып, оларға да адамның ойына кіріп шықпас неше түрлі жалған айыппен аты шулы үштік өз дегенін істеп жатты.

–Жариялылық лебі ескен тоқсаныншы жылдардың басында өзіміздің Омбы облыстық мемлекеттік қауіпсіздік басқармасы мұрағатының материалдарынан шет жағасын көріп қалғанымыздай, 1937 жылдың 28 тамызында мұндай кезек менің атам Хамзахмет Ыбыраевқа да жетіпті, – дейді бұл ретте бізбен әңгімесінде осы кісінің немересі Қайыржан Ыбыраев. – 1890 жылы туған атам ол кезде 47 жаста екен. Омбы облысының Шарбақкөл ауданындағы кезінде болыс болып сайланып, ел билеген өз атасы Жанан бидің атымен аталған ауылда колхоз басқармасы мүшелерінің бірі болып жұмыс істеп жатқан. Күн бата іңірде НКВД жендеттері сау ете түсіп, «сен тұтқындалдың» деп әй-шәйға қаратпай, іргедегі аудан орталығына ала жөнелгенде, артында қалып бара жатқан 33 жасар әжеміз Насиханы, балалары, 15 жасар Есләм, 9 жасар Сапарғали, жеті жасар Мираш пен 1 жастағы Гүлбаршынды:

–Жыламандар, мені бұлар білмей әкетіп бара жатыр, ертең жібереді, үйге келемін, – деп жұбатып кете барған.

Шынында да, бүкіл елді жайлай бастаған репрессия дүмпуі бұл ауылға да жетпеді емес, жетіп, көңілде аздап қобалжу, алаңдау болғанымен, сол соққының қай жақтан, қалай келгенін өзі де сезбей қалған болуы керек. Ал, бұл тұста бәрін санада салмақтап, бажайлаған адамға ұлттың ең бетке ұстар қаймақтарын шешектей солдырып жатқан мынау зұлматтың Ресейдегі қазақтарға да қоса ауыз салып, жолындағының бәрін жайпап, аударып-төңкеріп келе жатқаны ешкімге құпия емес еді.

Бірақ, қайран азаматтар сеніп қалды ғой. Олар сол сенген өкіметінің өздерін сонау ата тегінен қопарып, сыртынан «мынау олай, мынау бұлай» деп тон пішіп, таңбалап қойғанын қайдан білсін. Сенген қызыл сұңқар Сәкен Сейфуллиндей-ақ болар. Кеңес өкіметінен шыбын жанын аямай жүріп, жазықсыздан жазықсыз ол да атылды. Қанды қасапқа айналған Омбының түрмесінде халқының арыс ұлы Қошке Кемеңгеров те кетті. Бұл осы зұлматтың басы болса, одан кейін осы өңірден тағы да 64 қазақ алдын ала, қасақана тағылған айыптың құрбаны болып, бәрі де ату жазасын арқалады. («Степные заговорщики», Вениамин Самосудов, «Омбы үні» газеті, №2 (12) наурыз, 1994 жыл).

–Солардың бірі біздің атамыз Хамзахмет, – деп мұңаяды Қайыржан аға осы орайда. –Басында не жазығы барын білмей, осы зобалаңға сенбей кеткен. Оны да ең ауыр жазаға кесіп, сол 64-тің кебін кигізген. Шіркін-ау соны естірткенде ғазиз жаны қалай күйініп, қалай аласұрды екен?! Келіп-келіп, осыған әкеп тіреген қайқы маңдай-ай, әйтпесе мына біздің, құдай берген балаларының қызығын көріп, немерелерінің шашынан иіскеп, өзіміз көзіміз көрген кей қарияларымыз секілді көзі тірі жүрер ме еді бертінге дейін.

Бәріміз мұндайда осылай армандаймыз ғой. Бірақ, тағдырдың сызығынан қайда асарсың? Оның үстіне көлденең келген кесапат, жақсы-жайсаңдарды құртып-жою науқаны сол өлшеулі ғұмырдың өзіне аямай, күрт балта шапса.

– Қараптап-қарап бір-ақ күнде осылай жарыңнан, әкеден айырылу оңай ма?! Сол әкеткеннен атамыз өзіндей өзге де сормандай жандармен бірге



Омбы түрмесіне қамалып, артынан жылап-сықтаған әжеміз естияр балаларымен шамасы келгенше барып тұрған. Алайда, кейде апарған тамағын, киім-кешегін алуын алғанымен, өзіне жолықтырмай, әуре-сарсаңға салумен болғанын көзі тірісінде жанары жасқа толып, айтып отыратын. Кейін атамыз сол кеткеннен оралмай, ендігі сүйегінің де бір жерде қалғанын ішіміз сезгенімен, осының нақты бір ұшынан ұстап, анық-қанығын білу біз үшін арман еді. Ақыры, ана бір жылдардағы жариялылық лебімен жоғарыға соны жазып, іздестіруімізге байланысты қолымызға мынадай хат тиіп, тым құрыса, көңілімізді азырақ орнықтырғандай болдық, – деп Қайрекең өзімізге қарай бір парақ қағазды ұсынды.

1991 жылдың 12 мамырында 10/35-П-7879 нөмірімен Омбы облыстық мемлекеттік қауіпсіздік басқармасының бөлім бастығы Г.Ичетовкин қол қойып жіберген бұл хатта:

«Құрметті Қайыржан Сапарғалиұлы! – деп жазылыпты. – Сіздің атаңыз Хамзахмет Ыбыраев 1937 жылы 28 тамызда контрреволюциялық қызметке қатысқан деген айыппен тұтқындалып, сол жылдың 17 қарашасында бұрынғы Омбы облысы ішкі істер халық комиссариаты басқармасының үштігімен ату жазасына кесілген. Үкім 1937 жылдың 20 қарашасында Омбы қаласында орындауға келтірілген.

Жерленген жері құжаттарда көрсетілмеген, алайда, сол жылдары атылғандарды негізінен, Жұмысшы шаруа Қызыл Армиясының 20 жылдығы атындағы көшенің соңына қарай көмгені белгілі. Содан бері қаншама уақыттың өтуіне орай, бұл араға қазір жаңа құрылыстар салынып кеткен.

Атаңыздың қазасының нақты себебі көрсетілген куәлікті Шарбақкөл аудандық азаматтардың хал актілерін тіркеу орнынан (ЗАГС) аласыздар, ондай хабарды біз ол жаққа жібердік.

Қамауға алу барысында атаңыздың дүние-мүлкі тәркіленбеген.

Сібір әскери округі Әскери Трибуналының 1957 жылғы 13 тамыздағы №776 бұйрығымен Хамзахмет Ыбыраев ісінің құрамында қылмыстың жоқ болуына байланысты ақталды.

Ақталуы туралы анықтама қажет болған жағдайда Новосибирск қаласындағы Сібір әскери округінің Әскери Трибуналына өтінішпен хабарласа аласыздар, тек онда міндетті түрде біз айтып отырған ұйғарымның нөмірі мен жылын, айы, күнін көрсеткендеріңіз жөн болады.

КСРО Министрлер Кеңесінің 1955 жылғы №1655 Қаулысына сәйкес балаларының бірінің әкесінің қамауға алынғанға дейінгі екі айлық еңбекақысын алуға құқығы бар. Бұл жөніндегі өтінішке ақтау туралы анықтаманы, әкеңіздің өлімі туралы куәліктің нотариалдық кеңсемен куәлендірілген көшірмесі мен бұрынғы жұмыс орны туралы анықтаманы қосып, осы төлемді жүргізу үшін құжаттарды Шарбақкөл аудандық агроөнеркәсіптік бірлестігіне тапсыру қажет. Сізге атаңыздың қайғылы қазасына байланысты көңіл айтамыз.

Ақталған репрессия құрбаны Хамзахмет Ыбыраевтың бұрынғы жұмыс орны туралы анықтама осы хатпен бірге жіберіліп отыр».



Міне, өткеннің ойраны үшін кешірім сұрағандай болған хаттың дәлме-дәл толық мазмұны осы.

–Қайғырдық, қапаландық, жүрегіміз аунап түскендей болды. Өмір бойы ерінің шаңырағын шайқалтпай, балаларды жалғыз өзі өсіріп, жеткізіп, атамыздың түк кінәсі жоқтығына, жалған жаланың құрбаны болып кеткеніне титтей шүбә келтірмей өткен әжеміздің, үлкен ұлы Есләм ағатайымыздың, өз әкеміз

Сапарғалидің көзі тірісінде осы хатты көре алмағанына өкіндік. Көрсө ғой, арқаларынан сол қайғының біраз жүгі жеңілдеп, бірде болмаса бірде сондарынан ілеспей қоймаған «Халық жауының жары, баласы» деген қаңқу сөздер былай қалып, көңілдің кірбінін бір жуар еді-ау. Ал, енді өз қолыма тиген осы құжатты көп ұзамай, Ұялыдағы әкесінен 7 жасында қалған кенже ұлы Мираш этәйімә алып барғанымызда, оқыған күйі тұнжырап, үн-түнсіз отырып қалды. Жанағы бізді көргендегі алып-ұшқан көңілі әп-сәтте басылып, қасында өзі еркін жүре алмаған әкеге деген запыран сағынышы сыртқа лық етіп, жанарынан тамшы жас бүкіл бет-ауызын қуалай төмен сырғып бара жатты, – деген Қайрекең біз де ләм-мим деп ештеңе сұрамай, үнсіз отырып қалғандықтан, осы жайсыз әңгіменің де соңғы нүктесін өзі қойды.

–Атам қазақ «бүлінгеннен бүлдіргі алма» демей ме. Арыстай азамат өзі кеткенде, екі айлық жалақысы керек болып па?! Біздің халықта ондай оспадарлық бар ма?!

Арғы ата тегі, әкесі ел қамын ойлап, есті сөзі, игі істерімен аты шыққан, елде мектеп ашып, білім шырағын жаққан іргелілер қатарынан болғандықтан да, 37-нің зұлматында ардақты есімі «халық жауларының» тізіміне тез іліккен Хамзахмет Ыбыраевтың елуге де жетпеген аянышты тағдыры міне, осылай тұйықталған. Ендеше, сол қаралы кезеңнің қасіреті ұрпақтарының жүрегін әлі де ауыртып қоятыны шындық.

...Елуді алқымдаған кеспелтек денелі, егіс басындағылардан жас мөлшері үлкен, ортадан жоғары бойшаң жігіт ағасы көк шөпке жайғасқан серіктестерінің жанына жете бере жерді жапсыра құшақтап қатты күрсінген бойда жата кетті. Жасын сыйлайтын маңайындағылар Қосаға деп жататын, нақты есімі Қосыман. Бұны аңғарған үзеңгілестері: «Оу, ағасы сырқаттанып қалғаннан саумысың?» деп беттерін бұра бастап еді. Бірден үн қатпаған мінезінің салмақтығы бар, әлден уақыттан кейін қатты бір күрсініп: «Әттең дүние сондай қатал ма ең?» деп күйзеле тіл қатқанда, маңайындағылар елеңдей қарасты. Затынан Қосаға әңгімеге онша бара қоймайтын, бір жөткірініп алып алыстан орағыта әңгімесін бастап кетті. Бұл соғыс кімдерге опа берді, талайдың шаңырағын шайқалтып, туған жерден жырақта қалғандар қаншама, соның бел ортасында болып, бастан кешірдік қой.





**АЯҒАНОВ**  
**Серік Әкпенұлы**

Қоғам қайраткері, ғалым, медицина ғылымдарының докторы, ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі, екі шақырылымдағы Ақмола облыстық мәслихатының депутаты (1999-2005жж.), Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты (2005ж.), Ш.Уәлиханов ат. Көкшетау университетінің профессоры, Көкшетау қаласының Құрметті азаматы.

Серік Әкпенұлы 1952 жылы 10-сәуірде туған. Ұлты қазақ. Туған жері – Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Степняк қаласы. Мамандығы дәрігер, хирург, ғалым, медицина ғылымдарының кандидаты (1999), докторы (2003), ҚР Парламенті Сенатының депутаты (2005). 1975 жылы Қарағанды мемлекеттік медициналық институтын аяқтаған. 1976 жылы жолдама бойынша бұрынғы Көкшетау облысы, Ленин ауданында дәрігер хирург ретінде еңбек жолын бастаған.



Серік Әкпенұлы өзінің анасы Бәдіғұл Құрышқызының (1912-1991) Шәймерден Қосшығұлов туралы айтқан естеліктерімен бөлісті. Шәймерден Қосшығұлов Серік Әкпенұлының анасының әкесінің туған інісі болған. Ел аузында Шәйкен молла аталып кеткен. Ш. Қосшығұловтың туып-өскен жері Біржан сал ауданының Қоғам, Баймырза ауылдары. Бұл ауылдар Балықты көлінің айналасында орналасқан.

Шәймерден Қосшығұлов елге танымал білімді, дінтанушы адам болған. Құран сүрелерін, шарият айтумен айналысқан. Науан хазірет Таласұлымен бірге Көкшетауда мешіт жанынан мектеп ашып, бала оқытумен айналысқан. Ол кісінің алтын жіптермен тартылып, пүлішпен тысталған көптеген құран кітаптары болған. Қатаркөл ауылында мешіт ашып, балаларды оқытумен айналысқан.

1903 жыл шамасында Ш. Қосшығұлов Науан хазіретпен бірге Абай Құнанбайұлына хат жазып, Семейге жіберген. Жандармерия ол хатты қолына түсіріп, өздерін Иркутск жаққа жер аударған. Науан хазіретті екі жылға, Ш. Қосшығұловты үш жылға соттады. Бірақ, бір жылдан кейін босатылды.



Шәймерден Қосшығұлов 1906 жылы Ресейдің І Мемлекеттік Думасына Ақмола облысынан депутат болып сайланған. Санкт-Петербургке барғаннан кейін қазақ халқының, жалпы мұсылман халықтарының жағдайын жақсарту мәселелерін көтерді. 1907 жылы ІІ Мемлекеттік Думаға сайланған. «Серке» газетін ұйымдастыруға қатысты. «Серке» газеті Татарстандағы «Улфат» газетінің қосымшасы ретінде шығып тұрған. Бірақ, бұл газеттің бір ғана номері шыққан. Онда жер мәселесі, халыққа білім беру мәселелері туралы жазылған.

XX ғасырдың басында Ш. Қосшығұлов Нижний Новгород қаласында өткен І мұсылман съезіне депутат болып барды. Жер, ұлт, тіл мәселелерін көтерді.

1920-жылдардың басында Ш. Қосшығұлов алты бөлмелі ағаш үйінің екі бөлмесінде мектеп ұйымдастырған. Сол кездері большевиктердің бақылауына алынған. Кейін большевиктер Ш. Қосшығұловтың құран кітаптарын отқа жағып, өзін Петропавл түрмесіне қамады. Жергілікті халықтың өтінішімен бір жылдан кейін түрмеден босатылды. Содан кейін Омбы маңында қоныстанып, сол жақта дүниеден өтті.

Кеңес өкіметі кезінде Шәймерден Қосшығұловтың есімі аталмады. Баласы Файзрахман Ұлы Отан соғысына қатысқан. Ұрпақтары: Әбдірашит Шәймерденов, Серік, Ерік Шәймерденовтер.



Ақмола облысы, Біржан сал ауданы  
«Шәймерден Қосшығұлов атындағы Қоғам орта мектебі»  
ғимараты және ескерткіші.



**ӘЛИЕВ**  
**Шиап Шарапұлы**

Аймақтың қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысатын көрнекті адам, 1943 жылы 4 ақпанда Көкшетау (қазіргі Ақмола) облысы Зеренді ауданы Баратай ауылында дүниеге келген.

Шиап Шарапұлы «Құрмет», «Парасат» ордендерімен марапатталған, ҚазКСР ағарту ісінің үздігі, Зеренді ауданы мен Көкшетау қаласының Құрметті азаматы – өз мәні бойынша бей-жай қарамайтын адам, сондықтан қоғамдық жұмыста жастық шағынан: белсенді, депутат, қоғамдық, соның ішінде әсіресе еңбек ардагерлері кеңесінің төрағасы.

«Мен соғыс алдында 1943 жылы туғанмын, отбасымызда 6 бала туғанбыз. 1930-40 жылдары болған зардаптардың жаңғырығы басымыздан өткен, бала кезімізде сезілген еді. Осы сталиндік репрессиясының басылғаны тек тың игеру уақытында ғана байқалды. 1929 жылдан бастап компескелеудің нәубетін көргендердің бірі Науан хазірет атамыз еді. Оның имам болып жүрген үлкен ұлы Қалымтайды отбасымен тұтқындағанда, кіші ұлы Қазетай, менің әкеммен құрдас, ауылда қашып жүргенде ұсталған екен. Ұлы бабамыздың өмірі мен діни-ағартушылық қызметін зерттеуге, Көкшетаудағы зиратында ескерткіш орнатуға араластық. Кезінде патшаның жүргізіп отырған саясатына қарсы шықты деген желеумен Сібірге айдалған оқымысты бабамызды Алаш арыстары Мемлекеттік Думаға хат жазып, тұтқыннан босаттырып алды. Алайда, тарихи шындыққа ғылыми тұрғыдан әлі де лайықты баға берілген жоқ.

Райкомда жылдары қызмет атқарғанда қуғын-сүргін тақырыбына қатысты біршама зерттеп бастаған едім. Белгілі болғаны, сол кездегі Көкшетау облысының кішкентай Көкшетау ауданы территориясында үш лагерь болғаны. Біреуі, өзім бала кезімнен білемін – Баратай ауылының маңында Ключи деген кардон қасында орналасқан екен. Өз әкеміз, аты жөні - Әлиев Шарап сотталып келген. 1936 жылы колхоз басқармасы болып, 1931 жылы құрылған отделмен сайланған. Көп ұзамай біреулердің доносымен сотталып, көп жылға соттаған жоқ, 3-4 жылдан кейін, соғыстың алдында қайтып оралды. Біздің ауылда Нұрғалиев Башымтай деген жолдас, мектеп директоры және Уәлиханов ауданында милиция бастығы болған Базылтай



деген ағайындар болды. Әкелері Нұрғалиді Сәкен Сейфуллиннің тобына қатысы бар деп айыптап, соттап жіберді. Реабилитациядан өткен. Шаруашылықта түрлі әрекеттері үшін адамдар жазаланып жатты. Әкеміз айтатын мысалы, көктемнің бір таңында жер жыртып жатқан әйел адамды былай бейнелеген: «қасында бір жасөспірім бала соқамен көмектескен екен, сонда сол әйел қамшының басын ауызына қарай апара береді екен жалап. Қасына барып, сұрасам «Әй, Кәмали, не істеп келе жатырсың?»- десе», ол ұйықтап келе жатқаны белгілі болған екен. Әйелдің айтуынша, ол құрт қайнатып жатқан және қазандық маңында ожауын жалаған дай елестеткен екенін түсіндіріпті. 1942 жылы соғысқа кеткен. Соғыстан кейін жаралы болып келген әкеміз қайтадан басқарма болды. Әкеміздің айтуынша Әли атамыздан тараған отбасымыз ауқатты, малы бар отбасы болып тұрған екен, Колхозда 10 сиыр болса, соның 7-уі біздің үйде болған деген. Соғыстан мүгедек болып келді. Менің әкем айтатын, «орыстар кінәлі, олар бізді айдаған. Бірақ осы көбіне қазақтар да кінәсіз емес», ағайындардың өз арамыздан да сырттан арандатушылар белгілі еді». – Мен аздап кітап жаздым, әкем туралы, тәрбие бергені туралы, азаматтығы туралы. Әкемнің менде бейнесі бар, сақталды.







**ЕСМАҒАНБЕТ**  
**Мұсатай Ғалымұлы**

Өлкетанушы, фольклортанушы ғалым, физикалық-математикалық ғылым кандидаты (1985), Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің профессоры.

Мұсатай Ғалымұлы 1952 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Рузаев ауданы, Шұқыркөл ауылында туған, Қарағанды мемлекеттік университетін бітірген (1973). Қарағанды мемлекеттік университетінде оқытушы, аға оқытушы, доцент (1989), ҚарМПИ, ҚЭУ, ММТУ-нде декан (1999-2007) болып жұмыс істеген. 150-ге тарта ғылыми-танымдық жұмыстардың, оның ішінде 7 оқулық, 2 монографияның авторы.

Атығайдың Біәйімбетінен тарайтын Маңыбай батырдың төртінші баласы Ораздан – Тоқсанбек, Данияр, Сәрсенбек деген үш ұл туған. Осы Даниярдан – Тоқбет қажы. Ол Тоқбет қажы 1860 жж. Өр Есіл бойында осы өңірде тұңғыш мешіт-медресе ашып, бала оқытқан. Осы Тоқбет қажы негізін қалаған медреседе Есіл бойын мекендеп отырған ауыл балаларының бірнеше ұрпағы төңкеріс аласапыранына дейін тіл сындырып, мұсылманша сауат ашып білім алған. Өткен ғасырдың 20-шы жылдарының соңында ұжымдастыру науқаны мен діни сауаты бар адамдар сәбет үкіметіне қарсы үгіт жүргізеді деген дақпыртпен ондай қажы-молла, имам – ұстаз болғандарды індетте қуып, ел ішінен сүзіп «ақтардың қалдықтарын» іздеп келген қаладан шыққан қызыл отряд біреулердің нұсқауымен кенеттен Маңыбай ауылына келіп, елді қорқытып, сендер тығып отырсыңдар шығарып деп елді үрейлендіреді. Ақыры Жакып қажы мен Жұма және Жүсіп қажыларды алып шығып, кезінде ақтарды қолдаған, сәбет үкіметіне қарсы контралар деп ел көзінше көшеде, үшеуін бірдей сосыз, тергеусіз атып кеткен. Осыдан кейін үрейленген жұрт мешітке баруы түгілі жанынан жүруден де қалады.

Құбайдолла Атығай – Құдайберлінің Жұмығынан тарайды. Бізге ағайын болып келеді. Заманында сауатты көзі ашық, елге маңдайалды жанашыр азамат ретінде айналасына танылған азамат еді. 1931 жылы Айыртау аудандық атқару комитетінің төрағасының орынбасары болып Құбайдолла Тасмағамбетов сайланған еді. 1937 жылы 17 тамызда Құбайдолла ағамыз





Төңкеріс аудандық қаржы бөлімінің бастығы болып тұрғанда ұсталып, 1938 жылың 27 ақпанында жазықсыз сотталады. Ол кісі со сапардан қайтпайды. 1957 жылдың 31 қазанындағы КСРО Жоғарғы Сотының Жоғарғы коллегиясының шешімі бойынша 1938 жылғы сот шешімі бойынша қылмыс құрамының болмауына байланысты жойылып, Құбайдолла ақталады. Бүгінде сол текті тұқымның ізі ұрпағы бар. Марат Иманбайұлы Тасмағамбетов Ғ.Мүсірепов ауданының әкімі қызметін атқарып, қазіргі күнде ауылшаруашылық кәсіпкерлігімен айналысады. Өз ауылы Шұқыркөл мен өзі оқып білім алған Привольный елді мекендеріндегі ірі үлгілі шаруашылықтар ұйымдастырып, елдің алғысына бөленіп отыр. Бұл да болса Құдайдың бергені. Жақсының артынан жақсы із қалады деген осы болса керек.

1920-1950 жылдары қазақтың талай зиялы азаматтары қуғын-сүргінге ұшырап, бойларындағы бар шығармашылық қабілеттерін толық пайдалана алмай кеткені белгілі. Солардың бірі жерлесіміз Әбу Жүсіпов. Әбу Атығайдың Құдайберлісінің Андағұл әулиетінің Зілғара, Шопан Байтоқаұлдарының ұрпағы. Әбу осы Шопан Байтоқиннің ұрпағы. Әбу Уфадағы Ғалия медресесін бітіріп, осы медресені тәмамдаған Міржақып Дулатовпен, сол кездегі алаштың зиялыларымен пікірлес болып, қазақтың өз алдына ел болмағын қолдайды. Айқап журналында 1911 жылы «Көңіл тілегі» деген өлеңінде:ь

Бейнетпен аздап тапқан алтыныңды,  
Құр бекер ысыраптап, жерге төкпе.  
Төксең төк, білдір жұртқа,  
Ағартып милләтінді көтер көкке  
Білгендер білімінің арқасында,  
Өрмелеп ұшып жүр ғой аспан көкке...,

- деп қазақтың оқыған азаматтарын халыққа қызмет етуге шақырады. «Айқаптың» 1911 жылғы 5 –санында шыққан « Оқу хақында шарифат не айтады?» деген мақаласында ол діннің оқуға, білім алуға қарсы еместігін сөз еткен. «Тағы да жер хақында» деген мақаласында жер туралы әртүрлі пікірлерге тоқтала отырып, отырықшылыққа көшуді жақтайды. Қазақ Автономиялы Республикасы құрылғанда 1921 жылы Ақмола губерниясы Қызылжар уезіндегі Өрнек кенті орталығы болған болыстық комитет төрағасы қызметіне сайланады. Ал Керей мен Атығай болыстары біріктірілген Қызыләскер ауданы құрылғанда аудандық кеңес атқару комитетінің төрағалығына сайланады. Міне осындай асыл , абзал азамат 1929 жылы қуғынға ұшырап бай –манаптар қатарында кәмпескеге ілігіп, Арал теңізі маңына жер аударылады. Ол кісінің бай тұқымынан екені рас, бірақ ол жеке мал ұстап дүние құмаған. Бар кінәсі кезінде Алаш партиясына мүше болып, алаш арыстарымен бірге туған халқының тұрмысы мен мәдениетін көтеруге тырысып адал еңбек еткені ғана. Әбу Жүсіпұлы Қарақалпақстандағы Мойнақ кентінде орыс тілі мен әдебиетінен сабақ береді.

Ол тек Сталин қайтыс болғаннан кейін ғана 1956 жылы ғана ақталып қайтып келеді. 27 жылдан соң елге қайтып келгенде мұндағы ағайындары іш



тартпай, салқын қарсы алады. Коммунистік идеология дәуірлеп тұрғанда ол сол баяғы алашордашыл «халық жауы», үкіметке сенімсіз адам. Мұны көріп, әбден қамыққан Әбу Жүсіпов Оңтүстік Қазақстан облысындағы Шәуілдір қаласына көшіп барып, сонда өз інісі Біләлдан туған Асфандияр деген өз бауырына салған баласының қолында тұрып, шығармашылықпен айналысып, Тұңғат молданың асыл сөздері мен Нүркей ақын мұраларын жинаумен айналысады. «Ұзын күндерде ораза» атты кітапты қазақшаға аударады. Әбу Жүсіптің «Азия» атты аяқталмаған поэмасы болған. Міне, осы қысқаша үзінділер-ақ Әбу Жүсіптің зор тұлғалы парасат пен білім иесі екендігін айғақтап тұр. Әбу Жүсіп 1967 жылы жасы 80-ге келіп сол Шәуілдірде дүние салды. Заңдылық тұрғысынан ақталса да, бай тұқымы, алашордашыл болғаны үшін күні бүгінге дейін саяси жағынан ақталмай келді. Ол кісінің шығармашылық мұрасы, жеке архивінің кімнің қолында қалғаны белгісіз күйінде қалып отыр.

Уәхит Әбжанұлы Темірбеков 1904 жылы Қызылжар уезінің №12 Қуандық ауылында дүниеге келген. Ол қазіргі Шал ақын ауданындағы бұрынғы Көкшетау облысының шекарасынан 15 шақырымдай жердегі Сухарабовка елді-мекеніне сәйкес келеді. Ол жердің бұрынғы атауы «Бөрілі» екен. Өзі туралы өлеңінде:

Қырық бес жыл бұрын осы жерде,  
Бөрілі қоныс етіп, тұрған елдек.  
Келіпін жарық көріп дүниеге,  
Біледі осы жайды таныс пенде.

Әкесі Әбжан Темірбеков алаш партиясына мүше болғаны үшін 1931 жылы ұсталғаннан кейін іле-шала баласы да «халық жауы» алашордашылдың баласы деп түрмеге жабылады. Осылай ол 18 жыл айдауда, қамауда жүріп, 1948 жылы ғана елге оралады. Уәхит Әбжанұлы Темірбеков 1982 жылы 77 жасында бұл фәни дүниеден өтеді. Ол көптеген өлеңдердің авторы. Солардың бір парасы «Өзіме», «Ел мен жер», «Тегім», «Алтын аймақ», «Мақтанамын» деп аталады.





**Мейрам Мырзахметұлы  
ГИБАДИЛОВ**

Ақмола облыстық сотының отставкадағы судьясы, сот жүйесінің ардагері.

Мейрам Мырзахметұлы 1947 жылы 7 қарашада Көкшетау облысы Қызылту ауданы Амангелді ауылында дүниеге келген. Свердлов заң институтын тәмамдаған жас маман сот жүйесіндегі еңбек жолын Қызылту аудандық сотында сот отырысы хатшысы, кейіннен адвокаттық қызметтен бастап, тынымсыз ізденіс, терең білім, іскерлік қабілеті арқасында әр жылдарда Рузаев, Ленинград, Щучье аудандық және Ақмола облыстық соттарының судьясы, сот төрағасы қызметтерін абыроймен атқарған. 2011 жылдан бергі уақытта Ақмола облысы бойынша ардагер судьялар Кеңесін басқаруда. Қоғам мүддесі, адам құқығы мен бостандығын қорғау жолындағы қажырлы еңбегімен ел мейіріміне бөленген Мейрам Мырзахметұлы еліміздің сот жүйесінің қалыптасып, нығаюына көп еңбек сіңірген танымал тұлға. Мейрам Мырзахметұлының бастамасымен өлкеміздің сот тарихын сақтап, судьялардың еңбегін жас ұрпаққа дәріптеу мақсатында Ақмола облыстық сот жүйесінің даму тарихы музейі құрылған болатын.

Сот жүйесінің ардагері, отставкадағы сотшы Мейрам Гибадилов Ақмола облысының Ерейментау аумағында өмір сүрген би - Қанай би, Саққұлақ би, Ермекбай би, Бапан би және т.б. туралы айтып берді. Солардың ішіндегі Әлдебек би шешен 1720 жылы Ертіс бойында туған. Би 80 жас ғұмыр кешкен. Әлдебек бидің зираты қазіргі Омбы облысындағы Тавричанский ауданына қарасты Байтұяқ (қазір Байдалин) ауылына жақын жерде тұр. Әлдебектің әкесі Сатай Алтайұлы. Руы Ашамайлы Керейдің он үшінші буыны Тарышы. Ол Танаш бидің Балға, Балта, Көшебе, Тарышы болып таралатын төрт ұлының кенжесі. Тарышы Танаш бидің екінші әйелі Әлимадан туған. Тарышының да және оның ұлы Смайылдың да есімдері шежіреде болмаса, көпшілікке танымал емес. Оның есесіне Смайылдан туған ұлдары Ақсары мен Күрсары есімдері ру атына айналып, шежіреге ғана емес, тарихи айналымға да енді. Ақсарыдан әлемге әйгілі ақын-композитор Біржан сал Қожағұлұлы өрбісе, Күрсарыдан он екі мың жылқы біткен Сағынай, атақты әнші Ермек Бекмұханбетұлы Серкебаев тағы басқалары өрбіді дейді.



Омбы облысы Тавричан ауданы Байдали (Байтрак) ауылы зиратында  
Әлдебек Би Сатамулының қабіріне  
2018 жылғы мамыр айында ұрпақтары орнатқан ескерткіш  
Суретті даярдаған Ақмола облысы ардагер-судалар кеңесінің төрағасы М.М.Габділов

«Менің әкем Мырзахмет Ғибаділұлы 1930-ыншы жылдары белсенділерге де қосылмай, ешкімге жендет болмай, тиыш аман қалған екен, оның басты себебі, арғы атамыз Атам Ғибаділ, Абылай ханның Әлдебек бидің шөбересі екен. Ондай ақпаратты ешкім айтқызбайды ғой ол уақытта. Әкем, аудан орталығының пост атамның жалғыз баласы болғандықтан, сотталып кетпесін деп сақтықты жөн көрген екен. Әкем, аудан орталығының поссоветінің төрағасы, коммунист, көп жылдары райпотребсоюздың бірінші орынбасары, ауданда депутат болған. Ешқайда, өмірбаянын сыр шертпеген екен. Соңғы 5-6 жыл болды өзім зерттеген болдым. Әрине репрессиялармен жазаланғандарға жатпайтын»

Досымбеков Сексенбай деген ақсақал болды, ол кісі менің шешемнің Жүсіпбек деген ағасының ағайындысы болды. Сексенбай Досымбеков Степняктағы «Қазалтын» тресінде ұзақ жылдар ағаш өңдеу және кірпіш зауыттарының директоры қызметін атқарды. Әкесі Досымбек Бозғұлов – Қызылту аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болған адам. Қазақтың біртуар азаматы Жұмабай Тәшеновпен сыныптас болған Сексенбай атамыз Омбыда оқыған жылдары небір дүлдүл зиялылармен қатар жүргенін мақтанышпен айтып отыратын.

Сексенбай нағашымыздың бір бауыры қуғын-сүргінді 1930-ыншы жылдары Қызылтудың арғы жағынан, яғни Омбы жерінен қуғыннан жасырынып, Степняк жеріне келген екен. Нақты мәліметтер жоқ, оны кім екенін ешкім білмейді, қойшы болып жұмыс істеген деседі, солай өмірінің соңына дейін қой бағып, ақыры қайтқан екен. Степняк қаласында жерленген.

Менің осы тақырыпқа, яғни сталиндік нәубетті жылдарында Қазақстанның солтүстік өңірінде, соның ішінде Қызылту жерінде де мемлекеттік қайраткер болған 1900 жылы туған тұлға **Ақбердин Хафиз Қаскейұлы** туралы әңгіме қоса айтар едім. 1937 жылдары КОКП Қызылту аудандық комитетінің бірінші хатшысы болған. Ол кісі «Колхоздарды таратуға байланысты және кеңес билігінің жүйесіне қарсы ашық насихат жүргізді» деп айыпталып 1938 ж., СҚО ІД 5 ақпанда Үкім шығарылды: РКФСР Қылмыстық Кодексінің 58-10 бап, 61-3 баптарымен істі болады. Ал 1938 жылы 20 қаңтарда СҚО ІД қамауға алынып, ату жазасына ұшыраған.



Ресми ақталуы 20 қыркүйек 1999 ж. ІІМ 14.04.1993 ж СҚО прокуратура ҚР Заңы бойынша Үкімі шыққан екен. Көкшетау қаласында баласы Рауф









**ЖҮНІСОВ**  
**Хайролла Шайсолтанұлы**

Зейнеткер, Көкшетау қ. тұрғыны.

Хайролла Шайсолтанұлы 25 қаңтар 1936 ж. т., 1937 жылы атылған әкесі Шайсолтан Жүнісұлынан айырылған кезде 1,5 жаста, ал інісі Қабіболла 6 айлық сәби кезі болған екен. РКФСР Омбы облысының Одесса ауданында тұрды. 16 жасқа дейін Омбы қаласының интернатында оқыды. Бухгалтерлік курстарды бітірген. ҚазКСР-да совхоздарда бухгалтер болып жұмыс істеген.

Қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы (бұрынғы Көкшетау) Ақтүйесай (бұрынғы К. Маркс атындағы), Бидайық 1973 жылға дейін. Телжан ауылында (бұрынғы Толбухин совхозында) өмір сүрді. Онда 1973 жылдан 1998 жылға дейін бас бухгалтер болып жұмыс істеді. Ал 1998 жылдан 2019 жылға дейін бас мешітте Облыс орталығының Науан Хазірет (Көкшетау қ.) бас бухгалтер болып жұмыс істеді.

Халық тарихындағы қайғылы кезеңдердің бірін елестете отырып, XX ғасырдың 30-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргіннің қиын кезеңдері бірден еске алынады. Біздің еліміз үшін, бұрынғы Кеңес Одағының көптеген елдері сияқты, қуғын-сүргін жылдары мыңдаған жазықсыз сотталған адамдардың жадында ұзақ уақыт сақталады. Содан кейін біз ата-бабаларымыз армандаған және ғасырлар бойы өмір сүрген жерде тыныш өмір сүре алмайтын деңгейге жеттік. Сенімін жоғалтқан әйелдер, әкесіз қалған балалар, - қанша қайғылы, тағдырдың тауқыметін тартқандар...

Әке туралы Шайсұлтанов Қайролла Шайсұлтанұлы үлкен сағынышпен еске алады, інісі Қабіболла екеуі ересек өмірге ерте қадам басқан, қиындықтарға қарамастан дұрыс жолдан адаспаған. Олар бақытты балалық шақтан, тоталитарлық тәртіптен, жазықсыз жандардан айырылған сталиндік режим кітаптардан да таныс емес балалық шақты, бұлтсыз жастықты білмеді. Осы тағдырлы кезеңнің барлық азабын өзі көрген және сезінген адамдар. Атамыз Жүністен 7 баласы: бес ұлы, 2 қызы кеміз болған.

Адамдар терезе әйнектеріне ұқсайды. Күн оларға түскенде, олар жарқырап, оның сәулелерін шағылыстырады, бірақ қараңғылық орнаған кезде





олардың шынайы сұлулығы тек іштен шыққан жарықтың арқасында ашылады. Әкеміз Шайсолтан Жүнісұлы да осындай адам болған. Ол өзінің қысқа, бірақ мағыналы өмірін қазақтар үшін қиын уақытта игі істерге арнады, күш-қуатын, білімін де, тәжірибесін де аямай көмектесті.. Бірақ оның тағдырында бір сәтте қараңғы жолақ пайда болады. Мұсылман қазақтары үшін үлкен тыйым олардың сенімі болды. Діни сауаттылыққа үйретуді айтпағанда, Алланың есімін дауыстап айту мүмкін емес еді.

Әуелде әкеміз Жуантөбе, Бестөбе жақта тұрған екен. Бестөбеде бас инженер болыпты өндірістік шахтада. Содан халқымды, ағайындарды жинап, ел қыламын деп, ақыры Мәскеуге сапарға шыққан, сондағы қазақтар диаспорасының өкілдері М.Калининнің өзі қабылдап, Омбы облысында, Одесса ауданында жер, қара мал, өгіздерді, астық берген деседі. 1930-1933 жылдары жаңа кеңестік қазақ Республикасы сұмдық ашаршылыққа ұшырады. Әркім өзіне және отбасына бір тілім нан мен тамақ табуды армандады. Сол кезде Шайсолтан Жүнісұлы өз халқымен Жуантөбе және Құлықөл ауылдарынан Омбы облысына Шербакөл ауданы Мырзаболат ауылына қоныс аударды. 1931 жылы оның басшылығымен және жеңіл қолымен Новосельская жерінде артель ашылды және халықтың қалауы бойынша ол басшылық қызметке орналасты.

Бестөбе жақтан келген бір молда біздің үйде қонып шығыпты. Өзіміздің ағайындар ғой енді. Содан кейін молда үйінде қонды деп, көрсетіп жіберген екен. Тіпті ол молда жасырынып, қудалауда болған адам болған шығар деген. Ол кезде діни адамдарға деген саясат өте қатты болды ғой. Тағы бір шыққан версия бойынша, кейін «халық жауына» жеткізген, Мәскеуде тіпті жапондық шпионмен байланыста болды деген әңгіме де кездеседі естеліктерде, яғни, өз халқына ашаршылық нәубетінде қолдау көрсетпекші болған сол жердегі қазақтар алашордалытар да болуы әбден мүмкін еді.

Анамыздың айтуы бойынша әкемізді бір адамдар келіп алып кетіпті кешкі жақын тамақ ішіп отырған кезде. Содан хабарсыз кетіпті. Бір хаты келген түрмеден, онда әкеміз ағайындарға отбасы, балаларын аманатқа қалдырып, кетіп бара жатқанын жазған екен.

Ол тек ауылдың басшысы ғана емес, сонымен қатар балаларды діни білімге үйрететін рухани тәлімгер болды. Бұл оны «халықтың жауы» деп жариялауға әкелді. 1937 жылы 22 наурызда ол тұтқындалып, ату жазасына кесілді. Сол жылдың жетінші шілдесінде үкім орындалды. Төлеудің жұбайы жесір қалды, Екі баласы Қайролла мен Кабиболла жетім қалды. Қамқоршысыз қалған отбасы 1958 жылға дейін Новосель жерінде тұрды. Қазақтар ешқашан өз жесірлері мен жетімдерін тағдырдың жазуымен тастаған емес. Шайсолтанның жесіріне, яғни шешемізге, халқымыздың аменгер әдет-ғұрпы бойынша, әкеміздің ағасы үйленді. Алайда тағдыр оларға бәрібір жылулықпен қарамады. Он жылдан кейін марқұм Шайсолтанның ағасы саудаға байланысты істерге кінәлі болды. Ол бес жыл өмірін Красноярскіде түрмеде өткізді деген.



Анамыз баласын «халық жауының ұлы» деп атамау үшін екі жылдан кейін туылғандай етіп құжаттарға ұлының басқа туған күнін жазуға мәжбүр болды. Бірақ қиын кезеңдерде «халық жауының ұлы» деген тіркес кішкентай балалардан қалыс қалмады. Жүніс атамыздың Шайсолтан және Кабиболла ұлдары «халық жауының балалары» деген белгіні тағуға мәжбүр болды.



Бүкіл әлемді дүр сілкіндірген екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін біз тоғыз, сегіз жасар балалары колхоз жұмысын байыпты бастадық. «Содан кейін бізді «халық жауының балалары» деген таңбаға байланысты октябрытқа да, пионерге де, комсомолға да, армияға да қабылдаған жоқ». Олардың реніштерін айта алатын әкесі болған жоқ. Өйткені, олар әкенің артында, тас қабырғадағыдай бекер айтпайды. Олардың жанның айқайын еститін достары болған жоқ. Балалар тек тағдырдың қолдауын күтіп, жарқын болашаққа деген үміт пен сеніммен өмір сүрді.. Олар өз құрдастары сияқты ойын ойнай алмады және одан көп рахат ала алмады. Сол кезде әркім өзіне қамқорлық жасады, отбасын сақтап қалуға тырысты, ал қиындықтарға тап болғандар мүмкіндігінше аман қалды.

«Сталиннің кезінде әкесінің кінәсіздігін дәлелдеуге және оның есімін ақтауға мүмкіндік болмады. Себебі айтылған сөз естілмеді, жазылған хат назардан тыс қалды», - дейді Кайролла аға. Мәскеу архивіне бірнеше рет хат жазғанына қарамастан, оларға әкесінің қайтыс болғаны туралы жалған хабар келді, ол лагерьде өкпе ауруынан қайтыс болды деп болжануда. Біз әкеміздің атылғанын білмедік, өйткені ешкім айтқан жоқ. Әкесін үйден күштеп алып кеткен түннен бастап ол хат та, жол да оралмады.

Омбы қаласының журналисі, қазақ Айгүл Бескемпірова кітабында жазықсыз қуғын - сүргінге ұшырағандардың есімдерін атап өтті, осы жолдарда біз әкеміздің есімін таптық.

Жетім қалып, көп қиыншылықты көрдік, бірақ анамыз еңбекқор адам еді, үлкен пысқтылығымен, анамыздың алтын қолдары болды, ол балапандарын адамдарға апару үшін балалары үшін таңнан таңға дейін жұмыс істеді. Оны ауылдан келген адамдар жалдады, оларға киім тігіп, күш-жігерін аямай қызмет етті. Оны да «халық жауының әйелі» деп жұмысқа алмаған.

Әкеміз 1937 жылы 7 шілдеде РФ Омбы қаласында атылды, ал 1957 жылы 27 желтоқсанда ақталуы жөнінде хабар келді, содан кейін «көз ашылды» деуге болады. Отбасы Ақтүйесай ауылына қоныс аударды, онда ағайындылар жұмысқа орналаса алды. Кішкентай үміт пайда болды, өмір жақсара бастағандай болды, барлық жаман нәрселер артта қалды. Өмірдің барлық қиыншылықтары мен бақытсыздықтарына қарамастан, ол өмірге деген сенімін жоғалтқан жоқ.



Қазіргі уақытта ортамызда болғанда әкеміз Шайсолтан Жүнісұлы 120 жасқа толар еді. Қайролла екі рет қажылық жасады. бұл әр мұсылманның Құдайының міндеті болып саналады. Сексен бес жастан кейін Көкшетау қаласының Науан Әзірет орталық мешітінде лайықты демалысқа шықты.

Шайсолтановтар отбасының өмірі мен қиын тағдыры-бұл бір адамның, бір отбасының емес, бүкіл халықтың және бүкіл елдің қасіреті. Бұл кезең үміт қалдырды. Жақсы болашаққа деген үміт, бәрі жақсы болады деген сенім. Бұл біздің кейіпкеріміздің өмірі туралы ғана емес, бүкіл халықтың берік мінезінің ерекшеліктерін бейнелейтін адамның тағдыры. Әкеміздің басына түскен сынақтар-бұл жай ғана сынақтар емес, бұл биліктің бұйрығымен жалындаған адамдардың бүкіл буынының тағдыры.





**ӘЛІМЖАНОВ**  
**Баянғали Тақанұлы**

Жазушы, айтыс ақыны, драматург, жыршы-жырау, манасшы, кинорежиссер, сценариші, актер, әдебиет пен өнер зерттеушісі, мәдениет қайраткері, сыншы, сатирик, кинодокументалисті және тележүргізуші. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

Баянғали Тақанұлы 1954 ж. 16 қазанда Ақмола обл. Біржан сал ауд.(бұрынғы Көкшетау обл., Еңбекшілдер ауд.) Степняк қаласында, қарапайым еңбекшілер отбасында дүниеге келген.

### **Кеңесбай**

Ақсары Керей, Ақымбеттің байы Кеңесбай айдалада малын жайып жүргенде, секперайдың (сибкрайдың қазақша нұсқасы) базарына, Омбыға төрт жүз жылқы айдап бара жатқан кісілер кез болыпты. Жаз ортасы болса керек.

– Базарға салуға тым ертелеу емес пе, жылқының күйі әлі көтеріле қойған жоқ, арзанға кетеді ғой, – депті Кеңесбай.

– Амал жоқ, сатуымыз керек, – дейді аналар.

– Олай болса, сол Омбының осы уақытта беретін бағасын мен берейін, әуре боп қанша жол жүргенше, маған сатып кетіңдер, – дейді.

Аналар қуана-қуана келіседі.

– Ал, ақшаларыңды асықпай ауылға барып, қонағасыларыңды ішіп, аунап-қунап аласыңдар ма, жоқ әлде жолдарыңнан қалдырмай, осы қазір беріп жіберейін бе? – дейді Кеңесбай.

– Ойбай, жолымыздан қалмайық, бере алсаңыз, қазір бере қойыңыз! – дейді әлгілер.

– Олай болса, біреуің бері келіп, көпшігімді көтере қойыңдар, – дейді Кеңесбай ат үстінде отырып. Біреуі келіп, көпшікті көтереді, сонда көпшігінің астына тыққан қапшықты суырып алып, Кеңесбай сол жерде, айдалада, төрт жүз жылқының ақшасын санап беріп, қалғанын қайта құйрығына басып алып, малды айдап жүре береді! (Асқар Жағыпарұлынан естіген әңгіме).



Ерте заманда руаралық бір тартыс кезінде Кеңесбай есесі кетіп, ерегiскен бiр елдiң жылқысын айдатып алып, түгел сойдырып тастапты. Даугерлер алдарына бiр төренi салып, қуып келмей ме?

– Кеңесбай, малды қырып тастап, еркекпiн деп отырмысың? – деп, сұсты төре дауды бастай бергенде:

– Өз атаңның табағын өзің тепкен сен де еркекпiн деп отырмысың! – дептi Кеңесбай жұлып алғандай.

Сайланып келген төре ләм дей алмай, тұрып жүре берiптi. Сонымен дау бiтiптi.

Сөйтсе, әлгi бастап келген төре ертеректе бiр кедейлеу ағасының үйiне келгенде, жұпыны тұратын ағасы сиырдың етiн асып берсе керек. Сонда төре:

– Сиыр етiн жемеймiн! – деп, дастарханнан тұрып, кетiп қалған екен.

(Бұл әңгiменi Бұлақбасында көршi тұрған Кеңесбайдың баласы Алдиярбек атаның өз аузынан бала күнiмде, 1960 жылдары естiдiм).

Кеңесбай – бай жобамен 19- ғасырдың соңы, 20 – ғасырдың 30-жылдары өмiр сүрген. Кәмпеске кезiнде жер аударылып, содан хабарсыз кеткен. Балалары Есләмбек, Алдиярбек аталарымызды көрдiк. Байдың ұрпағы Алдиярбек Степняк қаласындағы «Конный дворда» атшы болып жұмыс iстедi.

Кеңесбай атамыздың немересi, Алдиярбектiң баласы Жәнiбек Кеңесбаевпен бала кезiмiзде дос болдық, бiрге оқыдық. Ботагөз (Қарлығаш, Кәрла дейтiнбiз бала күнiнде) деген немересi, Алдиярбектiң қызы, нарық заманында саудаға кiрiстi. Кiшкентай ғана үстелдiң үстiне сағыз-мағыз сияқты ұсақ-түйек нәрселердi жайып қойып, Степнякта, бұрынғы автостанцияның алдында ертелi-кеш сатып тұратын. (Қазiргi мешiттiң жанында). Iстiң ретiн бiлiп, ұқыптап, үнемдеп ұстай бiлгендiктен, азғантай нәрседен көбейте бердi. Әлгi үстелi үлкейiп, жеке дүкенге айналды. Аяғында, Степняктағы «Алтын дала « деген ресторанның иесi болып отыр. Қарындасымызға риза болып, бiр кездескенде: «Атаң Кеңесбайдың құты саған дарыған екен, тусаң ту, айналайын!» – дедiм.

### **Әбсәлам қажы**

Әбсәлам қажының азан шақырып қойған аты – Ғабдiсалам. Халық Әбсәлам қажы деп атап кеткен. Руы – Күрсары Керей, Құрман. Әбсәлам қажы атамызды бала күнiмiзде көрдiк. Бiздiң Бұлақбасында тұрды. Үлкен ағаш үйi күнi бүгiнге дейiн сонда, ұрпақтары тұрып жатыр. Ашаң жүздi, ұзын сақалды, еңкiш тартқан кiсi едi. Ол кiсiге сәлем бергеннiң өзi бiз үшiн бiр үлкен оқиға болатын.

Жарықтық қажы атамыз бiздiң елдегi дiн iсләмнiң тiрегi сияқты көрiнетiн. Қазақтар ғана емес, бұл өнiрдегi ингуш, балқар, татар сияқты мұсылман халықтардың дiн жолындағы өкiлдерi келiп, ол кiсiден құран үйренiп, шарифат сұрайды деп әке-шешемiз айтып отыратын.

Әкесi Жармұхамед те дiн жолын ұстаған қажы болыпты. Ағасы Бәтiк қажы, ол кiсiнiң қызы Күлшат – бiздiң құдағи, Ләйла тәтемнiң енесi.

Әбсәлам атамызды қажылыққа екi рет жаяу барған деп, ел-жұртымыз ерекше сыйлайтын.



Отызыншы жылдары дін өкілдерін қатты қуғындаған кезде, қажы атамыздың аман қалуына бір кездейсоқ оқиға себеп болады. Алтын өндіріп жатқан Степнякта неше түрлі адамдар тұрған ғой. Бір күні бір мұсылман Әбсәләм қажыға келіп, бір дорба затын аманатқа тапсырып, сақтап қоюын өтінеді. Қажы оның не нәрсе екенін қарамастан, үйдің бір жеріне сақтап қояды. Артынша әлгі адам ұсталады – алтын ұрлаған ұры екен. Милицияға шынын айтады. Олар қажының үйіне келіп, ұрының қалдырған затын сұрайды. Қажы тауып береді. Сөйтсе, ол дорбадағы зат - ұрланған алтын екен. Сөйтіп, ай-шайға қаратпай Әбсәләм қажыны ұрлыққа қатысы бар деп тауып, кәдімгі қылмыскер ретінде бірнеше жылға соттап жібереді. Енді қызығын қараңыз: Бірер жылдан кейін қажы, молдаларды саяси қуғынға ұшыратып, жаппай соттайды ғой. Ал сол кезде жай қылмыскер ретінде жазасын өтеп, түрмеде отырған Әбсәләм қажы бұл саяси соққыдан аман қалады. Мерзімін өтеген соң, тып-тыныш үйіне қайтып келеді. Бұл жөнінде мен «Сказ столетнего степняка» романымда жаздым.

Сол советтік саясаттың ақырып тұрған, мұсылман дінінің қуғындалып, қысым көріп тұрған шағында, бір таңғаларлығы – біздің Степняк қаласында, Бұлақбасында молда көп болды. Нұрахмет молда (Ірі денелі болғасын жұрт Өгіз молда атап кеткен). Секен молда (Мұхамедрақым), Оразбай молда, Қарашат молда, Құдайберген молда, Темірхан молда... Бәрінің ұйтқысы Әбсәләм қажы болатын. Біздің Шалабай атамыз қайтыс болғаннан кейін (1959 ж.), әкеміз Тақанды Әбіш әулетінің ендігі үлкені ретінде ақсақалдар қатарына алып, ораза, намаздан қалдырмайтын болды. Аталарымыздың, айрықша Әбсәләм қажының ықпалымен әкеміз отыз тоғыз жасында намаз оқып, ораза ұстады. Қазір ойлап отырсам, совет заманында бұл да бір ерекше жәйттердің бірі екен ғой...

Құрман руынан шыққан, молда «Мұхамедрақым (Секен) ағаштан, темірден «түйін түйген» ұста, зергер, алтын, күмістен сақина, білезік соққан. 1928 ж. Жеке куәлік алыппатент, золотоприіскіге орналасқан. Старательге «колумушка» екі аяқты ағаш арба жасаған. Ожау сияқты шұңқырлап, екі жетекті іліп қоятын қылып істеген. Руданы салып, шығарып, жетекті босатқанда, өз салмағымен аударылатын көрінеді. Ұстаханасы болған. Баласы Мүсәлкәзім Мұса қажы да шебер, ұста» - деп жазады Х. Жармұханов. «Құрман керей шежіресі».

Секен атаны да, ол кісінің жасаған заттарын да көрдік. Кәләмөшкемен ол үйдің балалары Әлі мен Жексенбай малдың қиын қорадан тасып шығарып, сыртқа төгетін.

Күрсары –Бұрас Көшен болыс, советник Тұрлыбектің ұрпақтары Абит, Жағыпар аталарымыз да Бұлақбасында тұрды. Текті атаның балалары екені сезіліп тұратын. Абит ата ең алғаш алты бөлмелі , әдемі ағаш үй салып еді. Ұрпақтары өскен. Асқар ағамыз қазір Біржан сал ауданы, Қожагелді ауылында тұрады. Зайыбы Ақ апа атанған белгілі емші.

Белгілі генетик ғалым, вирусолог, биология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Нәзира Бәдритдинқызы Ахматуллина да күрсары - бұрас



керейдің қызы екен. Степнякта дүниеге келіпті. Керей Көшен болыс – Тұрлыбек – Ахметолла - Бәдретдин – Нәзира. Сексенге келген шағында туған жері Степняк қаласына келіп, 1935 жылы қайтыс болған әкесі Бәдритдиннің басына күмбез салып, ата тегін түгендеп жазып кеткен ғалым Нәзира апамызды жүзбе-жүз көрмесек те, сырттай өте ризашылықпен құрметтеп жүреміз.

Бала күнімде айдаладағы қыр басында болған бір үлкен жиынға, (жобасы, жұма намазы, әлде айт намазы, Қазауылдың сыртында болған сияқты) әкем белесепеттің алдына мені мінгізіп ала барған. Неше түрлі кісілерді, әсіресе, шапан, бөрік, тақия киген шалдарды көргенде, аузымды ашып қалыппын. Маған олар ертегі, аңыздардан келгендей сезілгені анық. Солардың ортасында, қақ төрінде ақ сақалы желбіреп, сөйлеп отырған Әбсәлам қажы атамыз айрықша көрінетін. Кейін түсіндім, діндар адамдар өкіметтен жасырынып, намазға, уағыз тыңдауға жиналған екен ғой.

Оразаны жамандап мақалалар шығатын газетке. Ауызашарға жиналған шалдар қауқылдасып, қарсылықтарын білдіріп отыратын.

Әбсәлам қажының екі баласы Қабдолла (Кәшөн) мен Мұхамедия (Мұқаш) ерте намаз оқып, дін жолын ұстады. Сол үшін қуғын, қысым да көрді. Бұл жөнінде «Әбсәлам қажының жауабы», «Өткеннің өнегесі» деген жырларымда жаздым.

Кәшөн ағадан айналамыздағы басқа ұлттардың небір кеудесіне нан піскен ұрда-жықтары кәдімгідей ығатын. Ол кісі ешкімнен қорықпайтын, қалың топқа жалғыз төтеп беріп, бетін қайтаратын деп ел аңыз қылатын, ол кісіге сенетін. Біз Көкшетауда тұрғанда, ағамыздың жасы ұлғайған кезінде, араласып, сыйласып тұрдық. Әзілдеп, әңгіме айтқызатынмын.

Кәшөн аға ертеректе, Мәтенде, пойыз билетіне кезекке тұрғанда бір келімсек дөкей біреу қолында кішкентай сәбиі бар қазақ келіншекке күш көрсетіп, кезектен қуып шығыпты. Кәшөн араласып, қой деген. Қоймай, анау жанжалдаса кеткен. Кәшөн бір ұрғанда сұлатып тастапты. «Өзімнің өмірдегі риза болған бір төбелесім сол ғана!» – деп еді, талай шайқасты көрген тарлан тәубесіне келген шақта. Төбелесте ең бастысы жүрек керек дейтін. Аттың алдыңғы аяғын екі аяғымен қысып тұрып, тағалай беретін деп аңыз қылатын жұрт ол кісіні.

Кәшөн ағамыздың үлкен ұлы Қасен елімізге белгілі азамат. Ұзақ жылдар «Васильков кен байыту комбинатын» басқарды.

Кіші ұлы Құсайын бізден екі жас үлкен болатын. Қайсар, өжет болып өсті. Машина қағып кетіп, жастай қаза болды.

Мұқаш аға жүзінен нұры төгілген ақжарқын адам еді. Кісінің көңілін қалдырмайтын, қатты сөз айтпайтын, жарқырап күліп жүретін. Ағасы Кәшөн екеуі өмір бойы автобазда шопыр болып жұмыс істеді. Біздің бала кезімізде Бұлақбасындағы алғашқы шопырлар – осы Кәшөн мен Мұқаш ағаның, Шәбдан және ағайынды Әнуарбек, Ризабек ағалардың машиналары көшеден өткенде балалар алдынан шығып, соңынан жүгіріп, бір мез болып қалатынбыз. Алыс сапарларда, шаңы бұрқыраған күре жолдарда машинамен заулап жүру дегенің біз үшін бір жұмбақ, қызық болып көрінетін. Бала қиялымыз соларға ілесіп, дүниені шарлап кете беруші еді.





Мұқаш аға қайратты кісі болды. «ЗИЛ-дің доңғалағын кузовқа жалғыз өзі лақтыра салатын» дейтін көргендер. Кейіннен қажылыққа барып келді. Ол кісінің баласы Нәжімиден де қажы болды.

Біздің елдегі дін ісләмнің нұры қысылтаяң, қаһарлы замандарда да үзілмей, сөнбей, атадан балаға жалғасып, бүгінге жетуінде Әбсәлам қажы атамның да еңбегі мен орны ерекше.

Туған жеріміздің өткен заман тарихына қатысты біраз аңызын, соның ішінде дін мен тіл, салт-дәстүріміз бодандық заманында қысым көріп, қуғынға ұшырағанда ел азаматтарының қалай айла тауып, қалай күрескендерін өлең қылып та , қара сөзбен де таратып жаздым. Шығармалар жинағымның 11-томында жарияланды.

### **Әбсәләм қажының жауабы**

Әкем марқұм айтушы еді аңыз ғып,  
«Өткендердің алдындағы парызды ұқ,  
Қажы атамның Әбсәләмді бір кезде  
Абақтыға жауыпты деп жауыздық!»

«Қара орманның қалғанын-ай селдіреп,  
Қайран елге қара түнек төнді,»-деп,  
Кең дүниеге тұрды қарап Әбсәләм  
Темір тордан ақ сақалы желбіреп.

Түрме бастық жұртты ұстаған мыштай ғып,  
Қажыны да жібермек боп жұрттай ғып.  
«Көп жеңілдік берем- ,деді ,мен сізге,  
Ақ сақалды сыпыртсаңыз сыптай ғып!»

Қажы атамның ақ сақалын тарамдап,  
Қаскөйлікті қас-қағымда бағамдап.  
«Сақал үшін отырмын ғой осында  
Жүре алмаспын оны алдыртып, харамдап!»

«Жәрдемдесем, тәртіпті боп түзелсең,  
Нең кетеді біразырақ күзелсең?  
Не бар дейсің сол сақалға байланған,  
Ақ селеудей шығады ғой күні ертең!»

Қажы атамның деді.»Бұған жолама,  
Иманынан айырылған оңа ма,  
Алдамшыға айырбастап жіберсек  
Жанымызға иман қайта қона ма!?»

Түрме бастық қала берді барқырап...  
Тауқыметін тар қапастың тартып-ақ,



Қараңғыны жарып шықты бір күні  
Қажы атамыз ақ сақалы жарқырап!

Өткіншіден артық көрген мәңгіні,  
Ұрпағына сәуле берген жан нұры,  
Аталарым иманынан безбеген  
Қыл үстінде тұрғанда да тағдыры!

### Өткеннің өнегесі

Өткеннің ғайып болмақ көп елесі,  
Десек те аз емес қой өнегесі,  
Ауылым Степнякта Бұлақ басы  
Біржан сал бабам жүрген жерлері осы,

Алпысыншы жылдары біздің жақтың  
Жел қақтап ,кеуіп еді кенезесі.  
Кім білсін,сәуегейлер сыр ашты ма,  
Жылымық жақсылыққа ұласты ма?

Әйтеуір жұрт жиналды тасаттыққа  
Зираттың ар жағында,қыр астында.  
Баламыз,бізге қызық мұның бәрі,  
Беймәлім талай ұлы ұғым әлі,

Мал сойып,ошақ қазған үлкендерді  
Маңайлап өңкей ерке шуылдады,  
Қолында шешейлердің аяқ-табақ  
Ғажайып оркестрдей сылдырлады,

Шалдардың күніренген дұғасымен  
Кеудеңе бір ғажап сыр тығылады,  
Қайран кемпір-шалдар-ай құт дарыған  
Әулеттің бір-бір төбе ұлылары!

Төгілген зая кетпей тер мен еңбек  
Иа,құдай,көктен иіп,жерден бер деп,  
Тілек қылған жиынға жетіп келді  
Көк мауыт,қызыл жаға көлбелеңдеп.

Көрген соң аталар мен апаларды  
Бас салып лаңдатуға бата алмады,  
Өрт шығып кете ме деп от көрген соң  
Келіп ек,байқандар деп кете барды.

Жауды ма,жаңбыр сонда жаумады ма,  
Жел қуып қара бұлттар аунады ма?



Есте жоқ, тек есімде телмірген жұрт  
Жайылған көкке қарай қолдарына...

Естідік ел аузынан ес білген соң  
Аяғы көп әңгіме болғанын да,  
Жоғарғы жақтың жыны ұстап қапты  
Ел-жұрттың Алланы еске алғанына,

Артынша аупартком да қаһарланды  
Құдайшыл біздің елдің шалдарына!  
«Жайылдық лақап болып атырапқа,  
Цекада кірген екен дакылатқа,

Тәубешіл таспих тартқан ақылды да  
Тастүйін атеистер ақымақ па?  
Қарай гөр отырғанын жасап бүгін,  
Тыйындар тастай қылып тасаттығын,

Бұлақ басы болмақ па бүлік басы  
Тұқыртып тез арада бас аптығын,  
Құрбандыққа келе ме шалынғысы  
Қанеки сағынып жүр қасапты кім?

Үлгі боп құдай жолын қуғандарға  
Әбсәләм қажы емес пе тұрған дара?!  
Кітабын кәмөнестің танымайды  
Табынған құдіреті құран ғана,

Кетпей ме келешекте кеңкелес боп  
Құранға бар ниетін бұрған бала?!»  
Сын-сықақ шыға келді қажы жайлы  
Саяси-сатиралық журналға да!

«Ұйтқысы ұлтшылдықтың имам да осы,  
Намазға жұмыскерді жиған да осы,  
Екі ұлдың- Кәшән, Мұқаш құлағына  
Құранды қаршадайдан құйған да осы!

Жамағат жоққа сенгіш боп келеді,  
Аят, намаз - айнымас салт көреді,  
Кеңседе кәмөнестің сөзін сөйлеп  
Кешкісін жайнамазға жалт береді,

Бала екеш балдары да бұл ауылдың  
Оллаһи-билләһи деп ант береді!»



Қиянат имансыздық тұсындағы  
Тұйыққа тіреді ғой мұсылманды,

Хатшысы аупарткомның атқа қонды  
Ұшықтап жібермек боп ұшынғанды,  
Қажыны қайтара алмас хақ жолынан  
Жұмыста балаларын қысымға алды.

«Кәдімгі сәбетский баласындар  
Қай уақта дұрыс адам боласындар?  
Партияның оқытқан шопырлары  
Теріске рөлді бұрып барасындар,

Ұялмай,үкіметтің машинасын  
Мініп ап,намаз десе шабасындар,  
Елдегі молдаларды жиып-теріп  
Қажыны да мінгізіп аласындар,

Жолынан ескіліктің шықпасаңдар  
Қараңғы,надан болып қаласындар,  
Көрсоқыр көзін ашқан үкіметтің  
Көртопырақ құятын шамасы бар!

Көнбесе ырқымызға мынау халық  
Сонша жыл біз несіне танаурадық?  
Намаз,кұран біржола қоясындар  
Қоймасаң,отырсың ғой сөзді аңғарып,

Дәл жиырма төрт сағатта жібереміз  
Қажы әкеңмен қосақтап жер аударып!»  
Партия таңдай білген шешендерді,  
Қаһарлы хатшы сөзі әсерлі еді...

Әбсәләм қажы атама кешке таман  
Салбырап Мұқаш пенен Кәшөн келді,  
Сабырмен балаларын тыңдап алып  
Салмақтап әрбір сөзін жауап берді.

«Бұйрықсыз адам доптай домаланбас,  
Құдай берген Құранды пенде ала алмас,  
Бар үкімет,партияң жабылып кеп  
Кессе де ажырамас сәждадан бас!

Ал сендер қалма пәле,айқайға да,



Шама жоқ шалқаятын шалқайғанға,  
Екпіні тау жығады үкіметтің  
Шындаса- аямайды,шайқаңдама,

Кесім сол-көнесіндер дегеніне  
Қай жаққа қаңғырмақпыз қартайғанда?  
Барған жерден береке таптыра ма  
Құрығы жетіп жатыр қай-қайда да!

Намазды теріс бұрды заман бүгін,  
Заманға таба алады амалды кім?  
Қабанға қарсы ұмтылып жеңе алмассың  
Сендердің керек маған амандығың!

Қайтерсің қаскөйлікке айлаң азда,  
Ілесіп оған бірақ жолдан азба,  
Иілсең- түбінде бір түзелерсің  
Тірескенді жауыздық жойғаны аз ба?

Жүрегінде сақтай біл иманыңды  
Маңдайың тимесе де жайнамазға,  
Алладан басқа ақиқат таба алмайсың  
Сарғайып үңілсең де қай қағазға!..»

Күн өтті...Ай ауысып...Жылжып жылдар...  
Аспаннан нұр төгіліп,сөгілді ызғар,  
Кешегі коммунистің осы күнде  
Бірі молда,ал бірі уағыз тыңдар!

Өшкен жоқ қажы атамның өнегесі,  
Иншалла,кең жайылды керегесі,  
Кәшөн-молда,ал Мұқаш-қажы атанып  
Елдегі мешітінің болды егесі,

Құрметті азаматы еліміздің  
Қасендей қайырымды немересі!  
Жанталас,не бір зұлмат халық көрді,  
Мұздады,шалықтады,жанып көрді,

Аталар аманатын аман сақтап  
Бүгінге дін мен тілін алып келді,  
Иманын жоғалтпаған тар заманда  
Иа,Алла,көркейте гөр ерікті елді!!!

## Қайдар палуан туралы

Бала күнімде әке-шешемнен естіген бір керемет қызық әңгімем – Қайдар палуан туралы. Батыр, балуандарды жақсы көріп өскен маған бәрі қызық. Десек те, алыс аңыз емес, әке-шешем тірідей көрген кісі маған тіпті жақын, қызық болып көрінді.

– Соғыстан бұрын, Бірсуатта тұрамыз. Әбіш атамның бар кезі. Кенже ағатайым (Кәрімжан атамның әкем осылай атайтын) рабкопты басқарады. Бір күні кешке үйге бір кісіні қонаққа алып келді. Танысып, ақсақалмен әңгімелесіп отырды. Қайдар палуан екен, ел аралап, өнер көрсетіп жүр екен. Палуан дегесін қызығып қараймыз келіп, денесі ірі, сом болғанымен, ондай толық, дәу емес!

Әкемнің осы сөзіне ой жүгіртсем, ол кездегі ауыл қазағының ұғымында палуан деген жуан, таудай болуы заңды. Ал, Қайдар палуан ол кезде жараған аттай, спорттық бабында болған сыңайлы.

– Кешкі ас үстінде Кенже ағатайым Қайдар палуанға арақ ұсынды. Ол уақта, советтік тәртіп бойынша, өте сыйлы кісілерге ғана арақ құйылатын. Сонда палуан: «Мен, негізі, анда-санда ептеп ішемін, бірақ, үлкен ақсақал отырған жерде мұны ішуге қоспайды! – деп, арақтан бас тартты. Ас ішіп, Әбіш атамныңбен жап-жақсы әңгімелесіп отырғанда, Әбиқын кіріп келсін!

– Әбиқын деген орыс, пекарнидің бастығы болатын, – деп, анам Бәтима сөзді жалғап әкетеді. – Ұзын бойлы, дәу, жуан кісі еді.

– Оның қасында Қайдар палуан аласалау, денесі де шағындау болып көрінді! Толықтығы да ондай емес!

Бала болсам да, мұның шын фамилиясы қалай екен деп қоямын.

– Обухин ба? – деп сұраймын әке-шешемнен.

– Е-е, ит біліп пе оны! Әбиқын ба – Әбиқын, бітті шаруа! – дейтін әкем, бала күннен үйреншікті боп кеткен атты өзгертісі келмей.

Сонымен, Әбиқын Қайдар палуанның келгенін естіп, әдейі іздеп келген көрінеді. Өзі дәу, қараптан қарап күші тасып жүретін кісі, бір сынап көрмек болған сияқты. – Кел, күресіп көрейік! – дейді Қайдар палуанға. Қайдар палуан сол отырған күйі: – Жарайды, онда кел де, екі қолыңмен менің кеңірдегімнен қыс бар күшіңмен! – дейді. Әбиқын күректтей қолдарымен Қайдарды кеңірдектен қысады-ай келіп. Қайдар былқ етпей отыра береді. Әбиқын қып-қызыл боп долданып, одан сайын күшін салып бағады. «Болдың ба?» – дейді сол кезде Қайдар. Әбиқын басын изейді. Сол кезде Қайдар палуан мойнын бір жағына шұғыл бұрып қалғанда, таудай Әбиқын анадай жерге ұшып түсті дейді!

– Содан, Әбиқын орнынан тұрып, біразға дейін қызарандап отырды, – дейтін әке-шешем жарыса әңгімелеп. – Әрі-бері әңгімелесіп, шай-пай ішіп болғасын кетуге айналды.

Кетерінде екеуі қол алыспай ма – бір жағы қоштасып, бір жағы достасып дегендей. Сонда, Қайдар палуан қолын қысып жібергенде, Әбиқынның тырнағының көбесінен қаны шығып кетті дейді!



– Енді ертеңінде жиналған халыққа күшін көрсетуге шыққанда, үйдегідей емес, еңселеніп, дәу болып кетті. Бұлшық еттері білем-білем болып бұлтылдап ойнап, өзгеріп кетті! – деген әке-шешемнің даусы күні бүгінге дейін құлағымда.

Бұл әңгімені мен 1989 жылдары «Көкшетау правдасы» газетіне жарияладым, бірақ, сол мақаламды архивімнен таба алмадым.

«Көкшетау» газетіне Қайдар палуан туралы мақала шыққаннан кейін маған бір азамат, атын ұмыттым, келіп, алғыс айтты. Қайдар палуанның ұрпақтарымыз деді. Бір ұрпағы фототілші болып істеді, Базарбай Бағысов. Қайдар палуан туралы бір кісілердің естелігі де шықты, үн қосу ретінде. Қажымұқанның жиені, силач, циркач, палуан болған дейді.

Кеңашыда тұрған Керей Қажым ақсақал да Қайдар палуанды көргенін айтқаны есімде.

– Мен Қайдармын, Қайдармын, жаудың малын айдармын, қайырып қолын байлармын! – деп өлеңдетеді екен! Қажымұқанмен нағашы, жиен болып, ойнап күрескенде, бір-бірімізді ала алмайтынбыз. Ал, көп алдында, кілемге шығып күрескенде ол кісі шақ келтірмей, ұршықтай үйіретін. Аруақтанып кететін! – дейді екен.

Кеңашыда тұрған Риза Сәдуақасов ақсақал, руы Қырғыз, Қайдар палуанды бала күнінде көргенін қызық қылып айтатын. Ауылдарына келіп, күш өнерін көпшілікке көрсеткен екен. Кісі тола арбаны тісімен сүйреп, бірнеше кісіні ұзын сырғауылға мінгізіп, шыр айналдырған. Содан кейін шалқасынан жатып, төсіне үлкен диірмен тасты қойғызып, екі мықты жігітке кувалдамен құлаштатып ұрғызғанда, біраздан соң тас қақ жарылыпты. Қайдар палуан кеткен соң, бір күшті жігіт Қайдар палуанға еліктеп, ортаға шығып: «Оның істегенін мен де істеймін!» – деп, төсіне тас қойғызып, әлгі жігіттерге ұрғызыпты. Сонда, бір-екі рет салып жібергенде, тас жарылмақ түгілі, әлгінің өзі талықсып, жатып қалыпты.

Қайдар палуанның кейінгі өмірі белгісіз. Кешегі көшпенділердің сынығы, тұлпарлардың тұяғы, қазағым деп еңіреп өткен алып күш, өнер иесі кезінде атақ-даңққа бөленіп, кейіннен қандай да бір себептермен аты ұмытылуға айналды ма, кім білсін? Мен үшін бала күнімде естіген аңыз қымбат, сол аңыздағыдай жалындап жүрген Қайдар палуан қашан да көңіліме ыстық!

### **Естелік те бір ескерткіш сияқты**

Әбілқайыр Досовтың атын бала кезімізде ата-анамыздан естіп өстік. Әрине, ол уақта оның қадір-қасиетін түсінбеуіміз заңды. Әйтеуір сондай бір айтулы адамның болғанын, оның осы өзіміздің Степняктан шыққандығын, халық жауы атанып, «үндемеске» кеткенін, кейін ақталғанын ғана білетінбіз. Ата-анамыз: «О-о, Досов күшті болған!» – дейтін. Бірақ, хас батыр революционерлерді аспаннан түскендей көретін балаң ұғымға өз ауылымыздан сондай керемет шыққандығы біртүрлі ертегі сияқты еді. Досовтың туыстарының өз арамызда, Степнякта тұратындығы да сол ертегінің тасасында қала беретін.





Жарайды, бұл біздің балалық шағымыздың естелігі. Ал тоқырау жылдарының «тапқырлықтарының» бірі – жазықсыз жалаға ұшырап, кейіннен ақталғандарды атауға ашық тиым салмағанымен, көп насихаттай бермеуге «үйретуі». Тіпті, юбилей материалдарында, календарьларда да отыз жетінің ойранында опат болғандығын сипақтай айту немесе мүлде айтпай кету дағдыға айналды. Сананы осылайша «тазартудың», дәлірек айтқанда, тұмандатудың зардабынан айығу оңай емес. Елім деп еңіреген есіл ерлердің тиісті бағасын алмақ түгілі, сол елінің есінен шығып кете жаздағаны да осыдан болса керек.

Бәлкім, біреулерге бүгін бұлайша сөз саптауымыз біртүрлі көрінетін шығар. Бірақ, ащы да болса шындық жақсы. Басқа басқа, дәл осы Еңбекшілдер ауданында, тіпті совхоздарды былай қойғанда, Степняктың өз басында Әбілқайыр Досовтың өмірі мен қызметін саралап түсіну былай тұрсын, атын да білмейтіндер толып жатыр. Аудан мектептерінде көрнекті жерлесіміз туралы арнайы бір сабақ өткізілді ме екен? Жас ұрпақ өз тарихын, туған жерінен түлеп ұшқан тарихи тұлғаларды білмей өссе, оған үлкендер кінәлі емес пе? Әйтеуір, ауыз толтыра айтып жүрген Қотыркөлдегі Досов атындағы мектеп пен сол мектептегі музей болмаса, (ол да Щучье ауданында) оның есімін еске салатын бір белгінің туған жерінде болмауын қалай түсінеміз? Ол ол ма, күні кешеге дейін аяулы азаматтың туған жерін анықтай алмай келгеніміз, дәлірек айтқанда, соған құлқымыз болмағаны ұят емес пе? Әйтеуір, ардагер Тасқара Мұқашев алдымен аудандық газетке, кейіннен «Көкшетау правдасына» мақала жазып, оның Степняк маңында, Әйтен ауылында туғанын айтып берді...

Аяулы азаматтың тоқсан жылдығына орай ол кісі жөнінде дерек іздеп, бала кезімізде алыс ертегідей көрген туыстарының үйіне аудандық газеттің қызметкері, қазақ, орыс тілдерінде жазатын журналист Төлеу Дүйсенбаев екеуіміз біре келдік.

Іздеп келген кісіміз – Әбілқайыр Досовтың жеңгесі Бағи әжей бізді жылы қарсы алды. Сөзімізді үнсіз тыңдап, біраз үндемей отырды. Сексендегі әженің әжімді жүзінен ішкі толғанысы анық байқалып тұр. Ерекше қадір тұтқан қайнысын еске алғанда, сонау келмеске кеткен жылдар сазы қайта оралды ма екен? Даусы дірілдеп, баяу сөйлей бастады.

– Е-е, қарақтарым-ай, қазір міне қартайдық. Бізде не әңгіме қалды дейсің? Ертеректе көп әңгімені өзіміздің Қыдырбай сұрап, жазып алған...

Қыдырбай Шәменов – кезінде мұғалім болған, қазір құрметті демалыста. Ол кісіні кейін әдейі іздеп барып, материалын сұрап алдық. Әуелі қағазға ертерек түскен әңгімеге жүгінген жөн болар.

«... 1927 жылдың жазы. Ол кезде Москвада Орталық Атқару Комитеті жанындағы Қазақстан өкілі – қайным демалысқа шығып, Бурабай курортына семьясымен келді. Ең алдымен біздің үйге тоқтады. Әдеттегідей сәлем-сауқаты бар. Мені қуансын дегендей, ең әуелі басыма әкелген шалысын салып жатыр.

– Ту, жеңешем-ай, мүлде жасарып кетті ғой! – деп әзілдеп те қояды. Иә, сол шалының тозығын әлі де көзіндегі сақтап жүрмін.



Курортта жалғыз Әбілқайыр емес, басқа да оның достары дем алып жатса керек. Ерім Әбілқайым (Әбілқайырдан төрт жас үлкен ағасы) ауылдың азаматтарымен ақылдасып, демалып жатқан інісін жолдастарымен шақыруды ұйғарды.

Біздің жайлауымыз Шағалалы көлін (қазіргі «Восточный» совхозының жері) бауырлай орналасқан болатын. Ондағы белуардан келген көгалдың өзі табиғаттың масаты кілемі іспетті. Таза ауа... Міне, осындай, ауылдан шеткері жерге екі ақ киіз үй тіктік. Бірі – қонақүй, екіншісі – ойын-сауық өткізетін мәдениет үйі. Ауылдың жас қыз-келіншектері киіз үйдің еденіне кілем, бөстектер төсеп, керегелеріне оюланған тұскиіз іліп, ішін мұнтаздай тазалап жинады. Қадірлі қонақтарды шақыруға жалғыз біздің Әйтен ауылы емес, көршілес Байдалы, Сауытбай, Қырықбай, Тоқпай, Әжіақмет, (Ажы-Ақымбет болуы керек. Б. Ә.) тағы басқа да ауылдарда дайындалды.

Белгіленген күнде қайным бастаған қонақтар да келді. Олармен бірге жоғарыда аталған ауылдардың ақсақалдары, атқамінер жігіттері, қыз-келіншектері де жиналды. Мал сойылып, тоқаш-бауырсақтар пісіріліп, саба-саба қымыз пісулі.

Астың алдында қайным төрде отырған қонақтарды ауыл адамдарымен таныстыра бастады. Революционер жазушы Сәкен Сейфуллин, Көкшетау уездік пария комитетінің бірінші хатшысы Хамза Жүсіпбеков, қызылтулық әнші, сері Әлкей Өтекин, Әбілқайырдың әйелінің ағасы Оңғарбаев (есімі жадымда қалмаған), тағы басқалары бар. Қайнымның (мен оның есімін атамаушы едім) айтуына қарағанда Хамза 1917 жылы Ақмолада Сәкенмен бірге жастардың «Жас қазақ» ұйымын ұйымдастырған. Әлкей Омбының учительдік семинариясын Сәкенмен бірге оқып, тәмамдайды. Сол кездегі революциялық жасырын ұйымдарда бірге болады. Совет үкіметінің орнаған алғашқы жылдарында баспасөз қызметкерлері болған. Әлкейдің інісі Қаскей де Омбыда гимназиядаан білім алған.

Бір-бірімен танысып, ас ішкеннен кейін ата-бабаларымыздың ғұрпы бойынша қызықты әңгімелер айтылып, ән-күйлер тартылды. Әсіресе, Сәкен мен Әлкей сөзге шешен, өлең айтып, домбыра тартудың шебері екен. Отырғандар бұрын Сәкенді сырттай білгенмен, жүздесуі осы еді, оның әнін естігенше асық болды. Қайнымның тетелес інісі Смағұлдың домбырасын Сәкен алды, бірер рет шертіп, оған:

– Әбе, мына ініңнің домбырасының шегі мен тиегі қазақ арбасына тиеген шөптің бастырығы мен арқанындай екен, – деп, ажуалап күлісті. Әрине, қонақтардан сын есту бізге де оңай болмады. Бірақ, дереу басқа домбыра әкелінді. Салалы саусақтары тиген домбыра шектерінен күмбірлеген күйлер, тамылжыта шырқалған әндер шықты. Әсіресе, Сәкеннің «Біржан сал», «Сырымбет», «Құлагер», «Балқадіша», «Қараңғы түнде тау қалғыш», «Көкше», «Көкшетау», «Тау ішінде», «Сарыарқа», «Біздің жақта», тағы басқа әндері менің әлі күнге құлағымнан кетпейді...



Әлкейдің домбырамен шырқаған әні де бізді бір желпіндіріп тастады. Әбілқайыр мен Хамза және басқа қонақтар да қызықты әңгімелер, шежіре, шешендік сөздер, айтыс, ертегілер айтты...

Келген қонақтарымыз және ауыл жастары сәнді ертоқыммен ерттелген салт атпен аң аулап, құс ататын. Басқаларға қарағанда қайным өте мерген еді. Көкте ұшып бара жатқан шүрегей, қасқалдақ, сұқсыр секілді үйректерді атып түсіре беретін...»

Қыдырбай Шәменов ақсақал Бағи әжейдің бұл естелігін осыдан он жыл бұрын жазып алып, Әбілқайыр Досовтың туғанына 80 жыл толуына орай «Есімі тарихта қалған жан» деген атпен Еңбекшілдер аудандық «Коммунизм жолы» газетінде жариялаған. «Ауылыңда қартың болса, жазып қойған хатпен тең» дегендей, ел ішіндегі бағалы сөзге әрқашанда құлағы түрік, қаламы жүйрік қарт мұғалімге осындай қымбат естелікті дер кезінде қағазға түсіргеніне ризашылығымызды білдіреміз. Халқымыздың аяулы азаматтары бас қосқан сонау алыс күндердің елесінің өзі олардың мәдени, рухани биіктігінен сыр шертіп, өнеге шуағын таратып тұрғандай емес пе!?

(Қыдырбай Шәменов ақсақал педагог, қаламгер. Ұяң мінезді, жұмсақ, мейірбанды кісі болатын. Тыным таппай, ел мен жердің тарихын түгендеп, көптеген мақала, зерттеулер жазып, аудандық, облыстық баспасөз бетінде жариялап жүретін. Сол кісінің еңбектерінің басын құрап, түгендеп, кітап етіп бастыру керек. Онда біздің ауданның тарихына, аңыз болған тұлғаларға қатысты қаншама дерек, мағлұмат, қазына жатыр десеңізші!)

Төлеу екеуміз әжейдің әлгі сөзінен кейін: «Енді әңгіме айтпай қояр ма екен?» – деген күдікпен бір-бірімізге қарадық. Әжей әдейі келген біздің сағымызды сындырмай, ақырындап әңгіме тиегін ағытты. Алыста қалған, сағымға айналған сағынышты күндерден үздік-үздік сыр шертті. Жасы ұлғайғанына, арада сонша жылдар өткеніне қарамастан, сөзі жүйелі, ойы айқын...

Бағи әжейдің сөзінен қайнысы Әбілқайырға деген құрметі айқын сезіліп тұрды. Әлі күнге атын атамайды. Қайран, қазақтың қарапайым да қасиетті сыйластығы-ай!

Бағи әжей Әбілқайырдың ағасы Әбілқайымға қосылғанда, Әбілқайыр қызметте, бір баласы бар екен.

– Онда жылда келіп тұратын. Кішіпейіл еді. Бізге көйлек, жаулық әкеледі. «Апамдікі бөлек, мынаның сүйгенін өзің ал, қалғанын Смағұлдың сұлуына берерсің!» – деп, сақылдап күлетін. Денелі, иықты, толық, дөңгелек жүзді еді.

Әбілқайырдың әкесі Ысқақты әжей Кәке дейді екен. Бірде Әбілқайырды оқуға апарып келе жатқанда, ол кісіні қасқыр қамайды. Айдала. Қолында құралы жоқ. Содан, бір мая шөпті көреді. Соған жетіп, бір қолтық шөп алып, біртіндеп жағып, қасқырларға шашып отырып, аман құтылады. Бала Әбілқайыр оқудан қашып келе береді.

– Кәкең қатты, қаһарлы кісі еді. «Енді қашып келуші болма! Жаз келсең – мал баққызамын, қыс келсең – от жаққызамын! Неге келе бересің дейді?» – дейді. Бала: «Бағамды дұрыс қоймайды. Сабақты жақсы айтсам да төмен қояды!» – дейді. Содан, Кәкең Қотыркөлге алып барып, мұғаліміне



жолығады. Қазақ екен. «Балам екі рет қашып келді. Өзім шанамен келдім, баланы жаяу әкелдім, ендігәрі қашпасын деп! Бағасын неге дұрыс қоймайсың?» – дейді. Мұғалім: «Балаң бәрінің алды! Бірақ, оқушыларда бақастық бар. Жақсы баға қойсам, оқу білмейтіндер күн бермейді. Оларға көз қылып әдейі төмен қоямын. Бірақ, документінде бағасы дұрыс. Оқуға барса, жақсы бағамен барады. Оқи берсін!» – дейді.

Біз бұл әңгімеден бала Әбілқайырдың намысқой, қайсарлығын, әділетсіздікке төзбейтіндігін аңғарамыз. Жазықсыз жалаға ұшырағанда қанішер жендеттерге қасқып қарсы тұрып, қарсыласып, қас батырларша қаза табуы да сүйегіне біткен өр мінезін танытады.

– Қалай қаза тапқанын газетке жазыпты дейді. Естігім келмеді, жүрегім шыдамады, – дейді әжей...

– Оқуда он үш бала бірге жатады екен. Керейдің байы Сатыбайдың Жабай деген баласы да бірге оқыпты. Сатыбай Кәкең: «Сенің балаңның дәрежесі Жабайдан артық болады!» – депті. Кәкең: «Неге олай дейсіз? Бай баласы мен кедей баласы бірдей бола ма?» – депті. Сонда Сатыбай: «Жоқ, олай емес. Бұлардың ұйықтайтын жерін көрдім. Ұйықтағанда сенің балаңның бір қол, бір аяғы Жабайдың үстінде жатыр екен, оның дәрежесі артық болады!» – депті.

Қазақтың сыншылығы дегеніңіз осы емес пе?

– Бір жылы ауырып, Қырымға барады, – деп Бағи әжей тағы бір әңгімені сабақтады. – Дәрігерлер «елге барып емдел, туған жеріңнің ауасы жағады» – дейді. «Қызылжарға жеткенде сергіп қоя бердім!» – дейтін. Бурабайда дем алды... Сол жолы ақсақалдармен әңгімелесіп отырып: «Орнымды баса ма деп Мамырбекті оқытып жатырмын. (Кіші інісі, 1942 жылы қайтыс болған). Баса ма, жоқ па, білмеймін. Осы қалпы жүре берсем, менен жақсы жоқ, егер тайып кетсем, менен жаман жоқ!» – деді. Неге айтты екен деп таңғаламыз кейін...

Әжей үндемей ойға шомды. Сан түрлі сауал мазалайды. Шынында да бұл сөздері әлдебір шарасыздықтан туғандай. Заманның ағынын түсінген, келе жатқан алапатты сезген адамның сөзі. Еліне ескертуі, қоштасуы сияқты. Одан ары ашып айтуға тағы шарасы жоқ.

Әжейдің мына бір әңгімесі де осыған үйлеседі.

– Сәкен әрі-бері өткенде, біздің үйге соқпай кетпейтін. Кәкеңмен әңгімелесетін. Бір жолы: «Әкем кетерімде жылап қалды. Бұрын өйтпейтін», – деді. Кәкең: «Е-е, әкең кетерінде жыласа, мен сияқты қартайған екен», – деді.

Былай қарағанда, әке мен баланың қимастық сезімін бейнелейтін, өмірде болып жататын жағдай. Үңіле қарасақ, елінің серкесі, азамат ұлының осы сапары қалай болар екен деген зор қаупі, үрей буған әке жүрегінің дүрсілі, төніп келе жатқан қара бұлттың қаһарлы күркірі естіліп тұр.

– Кәкең ауырғанда қайным Смағұл деген інісіне: «Келін екеуің күтсендер болды, бәрін өзім көтеремін», – деді. Кәкең қайтыс болғанда үш жарым сәткеде зорға жетті, қоюға үлгере алмады. «Басына ескерткіш қоямын» деген. Содан, көп ұзамай, жаңа жылда өзі ұсталды.



Әжей сонау сұмдық заманның сұрапылын тағы да басынан кешкендей, үнсіз қалып, біраздан соң сөзін жалғады.

– Қайным ұсталғасын біз де қорқып жүрдік. Суреттерін газетке орап-орап, құрғақ киіздің артына тығып сақтадым. Әйтеуір үкімет тиген жоқ. Бірақ, көлденең сөз көп болды. Біздің балалар ойнап жүріп, біреумен төбелесіп қалса да, естіген сөзіміз «алашорда, халық жауы» болды. Суреттері көп еді, кейін музейге бердім. Мына бір суретті, ренжімеңдер, бере алмаймын, біреу-ақ. Әйелі Зоямен бірге, қыз бен жігіт күнінде түскен. Сағынғанда көріп тұрамын!

Бұл-1921 жылы, Орынборда түскен суреті екен. Әжей Әбілқайыр Досовтың 1928 жылы ВЦИК секретарьларымен түскен бір суретін берді. Ал, әлгі суретті Төлеу екеуіміз келісіп, қайта түсіріп алатын болдық.

– Әйелі Зоя – ноғай қызы еді (татар). Былтыр қайтыс болды. «Қазақ қыздары көп оқымай жатыр. Ноғай қызын оқығасын алдым», – дейтін қайным күліп. Қайным ұсталғаннан кейін абысыным Зоя да біржарым жыл түрмеде отырған. Үш баланы приютқа береді. Қыздары – Рауза, Аида, ұлы – Мұрат. Зояны ауырғасын түрмеден босатады. Шыққан соң балаларын тауып алады. Кейін бір жылдары Мәскеуде бір үйге барса, екі үлкен кісі отыр екен. Қазақтың бір үлкендері. Әлгілермен әңгімелеседі. Үлкен қызы Рауза сөйлесіп, жауап беріп отырады. Әлгі кісілер: «Папаң жоқ қой. Бұл бір үлкен кемшілік болып тұр ғой!» – депті. Қайнымның бұрынғы жолдастары екен. Сонда Рауза: «Әкең өлсе, өлсін, әкеңді көрген өлмесін» деуші еді. Баяғыда бір шаруамен барғанымда, басыңызды да көтермеп едіңіз. Оны ұмытқан жоқпын!» – дейді. Әлгілер үндей алмапты.

Әбілқайыр Досов семьясының тағдыры, көрген бейнеті байқалады бұл сөзден.

– Зоя абысыным Ерейментаудағы қызыма хат жазыпты. «От жаққан жерімді көрсін, балаларды табыстырайық, анаң келсін», – депті. Бардық. Мәскеуде жиырма бес күн жаттық. Ер баласы орыс қызын алыпты, орыс құданың үйіне де бардық. Одан бері жиырма жеті жыл өтті!


Әжейдің әңгімелері алыста қалған аласапыран күндерді көз алдына елестеткендей болады. Әбілқайыр Досовтың бейнесін толықтыра түседі. Естелік те бір ескерткіш сияқты көрінді. Бағи әжей баласы Ахет, келіні Шәрипа, немерелерімен бірге тұрады. Ертеректе қайтыс болған күйеуі Әбілқайымның да, өзінің де жұмыс істегені туралы документтері жоғалған. Соғыс жылдарында Әбілқайым ақсақал еңбек армиясында болған көрінеді. Қазір әжей пенсия алмайды. Баласы Ахет пенсияда. Үйлері ескі, тар. Жеті кісі екі бөлмеде тұрады. Көрнекті партия қайраткері Әбілқайыр Досовтың туыстарына қамқорлық жасаудың жөні бар деп ойлаймын.

Қосымша айтарым: 1977 жылы Сәбит Мұқановтың мұражайында жұмыс істеп жүргенде, досым Құлбек Ергөбеков екеуіміз архив ақтарып, Сәбеңнің эпистолярлық мұрасын біраз зерттегеніміз бар. Сонда көрнекті әдебиетші, ғалым Жайық аға Бектұровтың Сәбит Мұқановқа жазған хаттарын оқып, талай сырға қанығып едік. Онда ашылмаған құпиялар, айтылмаған сырлар тұнып жатыр. Жайық аға Сәбең: Әбілқайыр Досовты НКВД ұстап,



халық жауы деп түрмеде азаптағанда, балуан тұлғалы, қайратты, қайсар азамат қатты қарсылық көрсетіп, тергеуші жеңдеттермен төбелесіп өлген екен! – деп жазады. Ақыры жазықсыз күйіп бара жатқан соң, жай кеткенше, жастығымды ала кетейін деп, дала жауынгерлерінің сертін ұстады ма екен! Бұл да бір өткен дәуірдің жұмбағы!

Ғалым Жайық Бектұров – руы Ақсары Керей, ақымбет. Жәнібек деген баласы да филолог, ғалым болды, КазГУ-де орыс филологиясынан сабақ берді.







**СЕРІКПАЕВ**  
**Әділхан Дастанұлы**

«Атбасар ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» ММ басшысының орынбасары

Менім атам, әкемнің әкесі, Қойбағар Мұсаұлы 1893 жылы туған. Негізінде ол Атбасар ауданының Қосбармақ ауылының тумасы. Әкем 1952 жылы 1 ақпанда туған.

Атамыз 1930-ыншы жылдары репрессияға ұшыраған. Бір түнде қорадағы жылқыларын алып кетті, бірақ қойларға тиіспеді.

Атамыз байдың баласы, оның үстіне Қажының баласы, арғы аталары барлығы қажылыққа барған кісілер. Ол кісі ауқатты, дәулетті еді, аңшы болды, саятшылық құратын. Өз заманында білімді азаматы болды. Үш тілді жетік меңгерген. Қазақ тілі, орыс тілі және араб жақсы тілін білген. Құран хатын таныған кісі болды.

Бертін келі, қартайған кезде үлкен үй тұрғызған-қара шаңырақ. Сол кеңестік коммунистік идеология заманында барлық тарауықтар, намаз, айт шалды.

Атамызды бір түнде алып кетті. Төр үйде ілініп тұрған екі мылтықты және қасқырдың, түлкінің терісін де шешіп алып кетті. Атбасар түрмесінде 9 ай жатты, тергеліп. Одан кейін оны Қызылжарға алып кетті, сонда жалпы барлығы 9 жыл абақтыда отырған. Әжеміз үйді, балаларды, келіншектерді бәйбішеге қалдырып, төте жолмен жаяу, қарақшылардың қолына түспеу үшін кешкі уақытта шығады Қосбармақтан Есілдің бойымен, талдардың түбімен Қаракөл, Сергеевка ауылдары, Ащыкөлмен Атбасарға свиданкаға таң ата жетеді екен. Төте жолмен 40 шақты шақырымдай екен. Түске дейін келіп, кездеседі, түстен кейін





Атамыз саятшылықпен  
айналысқан

үйіне қайтады, тек кешке таман оралған. Қолына айран, ірімшік, айран іліп алып, аптасына 1-2 рет барып отырады. 9 ой бойы солай жүріп, мәсісі тозып қалған, жеңден тесілген.

Қызылжарға атамызды алып кеткен екен, онда тағы да бірнеше біздің біздің ауылымыздан азаматтар болған екен. Сол жаққа да әжеміз барып тұрды. Атбасардан Қызылжарға қарай бірнеше өгіздерге артылған жем, азық-түлік апарып, сол жақтан ағаш әкеледі екен.

Атамыз ұзын бойлы, ақ құба, көк көз кісі. Өте сауатты болған деседі. Менім інілерім, ағам да көк көзді. Тегіннен тегін, біреу көрсетілуімен «жазаға» ұшыраған ғой, ешкімнің ала жібін аттаған емес, бүкіл ауылдың кісілері біледі ғой. Оны «Қойекен»

деген болар халық арасында. Көп сөйлемейтін, сабырлы, салмақты кісі.

Атамның ауылға жасаған істері көп болыпты. 1953-54 жылдары біраз жастар ауылға келді. Белгілі Тың игеру басталды. Сол кезге біздің ауылдың бір азаматы чуваш қызына ғашық болып, үйленгісі келді. Қыздық әкесі де жоқ, шешесі де жоқ, мұсылман емес, сондықтан сол баланың, жігіттің үйленуіне әке шешесі қарсы болды. Осы баланың әкесі менім атамның құрдасы болған, екеуіде 1893 жылғы еді, сосын атам сол қыз баланы «Катя» өз қамқорлығына алған. Жұпты аттастырады, бір бөлме береді. Олардан бір бала туады. Сонда ғана ата-енесі кішкене жібіп, көңілдері босап балаларын және немересін алып кетеді. Осындай міне атамыз жомарт кісі болған.

Атамыз сол жақта бірнеше жыл жұмыс істейді, орманшы болып орналасады, тоқалын алып кетеді, ал бәйбішесі балаларымен үйде қалады. Оған жала жауып көрсеткен адамды ауыл адамдары біліп жүрген екен, жасырынып жүрсе де. Ол адам атына арбасын жегіп жатса және Атбасар жаққа жолға шықса, түсінікті болған екен. Міндетті түрде бірекі күннен кейін НКВД адамдары біреуді алып кетеді екен.



Қойбағар Мұсаұлы (атам), Қазипа (әжем),  
Дастан Қойбағарұлы (әкем), Қапан Қойбағарұлы  
(әкемнің ағасы), Күләш Қойбағарқызы (әкемнің апасы).

**Фото шамамен 1956-57жж.**



**ҚИИҚОВ**  
**Қайыргелді Ақылбекұлы.**

Ақмола облысының белгілі өлкетанушы, ардагер-дәрігер.

Қайыргелді Ақылбекұлы 1946 жылы 27 мамырда Құдықағаш ауылында дүниеге келген. Уақыт шымылдығы бүркемелей тұмшалағанымен, қанға боялған даладағы кесапаттың із сонарға түскен таңбадай жасырылмайды екен. Арада қанша уақыт өтсе де...

Мен Қиықов Қайыргелді Ақылбекұлы, Көкшетау облысы Еңбекшілдер ауданы (қазіргі Біржан сал) сұлу Көкшенің бір бөлшегіндегі Құдықағаш-қарағайлы орманды алқабымен сылдыраған бұлағымен, жұпар иісті ауасымен елге аңыз болған, Мақпал тауымен ауыз толтырып айтарлықтай ауылда дүниеге келдім. Балалық шағым осы ауылда өтті. Менің әкем Қиықов Ақылбек 1921 жылы туған. Шешем Қиықова Лидия Тихоновна (Четверикова) 1921 жылғы, екеуі де соғысқа қатысқан. Шешемнің ұлты орыс халқынан. Бұл екі кісінің кездесуі, Қазақстанға келуі бір үлкен тарих. Қысқаша баяндағанда, 1945 жылы әкем Германия жеріндегі Эльба өзенінен өту кезінде өте ауыр жарақат алып, 1945 жылы 3 мамырда Львов қаласындағы госпитальға жеткізіледі. Бірнеше күрделі отадан кейін беті бері қарай бастайды бірақ бұл кісіге ерекше күтім керек болады 1945 жылдың мамыр айындағы жеңіс күнін әкеммен госпитальда қызмет қылды. Шешем Лидия зеңбіректі көздеуші болып Воронеж қаласынан бастағаннан 1945 мамырда Львов қаласына келеді. Бұл жерде соғыс жоқ, соғыс Берлиннің аумағында, сол кезде жас қыздарды госпитальға ауыр жаралы жауынгерлерді күтіп, көмек көрсетуіне жібереді. Шешем әкеме күндер келіп көмегін көрсетіп отырады. Әкем жарасынан жазылып шығады, бірақ еркін жүре алмайды. Сол жаралы жауынгерлердің ішінде қараторы, әдеміше келген азиялық жігіт Лидияның жүрегінен орын алады. Екеуі некелесіп әкем Львов қаласында балалар колониясында комендант, шешем тәрбиеші болып қызмет істейді.

Ал 1945 жыды 9 желтоқсанда екеуі Қазақстанға соғыстан кейін Құдықағаш ауылына келді. Еңбек істеп жүрген кезімде ауруханада аудан көлемінде қоғамдық жұмыстармен көп айналыстым, марапаттарға да ие болдым. Жас жауынгер соғыстан кейін күйзелген шаруашылықты қалпына



келтіруге көп еңбек сіңіреді. Әкем Колхоз өндірісінің үлкенді-кішілі учаскелерінде басшылық жасады. 1946-47 жылдары Жаңарқа селолық советіне қатысты, 1948-1951 жылдары Жаңарқа селолық советінің төрағасы, Құдықағаш, Сәуле колхоздарының басқарма орынбасары, 1934 жылдың 1975 жылға дейін Құдықағаш почта бастығы болды. Шешем Құдықағаш 7 жылдық мектебінде зейнеткерлікке шыққанша орыс тілінің мұғалімі болды. Шешем, мен есімді білген кезімде қазақша сөйлейтін, ол кісі ислам дінін қабылдады. Мариям деген ат алып, 2009 жылы 88 жасында дүние салды. Мен әкемнің тәрбиесінде болдым, бәріміз бірге болдық. 1960 жылы Құдықағаш 7 жылдық мектебін бітіріп, аудан орталығы Степняк қаласындағы Абай атындағы №2 қазақ орта мектебінде оқуымды жалғастырып, қоғамдық жұмыстарға белсене араластым, мектепті күміс медальмен бітіріп шықтым. Сол жылы дәрігер боламын деген арманым орындалып, Алматы мемлекеттік медицина институтына түстім. 1969 жылы стоматология факультетін ойдағыдай бітіріп, әке шешемнің елге кел деген тілектерін орындап, туған жерге дәрігер болып оралдым. 1969 жылда Еңбекшілдер аудандық ауруханада стоматолог дәрігер, 18 жылдай емхана меңгерушісі, 2007-2009 жылы емхананың бас дәрігері болып қызмет істедім. 2009 жылы зейнетке шықтым, бірақ қызметті жалғастырдым. Ақмола облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының дәрігері қызметінде болдым. 2015 жылы қыркүйекте бір жыл демалысқа шықтым. Сонымен бір жерде дәрігер болып 47 жыл бойы қызмет істедім.

1974, 1979, 2000 жылдары Қазақстан стоматологтарының съездеріне делегат болып қатыстым. 1977, 1982 жылы Мәскеуде өткен денсаулық Министірлігі кәсіподақтарының XII-XIII съездеріне делегат болдым. Еңбектегі жетістіктерім үшін Пирогов атындағы төсбелгімен, облыстық денсаулық сақтау бөлімінің, ҚР Денсаулық сақтау грамотасымен облыстық, аудандық әкімшіліктің алғысхаттары, Сағадат Нұрмағанбетов төсбелгісі, еңбек ардагері медалі, “Адал еңбегі үшін” медалі, 2015 жылы “еңбекшілдер ауданының құрметті азаматы”. Жұбайым Бақыт Құсайынқызы 1939 жылы Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау педагогикалық институтының орыс тілі және әдебиеті факультетін бітіріп, Степняк қаласында Абай атындағы №2 Қазақ орта мектебінде зейнеткерлікке шыққанша дейін еңбек етті.

Көптеген марапаттарға және “ҚР Білім беру ісінің үздігі” деген атаққа ие болды. Екеуміздің отбасы құрғанымызға 54 жыл Отбасымызда 2 ұл, 3 қыз, олардан көрген 11 немере 1 шөбере бар. Балаларымыздың барлығы жоғары білім алып елімізде әр салада жұмыс істеп жүр Біздің балалық шағымыз нағыз соғыстан кейінгі ауыр жылдарда өтті. Бірақ аш-жалаңаш болғанымыз жоқ. Шешеміз киім-кешекті қолдан тігіп беретін. Қазір өзім Көкшетау қаласында тұрамын. Бос уақытымда 2015 жылдан бастап соғыста хабарсыз кеткен аталарымызды іздеумен айналысамын. Қазір 250-ге жуық хабарсыз кеткен жерлестерімізді таптым. Өлкеміздің тарихын жер-су аттарын шежіремен айналысамын. Өткен ғасырдағы халқымыздың маңдайына жазылған ашаршылық және қуғын-сүргін жөнінде ауылымыздың ақсақалдары



айтқан бір әңгімеге тоқталғым келіп отыр. Құдықағаш колхозы 1929 жылы құрылған.

Алғашқы колхоз бастығы болып Баймин сайланған болатын. Колхозға мүше болғанда, жеке меншіктегі малды колхозға тапсыратын, ортақ мүлігі болып саналды. Колхоздың жарлығы бойынша, сол жылдары жер бөлініп егін сала бастады. Егіншілік шаруашылығына әлі үйренбеген бар малын колхозға тапсырған соң жағдайлары күрт қиындап ашаршылық бола бастады. Біздің ауылда амалсыздан аштықтан аман қалудың қамын ойлаған болар, орталықтанған сиырды рұқсатсыз союға болмайды содан малшылар сиырдың ауызына темір қайнаған су құяды. Өңеші күйген сиыр, ақырып, сілекейі шұбырып жатқан соң бастықтар арам өлмеу үшін малды союға бұйырады. Ол кезде қазіргідей ет сақтайтын тоңазытқыш жоқ бірден колхоз мүшелеріне таратты. Осы болған жағдайды елдің ішінде жоғарғыжаққа жеткізеді Баймин да сол үкіметке қастандық жасады деп 10 жылға соттап жіберген. Ол кісіні бала кезімізде көзіміз көрді.

Қазіргі уақытта Еңбекшілдер ауданында 47 жыл дәрігер болған еңбек ардагері Қиықов Қайыргелді Ақылбекұлы берген мәліметі маңызды болып келеді. Ол бойынша кеңестік сталиндік уақытта Степняк қаласының маңында Еңбекпен түзету лагерінің орны бар болғанын анықтап отыр. Қайыргелді Ақылбекұлы өзінің бала кезінде әкесінен естігенін есіне алып, мынадай мәліметтер берді:– «Қазақстан жерінде он шақты лагерлер жүйесі (Карлаг, Степлаг, АЛЖИР және т.б.) болғаны белгілі, ал енді солардың бөлімшелері болған, біздің Біржан сал ауданының территориясында 1930-1940 жж. Карлагтың бөлімшесі болған, ол Степняк – Макинка тас жолынан 15 шақырымдай жерде Ұйымшыл ауылына баратын жолда ертеден келе жатқан ескі жол бар, сол жолдың бойында 8-9 шақырымнан кейін өткен ғасырда Искра деген елді мекеннің шаруашылықтағы сиыр сауатын орны бар, құдық орналасқан. Қазақтың керейлер руының Мереке ауылы маңында жер бедерінде бірнеше биіктіктер белгілері көрінеді, ол 7-8 түрлі қойма, барак құрылыстарының орындары екен, яғни бұл жерде 1953 жылға дейін, яғни Сталин өлгеннен кейін жабылған Карлагтың бөлімшесі болған тікенекті сыммен қоршалған, иттері бар күзетшілер болғандығы, 8 ұзын барактары үлкен шаршы учаскеде еңбек етушілер лагерь бөлімшесінің тұтқындарын тұрғандығы мәлім. Ондағы 30 мың шамасындағы әйелдер Қарағандының шахталары және Степняктің шахтасы үшін ағаштарды кесіп, жасалған ағаш тіректер даярлау жұмыстарына жұмылдырылған. Сол лагердің басшысы капитан шеніндегі әскери киімдеге бір орыс ұлтты адам болып еді, әкеммен бірге біздің үйге еріп келетін. Ал менің әкем Қиықов Ақылбек 1942-1945 жж. соғысқа қатысқан, ал соғыстан кейін бірнеше қызмет атқарған екен. 1947-1951 жылдары Құдықағашта, сол кезде Жаңарқа ауылдық советін басқарған. Бұл әкімшілікке қазіргі уақыттағы 14 ауылдық округтің 3/2-сі қараған екен. Бір күні ол кісі маған «Дружок» атты неміс овчаркасын әкелгені бір есімде. 2013 жылы ағантың ішінде отынға әкеммен бірге барып едік. Сол жерге барған сәтте әкем айтты: «Өй, мынау сол кездегі сталиндік лагердің орны





ғой» деп. Сол арнайы дайындалған ағаштарды Степнякқа 1953 жылға дейін тасылуы есімде әлі. Сол 2013 жылы 12 маусымда Еңбекшілдер аудандық газетінде осы тақырыпқа мақалам жарияланды.





**Байқал Қайроллаұлы  
БАЯДИЛОВ**

Журналист, «Арқа ажары» Ақмола облыстық газеті редакторының орынбасары, 17.02.1963 ж.т.

Ақтаңдақтар ақиқаты - қызылдар кесапаты.

Алаш баласы бейбіт, бостан күн кешіп жатқан. Ілкіден жалғасқан ғажайып салт-дәстүрін сақтап, төрт түлік малын өріске толтырып. Жазықсыз адам қанымен суарылған, кейін адам сүйегі шашылған далада жаңа өкімет орнатпақ болып қылышынан қан тамып келген қатыгез, тірі жанды аяуды білмейтін кеңестендірудің қара дауылдай сұрапыл лебі дәстүрлі шаруашылықтың отыз омыртқасын опырып, қырық қабырғасын қаусатып, күйрете келді. Зардабы адам айтқысыз ауыр болды. Жаппай ұжымдастыру мен отырықшыландырудың бір мезгілде ақбас толқындары аспанға атқан лебімен жүргізілгендіктен қазақ қоғамының бұрын-соңды ежелгі тарихында көз көріп, құлақ естімеген әлеуметтік сілкіністер бастау алды. Ақмола өңірінің жүздеген мың қазақтары тіршілігінің көзі – төрт түлік малынан айырылатын болған соң Новосібір, Түмен, Омбы, Қорған өңіріне шілдің құмалағындай бытырай шашылып кетті. Бас сауғаламауға болмайтын еді. Мұндағы қызылдардың қаһары бет қаратпай тұрған. Жеті қараңғы түнді жамылып, зар еңіреп, туған жерін тастай қашқан ағайынның алды тұман. Көзге түртсе көрінбейтін қараңғы. Болашақ не болмақ, Сібірдің қалың қарағайының ішінен пана таба алар ма?! Көңіл күпті еді. Жеті атасынан бері құтты қоныс болған туған топырақта шыбын жанын паналататын дәрмен жоқ. Бір айта кетерлігі, ат арқасына мініп атажұртын тастап, үдере көшкендердің негізі жеті атасынан бері босағасына береке байланған, ырыс үйірілген әулеттер еді.

– Социалистік қайта құрудың, яғни, ұжымдастырудың ең басты кедергісі сол кездегі түсінік бойынша бай-кулақтар болды, – дейді Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Марат Өтегенов, – 1928 жылдың 27 тамызында «Бай шаруашылықтарды тәркілеу туралы» және 1930 жылдың 19 ақпанында





«Байлар мен кулактармен күрес. Жаппай ұжымдастыру жүргізілетін аудандардағы ауыл шаруашылығын социалистік үлгіде қайта құруды күшейту бойынша шаралар» қолға алынды. Нәтижесін ешкім болжап білмеген. Әйтеуір, кең қолтық Алаш жұртына зеңгір аспанның асты тар болатындай заманның келе жатқандығын болмашы лебінен болжап білген. Жалғыз мыңды айдаған байлар ғана емес, салығын уақытында төлей алмаған қолы қысқа адамдар да жау болып есептеліп, әртүрлі мерзімге сотталып, жер аударылды.

Тарихшы ғалымның сараптаған дәлелдеріне қарағанда, архив құжаттарында сақталған қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың жеке істерін мұқият зерттеу нәтижесінде оларға әдейі төлей алмайтындай етіп өте көп көлемде жеке салықтар салынғандығын аңғаруға болады. Демек, қиянаттың жоспарлы түрде қолдан жасалғандығы көрініп тұр емес пе? Өлкедегі қуғын-сүргінге ұшырағандардың негізгі бөлігін кеңес өкіметіне дейін би болған, босағасынан ырыс кетпеген байлар, діни қызметкерлер мен патша әкімшілігінде қызмет еткендер құраған. Жеке істерінде былайғы жұртқа сөзі өтеді деп көрсетілген беделді, абыройлы адамдар да қызылдар салған ойраннан аман қалмапты. Яғни бұл адамдардың ұстанымы кеңестің идеологияға сәйкес келмейтін топ өкілдері деп танылған. Мәселен, 1932 жылғы облыс көлеміндегі кулактар категориялары сол кездегі саяси басқарманың аудандық бөлімінің құжаттарында тайға таңба басқандай көрсетілген.

– Кеңестік күштеп ұжымдастырудың қазақ қоғамына жасаған қиянаты өте ауыр болды. Тарихшы ғалым Виктор Даниловтың ғылыми жетекшілігімен ресейлік және шетелдік тарихшылар мен архив қызметкерлерінің үлкен тобы дайындаған «Кеңес ауылының трагедиясы: ұжымдастыру мен тәркілеу» атты жинағында бұл мәселе жан-жақты дәлелденіп, қарастырылған, – дейді Марат Өтегенов, – саяси қуғын-сүргінге ұшырағандардың тарихына тереңірек көз жүгіртсек, қан қасап қудалау саясатының кең ауқымда жүргізілгендігін байқауға болады. Қазіргі таңда зерттеу тобы Алматы, Қарағанды, Петропавл, Астана қалалары мен Ақмола облысының архивтеріндегі жерлестерімізге қатысты тарихи құжаттарды зерттеу нәтижесінде мыңдаған «байлар» деп айыпталған тұрғындардың тізімін толықтыруда.

Қандыауыз мылтықтың қарауылына іліккен, жазықсыз көз көріп, құлақ естімеген әлдеқайда жер аударылған адамдардың бәрі бірдей кеңес өкіметіне білек сыбанып қарсы шыққан адамдар емес еді. Бір мысал келтіре кетелік. Кеңестің құрығына іліккен Зияден Кенжеболатов деген адамның ісі. Көкшетау ауданының №10 ауылында тұрған. Мал біткен әулеттің басы. Араб графикасында жазылған түсініктемелері сақталған. Бес жылға сотталған деген мәлімет те осы жерде. Ал, енді осы жазықсыз сотталған Зияденнің қандай кінәсі бар еді. Бар болғаны мал біткені ме?! Қазақстанда бай-кулактарды жаппай тәркілеу науқаны кезінде ең алдымен сотталғандар бұрынғы текті тұқымның тармақтары. Бірінші кезекте НКВД-ның арнайы



шешімі, қалалық атқару комитеті жанынан құрылған үштік сот шешімі осындай адамдар төңірегінде шығарылыпты. Олар сайлау құқықтарынан айырылған.

Ұзақ мерзімге жер аударылған, еңбекпен түзеу лагерьлеріне тоғытылған. 1937 жылы саяси қуғын-сүргін ерекше дүмеп, ату жазасына кесілгендер күрт көбейген. Мына бір дерекке назар аударалық. Әубәкір Фазылов. Арқаға аты мәлім Шорман тұқымынан. Қырық мың мал бітіпті. Мұсылманша, орысша сауатты болған. Кеңес өкіметі орнаған кезде колхоздың есепшісі болып та істеген. Ал, мұндай адамды қанқұмар өкімет тегін қоя ма? Ұстаған, соттаған. Деректерге үңілсек, сондағы сылтауы маңайына бай-кулак элементтерінен топ жинаған, колхоз мүлкін талан-таражға салған, пара алған. Алпыс ірі қара малды сойысқа жіберген делінеді. Иненің жасуындай кінәсі жоқ адамға таққан бар айыбы осы. Жазығы жоқ болса да он жылға сотталыпты. Қарағанды лагеріне қамалған. Тәуекелшіл адам болса керек, лагерьден қашып шығып, Көкшетау қаласын паналаған. Алайда, төрт жылдан кейін тағы да ұсталған. 1937 жылы үштік соттың үкімімен ату жазасына кесіліп, үкім орындалған деген құжат сақталған. Еңбекшілдер ауданына қарасты №4 ауыл тұрғыны, 36 жастағы Омар Жатаев қылмыстық кодекстің 58 бабының 7-тармағы бойынша мемлекеттік шаруашылыққа кедергі келтіргені үшін әуелі Петропавл еңбекпен түзеу колониясына жабылып, он жылға сотталып, Қарағанды лагеріне қамалған. Ұжымдастыруға дейін 200 жылқы, 100 қойы, 75 ірі қарасы, 4 түйесі болған екен. Алты жалшы ұстапты. Бар кінәсі осы ғана. Қарағанды лагерінде жазасын өтеп жүрген кезінде Омар Жатаев өкпе ауруына шалдығады. Созылмалы сырқаттың салдарынан қайтыс болыпты. Өмірден өткені туралы мәлімет 1933 жылдың 15 қаңтарындағы №3 құжатта тіркелген. Небары 36 жыл ғана ғұмыр кешкен. Мұндай мысалдарды мыңдап келтіруге болады. Күпия құжаттарды зерттеу барысында санқилы тағдырдың тәлкегін кездестіресіз. Оқып отырып сол бір заманның қаншалықты қатыгез болғандығын түйсінесіз. Жазықсыз жандардың ерте солған гүлдерін көз алдыңызға елестеткенде ет жүрегіңіз елжірейді.

Ілкіден салтанат құрған сайын даланы кезген долы дауыл, қанды қасап дін өкілдеріне де аяушылық жасамапты. Мәселен, 1937 жылы «Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарының аумағында ұлтшыл контрреволюциялық ұйым құрғаны үшін, ұлтшыл буржуазиялық демократиялық мемлекет құру идеясын қолдап насихат жүргізгені үшін» деген айыппен 14 діни қызметкер №41 үкіммен әртүрлі мерзімге сотталған. Үшеуі ату жазасына кесілген. Осы тараптағы бар деректі санамен салмақтасаңыз, қудалауға ұшырағандардың бар айыбы бақуатты өмір сүргенінде ме деп қаласыз. Мәселен, 69 жастағы ақсақал Әбдірахман Махметов патша заманында мыңғырған мал баққан бай, 64 жасар Қали Досымов төрт-бес жұмысшы ұстаған дәулетті адам, 59 жасар Сыздық Қалиев ілкі заманнан бері ырыс арылмаған ауқатты отбасының иесі. Міне, осы тізімге мұқият назар аударсаңыз, айдың-күннің аманында жазықсыз



сотталып, жер аударылған, атылған адамдардың барлығы дерлік малды, жанды әулеттен.

1929 жылдың екінші жартысынан бастап колхоздық қозғалыс Көкшетау төңірегіндегі барлық ауылдарды тегіс қамтып, колхоздарға кедейлермен бірге орташа шаруалар да тартылған. Бұл кезеңде колхоз біткен жедел қарқынмен өсті. Күштеп отырықшылыққа мәжбүрлеу қазақтың ауылымен бірге сан ғасыр бойы қалыптасқан салт-дәстүрі мен төл мәдениетін жұқартып кетті. Шынтуайтында, солтүстік өңірде ұлт ретінде жойылуға шақ қалды. Солтүстік Қазақстанның негізгі бөлігін құраған Ақмола облысындағы жергілікті ұлттың азшылыққа айналуының басты себебі, жаппай ұжымдастыру мен тәркілеу еді. Бұл пікірімізді архивтегі қаны сорғалап тұрған құжат арқылы дәлелдеуге болады.

### **Колыма қасіреті**

Сонау Сталин заманындағы жеке басқа табыну, қаншама қайғы мен қасірет, заңсыздықтар мен репрессиялар Татарстан республикасындағы Ғ.Тоқай атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, жазушы Ибрагим Салаховтың қалам қуатымен көрініс тапқан.

Нақақтан он жылға сотталып, Колыманың қара түнегінде адам төзгісіз ауыр азапты басынан кешкен, әйтсе де үміт сәулесін үзбеген жанкешті жазушы 1911 жылы Көкшетау қаласында дүниеге келген. Сексенінші жылдардың орта шенінде Краснояр ауылындағы аудандық тұтынушылар қоғамында бухгалтер болып қызмет істейтін жазушымен жүздесіп, сұхбат алғаным есте. Шынын айту керек, ол кезде әлде жастық, әлде жете мән бермедік пе, соншалықты әсер ете қойған жоқ еді. Таяуда орыс тілінен көкшетаулық жазушы, марқұм Төлеген Қажыбайдың аудармасымен жарық көрген «Колыма қасіреті» тақырыбындағы бір қайғылы тағдырдың хроникасын тағы бір оқып шықтым. Оқыдым да сұмдық сезімге бөлендім. Адам баласы неге болсын, тағдырдың салған ісі қаншалықты ауыр болсын, төзеді екен-ау.

Бәрін басынан бастайыншы. Жазушы тұла бойына табиғат сыйлаған айрықша мәнді қасиеттермен бірге табандылықты, еңбексүйгіштікті, алдына қойған мақсатына жетпей қоймас жігерлілікті әкесі Низами Ибрагимнен үйренген. Ал, анасы Магиджамалдан қарапайымдылық пен ұқыптылықты сүйегіне сіңіріпті.

Көкшетау өңірінде Кеңес Өкіметі орныққан кезде Наджми Каримовтың ұйымдастыруымен алғашқы татар мектебі ашылған. Өзінің кішкентай құрбыларымен бірге болашақ жазушы Ибрагим аға да осы білім ошағының табалдырығынан аттаған. Алғашқы білім ошағының тыныс-тіршілігін «Жасыл үйдің тарихы» деп аталатын шығармасынан оқып білуге болады. Қараңғы түнекті серпіп тастайтын ұлы күш – білімнің нұры себезгілейтін мектепке баруға кішкентай балалардың қаншалықты құмар болғандығын сәбидің жүрек лүпіліндей әдемі сипаттайды. Балалар әсіресе, мектептегі глобусты көбірек тамашалапты. Жұмыр жердің бейнесі берілген глобус



оларға керемет әсер етсе керек. Ұстаздар туралы да орнықты пікірі бар. Мәселен, татар тілі мен әдебиетінен сабақ берген Рахман әби Яхин туралы шәкірттік көңілдің шарапатты шуағы көрініс тапқан. Рахман әби мектепте балғын көңілдерді арбайтын, көркем әдебиеттің қуатын ұғындыратын әдеби үйірме ашқан. Сөз өнеріне өліп-өшіп ғашық болатын кезі де осы тұс. Мектептегі жазуға икемі бар балалардың басын құрап, тырнақалды туындыларын өңдеп, «Жалын» деп аталатын қолжазба журнал шығарған. Болашақ жазушы осы журналға алғашқы өлеңдері мен шағын әңгімелерін жариялаған.

– Қалам ұштадық, қолжазба журнал болса да алғашқы жазған-сызғандарымыз жария болғанына қуандық, – деп еске алады екен Ибрагим Низамиұлы, – менің өлеңдерім мен шағын әңгімелерім Қазан қаласында шығатын «Жас ленинец» газетінде жариялана бастады. Тіпті, Мәскеуде жарық көретін «Октябрь баласы» журналында да жарияланды. Көкшетаудағы мектептен кішкентай конвертке салып, іштей сәт-сапар тілеп, жолдап тұрушы едім. Ол тұста «Октябрь баласы» журналында татардың ұлы ақыны Мұса Жәлел жұмыс істеді. Кейбір жазғандарым қайтып келетін. Сонда да күдер үзбедім. Аракідік жарияланып та тұрды.

Жеті жылдық мектепті бітіргеннен кейін Ибрагим Салахов Қазан қаласындағы педагогика техникумына оқуға түседі. Жазушы естелігін оқып отырып, жазған дүниелері республиканың көптеген газет-журналдарында басылып, қаламы кәдімгідей төселіп қалғандығын аңғаруға болады. Әскери борышын өтеп келген соң Қазандағы мемлекеттік педагогикалық институтының әдебиет факультетіне оқуға түседі. Сол тұста өнімді жұмыс істеген. «Махаббат» пьесасы мен «Сақшы» өлеңдер жинағы және «Дуэль» повесі жарияланған. 1937 жылы педагогикалық институттың үшінші курс студенті Ибрагим аға Ялтада емделеді. Татарстан жазушылар одағының тапсырмасы бойынша белгілі жазушы сол кезде ептеп сырқаттанып жүрген Галимджан Ибрагимовпен жолығып, баспадан жариялау үшін оның қолжазбасын ала келеді. Кейін сол қолжазба қырсық болып жабысқан. Бұл саяси қудалаудың, қолына қалам ұстаған ат төбеліндей ағайынды жау көрудің басы болатын. Галимджан Ибрагимов та жазықсыз жала жабылып ұсталған. Халық жауымен жүздесіп, қолжазбасын алған Ибрагим Салахов та халық жауы санатында. КСРО Жоғарғы Сотының әскери коллегиясының көшпелі сессиясында 1938 жылдың 12 мамыр күні жазушы жазықсыздан жазықсыз он жылға сотталады. Жазасын өтегеннен кейін бес жыл бойы барлық азаматтық құқықтан айырылсын деген үкім қоса шығарылады.

Ендігісі азапты сапар. Тіпті, адам төзбестей. Жазушының өз басынан кешкен, барынша шынайы, ақиқат сөзінен аңғарғаныңызды түгел айтып шығу тіпті де мүмкін еместей. Алдымен Қазан қаласындағы Плетенев түрмесі, одан соң Тобылдағы изолятор. Әрі қарай мәңгілік тоң басқан, топырағы қанмен суарылған, аспанын жазықсыз адамдардың қайғы-мұңы торлаған қасіретті Қолымадағы ұзақ-ұзақ он жыл. Он жылың тұтас бір ғұмырға татитындай. Жер бетіндегі тозақ. Бәлкім тозақтың өзі дәл мұндай қатыгез емес шығар. Ал,



жазықсыз жапа шегуге, адам айтқысыз азап арқалауға жас жүрек қалай шыдады десеңізші. Әлденеше рет өлім аузынан қалған. «Колыма қасіретін» оқып отырып, аш-жалаңаш, арып-ашыққан, тіршіліктен мүлде күдер үзуге таяу адамдардың бір-біріне сондай қиын кездің өзінде қол ұшын беруі, бойларындағы адамгершіліктен арылмауы, кісілік келбеттерін сақтап қалғандығына таң қаласың. Ажалдың ғұмыры тойып бітпейтін, толып түгесілмейтін апанына енді-енді кеттім деген кезде өзі тәрізді саяси айыппен сотталған болгар Георгий Стоянов құтқарып қалады. Ота жасайды. Кір-қоқысқа мелтектеп тұрған казарманың ішінде. Бәлкім жолдастық, достық көңіл сақтап қалған шығар. Арада біраз уақыт өткен соң ауыр азаптан қажып, алтын кенінде мертіккен жазушыны Тайшет лагеріндегі мүгедектер отрядына ауыстырады. Мүгедектер отряды болғанымен бұл жерде де қорлықтан көз ашпайды. Сіңіріне ілініп жүріп жұмыс істейді.

Жазушы Колыма түнегінде қазақ жазушысы Зейін Шашкин, қалмақ ақыны Санджи Каляевтермен тағдыр талқысына бірге түскендігін, ауыр азапты бірге арқалағанын жазады. Тар қапаста пікірлес, жан-дүниенді түсінетін адамдардың болуы да сәл де болса демеу болады екен. Зейін Шашкин лагердің ауру-сырқауларын емдеген. Өзі бейнетті белден кешіп жүрсе де, жағдайы нашарлаған мүгедектердің қамын ойлаған. Екеуі онаша қалған кезде Көкшенің көгілдір қыраттарын, мөлдір көлдерін, жасыл ормандарын, жайқалған шалғынын еске алады екен. Қазақ ақыны Мағжан Жұмабаевтың қилы-қилы тағдыры мен ғажайып өлеңдерін Зейін Шашкиннің аузынан естіген.

Міне, он жыл азапты өмірде тіршіліктен күдер үзбеген, әйтеуір алдынан жарық күннің атарына сеніммен қараған жазушының жазасы да өтеліп бітті. Өзі де бостандықтың бір жұтым ауасын жұтып тұрғанына сенер-сенбестей. Тозақтық нақ өзінен 1948 жылы он жылын өтеп, біржола босап шыққан жазушы туған өлкесі Көкшетауға жеткенше асық. Құсқа біткен қос қанат өзіне бітсе, қас-қағым сәтте ұшып барар еді. Әншейінде қиямет-қайым болып көрінетін жол азабы Колыманың қасіретін он жыл арқалаған адам үшін түс те емес екен.

Өзі аңсаған, жеткенше асық болған Көкшетауға табаны тиісімен көңілі су сепкендей басылған. Қазан мен Көкшетау қаласында тұруға рұқсат жоқ. Шығармашылықпен айналысудың да жолы кесілген. Абақтыдан шыққан адамды еш жерге жұмысқа алмайды. Өгей шешенің өктем үні Колымадағы жаналғыш айдауылдардың қаһарлы айғайы тәрізді, тіпті одан да бетер сыңайлы. Өлдім-талдым дегенде Краснояр ауылындағы аудандық тұтынушылар қоғамының асханасына орналасқан. Әр күн сайын комендатурада тіркеліп отыруы керек. Бұрынғы көзі таныстар халық жауы атанған жазушыға жолап кетсе, күйесі жұғатындай қорқып, ат тондарын ала қашады. Таныс қана емес, ет жақын ағайын, туыстар да. Бәрінен көңілі қалған жазушы өзінің табиғат сыйлаған талантына ғана сенеді. Шығармашылықпен айналысуға тыйым салынса да Колыма қасіретін жазуы керек. Бар шындықты. Кейінгі жұрт жаралы жылдардың жылнамасын, жазықсыз



сотталғандардың тағдырын білуі үшін. Тұрмыс ауыр. Өзгені былай қойғанда тамақ табудың өзі қасіретке айналған. Осы арада жазу өнеріне деген құштарлықтың қаншалықты мықты болатындығына тәнті боласың. Әйтеуір, 1956 жылы халық жауы Салаховтың ісі қайта қаралып, толық ақталып шыққан.

Айдауда жүрген кезіндегі ауыр азап біржола ұмыт болуы мүмкін емес еді. Сәл ғана арқасы кеңігендей, тұла бойына тылсым күш құйылған. Қазан қаласынан «Дала толқындары» атты жыр жинағы жарық көрді. Кіндік қаны тамған қазақ даласының топырағы туралы. Перзенттік махаббатын, үлбіреген іңкәр сезімін арқау еткен. Арқаның ақтаңгері – Ақан серінің асқақ өнерін, ертегідей сұлу ғұмырын егжей-тегжейлі зерттеді. Серінің ауылындағы көнекөздермен жүздесіп, әлде аңыз, әлде шындық, небір ғажайып естеліктерді жазып алды. Сері тағдыры тәнті еткен. Өзгеше өмір, айрықша сұлу, мәнді де мәңгілік өнер. Тебірене толқыған, құлшына қалам сермеген. Осы еңбегінің арқасында «Құлагер» поэмасы өмірге келді.

Жан жары Магинура Сүлейменова жазушының бар жағдайын жасады. Түзде ердің, үйде әйелдің жұмысын атқарды. Өзі де нәп-нәзік, сәл аурушаң болса да алдынан жұмыс үркіп отыратын. 1948 жылы шаңырақ көтерген. Презенттері дүниеге келді. Шамиль мен Камиль өсіп келеді. Үлкен ұлдары Нығмет, Ахат, Ульфат енді ер жетіп келе жатқан кезінде опат болған. Қаншама қайғы-қасірет. Кейін ұлы Шамиль де бақытсыз жайға душар болып, өмірден өтіп кетті. Адам жаны, оның ішінде нәп-нәзік ақын жаны осыншалықты төзімді болар ма?! Осының барлығын көтерген. Қайғы-қасіретті белден кешіп жүрсе де бір күш, бір құдірет қолтығынан демеп, алға жетектейтіндей. Ол құдірет жазу өнеріне деген махаббат еді. 1965 жылы Көкшетау өлкесіндегі тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты «Көкшетау қыраттарында» романы жарық көрді. Ақын тілімен жазылған әсерлі де әдемі роман оқырмандар тарапынан жақсы бағасын алды. Сол жылдары «Емендер тамыр жайғанда» роман-эпопеясының үш бөлімі жарияланып, атақ-даңққа бөленді.

Ибрагим Низамұлы бес тілді бірдей меңгерген адам. Татар, қазақ, орыс тілдерін жетік білуімен қатар, араб пен түркі тілін де тәп-тәуір білетін. Заманында көкшетаулық белгілі қаламгер Жанайдар Мусин өзінің досы Ибрагим Салаховты қазақ жазушыларын орыс тілінде сөйлеткені үшін қазақ әдебиетінің нағыз жанашыры деп бағалаған. Көкшетауда туып-өскендіктен Ибрагим аға жергілікті ұлттың әдет-ғұрып, салт-дәстүрін ғана емес, ұшан-теңіз поэзиясын, қазақтың әрідегі ауыз әдебиетін өте жақсы білетін. Сол білімі талай шығармаларында көрініс тапқан. Балаларға арнап жазған шырайлы шағын шығармалары өз алдына бір төбе.

Қолыңа алсаң қайғы-қасіреттің бет қаратпас дауылы алай-дүлей соғып тұрғандай әсер ететін «Қолыма қасіреті» қаламгердің соңғы туындыларының бірі әрі азапты шығармашылығындағы шоқтығы биік дүниесі. Осы кітапты отыз жылға жуық уақыт бойы жазған екен. Неткен сұмдық шыдам. Шынайы шығарма әділ бағаланғандықтан Ғабдолла Тоқай атындағы мемлекеттік



сыйлық берілген. Заманында КСРО Жазушылар одағының мүшесі болған қаламгер Татарстанның еңбек сіңірген қайраткері атанған.

Қос халықтың арасындағы достықтың дәнекері атанған «Парасат» орденінің иегері Ибрагим Салахов Көкшетау қаласының құрметті азаматы. Шығармашылығын, елге сіңірген еңбегін сөз қадірін білетін өңірдің құрметтегені де. Әбден лайық!

«Колыма қасіретін» асықпай, әр сөзінің астарындағы салмаққа мән беріп, тағы бір оқып шықтық. Қайғы қаптап, мұң мелтектеп тұр екен. Сарытап сағыныш көл-көсір. Мынау жарық дүниеден әділдік іздеген, адалдық аңсаған ақын жүрегінің тебіренісі. Жазықсыз жалалы болу қандай қиын еді. Көңілдегіні жазуға тырыстық. Әрине, жазушының жан-дүниесін толайым бере алмаспыз. Біз мұндай қасіретті көрген жоқпыз. Көруге де жазбасын.



#### Ұлы нәубет: қасіреті мен тағылымы

Өткен ғасырдың 30-шы жылдарында болған ашаршылық пен саяси қуғын-сүргіннен қазақ халқы зор зардап шекті. Миллиондаған жан аштықтан





көз жұмып, мыңдаған адамдар жазықсыз жазықты болып атылды және жер аударылды.

Кеңес дәуірінде орын алған қазақ халқының тарихында қара әріптермен жазылып қалған осы нәубеттің себебі неде, ол қаншалықты зардабын тигізді және бұндай сұмдықты болдырмау үшін не істеу қажет еді. 1930-шы жылдардағы ашаршылық пен саяси қуғын-сүргіннен қазақ халқы үштен бірінен айырылды деген дерек бар. Бұның себебі неде, саяси қателік пе, әлде қасақана қазақ халқына қарсы жасалған коммунистік партия көсемдерінің зұлымдығы ма?

Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» деп аталатын мақаласы бүгінгі күннің қажеттілігін дөп басқан дүние. Шынында да жаңа заманның келбетін қалыптастыратын жас толқын рухани жағынан жаңғырып, санасы түлеп, сапасы жақсарып, озық ойлы азамат болулары керек. Міне, сол азаматтар өткеннен сабақ алса тіптен тамаша. Ал, Алаш баласының сабақ алатын, сабақ болғанда да ащы сабақ болатын тұстары аз емес, – дейді тарих ғылымдарының докторы Қадіржан Әбуев, – оның барлығы өткен тарихымызда тұнып тұр. Біз кешегі кеңес заманында еріксіз тілімізді тістеп, бұл тақырыпты ашып айта алмай келдік. Сондықтан, көптеген жастар бейхабар болып өсті. Рас, саяси қуғын-сүргінді көрген көнекөз қариялардың сыбырлап айтқан сырынан сыр ұққандар да аз емес. Қазақтың басына төнген қасірет «жығылғанға жұдырық» дегендей бірнеше рет қайталанып келіп отырды. Нәубеттің алғашқы жантүршіктірер зобалаңы 1921-1922 жылдары орын алғанын білеміз. Ал, 1930-1931 жылдары кейбір деректерге қарағанда бір миллионнан астам адам алапат аштықтан қырылған. Бұл жайлы тарихи деректерді Омбының, Санкт-Петербургтің мұрағаттарынан кездестіруге болады.

Арқаның төсін жайлаған арда қазақ төрткүл дүниенің төрт бұрышына тарыдай шашылып, сары қарын жас баланың қамы үшін ат жалына қонып үдере көшті. Бұл төңірек жергілікті жерде «іш жақ» деп аталатын Омбы, Түменге қоныс аударды. Мұнда қалғаны айдалды, атылды, асылды. 1937 жылы әбден күшіне еніп, қорқыныш лебі бет қаратпай тұрған саяси қуғын-сүргін кезінде, әп еткен алғашқы бетте 110 мың адам атылды. Ол кезде қазақтың саны 6 миллион шамасында болатын. Кейбір тарихи деректерде 25 мың адамның «үштіктің» үкімімен өлім жазасына кесілгендігі айтылады және осы мыңдаған адамдар халқымыздың ішіндегі қалаулысы, сүттің бетіне шығатын қаймағы еді. Былайша айтқанда, ұлттың сапалы құрамын құрайтын, өз заманының озық ойлы, білімді тұлғалары. Олар шын мәнінде өз ұлтының болашағы үшін басын құрбандыққа шалғандар.

–Шынтуайтында біз Еуропа халқы сияқты қалыптаса қойған жоқ едік. Олар жүріп өткен жолмен жүрген жоқпыз. Алаш баласы қынадай қырылып жатқанда қанаттас жайылған, қоңсы отырған өзге жұрттың бізге жаны ашыса ашыған шығар, бірақ, ара түсуге қауқары жоқ еді, – дейді облыстық мұрағаттың мұрағатшысы Талапкер Уәлиев, – әркім өз басымен ала қайғы болған бір заман. Кім білсін, ұлтшылдық уына уланғандардың қуануы да



мүмкін. Әлгі бір сөз бар ғой «көршінің сиыры арам қатты, шығыны аз болғанымен, көңілді демдейді» дейтін. Бәлкім, солай да болған шығар.

Бәлкім, жаңа үкімет үшін ілкіден келе жатқан «бөліп ал да, билей бер» дейтін қағидамен жүру қажет болды ма? Олар үшін ат үстінде күн кешкен, ғасырлар бойы ешкімге бас имей азат жұрт атанған халықты тізгіндеу үшін осылай қаймағын қалқып алып, рухани жағынан жүдетіп, тізерлету қажет болған шығар.

Қазір бұқаралық ақпарат құралдарында патша дәуіріндегі санақ кезінде біздің іргедегі өзбек жұртынан әлдеқайда көп болғанымыз туралы айтылып жүр. Бірнеше жылға жалғасқан ашаршылық пен саяси қуғын-сүргіннен кейін Алаш баласы ойсырай азайып, кеміп қалса, дәл біздей қасірет шекпеген өзбектің саны бізден екі есеге жуық өсіп, отыз миллионға жетіп отыр. Егер тарихтың осы бір тар соқпағынан аман өткенде, қазіргі қазақтың саны қанша болар еді. Саны ғана емес, ұлтымыздың озық ойлы, талантты ұрпағынан тараған қаншама жеткіншек жер басып жүрмес пе еді. Тек соған жеткізбеді ғой.

Кеңес өкіметінің астыртын саясаты күшті болды. Ол жүйе ұлттық интеллегенцияны шөптей қырқа шауып, тіпті, тамырына дейін отап құртып отырды. Өйткені, өзгеше ой, тың пікір айтып, ел ұйытқысы саналатын, ұлт болашағын ойлайтын арыстарымыздан құтылуға тырысты. Бүгінгі күні біз сол ел үшін құрбан болған, жанын қиған арыстарымызды лайықты бағалай алып жүрміз бе? Олардың есімдерін кейінгі жас ұрпақтың жадында қалайтындай етіп, асыл мұраттарын, ізгі армандарын өнеге, мысалға айналдыра алдық па?

Шынтуайтында елі мен жерін, Отанын сүйе білудің нақты мысалы осы емес пе. Облыс орталығында Алаш үшін құрбан болған Ахмет Байтұрсыновтың көшесі қандай деп бір адам ойланды ма екен. Қамыс пен қурай басқан, жолы тозып біткен шолақ көше. Тіпті, оның қай жерде орналасқанын қала тұрғындарының көпшілігі біле бермейді. Аруағынан ұят тіпті. Есесіне Көкшетау қаласында бар болғаны жол-жөнекей қырық минут қана болған Валерьян Куйбышевтың көшесін қараңыз. Міне, осындай сорақылықты ойлағанда жаның түршігеді. Сонда біздің намысымыз қайда? Тіпті, күні кешеге дейін «Мырзажан» деп әлпештеп, Мирзоянды да құрметтедік-ау. Тарихтың ақтаңдақтары ашылған кезде қап түбінде жатпайтын ащы шындық мен мұндалап бас көтерді. Қазіргі күні сол Мирзоянның Қазақстанда халық жауларын көбірек табу үшін қосымша жоспар сұрағаны белгілі болып отыр. Қанқұйлы кеңес өкіметі адамдарды атуды да жоспарлы түрде жүргізген екен ғой. Біз осы қуғын-сүргіннің қасіретін безбендеп, нақты саяси бағасын бере алмай келеміз.

Облыстық прокуратураның деректеріне қарағанда, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарда ақталу жөніндегі құжат алу үшін өтініш берушілер қатары өте көп болған екен. Қазір азайыпты. Оның өзіндік себептері бар. Көп адамдар ақталды, енді біразы жастары келіп қайтыс болды және шет елдерге кетіп жатқандар бар. Бұрнағы жылдары ақталу мәселесімен арызданып



келгендер 80 адам. Негізінен ақталу туралы өтінішпен келетіндер – поляктар, шешендер мен ингуштар, немістер, тағы да басқа кеңес заманында Қазақстанға күштеп жер аударылған ұлттардың өкілдері. Бұның себебі неде? Біздіңше, бұның бірнеше себебі бар.

Алдымен, саяси қуғын-сүргін құрбаны атанып, ақталу үшін жер аударылғаны немесе түрмеге қамағаны туралы құжат көшірмесі болуы қажет. Ал, қазақтарды жер аударғанда Сібірге, яғни, басқа өңірлерге жіберді және олардың балалары ағайын-туыстың қолында қалғандықтан, қамқоршысыз болмады. Тағы бір себеп, сол қиын-қыстау заманда «халық жауының» баласы, не туысы атанбас үшін тектерін өзгертіп алатындар да аз болмады. Бұған осындай-ақ, «өткен өтіп кетті, қазіргі күнімізге шүкірлік етейік» дейтін қазақы түсінік те себеп болып отырған сияқты. Қуғын-сүргінге ұшыраған қазақтардың ұрпақтары мұрағаттардан іздеп, ата-бабалары туралы мәліметтер жинап, олар ақталды ма, жоқ па, ақталмаса ақталу үшін не істеу қажет деген жайлармен айналысуға құлықсыздық танытып отырғандай.

30-шы жылдардың басындағы ашаршылықтан қаншама қазақтар қайтыс болды, қаншасы басқа жаққа жер ауып кетті. Өкінішке орай, сол уақытта бұл туралы құжаттама жүргізілмеген және ешқандай мәліметтер сақталмаған.

Аштықтан қанша адам қаза тапқаны әлі күнге дейін нақты белгісіз болып қалып отыр.

Бүгінде соғыс ардагерлерін есте сақтау үшін шығарылып жатқан «Зерде» кітабы сияқты, саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын есте сақтауға арналған, олардың аты-жөні мен қысқаша өмірдерегі берілген көп томдық жинақ шығарсақ қалай болар еді. Өкінішке орай, бүгінгі күні миллиондаған адамды шарпыған өткен ғасырдың 30-шы жылдарындағы саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық тарихымызда жалпылама өлі цифрлармен ғана беріліп жүр. Жазықсыз сотты болып атылған, жер аударылған тұлғаларымыз бен аштықтан қаза тапқандардың аты-жөндері, кім екендіктері жайында әлі күнге дейін толыққанды мәліметтер жоқ. Ал, мыңдаған, миллиондаған қарапайым адамдардың есімдерін де, өмірдеректерін де білмейміз. Бұның өзі арнайы зерттеуді, көп еңбектенуді, мұрағаттарды ақтаруды қажет етеді. Бұған ең алдымен, әрине қаржы қажеттігі түсінікті.

Осы арада тағы бір назар аударарлық жай, саяси қуғынға түскендердің бәрі дерлік оқыған-тоқыған, көкірек көздері ашық, түрлі қоғамдық істер атқарып жүрген зиялы қауым өкілдері болды. Оларды көре алмаушылықпен, іштарлықпен сыртынан арыз жазып, ұстатты. Бұндай іштарлық, көре алмаушылық барлық халықта бар, десек те, қазақтарда ол өте күшті болды. Содан болар, қуғын-сүргіннен өзге халықтарға қарағанда қазақтар көбірек зардап шекті. Сол тұста біз бас көтерер ұлттық зиялыларымыздан түгелге жуық айырылып қалдық.

Іргедегі Омбы мен Қорғанның, әрідегі үлкен қалалардың мұрағаттарын ақтарса, қаншама мәліметтер тұнып тұр-ау. Міне, осының барлығы жиналып



келген Қазақстандағы саяси қуғын-сүргіннің анық, нақты бейнесін көрсетіп берер еді.

– Бүгінгі күні Алаш ардақтылары армандаған тәуелсіздікке қол жеткіздік. Енді өткен өтті, оны қайта қазбалаудың қажеті жоқ деуге болар еді, десе де, тарихты білмей алға жылжудың мүмкін еместігін, өткен қателіктерден сабақ алу қажеттігін, азаттық үшін алысқан ардақтыларымызды ел есінде сақтау керектігін естен шығармағанымыз жөн. Алаш көсемдерінің есімдері әлі күнге дейін толық ардақталды деп айта алмаймыз,—дейді Талапкер Уәлиев,—құзырлы органға 4 миллиондай арыз жазылған екен. Сондықтан, бұндай жағдай енді ешқашан қайталанбасын десек, онда адамдарды жансыз тетікке емес, ойлы, сезімді, өз көзқарасы бар білімді де білікті жеке тұлғаға айналдыруға бағдар ұстауымыз қажет. Мәселен, олардың бәрі жеке тұлғалар болды. Өз ойлары, көзқарастары бар, сол тұстағы кеңестік біртекті қалыпқа сыймайтын азаматтар еді. Міне, сондықтан да, олар коммунистік жүйенің халыққа игілік емес, бақытсыздық әкелетінін біліп қарсы шықты. Олар қазақ елінің тәуелсіз әлемдік қауымдастықта өз орны бар, өркениетті мемлекет бол-уын аңсады.

Атбасардың шетінде ашаршылық кезінде қаза тапқандардың зираты бар. Сырты қоршалмаған, аяқ асты болып жатыр. Осындай ашаршылық құрбандарының қорымдары жер-жерде кездеседі. Соларды анықтап, сыртын қоршап, ашаршылық құрбандары жатыр деп ескерткіш тақта орнатса дұрыс болар еді.

### **Сұрапыл жылдар сұлбасы**

Архив құжаттарын ақтарып отырып шерге бөккен шерменде жылдардың шежіресін толайым-тұтас, бояуы қанық күйінде көз алдына елестете алмайды екенсің. Әбден көнерген, талай запыран, ащы сырды қойнауына бөккен, бір кезде құпия саналған, бүгін бостан қалыптағы деректерге салғастыра қарап, сұлбасын жасауға әбден болады.

1921 жылдың ақпан-наурыз айларында атылған, шабылған, аштықтан қырылған, ақсүйек болып шашылып қалған адамдардың үстіне орнаған кеңес өкіметінің кесапат саясатына қарсы Сібір крестьяндары бас көтерді. Әйтсе де бұлғақ ұзаққа созылған жоқ, аяусыз қаһарлы күшпен, бет қаратпайтын ызғармен басылды. Жаңа өкімет жаңа саясатқа көндіккісі келмеген бұқара халықты аяусыз қырып-жойды. Ноқтаға басы сыймай, бұлғақтаған бұқара бір сәт сабасына түскендей, басқа түскен зұлматқа көндіккендей. Көкшетау уезі төңірегінде де, жекелеген болыстарда жаңа өкіметке қарсы наразылық болып жатты. Бірақ, алысқа бармады, сап тыйылды. Тыйылғанымен, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын бейбіт заман орнай қалған жоқ. Ел ішіндегі наразылық бесатардың қарауылына байланып, қылыштың жүзімен кесілді. 1921 жылдың 21 сәуір күні ішкі Ресейде аштыққа шалдыққандарды азық-түлікпен қамтамасыз етуге тиісті отрядтар құрылды. Арнайы декрет қабылданды. Жаңағы отрядтар әр отбасыдан салық жинауға тиісті еді. Бұл



жайлы болыстық атқару комитеттерінің баяндамаларында анық жазылған. Біз мұндай деректі 39 папканың 25 және 41 беттерінен таптық. Онда былай делінген: «Барлық күш халықтан салық жинауға жұмылдырылуда. Бірақ, нансыз қалу қаупі туындап тұр». Долбарлай аударғандағы мәтін мазмұны осындай. Кім жазса да төніп келе жатқан қауіптің ызғары мен зардабын сезіне отырып жазған екен. Әрі қарай тұқым қорынсыз қалуы мүмкін екендігі ескертіледі. Салық төлеуден жалтарғандар немесе шамасы жетпегендер сотсыз, нақақтан-нақақ атылған, әйтпесе кеңес өкіметіне қарсы ниеттегі адам деп саналып, сотталған.

Жалғыз Көкшетау төңірегі ғана емес, алыстағы Поволжье, Украинаның солтүстік қанатындағы бірнеше губерния, солтүстік Кавказ, Орал төңірегі, Орталық Ресейде алапат құрғақшылық болып, ел тұтастай ашаршылыққа ұрынған. Дегенмен, негізгі тіршілік көзі мал шаруашылығы болған Көкшетау уезіндегі халықтың ашаршылыққа ұшырауының негізгі себептері бұл емес еді. Әуелі ашаршылықтан бұрын естіген адамның жанын түршіктіретін, лебі мұздай алып-қашты хабар жеткен. Сол жылы қара күзде, қар түсісімен халық қолындағы бар малды тегіс соя бастады. Мәжбүрліктен. Шолақ белсенділер тігерге тұяқ қалдырар емес. Көнекөздердің айтуына қарағанда, қалың жылқыны шұрқыратып терең сайға апарып атып тастаған да оқиғалар кездескен. Әйтеуір, алып қоятын болған соң қолда бар малды сойып алмастан басқа амал жоқ.

Бар мал пышаққа ілікті. Түгелге жуық. Сойылған малдың етімен көп болса бір қыстан шығар, келесі жылы қайтпек?! Ел ішінде оңтүстіктің бүйірі тоқ отыр деген үміт шырағы өлмеші лапылдаған жақсы сипаттағы хабар тараған. Солтүстіктегі жұрт ауыл шаруашылығы құралдарын, киім-кешек, азық-түлік алуға талпыныс жасаған. Амалдап жетпек. Жолдары болса, пышақтан аман қалған малына айырбастамақ. Жолаушылар қайтып оралғанда, оларды мүлде басқа жай тосып тұр еді. Жергілікті билік органдары әр болыстың шекарасына бекет құрып тастаған. Бекеттегілер өкпек жолаушының қолындағы, қоржынындағы тіскебасар дүниенің бәрін түгел сыпырып алуда. Бұл туралы деректер де архивтегі 145-інші папкада тайға таңба басқандай сақталған.

Көкшетау қаласын да аштық жайлаған. Қолы жеткендер ғана алатын, әбден аштықтан бұратылғандарға тиетін азық-түлік көлемі көрсетілген. Бір адамға 400 грамм төңірегінде ет, 200 грамм шамасында картоп, соншалықты деңгейде қырыққабат берілген. Қаланы басып кеткен аш адамдар арнайы орындарға қабылдана бастады. Ол жерлерде 30-дан 250 адамға дейін болған. Бірақ, мұнда да үміт шырағының лаулап тұрғаны шамалы. Жұқпалы аурулар көп, аштан өлмесе, жұқпалы аурудан өлері анық. К.Маркс көшесіндегі Стригиннің үйінде 180 адам паналаған. Оның 70-і бала. Осылардың 27-і сүзекпен, 15-і ішек ауруларымен ауырған. Қаладағы жұмысшы кооперативінің асханасы барлық ашыққан адамдарды тамақтандыра алмайтын еді. Уездік атқару комитеті 1921 жылдың желтоқсан айында ашыққан адамдарға көмек көрсету туралы қаулы қабылдағанымен, қауқары



жоқ болатын. Адамдардың азық-түлікті базардан сатып алу туралы айтудың өзі артық. Сол кезде базардағы баға мынандай деңгейде болса керек. Мәселен, сары майдың бір пұты 120 мың, шұжық 200 мың, картоп 22 мың рубль болған. Архивтегі құжаттарда азық-түлік бағасы анық көрсетілген. Салыстыру үшін әр адамның табысы туралы да айта кетелік. Орташа есеппен алғанда, жан басының табысы айына 219 800 рубльден айналған. Сонда айлық табысқа бір келі шұжық, әйтпесе екі келіге жетер-жетпес сары май ғана сатып алуға болады.

Қаладағы қысыл-таяң жағдай осындай болғанда, ауылдағы ахуал тіпті ушығып тұрған. Егер қаладағы мекемелер мен кәсіпорындарда жұмысшылар мен қызметшілерге паек берілсе, ауылдағы адамға ештеңе берілмейтін. Көкшетау уезінің барлық болыстарын аштық жайлады. Аштық ешкімді аяуды білмейтін. Осы арада тағы бір дерек келтіре кетелік, 1921 жылдың 21 желтоқсаны күні Кривоозерный болыстық атқару комитетінің төрағасы былай деп мәлімдеме жазады: «Жағдай өте күрделі. Ашыққандар саны әр күн сайын көбейіп келеді. Олар атқару комитетіне келіп, азық-түлік талап етуде. Дайындау мекемесіндегі астықты тартып ала ма деген қауіп бар». Бұл дерек №28 папканың 13-бетінде сақталған. Большевиктердің уездік партия комитетінің 1922 жылдың 8 ақпан күнгі отырысындағы хаттамада «барлық уезд халқы азық-түліксіз отыр» деген шынайы дерек көрсетіліпті.

Жаңа билік жағдайды түземек болып жанталасқанымен, аштық дендей берді. 7 ақпан күні Ақмола губерниялық атқару комитеті «Поволжье республикасының 30 миллионға жуық тұрғыны бір түйір нансыз қалды. Аштан өліп жатыр. Қажетті азық-түлікті Украина, Түркістан, Сібір өңірінен жинау қажет деген бұйрық жолдады. Жоғары билік осындай талап қойып отыр. Шұғыл шара қолдануымыз керек. Тығып қойған азық-түлікті тауып, кәмпескелеп жеткізу туралы М.И.Калинин басшылық ететін орталық комиссия бұйрық етіп отыр. Осыған орай, жұмыс істеуіміз керек» делінген.

Пәрменнің пәтуасын шешуге шаш ал десе, бас алатын шолақ белсенділер жанталаса кіріскенге ұқсайды. Халықтың қолындағы ең соңғы азық-түлікті тартып алып, жөнелткен. Ол көлем 41 миллион пұтқа пара-пар. Құжатта 11 миллион пұт азық-түлік қайырымдылық есебінде берілді деп көрсетіледі. Әйтсе де, күмән басым. Өзі, төңірегі, ет жақын ағайын-туысы, ауылдасы аштан қырылып жатқанда қайырымдылық жасауға қауқары жете қойды ма екен?! Кеудесіне бесатарды тақап қойып, тартып алған да...

Қолда бар малдың қырғынға ұшырауы қайтып күш жинауға мүмкіндік бермеді. Көліксіз егін егу де, көшіп-қону да мүмкін емес еді. Көкшетау уезінің Шалқар, Сухатинский, Большой Изюм болыстарында қарақшылар бас көтеріп, азық-түлік отрядтарымен қоса сәл-пәл ауқатты отбасыларын тонау оқиғалары көбейіп кетті. Бұл шын мәнінде жығылып жатқанға жұмсалған жұдырық еді. Алапат аштықтың жан түршіктірер хабары өз алдына, «әне жерде атып кетіпті, мына жерде бауыздап кетіпті» деген алып-қашпа ақпараттың өзі аштықтан әбден қажыған, құр сұлдері қалған адамдардың кеудесіндегі үміт отын үрлеп өшіргендей. Жалпақ жонда тіске басар азықсыз,



тақымына басар көліксіз қалған кәрі-кұртан, жас бала баудай түсті. Мұның арғы жағында ел құлағы естімеген сұмдық оқиғалар да орын алған.

Ол туралы архив құжаттарында анық баяндалады. Мәселен, 1921 жылдың соңында Полтава губерниясындағы Никольское селосынан көшіп келе жатқан жолаушы әйелдің жанында ауру меңдеген күйеуі, екі жас баласы және бірнеше бауырлары бар екен. Жол үстінде бір ағасы көз жұмады. Аштықтан әбден көзі қарауытып, жүйкесі жүндей түтіліп, ақыл-естен ада болған міскіндер мәйітті жеп қойыпты. Көш жолы тұйықтала келе, әлгі әйел екінші ағасын да жеген. Кезек балаларға жетіпті. Арғы жағын тәптіштеп айтпаса да болады. Бұл туралы дерек, №57 папканың 91 бетінде сақталған. Міне, аштық азабы, оның салдарлары туралы бұдан артық қандай қан-қасап, қанқұйлы оқиғаны айтуға болады.

Сол жылы уездің Кривоозерный, Рузаев, Зеренді, Троицк болыстары өте ауыр халде еді. Кривоозерный болысында 14825 адам болса, 1921 жылы аштықтың салдарынан 868 адам опат болды. Бұл тек есепке енгендері ғана. Аласапыран заманда «балапан басына, тұрымтай тұсына» дегендей, әркім қарақан басын аштықтың аранынан аман алып қалуға жанталасып жатқанда, есептің анық жүргізілгеніне сенім аз. Әйтсе де, ресми деректе 1921 жылдың 1 қаңтар күнгі мәліметі бойынша, Зеренді станицасында 3325 тұрғын болса, 1922 жылы 274 адамға азайған. Бұл уақытта жергілікті жұрттың үстіне қоныс аударушалыр да дүмеп келіп жатқан болатын. Әсіресе, аштыққа шалдыққан Ресей губернияларынан. Барлығын қоса есептегенде, станица тұрғындарының үштен екісі опат болған. «Жұт жеті ағайынды» демекші, жалғыз аштық қана емес, оба, сүзек тәрізді жұқпалы аурулар да халықтың қырылуына себеп болды. Бойларында күш-қуат қалмаған адамдар аштықтан опат болғандарды дұрыстап жерлеуге де дәрмені жетпейтін еді. Осы арада салық инспекторының баянхатынан үзінді келтіре кетелік. Ол былай деп жазады: «1921 жылы несие есебінде берілген тұқымдық астықты қайтарып алуға үміт жоқ. Несие алғандардан тірі қалғандары саусақпен санарлық». Егіс көлемі 60 процентке қысқарған. Уездің оңтүстік бағыт бөлігін қоныстанған тұрғындар тұқым сұрап өтініштер жаза бастаған. Әйтсе де оларға көмек көрсетудің ешбір мүмкіндігі жоқ. 1922 жыл жауынды-шашынды болса да аштықтың әсерінен арыла алмаудың бір себебі осында жатыр. Ауыл шаруашылығы күйзей құлдырады. Ол жайлы Атбасар және Көкшетау уезі кеңестерінің құжаттары сақталған. Бұл құжаттарда жаңа мемлекеттің құрылуы туралы экономикадағы және қоғамдағы қарама-қайшы үрдістер анық баяндалады. Әсіресе уездік жұмысшылар, шаруалар мен казактарға байланысты революциялық комитеттің құжаттарында көптеген айғақтар сақталған. Оларда күштеп жүргізілген астық жинау саясатының сандарын аңғаруға болады.

Алапат аштық мыңдаған адамдардың өмірін қиып кетті. Сөзімізге тиянақ ретінде архив құжаттарындағы есеп-қисапты келтіре кетелік. 1921 жылдың 27 қаңтардағы Ақмола губерниясының ашыққандарға төтенше көмек көрсететін комиссия мүшесі Любимовтың жазбасында мынандай деректер



бар: «Аштыққа жергілікті жұрттың 62 мыңы, орыстардың саны 27 мың, қоныс аударушылардың 37 мыңы ұшыраған». Зер салып қарасаңыз, ең көп зардап шеккен жергілікті жұрт екендігін көруге болады. Ел іші әбден жүдеп-жадап, тігерге тұяқ қалмаған уақытта қияндағы Поволжьеге 10979 пұт астық көмек ретінде жіберілген. Оның ішінде Атбасар астық дайындау конторы 646 пұт, Маринск мекемесі 796 пұт дайындапты. Жалғыз астық қана емес, картоп, қырыққабат, қызылша, ірі қара және қой еті жөнелтілген. Бәлкім Алаш баласының азап шегуі осылай аузынан жырып алғандықтан шығар.

Сақталған деректерден алапат аштық жылдарының бір үзік сұлбасын осылай келтіруге болады. қадау-қадау деректерден ауыртпалықтың ең алдымен жергілікті жұрттың басына түскендігі айдан анық көрініп тұр. тіректер даярлау жұмыстарына жұмылдырылған. Сол лагердің басшысы капитан шеніндегі әскери киімдеге бір орыс ұлтты адам болып еді, әкеммен бірге біздің үйге еріп келетін. Ал менің әкем Қиықов Ақылбек 1942-1945 жж. Соғысқа қатысқан, ал соғыстан кейін бірнеше қызмет атқарған екен. 1947-1951 жылдары Құдықағашта, сол кезде Жаңарқа ауылдық советін басқарған. Бұл әкімшілікке қазіргі уақыттағы 14 ауылдық округтің 3/2-сі қараған екен. Бір күні ол кісі маған «Дружок» атты неміс овчаркасын әкелгені бір есімде. 2013 жылы ағантың ішінде отынға әкеммен бірге барып едік. Сол жерге барған сәтте әкем айтты: «Өй мынау сол кездегі сталиндік лагердің орны ғой» деп. Сол арнайы дайындалған ағаштарды Степнякқа 1953 жылға дейін тасылуы есімде әлі. Сол 2013 жылы 12 маусымда Еңбекшілдер аудандық газетінде осы тақырыпқа мақала жарияланды.







**Сайлау Кәрібайұлы  
ЫБЫРАЕВ**

Қарлықөл ауылының тұрғыны.

### **Он үш жылдан соң оралу**

«1942 жылдың наурыз айы болатын, аудандық әскери комиссариаттан шақыру қағазы келді, ертеңіне айтқан мезгілінде барсам: «Сен әскер міндетін өтеуге тиіссің, міне қағаз, комиссиядан өтісімен бүрсігүні заттарыңды алып осында кел» деп шығарып салды. Ол кезде көліктің бола қоятын заманы ма, жаяулатып елге бет алдым. Жолшыбай аттылы көлік кезігіп, елге де жеттім. Үйдегілер естісімен, маңайдағы ауылдастардың басын қосты. Соғыс атаулының қызып тұрған шағы. Ел тұралаған кез, ссоя қоятын даяр мал болмаса да қыстан қалған сүрден ас жасалып кетерлік өткізді.

Ертеңіне бар ағайын-туыстарым жарты жолға шейін шығарып салды. Аудан орталығына әкем ат көлігімен алып келді. Комиссариаттағылар тізімге белгіленген соң әскер қатарына леккендерді сапқа түзеп вогондарға жайғастыра бастады, маған кезек жетісімен әкем бар пәрменімен құшақтап: «Ал, өзінді ата- бабамыздың рухына тапсырдым, шыдамды бол, тәңір жазса әлі-ақ кездесерміз» деп қош айтысып қала берді.

Төрт сәткеден соң Ташкент қаласына да келіп жеттік. Осылай жауынгерлік өмірім басталды. Мамыр айының басына таман бізді шұғыл түрде вогондарға отырғызып, майданға аттандырды. Көңіл күйіміз аздап қобалжу болғанмен, маңымдағылар, біз барғанша немістердің күлі көкке ұшып, соғысуға да үлгермей қаламыз деп қалжыңдасып қояды. Бірнеше күннен соң көптеген қалаларды басып өтіп, біздің эшалон белгіленген жеріне де жетті. Бейтаныс өлке, көктемнің тамылжыған шағы, вагондардан түсісімен жақын маңдағы әскери бөлімдерге орналастырды. Қасымызда орыстың Покровск селосы, бұл бағыт Сталинград қаласынан алпыс шақырымдай жерде екен.

Жаудың діттеген жері Сталинград қаласы, әлсін-әлсін жау самолеттері үстімізден орап көзден ғайып болады. Әскери адамдардың қатты



қобалжулары барысымен байқалды. Алыстан зеңбіректердің гүрсілі еміс-еміс естіледі. Бізбен келгендердің асқақ көңілдері су сепкендей болды. Таң атысымен қорғаныс шебін тынымсыз бекітудеміз.

1942 жылдың 28 мамыр күні болатын. Солдаттар арасында қаңқу сөздер күннен-күнге өрби түсті. Жаудың түрі жаман, мұздай қаруланған, ойлағандары Сталинград, даңпырт сөздер жиілеп кетті. Неде болса тәңірдің жазуы көппен көрген бұл қобалжуды барынша қарсы алуға бекіндім. Таң бозара атып келе жатты, аспанда қалқыған бұлттан басқа белгі жоқ, бір заматта алыста әуелетіп ұшып келе жатқан бірнеше жау самолеті байқалды. Әлгіндей болмай алдыңғы шепке тастаған бомбалары даланы жаңғыртып жіберді. Жер дір етіп, бекіністің кейбір жерлері астан-кестені шығып, окоптағы солдаттар қатты абыржи бастады.

Көп ұзамай жер қайысқан темір құрсаулы танктер, соңдарынан шұбатылған жаяу әскерлер біздің бекініске беттеп келе жатты. Ұрықсатсыз оқ атпауға бұйырған басшылардың белгісін тағатсыз күтудеміз. Кеше ғана туған елдің бейбіт өміріне мәз- мейрам болып жүрген күндеріміз, мынандай көрініске тап болармыз деп кім ойлаған. Алдыңғы шеп ұрысқа кірісіп кетті, бірақ техникаларының тегеуірінімен жау жағы жақындай түсті, тағатсыз бұйрықты зорға күтіп отырған жауынгерлер бірден шайқасқа кірісті.

Жаттығу кезінде біраз машықтанған біздер, жаудың бірер танкілерін өртке орап, жаяу солдаттарын шегінуге мәжбүр еттік. Ұрыс даласының жаңғырығынан уақыттың қалай өткенін аңғармай қалдық. Кеш батты. Жаралыларға көмек беріліп жатты.

Түн ұйқымыз қашып, болған жағдайлардан кейін таңның қалай атқанын байқамадық. Кешегі көк жиектен қайтадан қаптаған жау танкілері жақындай түсті. Қолдағы қалған қару- жарақтармен барынша даярланып, қиян- кескі ұрыс басталып кетті. Бұл жолы жау айласын асыра бастады, біраз бөлігі тура беттеп келмей екіге жарылып біздің сыртымыздан айнала бастады. Оқ толассыз жауып тұр. Зеңбіректер бірінен соң бірі қатардан шығуда. Жаудың снарядтары жанымызда жарылыс беріп, біраз жауынгерлер оққа ұшты. Сондай сәттің бірінде жақыннан жарылған снарядтан есім ауып окоптың түбіне отыра кеттім, қанша болғаным есімде жоқ басым мең-зең маңдайымнан аққан қанды сүрте беріппін.

Әлден уақытта біреудің қатты затпен нұқығанын орнымнан тұрсам бейтаныс екеу өзге тілде ақырып қолын сілтеп автоматтарын кезеніп тұр. Қарсыласуға шамамды келтірмей басымнан асыра оқ жаудырып жіберді. Окоптан шықсам көптеген жауынгерлерді бір жерге шоғырлап жау солдаттары қоршауға алып жатыр. Ойлануға шама келтірмей мені де соларға қосты. Байқасам біздің әскери бөліміміз қоршауда қалыпты. Анталай қоршаған немістер қару- жарақтарымызды жиыстырып, баршамызды алдарына салып айдай жөнелді. Сол түні шағын қала болу керек, ұзыннан салынған бос қойманың алдына иірді.



Бұл жауыздарды жақыннан көргенім алғашқы рет еді. Жарадан мең-зең болған басым ештеңені аңғартар емес. Әлден соң жаппай тексерістен соң әлгі қоймаға қамады. Таңертеңіне іріктеу басталды. Кейбір командирлер әскери белгілерін алып тастаса да, үстіндегі сапалы матадан ажыратып, бөлек әкетіп жатты. Жарақаттары жеңіл, жарамды дегендерді сапқа тізіп, келесі станцияға жан-жағымыздан мұқият қаумалаған неміс солдаттары алдарына салды.

Станция басы ығы-жығы вагондардың барлығында тұтқындар, соңғы вагонға бізді де тиеді. Қанша күн жүргеніміз белгісіз, вагонның саңылауынан байқасақ ірі қаланың шет жағына келіп тоқтапты. Бұл «Гросс-Розен» деген концентрациондық лагерь болатын. 1940 жылы салыныпты. Кіреберісіндегі маңдайшасындағы жазуда «Жұмыс жеңілдетеді» делінген. 1941 жылы 3 мыңнан аса кеңес тұтқындары атылған екен.

Алдымыздан күтіп тұрған арсылдаған қасқыр тектес иттермен қаруланған қарауылдар қабылдап, көп ұзамай сол қаланың жиырма шақырымдай жерде орналасқан тұтқындар лагеріне қамады. Бұндағы тұтқындарының өндіретін жұмыстары қазылған карьерден тас даярлау. Бізден бұрын келген жандардың халдері тым ауыр. Күндегі беретін нормалары өз алдына, ішетін тамақтары быламық көже және аздаған нанға ұқсас бір зат. Күнде ертемен лагерь тәртібімен тұрғызып, санақ жүргізеді. Мынадай жан қорлыққа шыдамағандар тұралап, шейіт болып жатқандары қаншама. Кейде лагерь барағында жатқанда неше түрлі ой келеді, енді өміріміздің шеті осы шығар, мынандай қамалдан қашып шығу мүмкін емес, жан-жақтан қоршау, түнде темір сым бойымен тоқ жүргізіледі.

Арамыздағы кейбір аысықайлар жаудың итаршысына айналған, чболмашы жеңілдікке сатылып, бізге зығыр таяқ ойнатып алдарына көрініп қалуға тырысады. Артық сөз естісе лезде тиісті орынға жеткізеді. Ондайларды жұмыстан соң әр сылтау тауып лагерь қақпасындағы дар ағашына байлау күнделікті істері.

Біраз тұтқындарды тас өндіруден алып вагон жүктерін түсіруге ауыстырды, солардың арасына мен де іліктім. Сондай күндерде сырлас екі досым бар еді, қалай қашып шығудың амалын қарастыра бастадық. Біраз лагерьдің ауыр тұрмысынан күн-күннен әл кетуде. Байқасақ екі жылдай уақытымыз өткен екен. 1943 жылдың қараша айының басында мені жұмыстан шегеріп, бірнеше тұтқындармен ябарақта алып қалды. Жүрегім қобалжып қашу мәселесін біреу айтып қойды ма деп алаңдаулы едім.

Бізді лагерь алаңына тұрғызып, орыс тілінде тілмаш сөйлей жөнелді, қасында еңгезердей қалаша киінген адам бар. Сонымен арнайы машиналармен вокзал басына алып келіп вагондарға енгізді. Маңайымызда қарауыл. Қайда баратынымыз беймәлім. Бірнеше сәткеден соң Италияның бір қаласының маңындағы ірі өндіріс орнына әкелді. Бұл Венето аймағы деген жерде, ендігі жұмысымыз ағаш қиып, бөренелер даярлау. Бұндағы өнімдер тікелей Германияға жөнелтіледі. Жеке тұрған барақтарға орналастырды. Менімен бір бөлмеде екі орыс азаматы тұратын болды. Бізді



жергілікті полиция адамдары күзетеді. Лагерьлік киімімізді ауыстыртып тазалық міндеттерін атқарған соң, біздің міндетіміз құрылыс материалдарын даярлау. Бұндай жағдайды үш ұйықтасақ түсімізге енбейтін аз да болса жеңілдік байқалады. Бірнеше шақырым сыммен қоршаулы. Маңайы күзет. Денсаулығымыз әбден титықталған, алғашқы кезде баяу қимылдап жұмысымыз өнбеді. Бірақ атқарушы басшылар, жергілікті адамдарда түсінікпен қарасты. Кейде жұмыс басына бізді лагерьден алғызған, италияндық Тони Альбертоны көріп қаламыз.

Бірде мені сол жерден алыс емес орналасқан ғимаратқа алып келді. Ендігі жұмысым сол жердің тазалығын бақылау. Күндегі ішетін асымыз түзелді, ескі киімнен арылып, жергілікті жұмыс киімін кигізді. Бұл мекен әлгі қожайындікі. Оның Росина атты қызы өте қарапайым, бізді мүсіркеп өз тілінде бірдеңелерді айтып жатады, сөйлегенде ашық жүзінен байқаймыз. Мейрам күндері демалыс береді. Тек қана орындарын ауыстырған полицейлер алыстап кетпейді.

Күнделікті жергілікті италиянша сөздерін ести біраз ұғынып, тіліміз жеткенше жауап беріп жататын халге жеттік. Бірде қасымдағы серіктестерім Михаил мен Анатолий «бүгін бір жаналық бар» кешке айтпағымыз бар деді. Сол кешті асыға күттім. Жергілікті жерде партизандардың астыртын ұйымы болып шықты, олар фашистерге қарсы, солармен байланыс жасау жолдарын қарастырып жатырмыз десті. Естіген жаңалықтан соң елеңзи бастадым. Бастапқыдай емес беретін тамақтары түзелген соң әл-қуат та пайда бола бастады.

Бірде жолдастарым біздің қожайын да, қызы Росина да фашистерді жақтамайтынын жеткізді. Амал жоқ басқыншылар үстемдік жүргізген соң мойын ұсынуларына тура келіпті. Италияның Милан қаласының маңында әйгілі Холокост лагері орналасқан. 1944 жылдың соңында жергілікті партизан қозғалысының мүшелерімен астыртын байланысқа шықтық. Олардан білгеніміз жеңіс күні алыс емес екендігі. Қол үшін беретіндерін жеткізді. Біздің қуаныштан басымыз айналды. Ертеңгі жұмысымызды талқылаймыз. Ойымыз күрескерлерге қосылу.

Бір күні қалада у-шу біз тұратын жерге анық естіле бастады. Көтерілісшілер мен партизандар неміс орталықтарын басып алып, қаланы азат етуде. Бізді күзеткен полицейлерде ғайып болды. Сөйтіп, біз азаттық алдық. Күнде жергілікті радиодан соғыс хабарын естиміз. Бірде жергілікті газеттен хабар естідік. Соғыс аяқталды, фашизм жеңіліс тапты, совет тұтқындары еліне қайтуларына рұқсат делінген. Менде қуаныш, елге оралсам деген үмітім жарқ еткендей болды. Бұл күнде жетті, портта совет тұтқындарын ертеңнен бастап қабылдайды деген сөз лезде тарап кетті. Өзімше шаш қойып, өңім кіріп, жастық шақ қойсын ба, қалпыма келе бастадым.

Бірде Тони Альберто кабинетіне шақырып, сен еріксіз тұтқын болдың, біз жақсы түсінеміз, адал азамат екеніңді бізге дәлелдің, ана екі досың осында



қалмақшы, мүмкін сенде осында қаларсың, көмектесуге дайынбыз деген ұсыныс тастады «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» демекші атам қазақ, ойланбастан елге қайтатынымды білдірдім. Келесі күні чемодан толы не бір киім-кешек, жолыңа деп ақша, түрлі тағамдар салып портқа Росина күтушісімен алып келді. Порттағы кемеде қызыл жалау желбіреді. О, тәңірім! Бізге де азаттық таңы атты ғой деп көзіме жас алдым. Шығарып салғандар, егер қайтып келем десең есігіміз ашық деп, қоштасып қала берді.

Кеме ащы гудогін ішіне тартып бар пәрменімен ышқына гуілдеп орнынан жылжыды. Адамның тағдыры қилы-қилы болатынына көзім жетті. Бір тәуліктей теңізде жүзгесін кемедегі совет солдаттары бізді палубаға шығарып сапқа тұруға бұйрық берді. Қарама-қарсы тұрған солдаттардың бізге зілдене қарап тұрған тұрыстарынан секем алдым. Солдаттарға «тінтіңдер!» деп бұйрық берді. Сыртқы киімдерді шешіндіріп, енді сендерге қажет болмайды деп, қалған заттарымызды қоса сыпырып алды. Өздерімізді төменгі трюмдерге қамап тастады. Жат жерде амалсыздан қалған екі орыс жігіті, бізді елде жақсылық күтіп тұрған жоқ деп қалып қойғандарын енді түсіндім.

Шіркін қазағым, туған жер десе емешесі үзіліп тұратын халықпыз ғой. Артынша тағы да ой келді, қой, барған соң ақ-қарасын айыра жатар деп өзімді іштей жұбатқан болдым. Трюмнің іші қапырық қанша күн жүзгенімізді білмедік, судан басқа нәр татпадық. Бір заматта кеме тоқтады. Бізді жайлауға түсірді. Жағалау толған күзет әскерлері. Ортада қызыл матамен жабылған стол. Стол басында офицерлер. Бір-бірден шақырып анкета толтырысымен барлығымызды сатқындар деп, ендігі орындарын қиыр солтүстікте деп әркімге әртүрлі жаза бекітті. Мені он жылға бас бостандығынан айырсын деген қазақызға мөр басқанда, қайтадан тұтқынға айналдым. Ендігі көмегенім аз еді демекші, Сібір Иркутск аймағынан бір-ақ шықтым.

Ит қорлықпен жүріп, қалың тайға ағаштарын қиып, қыс, жаз демей он жылым өте шықты. «Өлмегенге өлі балық» демекші, босап шыққан барлығынан ада болып, ештеңе де қызықтырмай, құр адам кейіпінде, сүлдемді сүйрете жақын маңдағы орыс поселкасында қалып күн кештім. Әркімнің берген асын ішіп, жұмыстар болса атқарып, күндер өте берді.

Жаз шыққан кез еді. Смирнов поселкесінде үйреншікті тіршілікпен жүргенімде «сені бір кісі іздеп келді» деді, қарасам таныс жүзді адамға ұқсайды. Бұл келген туған әкем екен, мені бас салып бауырына қысып, көзінің жасына ерік беріп көрісті. Менде әбден сезім таусылған ба қатқан орында тұра беріппін. Бірер күн болғаннан соң әкеме еріп үйге қайттық. Мұнда екенімді білгендері, қасында болған жерлесіп орыс адамы мерзімін өтеп еліне қайтқанда әкемді кезіктіреді. Менің хабарымды содан біліпті.

Алдында туысқандарым хабар-ошар болмаған соң, мені бұл дүниеде жоқ деп күдер үзе бастаған. Менің елім мен өмір үшін арпаласып жүргенімді кім біліпті. Елге оралған соң әкем беделді жан болатын, ешкімге мазалатпай бірнеше жыл қамқорына алды, өз-өзіме келгенде үйлендірді, балалы-шағалы



болдым. Бірақ сол қатал тағдыр тауқыметі, ұйықтасам жиі түсіме кіреді, кейде сонда жүргендей үреймен оянатынымын деп, ағамыз бір қатты күрсінді де әңгімесін аяқтады. Бізде үн жоқ. Қосағаның басынан кешкенін ешкімге бермесін.

Бұл әңгіменің негізгі кейіпкері зұлмат соғыстың жазықсыз құрбанына айналған Құсайынұлы Қосыман ағаның рухына арнадым. Туған елге оралысымен, зейнеткерлікке шыққанша еліне қадірлі, адал еңбек етті, тың игеруге ат салысты, бірнеше медальдармен марапатталған, соның ішінде «Ерен еңбек үшін» медалі аса қымбат дейді жан жолдасы, бүгінде 84 жасқа келген Күлшира апамыз. Ұл-қыздарынан сапура, Жасұлан Әзиза, Әбілжан, Әлімжан, Рабиғалардан сегіз немере, он екі шөбере сүйіп отыр. Адам төзгісіз қиындықтан соң, тәңір мейірін төккеніде. Ұрпақтар соғыссыз өмір сүрсе екен деген ой келді. Осы мақала жазылысымен Күлшира апамыз да дүниеден озды. Соңғы рет апамызбен кездескенде, ағанды жаз, шындықты арттағылар білсін деп батасын беріп еді.





**ДҮЙСЕНБАЕВ**  
**Есболат Есләмбекұлы**

Солтүстік Қазақстан облысы, Уәлиханов ауданының тарихшы ұстазы,  
еңбек ардагері, Ақмола облыстық «Ел бірлігі» қоғамдық бірлестігі  
төрағасының орынбасары

Аты аталмай жүрген Алаштың азаматы  
(немесе Мұқажан Имағанбетов туралы естіп білгендерім)

Тәуелсіздік алғанға дейін, сан ғасырлар бойы қазақ халқы дербес хандық құрып, ұлан байтақ жерге иелік етіп, іргелі ел болумен қатар, небір қилы заманды бастан кешірді. Біз, ұлтымыздың азаттығын қорғап, еліміздің тыныштығын сақтау жолында кермесінен ат кетпеген, шаңырағының белдеуінен найза, қалқаны арылмаған, ерлері ер жастанып ұйықтаған елміз. Төл тарихымызды шындық тұрғысынан зерттеп, зерделуге де, халқымыз бастан кешкен тар жол, тайғақ кешудің ақиқатын ашып айтуға да мүмкіндігіміз болмады. Енді міне, азаматтарымыздың өлгеннің тірілтіп, өшкенін жандыратын кезең туды. Бұл бағытта қыруар жұмыстар атқарылғаны белгілі. Алайда, тарихтан терең, тарихтан биік ештеңе жоқ. Сондықтан, еліміздің тәуелсіздігі, халқымыздың азаттығы жолында өлшеусіз еңбек сіңірген, ата-баба аманатына адал болып, ұлтының жарқын болашығы, ұрпағының бақытты өмірі жолында өз өмірлерін құрбан еткен арыстарымыз бен асылдарымыздың өмір жолдарына әлі де үніліп, зерттеп-зерделей беруіміз керек, Олардың Отанына, ұлтына деген сүйіспеншілігін, даналықтарын, ерлік істерін, елдің де, жердің де ертеңгі иелері – жас ұрпаққа жеткізіп, үлгі –өнеге ете білсек тәуелсіздік тұғырының берік болуына қосар зор үлесіміз болар сөзсіз. Осы мақсатта Ақмола облысында қуғын-сүргін құрбандарын ақтау бойынша өңірлік комиссия құрылуы аса құптарлық іс. Осы комиссияның төрағасы, Шоқан Уәлиханов атындағы университеті ректорының кеңесшісі, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор Сейтқасымов Аманай Асылбайұлының жетекшілігімен көп жұмыс





атқарылып жатқанынан хабардармыз. Ұлттық идеологияны қалыптастыруда ерекше орын алатын мұндай игілікті істен мен де тыс қала алмадым.

Ұзақ жылдар Көкшетау облысының құрамында болып келген Қызылту жері, есімдерін ел таныған бұлбұлдар мен дүлділдердің ата қонысы, жақсылар мен жайсандардың құт мекені. Қызылтудың киелі топырағында Алты Алашқа аттары мәлім болған талай ұлы тұлға дүниеге келген. Алтын ұя құт мекенінен түлеп ұшқан талай сұңқарларымыз бен тұлпарларымыз қазақ қоғамында өздерінің лайықты орнын тапты. Сол бір асылдарымыз бен ардақтыларымыздың есімдерін атап өтіп еске алмасақ, ата-баба аманатына адал болған аяулы жандардың өлшеусіз еңбегін бағаламағандық болар еді.

Өзім туып-өскен Қызылту жерінен шыққан. осы уақытқа дейін есімі аталмай жүрген бір асыл азамат туралы, жалған сөйлеуді білмейтін абыз ақсақалдардан, ел тарихына, жер тарихына көңіл бөліп жүрген ел азаматтарынан естігендерімді сіздермен бөлісуді жөн көрдім.

Саяси көзқарасы мен ұлттық ұстанымы үшін қуғын-сүргінге ұшырап сталиндік репрессияның құрбаны болған, бірақ күні бүгінге дейін аты аталмай жүрген алаш азаматтарының бірі Мұқажан Имағанбетов.

Мұқажан Имағанбетов 1888 жылы Қазақстанның солтүстігіндегі Сілеті көлінің жанындағы «Түбек» деп аталатын жерде дүниеге келген. Балалық шағы сол жерде өткен. Әкесі Имағанбет арабша хат таныған, сол заманның деңгейінде сауатты, екі мәрте қажылыққа барып қажы атанып, елге сыйлы адам болған. Алдағы күндерде оқу- білімнің қажеттілігін, білімді адамның қоғамда алатын орны ерекше болатынын жете түсінген Имағанбет қажы балаларын оқытуға тырысады. Тұңғышы Мұқажан ауыл молласынан дәріс алып арабша сауатын ашады. Одан кейінгі жылдарда Мұқажанның інілері 1897 жылы туған Хабдулғазиз бен 1907 жылы туған Қали да ауыл молласынан оқып хат таниды. Балаларының зейінділігін таныған әке олардың одан әрі білім алғанын қалайды. Әсіресе Мұқажанға зор үміт артады. Сөйтіп, оны таныстары отырған Ақмолаға жақын елді мекендердің біріндегі екі жылдық орыс мектебіне оқуға береді. Зерек бала Мұқажан тез арада тілді де, оқуды да тез үйреніп кетеді. Бұдан әрі оқуға жасөспірім бала жігіттің мүмкіндігі болмайды. 1905-1907 жылдардағы патшалық Ресейдегі бірінші орыс революциясы, саяси дүмпулер, аграрлық реформалар жас жігіттің тереңірек білім алсам дегеніне арманына кедергі болады. Тек 1913 жылы 25 жасында ғана Омбы қаласындағы мұғалімдер семинариясына оқуға түсуге мүмкіндік алады. Ол 1916 жылға дейін осы семинарияда оқып білім алады.

Міне осы жылдар Мұқажан Имағанбетовтің өміріне үлкен өзгеріс әкеледі. Ол семинарияда 3 жыл қазақтың оттай жанып тұрған жалынды жастары Сәкен Сейфуллинмен, Мағжан Жұмабаевпен бірге оқиды. 6–7 жас үлкендігіне қарамастан олармен, әсіресе Сәкен Сейфуллинмен өте жақсы араласады. 1914 жылы Омбы қаласында құрылған қазақ жастарының «Бірлік» ұйымына мүше болады. 1918 жылы «Бірлік» барлық қазақ жастарын біріктіру мақсатында Ақмолада құрылған «Жас азамат» ұйымының құрамына кіреді.



Мұқажан бұл ұйыммен де тығыз байланыста болады. Бұл арада Ресейде ақпан, қазан төңкерістері болып Кеңес өкіметі орнайды. Бірт-бірте дін өкілдері мен ауқатты адамдарды қудалау басталады. Сол қудалауға Мұқажанның әкесі Имағанбет қажы да ұшырайды. Сол бір ауыр кезеңде Мұқажан ауылына қайтып оралады. Елге келгеннен кейін ағартушылық қызметке бет бұрады. Көрген-білгендерін, көңілге түйгендерін қағазға түсіреді.

Ұлттық идея ұстанған қазақ жастарымен хат алысып тұрады. Голощекин геноциді жылдары бұл әулетке де өте ауыр соғады. Имағанбет қажының мал-мүлкі тәркіленіп, қазіргі Уәлиханов ауданының Ресеймен шекаралас жеріндегі «Теке» көлінің маңына жер аударылады. Кейінірек бұл жерге «Қырық үй», «Қарауыл ауылы», «Орта ауыл» деп аталған үш аулдан құрылған колхоз орнап, оған Калининнің аты беріледі. Мұқажан Имағанбетов 2-3 жыл осы колхозға басқарма болып сайланады. Бірақ Имағанбет бабаға жер аударылған жаңа қоныстың топырағын басуға жазбаған. Ол кісі өмірден өтіп «Жарқайың» деген жерде жерленіпті.

Алаштың асыл азаматы қайда жүрсе де, қандай жағдайда жүрсе де қазақ балаларының білім алуы керектігін естен шығармаған екен. 1920-1925 жылдары Сәкен Сейфуллин Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы қызметінде болған кезде жақын таныстығын пайдаланып, елінде бір толық қанды білім беретін мектеп салуға рұқсат беруін өтініпті. С.Сейфуллин «уақыты келгенде хабарласарсың» дейді. Енді Мұқажан колхозға төраға болған кезінде осы мәселені қолға алып С. Сейфуллинге арнайы барып, ол бұрынғы қызметінде болмаса да, Калинин кохозында жетіжылдық мектеп салуға рұқсат алуға көмектесуін сұрайды. Сол сапарында рұқсат қағазды алып қайтады. Қарапайым халықтың көмегімен, асарлатып кірпіш соғады, қазіргі Бұланды орман шаруашылығы жері мен Омбы обылысының орманды жерінен қарағай бөренелер тасып, жергілікті ағаш ұсталарына есік терезелер дайындатады. Құрылысы 5-6 жылға созылған мектеп үйі 1936 жылы толық пайдалануға беріледі. Тұрғындардың басын біріктіре білген абзал азаматтың арқасында бір жағы мектеп, бір жағы интернат, біржағы клуб болған сол кездегі аудандағы үш мектептің бірі, ең үлкен мектеп осылай пайда болған.

Ұлтының тағдырын, елінің ертеңін, ұрпағының болашағын ойлайтын әрбір азамат осындай болуы керек! Ең өкініштісі, осындай Алаш азаматының, сұрқия заманның, қанішер биліктің саясатының құрбаны болуы.

Ел игілігі жолында аянбай тер төгіп, халқына адал қызмет етіп жүрген Мұқажан Имағанбетовтың үстінен сасық кеуде, пасық пейілді біреулер домалақ арыз жазады. Ол арызда оның әкесінің дін жолын ұстанатындығын, қажылыққа барғандығын, байлар тізімінде болып жер аударылғандығын жазады. Бұл Сәкен Сейфуллинді «халық жауы» деп тұтқындаған 1938 жыл екен. Осыны пайдаланған қаскөйлер Мұқажанды С. Сейфуллинмен бірге оқыған, дос болған, оған жиі-жиі барып ақыл – кеңес алып тұрған деп жазады.



Алаш азаматтары бірінен кейін бірі тұтқындалып атылып жатқан кезде, С.Сейфуллиннің тұтқындалғанын естігеннен кейін Мұқажан екі інісіне «кезек маған да келді-ау деймін» депті. Бірақ, ешқайда қашпаған, тығылмаған. Тек неше жылдар бойы жазғандарын, жиған-терген қағаздарын темір сандыққа салып, түн ортасында бір жерге апарып көміп тастайды (қайтып оралар күн туар деп үміттенді ме екен? Кім білсін?). Көп ұзамай тұтқындалып, ату жазасына кесіледі. Артында қалған екі інісіне де «халық жауының» інілері деп, сондарына түсіп тыныштық бермегесін үлкен інісі Хабдулғазиз Ресейдің Омбы облысына көшіп кетіп, ізін суытады. Кіші інісі Қали да ұзақ уақыт бой тасалап жасырынып жүруге мәжүбір болады.

Алаштың асыл азаматының артында Мәриям атты жары, Зенда деген ұлы мен Күлбәрәм, Күләш, Күлпәш деген қыздары қалды. Олардың бәрі де өмірден өткен. Олардан қалған немере жиендері бар. Олар Омбы, Көкшетау қалаларында, Солтүстік Қазақстан облысының Уәлиханов ауданындағы Бидайық ауылында тұрады.

Мұқажан Имағанбетовтың тағдыры ұлт мүддесі жолында аянбай еңбек етіп, өз өмірлерін құрбан еткен мыңдаған қазақ азаматтарының тағдырының бір ғана көрінісі.

Алаш идеясы – біздің ұлттық идеологиямыздың өзегі, алтын діңгегі болуы керек.

PS. Осы естелік мақаламды жазбас бұрын, кейіпкердің аталас туысы, ел тарихына, жер тарихына ерекше көңіл бөліп жүретін азамат, шәкіртім Шайсултанов Тұрлыханға, кейіпкердің туған інісі Қали атаның балалары Қалиев Жеңіс пен Қалиев Ағыбай ағаларымызға жолығып әңгімелестім. Мұқажан Имағанбетовтың туған немересі ұлағатты ұстаз Имағанбетов Амангелдіге хабарластым. Абыз ақсақалдарымыз бен «Білім саласының үздігі» атанған ұлағатты ұстаз болған, марқұм өз әкем Дүйсенбаев Есләмбектің айтқан әңгімелерін еске түсірдім.

1931 жылдары байлардың мүлкің тәркілеу кезінде, Шәрни атам ол кезде Сырымбет округінде ауылсоветтің төрағасы болып істеді ме, әкемнің айтқанындай, әйтеуір бір лауазымды қызметте істепті деп айтады. Біреудің көрсетуімен (бай тұқымнан болғасын ба), сол біреулер НКВД-ға арыз жазады, осы жерде үлкен қызметте халық жауы неге істейді деп көрсетеді? Ертеңгі күні көпке ұзамай НКВД солдаттары келіп кабинетінен қамауға алып кетеді, бір айдан кейін этаппен Кокшетауға алып келеді де осында түрмеге жабады. 1931 жылы менің әкем Арыстанғали Шәрниұлы туады. Шәрни әкесін қамауға әкеткенде, менің әкем Арыстанғали жаңа ғана туған бала бес айында бесіктегі бала, сол кезде менің әжем Бәтез өз үйінде баласын Арыстанғалиді бағып отырғанда, сол ауылдағы көрші жүгіріп келіп Бәтез әжемізге жолығады. Бәтез сен неге үйде отырсын, сенің күйеуінді кеше солдаттар алып кетті ғой, енді сені де алып кетеді ғой халық жауы деп, сен енді отырмай, баланды ал да қаш бұл жерден деп анау әйел ескертеді. Сол уақытта анау әйел кеткеннен кейін, әжем бүкіл мүліктерін жинап



отырғанда, енді баланы алып кетейін деп отырғанда, үйдің жанына машина келіп тоқтады, әжем терезеден қараса, НКВД солдаттары топырлап машинадан түсіп үй жаққа ұмтылып келе жатыр екен, сол солдаттардан шошыған әжем не істерін білмей, басқа бөлмедегі терезені ашып терезеден қашып кетеді, бесіктегі бала солай бөлмеде қалады, үйдің ішіне кірген солдаттар, ауыл кісілері, бесіктегі баланы көріп қалады, үйдің ішінде ешкімде жоқ болғасын, солдаттардың басшысы баланы алып детдомға тапсырады. Сол уақыттан бастап әкем Арыстанғали үш жылдай детдомда өседі.

Шәрни атам туралы бастасам Көкшетауда сот болды, соттың шығарған өкімі: Шәрни атам Жат жасырын ұйымының төрағасы болып қызмет атқарған екен, ол Кеңес өкіметіне қарсы құрылған ұйымы деп шығарады, сол өңірде деп жазады екен Шәрни Дәулеткерейұлы көтерілістің басшыларының бірі болып табылады екен деп жазады сот шешімін де. Сот біткеннен кейін Шәрни атамды этаппен Петропавл қаласына алып келіп тұрмеге жабады, содан кейін біз ұрпақтары білмейміз атамның не болғаны, қайда жерленгені, реабилитациядан өтті ме, өткен жоқ па, осының бәрін білейін деп едім.





**Сәуле  
ТАҢСЫҚБАЕВА**

Көкшетау қаласының № 7 пошта байланыс бөлімінің басшысы. 1960 жылы 8 тамызда бұрынғы Көкшетау облысы Келлер ауданындағы (Қазіргі СҚО, Тайынша ауданы) қазақ ауылы Мәдениетте дүниеге келді. Сол кездегі қаймағы бұзылмаған қазақы салтпен ата-әжесінің бауырында тәрбие алды.

### **Саяси қуғын-сүргін құрбаны атамды еске алу.**

XX ғасыр қазақ халқы үшін шер мен мұңның да ғасыры болады. Елім, жерім дегендер қамалған, тектілері тентіреген заман болды. Расында, кеңес билігі дүркіреп тұрған заманның небір ауыртпалығы мен солақай саясаттың зобалаңы біздің отбасымызды да айналып өтпеді. Бүгінгі бейбіт заманда көп азаматтардың ел үшін еткен еңбектері айқындалып, есімдері қайта жаңғыруда. Осы ретте он жылын Карлаг түрмесінде өткізген атам Құлжан Топшақовтың қиындыққа толы өмірі, елі үшін сіңірген еңбегі жайлы газет бетіне жариялауды жөн көрдім. Атам көрген қасірет ұмытылмайды әрине.

Атам Құлжан Топшақов 1903 жылы Бұрынғы Көкшетау облысы, Тайынша ауданының Мәдениет ауылында дүниеге келген. 1930 жылдары колхоз төрағасы болды. 1932 жылдан партия хатшысы, май зауытының директоры болып еңбек етті. Ел жақтағы қанқұйлы белсенділердің жоғарыға атамды қайта-қайта көрсетуі тоқтамады. 1933 жылдың қысында «үштіктің» жансыздары атамды алдарына салып алып кетеді. «Колхоз мүлкін талан-таражға салды» деген жалған айып тағылып, ауылдан тұзаққа іліккендердің бірі боп, сотталып кете барады. Артында бала-шағасы аңырап қала береді. Адамның ақ-қарасына жетер заман жоқ еді, қолға түскен торғайдай шырылдаған уақыт. Таптық жау атанып кеткен жанды артынан іздестіру түгілі, амандығын сұрастырудың өзі ол заманда өте қауіпті болатын. Осылайша атам он жыл Карлагтың түрмесінде небір азапты күндерді басынан өткерді. Карлагта өткен қаншама қатыгездіктер мен озбырлықты басынан кешірсе де мойымады, қайыспады. Себебі, туған жеріне деген сүйіспеншілігін әркез жүрегінде сақтады. Елге келгесін де соғыстан кейінгі колхоздастыру кезеңінде қоғамдық жұмыстарға белсене араласты.



Атам көп жылдар пошта саласында еңбек еткен жан. 1937 жылғы қуғын-сүргінде солақай саясаттың құрбанына айналып «халық жауы» атанған ол сталиндік репрессияға ұшырап, он жыл «Қарлаг»-та отырды. 1947 жылдан бастап өмірінің соңына дейін пошта тасушы болып қызмет атқарды. Аудандағы екі қазақ ауылы – Талап пен Мәдениетке жазда ат-арбамен, қыста ат шанамен орталығымыз 35 шақырымдық Краснокаменкадан хат-хабар, газет-журнал таситын, пенсия тарататын. Баспасөзге жазылу науқанында қызу жұмыс жүретін. Атам кітап десе ішер асын жерге қоятын. Сол қасиеті маған дарып, осы тылсымға жастайымнан құмар болдым. Осы күнге дейін кітаппен достығым бір үзілмей келеді. Ауылда пошташы төрткүл дүниенің жаңалығынан алдымен хабардар болатын. Бала күнімізден газет-журнал оқып өстік. Мектепте де әдебиетке, шығармашылыққа жақын болдым. Ауылда пошташы төрткүл дүниенің жаңалығынан алдымен хабардар болатын. Мен ес білгеннен атама көмекші болдым. Оған қызыға қарайтынмын. 2-3 сыныпта оқып жүріп ауылға газет тарататынмын. Алдымен келген хат-хабарларды сұрыптап алатынбыз. 1989 жылы өзі қайтыс болғаннан кейін ақталды.

Жазықсыз қудаланып, зұлматты жылдардың зардабын тартқан Құлжан атамның көзі тірісінде ақталмағаны жанға батады. Ауылда пошташы болып еңбек етіп, азаматтығын дәлелдеді. Алайда, үнемі қорқыныш, үреймен өмір сүрді. Карлаг азабынан аман қалған атам басынан өткен қиын-қыстауды, өмірінің бүкпесі жазылмай жатқан соны жақтарын айта қоймайтын. Бірақ оның жүзіндегі көп қырлы, терең қатпарлы әжімдері көрген қиыншылығы мен қорлығының ізі секілді көрінетін. Сол арыстандай ақырған, мұздай қақырған суық күндерді еске алу қиын да ауыр тиерін кім біліпті... Атам өте қатал, талапшыл болатын. Барлық адамға бірдей қарайтын. Қатал болса да бауырмал атам отбасына қамқор және немерелерінің өмірден өз орнын табуына бағыт-бағдар беруші бола білді. «Сол кездерді еске алу біздер үшін өте ауыр. Ол кезде қазақ не көрмеді десеңші?! Сол Карлаг дегенді естігенде жүрегіміз шымыр етеді.

Шырақтарым, сендер бақыттысыңдар ғой, біз көргенді сендердің бастарыңа бермесін, оқыңдар» деп отыратын. Сталиндік қуғын-сүргін - мыңдаған жазықсыз адамдардың қаны мен көз жасына суарылған тарихымыздың шерлі беттерінің бірі болып саналады. Әкімшілік-жазалаушы жүйе еңбектеген сәбиді де, болмысы нәзік әйелді де аяған жоқ. Карлагта болғанадамдарды айтқандарына көндіру үшін, шындықты жария етпес үшін, қаншама азапты жағдайларға салған. Тіпті, тырнақ арасына ине тығып, жаншып, шыбын жанын көзіне көрсеткен. Сол кездегі қатыгездіктің осындай жағдайға дейін жеткенін айтсаңызшы. Қаншама жанның балашағасын, тұқым-тұяғымен жойып жіберуге тырысты және де осы ойларын жүзеге асырды. Көбісінің аты аталмай, ақталуды көрмей бейбітшілік пен бостандықтың сәулесін де көрмей арманда кетті. Жазықсыз жазаланып, жаппай қудалаудың зардабын тартқан Құлжан атамның да көзі тірісінде ақталмағаны жанға батады. 1977 жылы атамның ғұмыр сызығы үзілді.



Өмірден өткен соң да оның жазған-сызған дүниелерін жарыққа шығара алмадық. Атамның тіршілігін таразылап, өмірбаянынан бірде-бір мін таба алмаған әкем де қамығып жүрді. Нақақтан кеткенін түсініп, іші удай ашитын. Атам 1989 жылы ғана толық ақталды.

Құлжан атам өмірінің соңына дейін ауылда пошта тасымалдады. Бірнеше мәрте ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Байланыс министрлігінің грамоталарымен марапатталды. 1966 жылы жергілікті басылымдарды таратуға қосқан зор үлесі үшін есімі Құрмет тақтасына енді. Біз үшін тоқсан жылға жуық тарихы бар

«Көкшетау» газеті өте ыстық. Өйткені, атам өмірінің соңына дейін облыстық

«Көкшетау правдасы» газетімен тығыз байланыста жұмыс істеді. Сол уақыттағы ауылдың тыныс-тіршілігі, өңірдегі еңбек адамдарын дәріптеу, ел тарихы туралы және тағы да басқа сан түрлі жанрларда жазылған материалдарыәлі сақтаулы.

Редакциядан мақала ұйымдастыру, басылымды тарату мәселесіне қатысты хаттар жиі келіп тұратын. «Сіз бірнеше жылдан бері редакцияға хат-хабарлар жазып, газетіміздің жұмысына белсене атсалысып келесіз. Газеттің редакциялық коллегиясы осыны еске алып, Сізді жергілікті тілші етіп тағайындауды мақұл деп тапты. Жергілікті жерде күнбе-күн туындап жатқан жаңалықтар мен игі жұмыстар, еңбек өрендерінің іс-өнегесі жайында өмірдің өзі ұсынып отырған алуан салалы тақырыпты шеберлік пен қамтып, бұрынғыдан да жиі жазады, жұмыста кездескен кемшіліктер мен олқылықтарды батыл сынайды, сөйтіп газет жұмысына әрдайым қолғабыс жасайды деп Сізге редакция кәміл сенеді» деп атама жазған жазушы Естай Мырзахметов ағамыздың хаты үйімізде сақтаулы.

Атам кітап десе ішетін асын жерге қоятын, сол қасиеті маған дарып, осы тылсымға жастайымнан құмар болдым. Осы күнге дейін кітаппен достығым бір үзілмей келеді. Қазақтың ізгі дәстүрімен ата-әжесінің бауырында болған менің болашақ кәсібіме деген құштарлық ата тегімнен дарыған. Мектеп қабырғасында жүрген кезімнен каникул бойы атама пошта таратуға көмектесетінмін. Газет-журналды ат арбамен таситынбыз. Атамның өзі ғана жүретін соқпақ жолды ауыл адамдары «Құлжан атаның жолы» деуші еді. Осылайша, менің де еңбек майданындағы жолым басталып кетті. Ата жолын қуар ұл болып тумасам да, атажолын жалғаған қыз болып, 1977-1980 жылдар аралығында Алматы байланыс институтында сырттай оқып, пошта қызметкері мамандығын меңгеріп, әрі бір мезгілде сол Алматыда осы салада қызмет атқардым. Сөйтіп, өзім бала күннен ыстық көрген кәсіптің иесі болып туған елге оралдым. Тұрмыс құрып, ана атандым. «Әйел баланы қырық шырақты» деп дана қазақ тегін айтпаса керек. Бірақ, кейде тұтқиылдан келетін өмір сыны деген тағы бар. Жұбайымнан айырылып, екі баламмен 1989 жылы Чистополь ауданынан Көкшетау қаласына біржола көшіп келгеннен бері де өзім жасымнан таңдап алған мамандығымнан бір елі ажырамай





келемін. Саналы ғұмырымның 40 жылын пошта қызметімен байланыстырдым. Өмір аяқтан шалса, оны да елемеуді үйрендім.

Әрине, уақытты да, жақын адамдарымызды да артқа қайтара алмаймыз. Тек қана жарқын естеліктер мәңгі жадымызда қала бермек. Мен осындай еліне адал, ағайындарына бауырмал, айналасына сыйлы адамның ұрпағы болғанымға мақтанамын.





**КУНАНБАЕВА**  
**Алма Сунгатовна**

Бывший заместитель директора по науке Акмолинского областного историко-краеведческого музея, отличник краеведения.

**Доненбаев (Сандыбаев) Шамжан (Шамшырак)** был репрессирован режимом в 30-е годы прошлого столетия за отношение к партии «Алаш Орда».

Алашординец Мухамедсалим Кошимов был близким другом, репрессирован, работал в журнале «Айкап».

Шамжан Доненбаев – уроженец Акмолинской области, района Биржан сал, аула Ангал батыр (Жана аул). Закончил медресе в Казани. В 30-е годы был назначен председателем аульного совета. Во время прибытия Сакена Сейфуллина принимал его в ауле, как дорогого гостя, на Кокшетауской земле.

После ареста С. Сейфуллина также был арестован. Дальнейшая судьба неизвестна...

Супруга Мариям апай с маленьким сыном умерла во время голода.

О Шамжане Доненбаеве упоминает известный академик, писатель-критик Есмагамбет Исмаилов в книге «Ақын және революция».

Единственная дочь Роза с 9-летнего возраста попала в детский дом в селе Казгородок (район Биржан сал), познала нелегкий труд; будучи пионеркой, активно включилась в движение за развитие животноводства – пасла телят, брала самые большие гурты, и в 13 лет стала победителем Республиканского соревнования, за что ее включили в состав делегации Казахстана на Всесоюзное совещание передовиков животноводства, которое состоялось в г. Москва; председатель ВЦИК СССР М.И. Калинин вручил Розе орден «Знак почета».

Роза Шамжанова – участница Великой Отечественной войны, воевала в частях связи до победного 1945 года. Награждена медалями «За боевые заслуги», «За победу над Германией». После войны успешно сдала вступительные экзамены в МГИМО (факультет востоковедения), получила



высшее дипломатическое образование, защитила кандидатскую диссертацию. Была избрана членом Президиума Всесоюзного Общества культурных связей с зарубежными странами, долгие годы возглавляла Казахское общество дружбы и культурной связи с зарубежными странами, затем работала заместителем министра социального обеспечения КазССР.



Өмірбаяным



**НҰРҒАСЫМОВ**  
**Алтай Нұрғасымұлы**

Мен, **Нұрғасымов Алтай Нұрғасымұлы**, 1936 ж. 15 мамырда бұрынғы Чкалов ауданы, Көкшетау облысына қарасты «Қарағаш» ауылында дүниеге келдім. Ауылдық мектепте жетінші сыныпты аяқтағаннан кейін, 1953ж. Көкшетау қаласындағы № 3 қазақ орта мектебінде оқуымды жалғастырып, 1955ж. осы мектепте үздік оқып, онжылдықты күміс медальмен бітірдім. Сол жылы Омбы қаласының ауылшаруашылық институтына «агроном-экономист» мамандық алу үшін оқуға түстім. Осы институтты 1960 ж. ойдағыдай аяқтап, Көкшетау ауылшаруашылық басқармасында аға агроном болып қызмет атқардым.

1961 ж. жаңа совхоздар құрылуына байланысты, жас маман ретінде жолдамамен Ленинград ауданы, «Айсары» совхозына бас агроном болып тағайындалдым. Осы совхозда 11 жыл бойы бас агрономдық қызметті атқардым, 1972 ж. наурыз айында Ленинград ауданы «Чистяков» совхозына директор болып тағайындалдым. Осы совхозды 15 жыл басқардым. 1986 жылы қыркүйек айында, осы ауданда, «Ащыкөл» элеваторына директорлық қызметке ауыстым, 16 жыл басқардым.

Жалпы алғанда бір ауданда 42 жылдан аса басшылық қызметті ойдағыдай, абыройлы атқардым.

Райхан жолдасыммен 60 жылдан аса тату-тәтті өмір сүріп келеміз. Осы жылдары 4 ұл мен қыз өсіріп, ұлды ұяға, қызды қияға қондырып, сегіз немере сүйіп отырған ата мен әжеміз. Жолдасым көп жыл ұстаз болып, жастарға білім берді. Өзім еңбек және тыл ардагерімін. Екеумізде еңбектің зейнетін көріп отырған бақытты отбасымыз. Мемлекетіміз көп жылғы еңбегімді бағалап, бірнеше орден, медальдармен марапатталдым.

Менің жазып отырған ойым, өзім туралы емес, өткеннен белгі қалсын деп, маған аталас ағалық жолы бар, Бүркітбай Көшбай ағаның бауыры Нұртаза Нұрташұлы туралы.

Ертеде біздің бала кезімізде ауылдың қариялары «Өткеннен белгі жоқ» деуші еді, соған сеніп қалатынбыз. Қазіргі заман бұқаралық ақпараттың



дамыған заманы, жаңарған заман. Тарихшылардың, ғалымдардың, акын-жазушылардың, дәстүрлі дінімізді уағыздап жүрген сауатты имамдардың арқасында өткеннен жақсы хабарды естіп, еңбектерін оқып жатамызда, өткеннен белгі бар екеніне сенеміз. Ертедегі шежіреге үнілсек, Бүркітбай ағаның атасы Оспаннан Көшбай, Нұрташ деген екі ұл туады. Нұрташ атаның жолдасы (бәйбішесі) бұрынғы Шымкент облысының тумасы болады (аты белгісіз). Осы кісі дүниеге бір ұл, бір қыз әкеледі. Қыз баласы (аты белгісіз) оқып, білім алып, өсіп, тұрмысқа шығады; ұлының есімі Нұртаза сол кезде 9-10 жас шамасында екен.

Нұртазаның әкесі Нұрташ Оспанұлы 1906 жылы Солтүстік Қазақстан облысында туған, діни медреседе хат танитындай, оқуға жарайтындай білім алған, оқуға зирек болған. Өмірде көргені көп, тоқығаны мол азамат екенін көрсете білген. Қандай жұмысты болмасын тағы адал атқарған, тәжірибесі мол болған, еңбегі бағаланып, партия қатарына алынған. Партия сенім артып, еңбекқор екеніне көзі жетіп 1932 жылы Қарағанды облысында ұйымдастырған мал өсіретін совхозға директорлық қызметке ұсынылады. Сеніп барып қызметке жауапкершілікпен қарап, адал еңбегінің арқасында басқарып отырған совхоздың экономикасы жылдан жылға дамып, мал басы молая бастайды. Жұмысшылардың әл-ауқаты, тұрмыстары жақсарады. Әсіресе малшыларға жақсы жағдай жасайды. Облыс бойынша абырой-атағы зор басшылардың қатарында болады.

Нұрташ атамыздың жұмысты адал абыроймен атқарып жүргенін қызғанышпен, көреалмай, арам оймен жүргендер болса керек. Адал еңбегіне қара ниетті бояу жағып, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетке өтірікті шындай жазып, арыз түсірген екен. Ол кезде жоғарғы билікке керегі жабайы адамдар емес, керегі болашағы зор жастар, білімді мамандар, интеллигенттер, елге жаны ашып жұмыс атқаратын тәжірибесі мол басшылар керек еді. Соларды ешқандай кінәсіз қуғын-сүргінге салды. Осындай жағдаймен Нұрташ атамыз 1937 ж. – саяси репрессия жылы – 3-ші қараша айында сотталып кеткен екен.

Түбінде шындық, әділеттілік жеңеді ғой. 1965 жылы 20 қаңтарда КСРО-ның Жоғарғы соты Нұрташ атаның ісін қайта қарап, ешқандай кінәсі жоқ деп, ақтаған екен.

Нұртазаның шешесі, жолдасы сотталғаннан кейін, баласын тастап, еліне кетіп қалады. Баланың үйінде жалғыз қалғанын естіп, әкеміз Нұрғасым Нұртазаны тұрған жерінен біздің үйге алып келді. Нұрғасым әкеміздің жолдасы Үрлән Нұрымқызы, елге белгілі әнші Беркімбай Нұрымұлының қарындасы болатын. Бұл жағдай туралы «Менің 80-нің сеңгірінен сыр шертемін» деген кітабымда жан жақты жазғанмын (148-бет). Нұртаза біздің шаңырақта өсіп, тәрбие көріп, үлкен азамат болып өсті, бірге жатып, бірге ойнап-күліп жүрдік. Нұртаза жасынан кішіпейіл, ақкөңіл, жаны жайсаң азамат еді. Әкеміздің қарамағында абыройлы жұмыс атқарды. Ер жетіп, үйленіп, отау құрды, үйлі-балалы болды жан жолдасымен бақытты өмір сүрді.



Нұртаза көп жыл теміржол бойында, күн-түн демей, жұмысын абыроймен атқарды, талай атаққа, марапатқа ие болды. Балаларыда әкесінің еңбек жолын жалғастырып, темір жол бойында жұмыс атқарды.

Алтай Нұрғасымұлы  
Еңбек және тыл ардагері  
27 қыркүйек 2023 ж.

**Мынандай орден, медальдармен марапатталдым:**

1. Орден «Знак почета», 19 ақпан 1981 жыл
2. Медаль «Еңбек ардагері», 6 қараша 2014 жыл
3. Медаль «За доблестный труд к100-летию В.Ленина», 23 наурыз 1970 жыл
4. Медаль «Құрметті ардагер», 14 наурыз 2015 жыл
5. Медаль «Тыңға – 50 жыл», 31 тамыз 2004 жыл
6. Медаль «Тыңға – 60 жыл», 11 тамыз 2014 жыл
7. Медаль «Тыңға – 25 жыл», 1954-1979 жылдар
8. Медаль «Тыңға – 30 жыл», 1954-1984 жылдыр
9. «Серебряная медаль ВДНХ СССР» 10/ХІІ-1982 ж.
10. Медаль «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы жеңіске 65 жыл», 19/ІІІ-2010 ж.
11. Медаль «70 лет Победы в ВОВ 1941-1945жж.», 19/І-2015 ж.
12. Медаль «75 лет Победы в ВОВ 1941-1945 жж.», 9/V-2020 ж.
13. Почетный знак Героя энциклопедии «Лучшие люди», 1 тамыз 2011 г.
14. «Қазақстан Тәуелсіздігіне – 30 жыл», 30/ХІІ-2021 ж.





**МУСТАФИНА**  
**Шолпан Акановна**

Жительница г. Кокшетау Акмолинской области, 1958 г.р.

Мой дедушка Аманов Абуталип Нуржанович 1893 года рождения, уроженец села Джамбул, Северо-Казахстанской области. Последнее место работы – Председатель Петропавловского областного суда. В сентябре 1937 года его арестовали и расстреляли. По какой статье не помню, однако он являлся алашординцем. Была большая библиотека и рукописи С.Сейфуллина. В сентябре 1937 года мой дед Аманов Абуталип Нуржанович перед своим арестом пришел к своему другу по имени Клен и сказал ему: «Меня заберут, я чувствую, мои дети останутся без меня». Моего деда арестовали и расстреляли недалеко от Петропавловска. В настоящее время мы собираем материалы о деятельности и причинах ареста деда Аманова Абуталипа Нуржановича. В газете Степной Маяк за 1991 год имеется информация о его реабилитации.




**Аманов Абу-Талип Нуржанович**  
**(1893-1937 гг.)**





**БЕРГУН (Темпель)**  
**Елена Александровна,**

Елена Александровна «Простор-Атбасар» аудандық газетінің бас редакторы. Өз жерлестері жөнінде біршама мәліметтермен бөлісті. Газетте жарияланған сталиндік репрессияларға ұшыраған тағдырлар туралы әріптестер біраз ақпараттармен сыр айтты.



Справка о реабилитации от 29.09.1993г.

## Депортация народов – трагедия поколений

История появления греков в Казахстане столь же драматична, как и судьба многих других народов, подвергшихся насильственному переселению во времена сталинских репрессий.

В годы репрессий в Казахстан насильственно были депортированы 800 тысяч немцев, 102 тысячи поляков, 19 тысяч корейцев, 507 тысяч представителей народов Северного Кавказа. Вместе с ними были депортированы и крымские татары, турки, греки, калмыки и представители других народов. В целом, если верить данным, было депортировано более 1 миллиона 500 тысяч человек.

Константин Иванович Терзиди по национальности грек. Он родился в 1938 году в селе Прохладное Крымского района Краснодарского края. А в 1942-м вместе с родителями был депортирован в Казахстан. Приехали в Сандыктавский район, село Сосновка. Как вспоминает Иван Константинович, было тяжело, климат другой, вещей и продуктов нет. Когда переехали, местные жители очень хорошо отнеслись к переселенцам, помогали, чем могли. И не было разницы, кто ты по национальности - казах, русский или татарин, делились последним.

Чуть позже семья переезжает в город Атбасар, где Константин вскоре решает жениться на девушке с такой же судьбой и очень красивым именем - Керекия Стилиановна Авримида. 7 января 1957 года они расписались, с помощью родственников построили дом по улице Тельмана. Пополнение в семье не заставило себя ждать, родился сын Иван. Практически всю свою трудовую деятельность Константин Иванович провел за рулем легкового автомобиля, за это время он проехал сотни тысяч километров, в последние годы перед пенсией устроился в РТБ, умер Константин Иванович в возрасте 75 лет после болезни.

Керекия Стилиановна работала в больничной аптеке, откуда и ушла на пенсию. Иван – единственный сын Константина Ивановича и Керекии Стилиановны, окончил среднюю школу №1. В 1975 году поступил учиться в Семипалатинский техникум торговли по специальности «товаровед пушного и мехового сырья», который успешно окончил и устроился работать в Атбасарский заготпромторг, там же он познакомился с девушкой Верой, которая впоследствии и стала его супругой. Иван Константинович очень тепло отзывается о жене: «Мне с ней очень повезло!» – говорит он. Вера Николаевна многие годы работала в торговле, в магазинах «Славянка» и «Магнит», и только в последнее время поменяла профессию - теперь работает в детском садике «Алтын бесик».

Семья у Ивана и Веры Терзиди большая: три сына – Константин, Иван и Николай, дочь Кристина. Сыновья окончили ту же школу, где учился их отец, получили средне-специальное образование, все нашли работу по душе. Константин и Иван женаты, у каждого есть дети. Дочь Кристина проживает с родителями.



Работа по реабилитации и восстановлению прав незаконно репрессированных граждан началась после приобретения Казахстаном независимости. 14 апреля 1993 года был принят Закон «О реабилитации жертв массовых политических репрессий».

Время быстротечно. Годы, как птицы, улетают без следа. Но историческая память народа хранит драмы и трагедии, выпавшие на его долю. Так же, как и в семье Терзиди хранится память о судьбе предков.







**АУБАКИРОВ**  
**Абубакар Хатуевич,**  
житель г.Атбасар

Абубакар Хатуевич 20.02.1934 г.рождения, 89 летний старейшина ингушского народа в г. Атбасаре. Исторически известно, что в 1944 году было нарушено конституционное право чеченского и ингушского народов, которых депортировали в Казахстан. Абубакар ата вспомнил и рассказал, как его 10 летнего с другими детьми семьи, отцом, матерью, другими братьями и сестрами из других семей депортировали из родного села на Кавказе в Казахстан 23 февраля 1944 года. Он полностью описал тяжелые годы жизни от начала депортации до наших дней.

«Отец 1904 года, а мать 1908 года рождения. Мой отец еще на Кавказе был на фронте, потому что в июне 1941 году началась война. Мы проживали в Чечено-ингушской АССР, Пригородный район, село Ангушт (сейчас село Тарское) От нас около ста километров было, когда советские войска отступили и в 1942 году и Моздок был оккупирован немецко-фашистскими войсками. У нас на дворе, в угловую «П»образную форму стена, пристройки, сарай, в общем большой двор был. Однажды приехали, как помню, прямо во двор заехали танки, техника с кухней и солдаты начали готовить еду на целый взвод или роту. И это длилось три года примерно. Мне всего 10 лет было. Отец прямо перед депортационной высылкой вернулся домой. Утром рано к нам домой зашли три солдата. Поздоровались и забрали отца к мечети на собрание. Там еще медресе было, я помню, двухэтажный с балконом. Шел мокрый снег февральский, слякоть, грязь на улице. Отец вернулся и говорит, что сельчан выселяют безоговорочно, что нункты сбора назначены по дворам села. А куда выселяют неизвестно. Собрать свои вещи первой необходимости и если есть подвод, лошадь с телегой можно сказали подвезти к машинам. Мамка помню большие подушки разтормошила гусиный пух и собирала узлы большие. В грузовые американские машины студбекеры, один за другим погрузили много людей. Потом затолкали в вагоны нас. Неопытные молодые водители солдаты помню, до сих пор скрежет, грохот в ушах слышен от стуков об вагоны. Мы вместе с отцом погрузились и выехали, сами незная куда по приказу, что то говорили про трудармию. А накануне у населения по аулу скот собирали для фронта. Кто телочку, кто корову... в семье нас



шестеро детей было и мать. Ни карточек, документов и фотографий не было. В вагоне было 18 семей. Ехали в вагонах поезда три недели где то. Приехали в Жаксы. А это хоть и было уже март месяц, но мы в лаптях, полуодетые, босые, сами знаете погода очень холодная, открыли вагоны сразу почувствовали холодный ветер. Встречали в Жаксы на санях с крупными быками, которые применяли на для вывоза навоза в животноводческих базах. Из железнодорожной станции Жаксы до Есильского совхоза около 100 километров. В сани сначала погрузили узлы с вещами, потом иать посадили обвязали одеялами и нас детей с нею вместе, а отец и отправленный встречать человек шли пешком рядом всю дорогу. Приехали глубокой ночью в совхоз. Распределяли каждую семью и многих еще дальше отправили в 12 километрах отделение совхоза, где условий никаких конечно, ведь это были фактически зимовья, построенные еще в 1932-1933 годы. Построены эти строения были только для зимнего содержания скота. Около тридцати наверно было таких домов с печками «буржуйками». Туда уже с рассветом добрались мы. Хорошо, что встречали уже подтопленными землянками-домиками. Отец устроился плотником в цех, тогда арба, то есть все мастерили телеги, брочки ремонтировали то плотники, то кузнецы. Помню казаха Капана с протезной ногой. Около года проработал отец там. Потом он заболел тифом, всего десять дней проболел и его не стало. И мы остались одни, мать с пятью детьми. Старше меня был брат Ахмед, ему 13 лет было, мне 11, еще трое братьев и родилась еще сестренка, она живет, ей 80 лет. Это были самые тяжелые годы, условий для жизни можно сказать не было, а отец умер практически из за недоедания, голод и болезни свирепствовали. Только привозили и выдавали, помню такой молодой человек был по имени Бостан, иждивенцам 200 грамм и рабочим 500 граммов хлеба. Думаю конечно отец не поев хлеба отдавал все нам детям.

В Казахстане уже потом в 1955 году выдали в Есильском совхозе паспорта. Комендант ездил и каждому вручал и записи делал. Нашу семью и многих односельчан можно сказать дважды выслали из малой Родины. Сослали в 1944 году, а в 1956 году была реабилитация, и разрешили выехать обратно на Кавказ. Произвели большие территориально-административные изменения. Наш Пригородный район Указом Президиума Верховного совета оставили за Осетией. Нас же поделили, что то из территории передали Дагестану, что то Чеченской республике, часть Ингушетии отошла Осетии, в общем поделили. Когда нас сослали центр Осетии был в Алагирии, потом центр перенесли в Владикавказ. И когда в эшелонах мы вернулись на прежнее место жительства до депортации, нас можно сказать не пустили и сказали езжайте к себе в Ингушетию. В нашем дворе уже был колхозный автопарк. Так около много лет метались и не знали постоянного места жительства. В 1972 году мы вернулись в Казахстан, мне было 38 лет».



**ОЗДОЕВА**  
**Роза Даудовна**

Редактор атбасарской районной газеты «Простор-Atbasar».  
Поделилась некоторыми подробностями о годах испытаний своих родителей  
в годы депортации.

**Мы выжили благодаря казахскому народу.**

(Воспоминания моих родителей - Дауда и Суннат Оздоевых).

Мы выражаем благодарность проявившим милосердие и толерантность в самые нелёгкие годы депортации, когда не по своей воле многие этносы оказались в Казахстане. Мы - ингуши и чеченцы с огромной благодарностью вспоминаем о роли казахов в судьбе наших народов, особенно в первые годы депортации. Наши старшие всегда рассказывают, как нелегко им было выжить. Вы только представьте: казахи, не успев оправиться от голодомора в 30-е годы (а он унёс жизни более трёх миллионов человек), умудрились принять другие народы, тем самым, проявив милосердие и толерантность.

Как проходила депортация? Через что пришлось пройти целым народам? Что они пережили? И как заново учились жить, вдали от своей родной земли? Я с детства слышала рассказы родителей о том, как они приехали в Казахстан, лишившись своей Родины. Вот, что вспоминает мой отец Дауд Оздоев:

- Мне было восемь лет тогда, но я все отчетливо помню, рано утром нас разбудила мама, сказав, что нужно собираться в дорогу. До этого солдаты, обойдя все дома, собрали всех мужчин с 14 лет в мечети, якобы на собрание. Там всем объявили, что всех переселяют в Сибирь, сразу предупредили, что с собой нужно взять только самые необходимые вещи. Вначале все молчали, ничего не понимая, а потом стали возмущаться, но поверху начали стрелять из пулеметов. Дали понять, что возмущаться не стоит. Затем нас всех погрузили в вагоны для перевозки скота, и мы отправились в неизвестность, не понимая, что вообще происходит. Ехали очень долго, больше двадцати



дней, в голоде, холоде и страхе. Помню, как уже в дороге, люди пытались спрятать тела умерших родственников, женщины прятали умерших детей, закладывали их вещами. Но солдаты приходили, обыскивали и выносили их на снег. Там же и оставляли, на краю дороги. Хоронить было невозможно: поезд не стоял, чтобы можно было вырыть могилу. Не знаю, куда эти трупы потом делись, больно об этом вспоминать.

Наша семья попала в отделение Жумыскер совхоза «Запорожье». Вначале было очень трудно, без крыши над головой, без еды, без работы, время-то военное. Местные жители сами жили очень тяжело, практически впроголодь. Мужчины все на фронте. Но, несмотря на тяжелое положение, местные жители делились с нами, в буквальном смысле, последним куском хлеба. В школе я проучился всего два класса, не было одежды, не было еды, и в 12 лет пошел работать. Так жили практически все. Мы выжили благодаря братскому казахскому народу, который, несмотря на все устрашения со стороны правоохранительных органов, не дал погибнуть нам от холода и голода. В своих ежедневных молитвах я прошу у Всевышнего мирного неба для всех. Мы с супругой давно уже на пенсии, нам по 85 лет, всю свою сознательную жизнь мы прожили в Казахстане, бок о бок с нашим братским казахским народом, общие были у нас праздники и общие трудности, всегда помогали друг другу. Тут родились и выросли наши дети (три сына и три дочери), одного, к сожалению, уже потеряли. Все дети получили образование и трудятся на благо Казахстана. Хочу пожелать моей второй Родине, всем моим соотечественникам процветания, мира, согласия, здоровья и счастья, - говорит отец.

Помню в детстве, как родители, разговаривая между собой на ингушском языке, вдруг переходили на казахский, чтобы мы, дети, не понимали, о чем речь, для нас по сути, это были первые уроки казахского языка. Моя мама Суннат Оздоева окончила восемь классов казахской школы, в совершенстве владеет казахским языком (читает и пишет) и считает его родным языком. С огромной благодарностью всегда вспоминает своих односельчан, тех, кто помогал им выжить в те трудные времена.

- Первые годы ссылки были очень тяжелыми, из-за отсутствия жилья многих прямо в степь высадили. Нас было одиннадцать детей и двое родителей, младшему было несколько месяцев от рождения, мне было 7 лет тогда. Старший брат воевал, он позже к нам приехал, когда всех, кто защищал нашу Родину, воюя с внешним врагом, стали отзывать из действующей армии и отправлять прямиком в ссылку, - рассказывает мама. - В первый же год болезнь унесла двух моих старших братьев, отец от всех переживаний, и из-за потери сыновей слег и вскоре тоже покинул этот мир. Мама осталась одна с детьми на руках, без крыши над головой, без работы, без средств на существование. Мы, дети, брались за любую работу, рано пришлось повзрослеть. Мне очень хотелось в школу – учиться, к знаниям у меня была





особенная любовь. Вскоре моя мечта сбылась, и я пошла в школу. Первое время приходила на третьи уроки, раньше не получалось, нужно было работать. Училась я очень хорошо, первое время казахского языка не знала - заучивала все наизусть. Теперь казахский язык - второй, родной язык мне, а Казахстан стал второй Родиной.



С огромной благодарностью вспоминаю всех, кто помогал нам в эти трудные для нас годы. Детство мое проходило в селе Кызылту Есильского района, помню бабушку, мы ее звали Бибатба-апа, ей было около ста лет, она и ее сын Айтпай всегда нам помогали. Как то я попала к ним в дом, апа подозвала меня к себе жестом руки, отломил кусочек от таба нан (хлебная лепешка) вложила мне в ладонь и показала жестом, что это мне, затем отломил еще кусочек и так же вложив мне в ладонь сказала на казахском, что это маме, я поняла ее. Сейчас я это вспоминаю со слезами на глазах, ведь эти два кусочка хлеба она отрывала от своей семьи.

Смағул аға и его супруга Қайша аже, пришли к нам, познакомились и сказали, что вместе будем встречать наши мусульманские праздники - Айт и Курбан-байрам. Однажды в селе зарезали барана, давали Тасаттык, прося Всевышнего о дожде и маме сказали, чтобы она пришла со всеми детьми, тогда мы, дети, наелись вдоволь, а маме еще и продукты дали. Уже будучи взрослой я поняла, что таким образом нам помогали выжить. Можно говорить много о том, что мы пережили. Но, вместе с тем, надо думать и о будущем, сделать все, чтобы такие трагические дни, больше никогда не повторились.



Лишь в 1957 году, после развенчания культа личности Сталина, чеченцам и ингушам разрешили вернуться на Родину. Вайнахский народ выстоял, сохранил свой сильный дух, не потерял своего достоинства, сохранил свою национальную самобытность, национальное самосознание и надежду на будущее. Огромную роль в этом сыграло участие братского казахского народа.



*Оздоева Суннат с братом Моули Хутиевым*



**Қайыржамал Қонысбайқызы,**  
Атбасар қаласының тұрғыны.

### **Менің әкем туралы**

Өлмедің сен, ізің бар артта қалған,  
Ол сенің өсиет құран – кітаптарың,  
Ол сенің артта қалған ұрпақтарың,  
Адалдықты мура еткен сенен қалған!

Әкем Ваисов Қонысбай 1904 жылы 15 маусымда Көкшетау облысы, Балкашин ауданы, Новый городок ауылында орташа шаруасы бар отбасында дүниеге келген. Әкесі төте жазумен ескіше хат танитын сауаты бар, ауылдың молдасы болған. Әкемнің сауатын ашуды әкесі үйретеді. 1919 жылы Полтавка деген ауылда екі жылдық орыс – қазақ училищесіне қабылданады. 1923 жылы Омбы қаласындағы оқытушылар семинариясын бітіреді.

Ұстаздық жұмысын Зеренді ауданында шағын қазақ ауылында бастайды, мектептері жоқ ауылдарда мектеп курстарын ашады. Білім жолында тәжірибесі мен біліктілігі арқасында беделді ұстазға айналады. Қоғамдық саяси істерге араласады. «Қазақ» газетінде жұмыс істейді. Қазақ жастарының басын біріктіріп үгіт – насихат жұмыстарын жүргізеді, жаңа өмір орнатуға жұмылдырады. Адамдар жиналған жерде, тәрбие туралы, балалардың болашағы туралы көп әңгіме айтатын. Сауатсыз болмасын деп білімдікке, имандылыққа тәрбиелейтін.

1929-1931 жылдары халық көтерілісінде Сталин мен Голощекиннің тәртібіне қарсы шығады. Сталиннің атына бірталай хаттар жазыпты. Ол хаттарда қазағымыздың аштан қырылып жатқанын, діни сенімге қысым жасалғанын, балаларды қазақ тілінде оқыту керек екенін, қазақ тілінде газет шығуы тоқталмауын айтып, бастама көтерген екен. Ұжымдастырудың кесірінен халыққа қысым жасалмауын, егін екпейтіндерге астық салығы салынбауын да айтыпты. Дін бостандығы берілсін, діни салттар мен шараларға кедергі болмасын деп сұрапты.

Сөйтіп менің әкем Кеңес Үкіметінің алғашқы жылдарындағы аумалы – төкпелі заманды, одан кейінгі алапат ашаршылықты басынан өткерген.

30 жасында «Комсомол» газетінде жұмыс атқарды. 1938 жылы әкем репрессияның жазықсыз құрбаны болып, Сібірге жер аударылды. 1946 жылы еліне оралады.

Шам жарығымен өткізген кештерімізде Сібірде жазықсыз сотталған жолдастарын еске алатын. Ашаршылықтан тартқан азабын, жақындардан айырылып, айтқан ақылы: «Жүректерінде иман болсын, ойларың таза болсын, адал болыңдар!»

Әкемді еске алсам, көзіме жас келеді. Жазған хаттары жадымда әлі жаңғырып тұр.



Зейнеткерлікке шыққанда әкем Ақмола облысының Атбасар қаласында өмірінің соңғы күніне дейін имам болып жұмыс атқарды. Қаланың «Құрметті азаматы» болды.

Ұзақ жылдарғы еңбегі үшін әкем бірталай «Мақтау қағаздары» мен медальдардың иегері болған азамат. 1970 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталады. Оқу министрлігінің «Қазақ ССР Халық ағарту ісінің озық қызметкері» медалі, Ақмола облысының халық депутаттары кеңесінің шешімімен «Еңбек ардагері» медалі және бар.

Ең ауыр күндерінде әрқашан әкемнің қасында болған, балаларын ашаршылықтан, қуғыннан сақтап қалған Айсұлу шешміз болатын. Әкем екеуі 3 ұл, 4 қыз тәрбиеледі, бәріне білім, тәрбие берді. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған бақытты жұбайлар болды.

1989 жылы 2 ақпанда әкем 85 жасында өмірден озды. Екеуінің зираты туған жерінде, Новый Городокта, бір күмбезде. Мүмкін бұл мәңгілік махаббаттың белгісі болар.





**Қабыкен Жұманғалиұлы  
ҚОНҚАЕВ**

Өлкетанушы, тарихшы

Қабыкен Көкаев 1943 жылы туған. Негізгі мамандығы-Тарих және қоғамдық пәндер оқытушысы. 1972 жылы Қазақ мемлекеттік университетін, 1981 жылы Қазақстан ОК жанындағы Алматы жоғары партия мектебінің журналистика бөлімін бітірген. Шағалалы ауылының тұрғыны, ардагер-ұстаз, тарихшы, Қазақстан Республикасы Журналистер Одағының мүшесі Автордың «Қайранкөл: Зерттеулер, шығармалар, естеліктер» атты туындысында жарияланған.

### **Жала мен нала**

(Әкесі Ә.Б.Илиясов туралы ұлы Қазақстан Әубәкірұлының әңгімесі)

Сегіз жұмыстың есігін ашамыз, ұрпақтарды ұшпаққа жеткіземіз деп жалаң да жағдай даурығуымен ұрандаған сонау 1917 жылдың қазан төңкерісінен 1941 жылғы екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі жылдардың халық мойнына түсірген ауыр тағдыры мен тәлкегін, зобалаңы мол, запыраны ащы дәмін ел қайдан ұмытсын. Сол тұстағы саяси қуғын-сүргіннің зымиян қулығы мен айласына, қыл бұраулы құрығына ілікпеген қазақтың небір ақ маңдайлы азаматтары, ел бастай алатын косем-қайраткерлері, ойлы да зерделі шешендері, тамаша ғалымдары, білімді, өнерлі, талантты жақсы-жайсандары, Алаштың ардақ тұтар атпал арыстары кемде-кем болды.

Саяси қуғын-сүргіннің ақтаңдақтарын, «ер басына күн туған» зарлы заманның улы запырандарын, сол кезеңдердегі солақай саясаттың соқыр содырлықтарын жас кезімізде еміс-еміс естігеніміз болмаса, істің мәнісін жете танып, терең түсіне бермейтінбіз. Кешегі Кеңестік авторитарлық жүйенің көптеген ұлт азаматтарының жастық жалынды шағына балта шауып, нақақтан-нақақ жала жауып, жандарына жара салғанын, халқымыздың алдыңғы қатарлы, көзі ашық, көкірегі ояу қаншама ұлтжанды ұлдары мен қыздарын жапа шектіріп, атып, асып, түрмеге қамап, итжеккенге айдатып, қуғын-сүргін салғанын кейін ғана ашып анықтай түстік. Ел үшін, ұлты үшін, болашақ үшін қудаланып, жазықсыз жапа көргендер, атылып кеткен





боздақтардың барлығы да ақталып, олардың бүгінгі ұрпақтары ауыр наладан арылды.

Сонау саяси қуғын-сүргін жылдары жазықсыз жала жабылып, «халық жауы» атанып, нақақсыз атылып кеткен осындай ұлтжанды ұлдардың бірінің ұрпағы менмін. Бүгінгідей қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні мен де жазықсыз атылып кеткен қайран әке Әубәкір Байжанұлы Ілиясов туралы айтып, толғанбай тұра алмадым.

Менің әкем кұжаты бойынша 1906 жылғы, ал анығында 1908 жылы туыпты. Әкемнің ата-анасы дүниеден ерте өтіпті. Ол кезде әкем небәрі 10 жаста екен. Екі апасы, Оразалы деген інісі, Қапиза деген кіші қарындасы болыпты. Бір апасы Зағила Қаскатау ауылының тумасы Шабан дегенде, екінші апасы Зағипа Жосалы ауылында Бек деген кісіде тұрмыста болған. Бұл қазан төңкерісіне дейін болған жағдай.

Тұрмыс ауыртпалығынан Қапиза ерте дүниеден өтті. Әкесінің жалғыз інісі Балтабай үш балаға камкоршы болып қалады. Балтабай атамыз өмір бойы үйленбеген екен. Әр жылдары Қаскатауда, Зерендіде, Петропавлда тұрған ол үнемі кедейшіліктен арыла алмаған. Петропавлда Шынтас деген жиенді паналап сонда барса керек. Онда әкем інісі Оразалыны балалар үйіне орналастырады, оқуға беріп, сауатын ашады, оқуға зерек болады.

Әкем сол кездегі Бостандық болысы Насыров дегеннің ақылымен Көкшетауга келеді. Бірақ балалар үйін паналап, әркімнің есігінде жалшылықта жүреді. Кешкілік ересектермен бірге оқып, сауатын ашады. Сөйтіп, Көкшетау уездік комитеті 1924 жылдың қазанынан 1925 жылдың қыркүйегіне дейін Петропавл қаласындағы қырғыз (қазақ) кедейлерінің мектебіне оқуға жолдама береді. Осы мектепті ойдағыдай аяқтайды да Көкшетауда уездік комитетте жұмыс істейді.

1925 жылдың қыркүйек айының соңында Ақмола губерниялық комитеті Мәскеуге әріп терушілер курсына оқуға жібереді. Оны 1926 жылдың мамырында тәмамдап, Көкшетауда өз мамандығы бойынша жұмыс болмағандықтан уездік атқару комитетінде іс жүргізуші болып қызметке орналасады. Осы уездік комитет әкемді 1927 жылы Бурабай орман шаруашылығы техникумына оқуға жібереді. Бірақ тұрмыс ауыртпалығынан техникумды аяқтай алмайды.

1928 жылы уездер таратылып, оның орнына аудандар құрылады. Әкеміз осы кезде Көкшетау аудандық атқару комитетінің төрағалығына ұсынылады. Бұл қызметті бір жыл атқарады. 1930-1931 жылдары Төңкеріс ауданындағы №13 кой совхозына партия ұйымының хатшысы болады. Ал, 1931-1932 жылдары Коновалов МТС-інде төрағаның саяси орынбасары қызметін атқарады. Төңкеріс ауданындағы бұл қызметтерден сон әкеміз 1934 жылдан 1935 жылдың ақпанына дейін жер және совхоздар кәсіподағының Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің төрағасы міндетін атқарады.

1935 жылдың басында Көкшетау ауданынан бөлініп, Зеренді ауданы шаңырақ көтереді. Әкем осы ауданның атқару комитетінің ен бірінші төрағасы болып сайланды. Мұнда ол 1937 жылдың жаз ортасына дейін



қызмет істейді. Кейін Щучье аудандық атқару комитетінде жоспарлау комиссиясының төрағасы болады.

Мұрағат деректеріне қарап отырсам, әкем 1924 жылдан комсомол мүшесі, ал, 1927 жылдан өмірінің соңына дейін ВКП(б) мүшесі болған екен.

1938 жылдың 11 қаңтарында Щучье аудандық партия комитетінің бюросы «Ә.Б.Ілиясов «халық жауы» ретінде партия қатарынан шығарылсын» деген қаулы қабылдады. 1938 жылдың 14 наурызында Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бюросы аудандық комитет қаулысын бекітіп, сол күннен Петропавл қаласының түрмесіне қамауға алынады. Сонда әкем небары отыз жаста екен.

Әкем түрмеде жеті ай бойы қаншама зорлық-зомбылық көреді. Анамыз бірнеше мәрте барғанда оған жолықтырмаған. Соңғы рет барғанда кірлеп, әбден тозған, қан тамшыларының кепкен дақтары бар көнетоз күртешесін анамызға тапсырған көрінеді. Үйге келген соң күртешені қарап отырып, астарын секкенде сыя қарындашпен, латын әрпімен жазылған «Болмаған істі болды деп қол қойдырды» деген жазу шыққан.

Сонымен 1938 жылдың 4 қазанында Солтүстік Қазақстан облысы НКВД үштігінің қаулысымен Кеңес үкіметіне қарсы, ұлтшыл, жапон барлаушысы деген кінә тағылады да, еш жазықсыз атуға үкім шығарылады. Ертеңінде Қызылжар түрмесінде атылып, үкім орындалады. Осылайша әкеміз Әубәкір Байжанұлы Ілиясов қуғын-сүргін жылдары солақай саясаттың құрбаны болып кетті.

Мен әкемнен жастай қалдым, тәрбиесін де ала алмадым. Басқа қиыншылық түскен соң ерте есейдім. Жас кезінде білмеген әкемнің өмір жолын, еңбегін зерттеп, іздей бастадым. Жоғарыда жазылған деректер соның нәтижесі. Соны біліп, ұғынып өскен балаларымның, немерелерімнің ұлы аталарының бүгінгі тәуелсіздік жолындағы өмір жолын мақтанышпен атай жүретіндігі сөзсіз. Ұрпаққа қалдырар бір ұлағатымыз осы болса керек.

«Арка ажары» газетінің 2008 жылдың 31 мамырында жарық көрген мақаласының нұсқасы беріліп отыр.





**АЙТҚҰЛОВ**  
**Мұрат Тлеуғабылұлы**

Көкшетау облысы Айыртау ауданы Сарыөзек ауылының тумасы. 1940 жылы 10 апрельде туған. Қарағанды медицина институтының деканы қызметін, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің доценті. Кафедра меңгерушісі қызметін атқарған. Медицина ғылымдарының кандидаты. Зейнеткер. Қазіргі кезде Қарағанды қаласында тұрады.

Арғын–атығайдың Бәйімбет ішіндегі - уанас – сары деген атасынан тарайтын Жетібай Байөкшеден - Байғабыл, Тлеуқабыл Байғабылдан 6 ұл, 5 қыз Молдахмет, Сейтен, Жетібай, Айтқұл тараған. Біздің аталарымыз осы өңірде алғаш егін салып, шаруаға ықтиятты болған адамдар екен. Төңкерістің алдында әжәптәуір егіні, пар өгіздері басқадай мал-мүлкі болған дәулетті адамдар болған екен. Содан 1928 жылы тәркілеу – кәмпеске басталғанда жаңа өкіметке бүйрегі бұрып тұрған шолақ белсенділердің біреуі мыналар құлақтың балалары, байлардың қалдығы деп көрсетіп жібереді. Осы хабарды күні бұрын естіген жанашыр біреулер біздің әкелерімізге жеткізген екен. Содан ертеңгі күнге қаратпай, түн ішінде тік көтеріліп «ішке» көшіп кеткен екен. Тәркілеу мен аштық жүріп жатқанда сол Ресей жағын паналап отырады. Осыдан кейін елге 1930–шы жж. соңында оралған кезде мыналар бай-құлақтың қалдықтары деп көрсетеді. Менің әкем мен бірге туған ағайындарымен бірге бір түнде ОГПУ қызметкерлері мен қырқымнан шықпай жатқанда тұтқындап алып кеткен. Содан қайда әкетіп, қайда қойғанын білмедік. Бертін келе ес жиып, азамат болғанда әкемнің ізін іздей бастадым. Қызылжарға хат жазып іздеу салып едім, онда ол кісінің ізі табылмады. Ақыры сіздің әкеңіз 1940 жылы Жезқазғанға жіберілген деген хабар келді. Содан Жезқазғанға іздеп барғанымда сіздәі әкеңіз 1942 жылы ауырып қайтты деген бір тілім қағаз алдым. Сол репрессияға ұшырағандар туралы кезінде үлкендерімізден қанша сұрасақ та сол кісілер тіс жарып ештеңе айтпады. Соның ішінде «халық жауының қызы атанып», неше түрлі қиындықты бастан кешкен әбден аузы күйіп қалған менің әпкем 1924 жылы туған Мәруәр де бар. Ол кісі де ол уақыт туралы ешқандай әңгіме айтпай кетті.



**Өмірбек Арыстанғалиұлы  
ДӘУЛЕТКЕРЕЕВ**

Тарихшы- мұғалім. Зейнеткер. Көкшетау қаласының тұрғыны.

### **Жазықсыз қудаланған Оңайбай.**

Мен 1957 жылы туғанмын. Бала кезімнен қалыптасқан бір мінез, осы күнге дейін жалғасын тауып келе жатыр. Менің жеке мұрағатымдағы көк дәптердің қаншамасы бар. Ішінде, мыжыған әңгімелерден гөрі- біздің ауылдан шыққан тұлғаларды біраз тізімдеп, бала тілімен, жадағай оймен жаза беріпмін... Оныншы сынып оқып жүргенде, естіген дүниелерімді дәптеріме қаттап, осы бүгінге дейін әлі қайда көшсем де, бірге алып жүрмін. Сөздің ауырлығы нардай деуші еді әкем марқұм, түп-қиянымызда жоқ «сөз дертімен ауырғаның дұрыс болмады, балам, ертең досыңнан гөрі, жауың көп болады ғой!»-деп кейісі бірде. Әрине, тарихи дүниелерді жазу, сызу оңай шаруа емес! Әттегені-ай, біраз жыл қолымды мезгілінен кеш сермедім. Сол кезде ауылдың қарияларының аузынан шыққан әңгімелердің барлығы «есті» еді. Қазір ғой, аға буынның аузынан күнделікті күйкі тірліктің ұзын-ырғақты, бірсарынды әңгімесін ғана тыңдаймыз. Қадырдың қашқаны, қарынның ашқаны сол...

Біздің ауылдағы қарашаңырақ қазір бос тұр. Қаланың тірлігінен шаршағанда, ауылдағы жабық тұрған шаңырақтың есігін ашамын деп үнсіз ойланамын. Бірақ, қолбайлау тірлік, баяғы күнкөрістің қамы, жетпей жатқан қаражатты олай тартып, былай тартып, ақыры биылша үмітті үздік. Иә, сол қара шаңырақтың жұрты Оңайбайдың жұрты дейтін әкем марқұм.

- Оңабай кім болған?

- Бай болған, - дегеннен әрі аспайтын. Санамда қалып қойған бірауыз сөз «бай болған...» күні бүгінге дейін миымды күн сайын сұраққа айналып, ойланып жүретінмін. Бай болса, деме кешегі қилы заманда зобалаңнан аман қалған, мықты кісі болды ғой деп, өзіме жазу үстелімде отырып, ойланатын едім. Қазір сұрайтындай аға буынның біразы баяғы жетпіс жыл бойы, сайда саны, құмда ізі қалмаған советтік системаның мектебінен шыққандықтан иықтарын қиқаң еткізіп «білмедік, жай бала кезімізде көрдік», -деуден әрі



аспайды. Бертін Оңайбайдың үрімін тауып алып, сұқбаттастым. Біраз сырластық. Біраз дүниенің анық-қанығына көз жеткізіп, әңгімелестік.

Бурабайдың батыс жағына қарай орналасқан Қаратал, Қарабатыр жұртында баяғыда шағын ауылдар тұрған. Қараталды бертің ел «Ленин жолы» атап кетсе, ал Қарабатыр жері тың игеру жылдары егістік даласына айналды. Бұл жер, патша тақтан құлап, қазақ даласына дүмпу келмей тұрып Нұрмұхамед байдың тұрақты жері болған екен һәм қыстауы. Жаз жайлауға көшіп, қыс осы жерге келіп, арқа-жарқа өмір сүріп жатқан Нұрмұхамед тиыннан теңге сауып, қараулық қылған емес, таза адал еңбегімен мал тауып, сосын барып, ағайын туыстың басын құрап, сол ағайынға басбілгі болған, еліне қадірлі азамат болады. 1916 жылы төңкеріс басталып, билік басына қызылдар келіп, шолақ белсенділер атқа қонып, таққа отырған уақытта қазақ даласының басына қалың бұлт үйірілді.

Иә, бұл төңкеріс қазақ даласына шаттық пен бақыт, қуаныш пен ізгілік әкелген жоқ. Қаншама қазақтың сүт бетіне шығар, еліне қадірлі азаматтарының басына қыл бұрау, ноқта түсірді. Нұрмұхамед жас кезінде қалалық жерге барып, жұмыс істеп, сол алған еңбекақысын жинап, азын-аулақ малмен көтерілгендіктен жеңгелері еркелетіп оңай байыдың деп, азан шақырып қойған «есімін - Оңайбай» деп қояды.

Лениннің бастамасымен ресейде кулактарды тап ретінде жою керек деген қаулы шығысымен, алғашқы кәмпескеге осы төңіректен ең бірінші Оңабай ілінеді. Қазіргі ұрпақтарының айтуына қарағанда 1921 жылы Қарабатыр қыстауында отырған Оңабайға қызыл әскер келіп, алдымен барлық мал-мүлкін тізімге алып, өзін жер аудару туралы үкімді оқиды. Құдай-ау, таза еңбегімен көтеріліп, өз қолы, өзіне жетіп, құдайдың берген ырыздығын бір өзі жемей, ағайынмен бөлісіп отырған Оңабай жер аударылып кете барады.

Ал енді Оңабайды көзбен көргендердің айтуына қарағанда «өте пысық, алғыр, сөзшең кісі еді», - дейді. Қазіргі күні Көкшетау шаһарының тұрғыны, Тасыбай Оңабайбаев атасы жайлы былай деп еске алады.

- Атам жүзге келетін еді, тоқсан тоғызға келіп, жүзге жақындағанда көзі көрмей қалды. Өткенді көп айтпайтын, ол кезде заманның қатқылдау уақыты, елдің ішінде баяғы мыс жүректі Сталин салған лаңнан елдің барлығы қорқып, жүрегі шайлығып қалған. Атам марқұм текті еді ғой. Тек шаруаның адамы болатын. Өмірінің біразы осы төңіректе қудаланумен болды. Қайда барса да, алдымен баяғы «бай, қанаушы» деген сөз тұрды. Қарабатырдан жер аударылып, мына «Ханский» дейміз қазіргі Кенесары ауылына жақын, Мұжықай жерін паналайды. Қараша киіз үйді де қалдырмаған ғой. Сыпырып алған. Әйтеуір басының амандығын тілеп, қызылдар жер аударған соң, жарлық қатты, жан тәттімен өмір сүрген.

Қазір ғой, сол ХХ ғасырдың бас кезіндегі қиындықтардың барлығы жазылып айтылып жатыр. Ақ қашып, қызылдар қуып дүниенің дидары бұзылып жатқанда, барлығымызға белгілі Жақан Сыздықовпен атамның



көңілі жақын, сыралғы дос болған ғой. Екі кештің арасында Сәкен Сейфуллинді алып келіпті.

- Оңабай, мына азамат қазақтың Сәкені, ақтар іздеп жүр. Сенің үйінде жатып, көзден таса болсыншы,-деп аманаттайды. Бір айға жуық Сәкен қадірлі қонағым болды. Бір айдан соң, қос атпен қазіргі Макинск қаласына (ол кезде қазақтар Мәтен» деген. Мәтенге дейін жеткізіп тастадым. Қазақтың атақты Сәкеніне мініп барған атты сыйлап жібергем, -деп отыратын,-дейді немересі Тасыбай.

Ойды ой қозғайды. Биылғы жылы жолым түсіп Егіндікөл ауданына қарасты, Көркем ауылына жұмыс сапарымен барып, ауылдың қарияларымен тілдестім. Осы ауылда «Әуілдек» деген көл бар екен. Жалпы қазіргі күні, ел аузында жүрген «Әуілдек» жайлы әнді халық әні деп жүр, халық әні емес-Сәкен Сейфуллиннің әні,-дейді көркемдік қариялар. Өйткені, аталарымыз айтып отыратын «С. Сейфуллин осы Әуілдекті паналап, ақтардан қашқанда осының қамысында болды, ас-су апарып тұрдық»,-деп. Сәйкестік бар. Оңабай байдың үйінен шыққан соң, бәлкім С. Сейфуллин, осы ауылға ат басын бұрды ма деген менде сұрақ тудындады. Жарайды, бұл тақырыпқа тағы да бір айналып соғармыз.

Дүние-мүлікті сыпырып, сиырып тартып алған қызылдар, Оңабайдың соңына шам алып түседі. Мұжықай жерінде (Абылай-хан ауылының оңтүстігіне қарай орналасқан) отырған Оңабайды, тағы қудалай берген соң (сол кездегі Фрунзе) қазіргі Абылай-хан ауылына көшіп келмекші болады. Бірақ, рұқсат бермейді. Амандық ауылы мен Абылай-хан ауылының ортасында, Қарабауыр ауылының іргесіндегі Сулықамыс деген жерге жер аударады. Бұл жерде бірер жыл өмір сүріп, Фрунзе ауылына келіп қоныс тебеді.

Бір қызығы ол кезде біздің халқымыз көшпенді болғандықтан картоптың не екенің, оның қалай егіп, қалай өнім алатындығын білмеді. Тіпті оны орыстың тамағы, шөп-шалам деген ұғыммен тақа жақтыра қоймады. Ел аяғы басылып, қазақтың басына ағаш ноқта мықтап орнығып, советтік жүйенің күшіне енген кезінде, аздап болса да Оңабай еркіндік сезінеді. Бірақ, үш әріптің адамдары сыртынан құлақ түріп, жай күйін біліп, қандай іспен айналысып жүр?-деп сұрайды екен. Ада...

Менің ұлы атам Бексұлтанов Шәрни Дәулеткерейұлы - Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Сырымбет ауылында туған: 1907 ж . Ұлты - қазақ.

Менің атам Бексұлтанов Шәрни Дәулеткерейұлы 1895 жылы туған. Қайтыс болған жылы, күні, жері әлі күнге дейін белгісіз. Шәрни Дәулеткерей бабамыздың үш ұлының ішіндегі кенжесі- шаңырақ иесі екен. 1920- жылдары Сырымбет округі ауылсоветте әскери комиссар болып қызмет істейді. 1932 жылы мынау төре-бай тұқымы «халық жауы» ол жерде неге қызмет істейді деп көрсетіп жібереді. Содан көп ұзамай НКВД –нің қызметкерлері тура жұмыс кабинетінде тұтқындап алып кетеді. Сол кезде менің менің әкем Арыстағали бесікте жатқан бес айлық бала екен. Өз әкесінің түрін білмей,



жүзін көрмей өседі. Белгілі тарихшы Арман Қияттың айтуынша Солтүстік Қазақстан өңірінде Уәли ханның тұқымдары Шәрни Бексұлтанов, Сәкен Махмұтов, Нұртаза Сәкеновтың ұйымдастыруымен антисоветтік «Жат» жасырын ұйымы 1929 жылы тамыз айында құрылып, ақыры сотталады. Олардың шыққан тегі «айрықша құқықтағы ру төре – ақсүйек» деп көрсетіліпті. Осы күнге дейін атамыз Бексұлтанов Шәрни Дәулеткерейұлының ақталғаны немесе ақталмағаны туралы қолымызда не құжат, не ол кісілердің фотосуреті де болмай отыр. Осы кісі туралы қандай да бір мәліметті, ол кісінің тағдыры туралы біз ұрпақтары білгіміз келеді. Әкеміз, ол арманына жете алмай кетті. Төре тұқымдары кейін совет өкіметінің саясаты жұмсарған тұста да жат элемент деп саналғандықтан, ол кісі өз әкесін қатты қуалап іздей алмады. Енді тәуелсіздік заманы туған кезеңде сол әкеміздің армандаған аманатына біз жетсек екен.



**ШӘРИЕВ**  
**Орал Пазылұлы,**

Көкшетау қаласы тұрғыны. Нағашы атасы Зейнелғабиден  
Қазымбетұлын іздейді және ол туралы естеліктер.

Солтүстік Қазақстан облысы Октябрь ауданы Бестөбе ауылынан соғысқа алынған. Олар ұлы нағашы атамыз Қазымбеттен үш ұл: Зейнелғабиден, Қалиасқар, Нәбиден және біздің анамыз Зурә Қазымбет атамыздың ұлы Зейнелғабиденнің қызы. Зейнелғабиденнен ұлы Асқар және біздің анамыз – Зурә туған. Біздің анамыз соғысқа дейін 1939 жылы туған, әкесі соғысқа аттанғанда аяғын жаңа басып жүрген сәби екен. Нәбижан Мәскеу түбінде қаза болды деген қара қағаз келген. Ал Қалиасқардың қай жерде қаза болған жері белгісіз. Ал Зейнелғабиден сол кеткеннен хабарсыз кетіп, 1952 – ші жылдар шамасында араб қарпімен жазылған екі хат жазған. Хатында амансыңдар ма көзімнің ағы мен қарасы деп жазған екен. Екінші хат келгенде пошташы әйел канторға апарып берген. Ертеңіне 15 жасқа жаңа толған анамыздың ағасы Асқарды сельсоветке шақыртып, бірінші хат қайда деп сұраққа алып соққыға жыққан. Нағашы атасы Қазымбет баланы канторға алып кетті дегенді естісімен канторға жетіп келеді. Бойы екі метрге жуық қарулы кісі болған атамыз ол баланы ұрғанша мені ұрындар деп, канторға келген НКВД қызметкерлерін олай да, бұлай да лақтырып, немересін арашалап алған екен. Жаңағы хатында Зейнелғабиден бізді Қиыр-Шығысқа айдап барады деп жазған екен. Шамасы соғыста тұтқынға түсіп, стандартты айыптаумен лагерьге айдалып кеткен. Ол кісіден содан соң хат-хабар үзілген. Ақталғаны, ақталмағаны күні бүгінге дейін белгісіз. Фамилиясы аты-жөні Қазымбетов Зейнелғабиден Бестөбе ауылының тумасы.







**БЕЙСЕНБАЕВ**  
**Зейнолла Жақияұлы**

Симферополь, Айдарлы ауылдарының имамы. Қазақстан мұсылмандарының үшінші қазиының ұлы, Халифа Алтайдың шәкірті.

Атамыз Бейсенбай совет үкіметі тарапынан қуғынға ұшырайды 1929 жылы қуғынға түсіп, өзінің бала-шағаның амандығы үшін Севкрайға яғни ішке өтіп кетеді . Бұған дейін шамамен 1915-1915 жж. Үлкен Қарой мен Кіші Қаройда осы өңірдегі діни-мұсылманшылық мәдениеттің орталығына айналған «Көкмешіт» бой көтереді. Осы мешіттің жанынан медресе ашылып, онда осы Үлкен және Кіші Қаройды жайлаған елдің балалары оқиды. Біздің атамыз атамыз о «Көкмешіт» мешіт-медресесі негізін қалаған Қожахмет Әлімбайұлы хазіреттің шәкірті болады. Қожахмет Әлімбай ұлы хазіреттің ақылымен Бейсенбай – қажы бүкіл түркі жұртына әйгілі білім мен имандылық ордасы болған Уфа қаласындағы Ғалия медресесіне түсіп оны ойдағыдай аяқтап елге оралады. Қожахмет Әлімбайұлы хазіреттің шәкірті еліне оралып, Жарқын және Ұялы ауылындары қазақтарының молдасы қызметін атқарады. болған. Әрі өзі оқыған Қаройдағы «Көкмешіт» жанындағы медреседе ұстаздық қызмет жасап, бала оқытады Совет өкіметі әбден орныққан соң дін иелерін 1920-шы жылдардан қуғынға ұшырата бастайды. Осы кезде Бейсенбай –қажыны біреулер молда, үлкен мешіттегі медресе ұстазы деп көрсеткен екен. Бейсенбай- қажы «Антисоветтік пропаганда жүргізеді», балаларға діни білім береді деп айыпталады. Совет өкіметінің ел «қызыл жағылылар» атаған ОГПУ – да істейтін жігіттер ел ішінде өзінің парасаттылығы мен ұстамдылығы, терең білімділігі үшін зор беделге ие болғандықтан, Жарқын, Ұялының жігіттері Бейсенбай қажыны қалайда құтқарып жіберуді ойлайды... - Сіз осы түннен қалмай кетіп қалыңыз, әйтпесе біз сізге көмектесе алмаймыз дейді. Бар істейтін жақсылығымыз артыңыздан қуғыншы салдырмаймыз дейді. Бұл кезде Қаройдағы «Көкмешіттің» мешіттің күмбезі құлатылып, мешіт жабылған болатын. Бейсенбай – қажы бар мал -дүниесін қалдырып, ең керекті деген заттарын ғана бір ат-арбаға артып ішке көшіп (Ресейге) кетеді. Балалардың амандығын ойлаған олар неғұрлым қазақ шекарасынан алыс қалың ағаш ішіне қоныстануға тырысады. Әуелі Назыбайға тоқтайды. Алайда, онда да





үндеместер мен олардың ел ішіндегі жансыздары тыным бермейді. Одан запыс болған Бейсебай–қажы қалың ну- орман тайга ішіндегі Любин уданындағы «Қазақ» деп аталатын ауылға қоныс аударады. Мұнда өзі медреседе бірге оқыған ерейментаулық Сәкен қалпені кездестіреді. Сәкен қалпе тіпті қашып үлгермей түрмеге жабылып, Сәкен қалпені ерекше құрметтейтін күзетшілер амалын тауып қашырып жіберген екен.

Бейсен – қажы әулиеті осы ағашты бала-шағаның амандығы үшін паналайды. Осы жерде әкеміз – Жақия қажы дүниеге келеді. Әкеміздің туғанына үш-төрт ай болғанда анасы ауырып дүниеден өтеді. Ал бес жылдан соң, Жақия 5 жасқа келгенде атамыз Бейсенбай –қажы да дүние салады. Осылайша, әке мен шешеден ерте айырылған Жақия – қажы әкесінің ағалары Хасен мен Құсайынның қолдарында тәрбиленіп, Люблиндегі «Қазақ» ауылындағы мектепке барады. Әкеміздің Хасен Бейсенбайұлы 1941 жылы жоғалған, хабарсыз кеткен. Омбы қаласынан шақырылған разведгруппаға түскен. Әкеміздің әпкесі Гүліш Бейсенбай қызы. Талшықта тұрып келген. Әкеміздің тағы бір ағасы Құсайын Бейсенбайұлы Алматыда тұрған. Ол Алматыдағы Ауылшаруашылығы министрлігінде бас бухгалтер қызметін атқарған.

Менің әкем Жақия –қажы Бейсенбайұлы 1932 жылы Любин ауданына қарасты «Қазақ» ауылында дүниеге келеді. Біздің әулиет Іште көбірек тұрып қалады. Ел ішінде Сәкен – қалпе аталып кеткен. Сәдуақас Ғылмани 1955 жылы әкеміз 23 жасқа толғанда Қазақстанға шақыртып алады. Әкеміздің медреседе бірге оқыған досы болған Сәдуақас Ғылмани Алматыда әкемізді үш жыл өзі оқытып. Сол кездегі Өзбекстандағы Мір-Араб медресесіне оқуға түседі. Әкеміз Жақия – қажы Бейсенбайұлы медреседе 1958 -1968 жж. оқып, осы оқу орнын үздік бітіріп шығады. Орта Азия және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы атынан жолдамамен Сириядағы ислам институтына оқуға жібереді.

Сириялық Дамаскідегі ислам институтының шарифат факультетіне түсіп оқиды. Елге оралып келгесін Алматы мешітінде азаншы, кейін наиб имам қызметтерін атқарады. Сәдуақас Ғылмани дүниеден озған соң 1973 жылы Қазақстан 1979 жылға дейін Қазақстан қазии қызметін атқарады. Ал 1979 жылы Көкшетаулықтардың сұрауы бойынша Көкшетау облысының бас имамдығына сайланады. Ал 1985- ші жылдары ислам елдерімен байланыстар күшейген кезде Алматыға шақыртылып, Сыртқы істер министрлігінде шетелмен байланыс бөлімінде араб, парсы, урду тілдерінен аудармашы қызметін атқарады. Ал . 1990 жылы Көкшетауға қайта оралып, 1997 жылға дейін облыстың бас имам қызметін өзі қайтыс болған 1997 жылдың 30 қыркүйегіне дейін атқарып келді.

## ХАСЕНОВ

Белгібай Қойшыбайұлы,

1950 жылы 17 ақпанда туған, ауыл ақсақалы.

Қызылағаш ауылы негізін атығай-бағыс, атығай-елтоқ, алшын, қыпшақ, кейбір Абылай заманынан сіңіген қазақтардан құралған.

Жәмәли жылқы алғыш баукеспелігі бар Сибкраймен екі ортада жортуыл жасап жүрген батыл, ер-жігіт болған деседі. Осы жақтан Сибкрайға жер аударылған Жәмәлидің мықты ер-азаматтығына дән риза байлар:

- «Мына жақтың арам малын жемейміз, елдегі өзіміздің адал мал алып кел дейді екен. (Олай дейтіні кеңес үкіметі кәмпескеге іліккен малды қайтарып алу ар алдындағы қылмыс деп есептемесе екен). Қазіргі Терновка маңында кара-қыпшақтар мекендеп, олардың арасынан көп барымта-қарақшылар шыққан көрінеді екен. Бір жорыққа шыққан кезде қарақшылар аңдып тұрып, мойнына бұғалық арқан лақтырған сәтте, алдына өткір қанжарын ұстап қыл арқанды қиып түсіп Жәмәли жайсаң кете беріпті.

Қызылағаш ауылы (колхоз) 1953 жылы миллионер аталған, сол жылы осы шаруашылықты басқарып отырған Көкіш Сыздықов Ленин ордені Ғалия Жұбандық Тезекбай ақын. Қой бағып жүріп, бір төбеде дем алып жатып, түс көрген, түсінде нағашысы: - Жиен, енді домбырамды сен ұста деген екен. Содан, қойды өрістен айдап келгенде, қолындағы қойшы таяғын домбыра қылып тартып, айғайлап өлең айтып келген екен. Сөйтіп, қырық жасқа келгенше қарапайым шаруа адамы болып жүрген Жұбандыққа өлең қонып, әнші әрі төкпе ақын атанған екен. Алматыдағы ақындардың Республикалық слетіне қатынасып, Жамбылдың алдында өнер көрсетіпті:

Уә-әлеумет құлақ сал үлкен, кіші қария

Алдыңыға келіп ән салған көкшетаулық Ғалия!

Нұрмияш Көбенов, Саттар Сейтқазин. Тәжігүл бай. Мал дүниесі көп болып, еліне шарапат-жақсылығы көп тиген кісі. Атығай-бағыстың Қайып деген тармағынан тарайды. Шатырлы зиратта жерленген. Еліне беделді, көзі ашық азамат 1904 жылы Шәкі көлі жағасында қарағайдан қиып, мектеп салдырған, оған ноғай молласын алдырып, бала оқыттырған. Сол Тәжігүл байдың малы осы Шәкі көліндегі қонысынан Балықтыкөлге айдағанда жылқысының қарасы 3-4 мыңдай болып, 5-6 шақырымға дейін созылып жүріп барады екен деседі. Осы мол дәулетті оның 1928 жылы осы төңіректегі 28 ауыл біріктіріліп, Сатыбаев Балтабай еті тірі, ел азаматы осы елді шөбі майса,таудың ығындағы, бұлағы көп жерге – Қызылағашқа орнықтырған екен. Әуелі мойынсерік болып құрылып, кейін 1929 жылы колхозға айналды. Бастапқыдағы елдің малының көбі кәмпескеге легіп, колхоздағы бар шаруаға жарамды күш-көлігі бар болғаны 5-6 өгіз, 7-8 мініс – жегін аттан ғана құралған.

Өзбек Хасенов ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты Көкше деген люцерн Көкшетау-66 тары тұқымын шығарған.

**Шәрия Қалимұратқызы  
ӘЗЕНОВА,  
1950 жылы туған.**

Есенов Нұрмұқан соғыста тұтқында болып, 25 жылға сотталған. Сталин өлген соң 1953 жылы тұтқыннан босап келген. Азатта полицаи болған. Суреттен танып, көріп мынау қайдан жүр, бұл полицаи болған. Деп көрсетіп жіберген.

Осы ауылдан Оспанов Дәкен кісі болған. Ол соғыста тұтқын болған, алайда неміске қызмет жасамаған, фильтрациялық лагердегі тексерістен аман өтіп, елінен оралған кезде оны тағы да НКВД ұстайды. Немістің қызметінде полицаи болған Оспанов Д. деген кісімен шатастырған Көкшетау ауданының НКВД қызметкері тергеуші Жаманов Дәкенді қатты тергеп, қинап, ыстық жерде ұстап, содан суыққа шығарып тастайды екен. Терлеп шыққан адам, енді суыққа тоңып-қатып әбден қиналады екен.

Дәкен не болса да, – «Мен сатқын болғам жоқ, деп кінәні мойнына алмайды. Ақыры, анау кісі ұсталып, Оспанов Дәкен НКВ-нің қанды шеңгелінен әзер құтылып шығады.

Рақымжанов Дулат тұтқынға түсіп, оларды одақтастар тұтқыннан құтқарған. Суық тамшының астына қойып қинайды екен. Содан өзіне өлім тілейді екен. Бірақ одан оған өлім бұйырмапты. Сынып сағатындағы Власовтың армиясында болып, тұтқыннан Одақтастар босатқан.

Орманда қару-жарағымызды тастатып, бәрімізді моншаға түсіріп, бұрынғы әскери киімімізді тастатып, басқаша киіндіріп, теңіз арқылы әуелі Түркияға одан әрі Англияға алып жүрді. Онда бізді шаруашылықтарға бөліп тастады. Рақымжанов Дулат тұтқынға түскен 1945 жылы Власовтың армиясында болған кезінде Одақтастар армиясына тұтқынға түседі. Орманды жерде тұтқынға түскен олардың қаруларын жинап алып, бір жерге үйдіріп, өздерін орман ішіндегі уақытша лагерге қамайды. Немістің әскери киімдерін де тастатып, моншаға түсіріп, жаңадан киіндіреді. Содан теңіз кемесіне мінгізіп, Англияға алып жүреді. Онда Дулат Рақымжанов жылқысы бар бай әйелдің жылқы фермасында жылқышы-атбегі болып жұмыс істейді. Соғыс бітісімен соғыс тұтқындарының барлығын жинап алып, қатарға тұрғызып қойып, кімде кім Еліне қайтқысы келсе үш адым алға шықсын, кімде кім барғысы келмесе қала берулеріне болады дейді. Содан мен ойландым дейді: «Мында да бір өлім, онда да бір өлім, не болса да Елге жетіп өлейін деп алайын, Бір аттадым, артыма қарадым ешкім ермеді, содан тұрып, екінші аттап артыма қарасам, бір мұсылман адамдар шығыпты, сонан үшінші аттағанда біраз, бірталай адамның шыққанын көрдім, сол үшін Отанға опасыздық жасады деп айыпталып, Сібірге ағаш құлатып, кесуге ұзақ жылға айдалып кете барады. Содан тек, 1956 жылы ғана елге аман-есен оралады.

Соғыста тұтқыны болған Бекбасаров Темірбай 1941 жылы екі ай дайындықтан түсіп, Беловежь ну орманы арқылы айдалады. Күндіз отырамыз, түнде айдайды, сөйтіп, ұзақ жүріп ақыры немістің бір шеткі қаласына жетеді.



Шамамен сол қала маңындағы лагерде соғыс біткенше болған. Жұрттың айтуы бойынша жамбасында қарып басылған 100 деген лагерлік нөмірі болған деседі. Ол кісі біздің көргенімізді ешкімнің де басына бермесін деп отырады екен.

Шәкіжан төре айдалатын болып, сөз шыққан соң аяулы қызы, көрікті де кербез сұлу бойжеткенді Көштайды алге танымал зергер, етікші болып жүрген Аухай деген атамызға қосып, аманат қылған көрінеді. Атамыз Аухай, сырт көзден сақтанып, мынау байдың қызын алды деп, біреу-міреу көрсетіп жібереме деп, қауіп қылып Төре ағаш деген жердегі қонысына шапан жауып, бүркеп әкеліп, жылдан астам бөтеннің көзіне түсірмепті. Сол кісі әрі көрікті әрі салтанатты ақсүйектігі білініп тұратын жан екен. Сол кісінің жүзік-сақина, білезік сырға, шолпы-қаптырмасы сияқты аса шеберлікпен әсем етіп соғылған заттары бертінге дейін келіпті. Ол кісіден бала болмағасын Аухай екінші мәрте үйленіп, сол тоқалдың қолына бәйбішенің заттары түскенде ол құнттай алмай, сол асыл заттардың көзі жоғалған екен.

Мұқанов Қажымүбәрәк, тұтқында болған Мұқанов Сайлаудың әкесі Көкшетауда ОБХСС-тің бастығы болған. пенсия алмай өтті. Қызылағашта Молла болды. 98 жасқа жетіп қайтқан. Ұлы Отан соғысы ардагері.

Қожақов Әпи 1937 ж. жер сатты, дін оқуы бар – діншіл деп айыпталып бір түнде халық жауы болып айдалады сол кезде жасы 38-де болатын. Атақты ГУЛАГ жүйесіндегі Колыма лагеріне барып бірақ түседі. Сонда Колымада жүріп тат ар әйеліне үйленеді. Сауаттылығы арқасында бухгалтер-еспеші болып қызмет атқарады. Жазасын өтеу мерзімі біткенде үйге жиналады. Колымаға «параход» жылына бір рет қана навигация кезінде келіп, азық-түлік, хат-хабар, басқа да материалдар алып келіп, қайтарында тағы да жүк пен адамдамдарды ала қайтады. 1953 жылы елге аман-есен жеткен, Қожақов Әпимен бірге болған Жамантұз ауылының тумасы Бекен деген кісінің айтуы бойынша әлгі «проходқа» кісі толып қалып, Әпи сол Колымада тағы бір жылға қалып қояды. Алайда, лагердегі қиындықтар салдарынан ауруға шалдығып ұзамай 1952 жылы сол лагерьде жүріп қайтыс болады.

Елдегі әкесінің ағасы Бейсенбай осы Бекен айтқан хабарды естісімен елді жиып әруағы батадан бос қалмасын деп батасын жасаған. Әпидің артында екі қызы қалған екен. Олар: Әпи қызы Запура мен Әпиқызы Мәруә. Запураны қайны атасы аса жақтырмай «халық жауының қызы» дейді екен. Ол да болса, сол заманның белгісі болса керек.

Қыздар немере ағалырында тәрбиеленеді. Айтуларына қарағанда дінге қысымшылық басталған кезден үш үлкен қара қапқа арабша жазуы бар кітаптар мен Құран кітаптарын Қызылағаш ауылы сыртындағы зират түбіне көміп, тығып тыстаған деседі. Колымадан аман-есен келген, көрмеген құқайы жоқ Бекен соғыс жылдары елімізге босып келіп, осы Шортандағы диірменге кезекке тұрған қазаққа кезек бермей, әкелген қаптарын жарып тастап басына берген таулықтардың зәбірін көрген қазақтар Қызылағаштағы осы Бекен ағаға өзі де еңгезердей батыр тұлғалы Досымбек ұлы Байахмет барып, осы




хабарды жеткізген көрінеді. Осы хабарды білісімен диірмен басына жеткен Бекен келе салып, таулықтардың жағасын жыртып, айдап шықты деп елдің үлкендері әлі күнге дейін аңыз қылып айтып отырады. Сол «пароходқа» сыймай қалған Бекен батыр жазықсыз жапа шеккен Колыма лагерінде туған Еліне, үйіне жете алмаған Қожақов Әпидің тағдыры мен ақырғы күндері туралы әңгімені жеткізген, өзі де нақақ сотталған осы елдің асыл азаматтарының бірі болатын. Екеуі де 1953-ші жылы біржолға ақталған.

Бейсенбайұлы Ақыжан Ұлы Отан соғысында хабарсыз кеткен. Ыбырай деген ұлы және Қазина тағы бір қызы барлығы үш баласы бар екен. Соғысқа алынғанда.



Азин Әлтай(1919жыл)



Азенов Қалимұрат(1920жыл)

Азин Шаймұрат (1909 ж.), Азин Әлтай (1919 ж.), Азенов Қалимұрат (1920 ж.) 1937 жылдары бай-кулак ретінде репрессияға ұшырайды. Мал-мүлкін тәркілеп, өздерін Атбасар жаққа жер аударып жібереді. Темір жолда жұмыс істеген. 1938 жылы Әлтей әскерге шақырылды, одан кейін Фин соғысына қатысып, ол соғыс аяқталғасын Ұлы Отан соғысы басталып, соғыста хабарсыз кеткен. Ал Азин Шаймұрат пен Азенов Қалимұрат Атбасарадан соғысқа кетеді. Шаймұрат та соғыста хабарсыз кеткен. Қалимұрат 1945 жылы елге жараланып келеді. Ешқайсысы ақталмаған. (Азенов Қалимұраттың қызы Азенова Шәрияның сөзінен)

## ТАУШОВ

Болат,  
1963 ж.

Әкемнің нағашысы Тастанбаев Иманәлі алтын қазып артель құрған, оған менің атам Тауыш та кірген. Мыңшұқырда жуған алтындарын Степняктагі ағылшындарға өткізіп, осы өңірдегі бакуатты адамдары ретінде тіршілік етеді. Анау Көктауға барар жолдағы төбелі, аралағашты әкем Сатыбалды нағашым Иманәлінің жұрты деп көрсететін. Иманәлі тегі біздің елге кірме, сүйегі үйсін дейді. Содан біздің елге келіп, аталарымызға қыздарын беріп, қыз алысып осы Сүйінқара-Майлы-балта еліне сіңіп кеткен, пысық кісі болыпты. Иманәлінің Кәмәл деген қызын алған Тауыш атам алған. Шын аты – Дәулетбек екен. Бірақ, барлық құжатта – Тауыш болып жазылып кеткен. Иманәлінің сайдың тасындай қызынан басқа бес ұлы бар екен. Ұлдары жеке, жеке отау болып осы жұртты мекендесе, Иманәлінің өзі аралағашты мекен қылып тұрған. Осы бертінге дейін дөңгелек қайрақ тастан қаланған қоралар сақталып келді. Ол қоралар колхоз және совхоз кезінде де пайдаланылып келді. Бертін, 1990 жж. ғана бұзылды.

Алтынмен ғана айналыспай, малды да көп ұстайды. 1928 жылы Иманәлі тұқымы мен менің атам Тауышты колхозға кіріндер деп мәжәбүрлейді. Өздері іскер, шаруақор кісілер үкіметтің құрып жатқан колхозына кіруден бас тартады. Бірақ, оның алдында барлық малдары кәмпескеге елігеді. Елдің айтуы бойынша колхоз малының көбін осы алтын артелін ұйымдастырған кісілердің малынан құралыпты. Алтын жуып сатып байыған кісілердің үйінде малдың сыртында неше түрлі мүлік пен жихаз, киім жиналған болатын. Осы бар мүлік те кәмпескеленіп, оның біразы колхоздың белсенділерінің қолында кетеді.

Нағашым Рақымжан Сыздықовтың кемпірі Күлпаш біздің үйге шәй іше келіп, анау басқарманың үйінің шарбағында баяғы ата-әжелеріміздің киген тон – ішіктерін көріп, көзіме оттай басылды деп айтып отырушы еді. Сонда біздің үйден алынған мүліктерді ауыл ішіне таратып жіберген екен.

1937 жылы ұстап, 1938 жылы Магаданға жер аударуға үкім кесіледі. Балалар жолда жете алмай жолда өледі. Магаданға ақыры екеуі яғни қайынатасы Иманәлі мен менің атам Тауыш қана жетеді. Содан Магаданның алтын шақтасына түседі. Жер астынан сотталған жұмысшыларды сыртқа айына бір рет қана шығарады екен. Шығарып, денсаулықтарын тексеріп тұрады екен. Иманәлі сол шахтаның жұмысына шыдай алмай өледі. Атама бір еврей дәрігері тексеріп тұрған айтады: - «Енді шахтаға түссең аман шықпайсың, өлесің деп» Амалын тауып, жоғарыда қал, күніне 10 куб кайың ағашты жалғыз қол арамен кесіп, шахтаға астына түсіруің керек, сондай жұмысты істей аласың ба? Мен сені сондай жұмысқа жібертейін дейді. Атам, мақұл деп келіседі. Ауылдағылар Тауыштан мүлдем күдер үзеді.

Сонымен сол Магаданда атам 10 жыл отырады Омбыға ма, Петропавлға ма (қазір ол екі ортасын ешкім анық білмейді) әйтеуір өліп-





талып ел шетіне жетеді де, елден келген бір адамнан ауылға хабар береді. Осылай, қалаға келіп жатырмын. Елге жетіп алуға шамам жоқ деп...

Арып жүдеп қалғаны соншалықты, ағам Балташ сияқты еңгезердей кісі әбден біткен екен. Ол кезде елдегі ісмерлер талдан неше түрлі қорап, себет тоқиды. Бір уыс болып қалған апталдай азаматты әжем марқұм осындай талдан тоқыған қорапқа салып, арқалап отырып, жолай кездескен көліктерге отырғызып жеткізген екен. Ол кісінің оралып келуі біздің әулиет, барлық ел үшін керемет жаңалық еді. Біздің ауыл репрессия жылдары бірлікшілдігі сондай атам мен оның қайын жұртынан басқа менің білуімше саяси қуғын-сүргінге ұшыраған адамды білмеймін де естігіміз де жоқ. Атамыз сол азапты лагерлерді басынан кешіп келіп, оңалғасын елдің тіршілігіне араласты, еңбеккерлігі арқасында қарағайдан қиып үй салды. Сол үйде бәріміз өсіп-өндік. 1970 жылы мен жеті жасқа жетіп 1-ші сыныпқа барған кезімде қайтыс болды.

Қасен деген бір баласы соғысқа алынып, қайтып содан келмеген.

Менің әкем Сатыбалды техникумды да жоғары білім алды, қызмет істеді. Бірақ, партия қатарына өтпейді. Содан 1980-ші жж. әкем, КГБ-ға әкемді ақтаймын деп хат-арыз жазады. Содан, КГБдан хат келеді әкеме шақырту алды. Әкем екеуіміз өзіміздің жеңіл көлігімізбен Көкшетауға, қалаға келдік. Әкем КГБ-ның конторасына кіріп, мені кіргізбей сыртта қалдым. Сонымен, әкем, атам Тауыштың ақталғаны туралы құжатты қанша іздегенімен әкесінің де, нағашыларының да құжаттары КГБ-дан табылмайды. Ал КГБ қызметкерлері бұлардың құжаттары Омбыда болуы мүмкін дейді. Бірақ, ол жаққа біз ізденіп бара қоймадық. Сөйтіп, жүргенде әкей де жүріп кетті. Ал әжем Кәмәли Иманәлі-қызы 1975 жылы дүниеден өтті. 1993 жылы Назарбаевтың қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі жаңа Жарлығы шыққан соң біраз уақыт өткен соң мен үлкен ұлым Ерғанатқа тағы да атам мен нағашыларымның ақталған құжаттарын ақтап көрейік деп, Интернеттен қараттым. Сол КГБ конторасынан табылмаған құжаттар ақыры интернет арқылы табылды. Үш бірдей баптар бойынша сотталған екен. Бір бабы есімде қалғаны Үкіметке бағынбады деген бабы, қалғаны есімде жоқ. Әйтеуір барлығының аты-жөні, тегі айқын анық жазылған екен. Қорытындысында «Оправданы за недоказанностью вины» деген сөз жазылып тұрды.

2021 жылдың мамыр айында ұрпақтары Құсайын мен Қасен балалары Иманәлі жұртының төбе биігіне ескерткіш белгі тас қойды. Онда әкесі Тостамбаев Иманалы 1854-1938 жж.

Иманалыұлы Құсайын 1894-1938 жж., Иманалыұлы Мұқанжар 1894-1938 ж., Иманалыұлы Абжан 1904 - 1938 жж, Иманалыұлы Қасен – соғысқа кетіп, оралмаған Иманалыұлы Ақметжан.

Қыздары Иманалықызы Бәдиша, Иманалы қызы Кәмәл, Иманалы қызы Жұмаш. Қуғын-сүргінге ұшыраған бір әулиеттің тарихы осындай.









**Федор Иванович  
ШТЕКК**

Буландынский район Акмолинской области,  
Житель г. Макинка, Ветеран труда.

**Федор Иванович** Родился в 1934 году, в 1941 году насильно депортировал семью из села Бауэр Камышинского района Саратовской области РФ, ему было 7 лет. Окончил педагогический институт по специальности математика в г. Омске.

В нашем селе, как вспоминается, люди с автоматами собирают и объявляют, что в течении 24 часов надо всем собраться. Ну и что ж вы представьте себе состояние людей, в 24 часа собраться вот и покинуть на обжитые места. Ну куда денешься? собрались. Погрузили. и в старте глад мужчин. и что ж... в телячих вагонах. Это обыкновенный товарный вагон сделанный в палате.

Питание 1 раз в день давали, а там чай или просто кипяток. люди и болели, пока везлись и в мир иной уходили.

Въехали сюда и разместились. кого-то в школу поначалу. а потом местное население всех-всех распределили. Мужчин собирали в тугармию, женщины работали. и собственно говоря, не только мужчин и женщин заставляли, но и нас, мы с матерью были. Мне было 7 лет. Тетя приютила нас. Но она ведь недолго пробыла, заболела и умерла. Комендатура. всех взяли на учёт и пойти в соседнее село нельзя было, поймают, наказание, вплоть до ареста. И учиться, наверное, поехать учиться или куда-то в другое место нельзя.

Спасибо большое местному населению, то есть казахскому народу. Делились последним куском хлеба вот. Выжили. Вспоминать это очень тяжело. Надо отдать должное за гостеприимство местному населению. Всех, всех приняли, а потом мы обжились там. Время менялось.





**Азамат  
САМЕНОВ**

Ведущий эксперт АО «Институт экономических исследований» (ЕРИ)



**Маули Жакенов**  
**годы жизни 1908-1996 год**

Маули Жакенов в советском Казахстане с сентября 1936 года работал трактористом (комбайнером) в селе Макинка (совхоз Прогресс). С его слов базовое образование получил у муллы в селе Шиелы. Также по его воспоминаниям, будучи ребёнком, видел отряды белогвардейцев, которые проходили в этой местности во время гражданской войны.

В конце 30-х годов прошлого столетия был репрессирован по ложному доносу односельчан: якобы повредил деталь на тракторе и нанёс ущерб государственному имуществу. В результате чего был сослан на Колыму, где находился 2 года. В трудовой книжке сохранилась запись, сделанная 17 ноября 1938 года с таким содержанием: «уволен в связи с осуждением, приказ

№93». Путь в ссылку лежал через Иркутск, Владивосток и Охотское море. Добраться до места ссылки также занимало большое время.

Вспоминая этот период Маули рассказывал, что люди на Колыме гибли как комары. Выжить в нечеловеческих условиях считалось большой удачей. Например, за сломанную лопату могли дать расстрел на месте. Дефицит продовольствия и холод делал своё дело. Здоровые мужчины в возрасте от 20-30 лет через год превращались в больных и худых. Многие плакали, потому что не знали будут они жить или нет завтра.

На работу ходили колоннами. Сбежать было сложно, потому что со всех сторон были болота и топи. Через год нахождения в лагере Маули дали обходной лист на освобождение с условием, если он успеет до вечера собрать все необходимые подписи, то сможет попасть на паром, который мог его доставить до другого берега. Следующий такой паром мог быть только через год.

В декабре 1941 года, с его слов, чудом вернулся живым в родные края.

В декабре 1941 года уже шли сражения немецких и советских войск под Москвой. Местный военкомат должен был призвать только что вернувшегося с Колымы арестанта на фронт. По воспоминаниям Маули, он уже сидел на вокзале и ждал, когда его заберут на фронт.

Но в последний момент вмешались местные органы власти: было решено, что селу нужнее рабочие мужские руки в тылу. Таким образом, Маули продолжил работу трактористом в селе Макинка. В трудовой книжке от 28 апреля 1942 сохранилась запись: «принят комбайнёром МТС, приказ №176».

В тот же год женился. Супруга Гарипова Рашида Магфурбековна. Семья была большая. Со слов детей, отец все время проводил на работе и ничего особого не рассказывал о нахождении на Колыме. Только уже будучи в возрасте он немного рассказывал об этом эпизоде своей жизни.

Несмотря на пропаганду атеизма, Маули Жакенов всю жизнь был верующим мусульманином и соблюдал религиозные предписания (ежедневный намаз, пост во время месяца Рамадан). Так как в селе не было мечети, верующие мусульмане собирались в доме Жакеновых. После выхода на пенсию местные жители попросили Маули быть районным муллой.

В архиве Маули Жакенова сохранилась небольшая тетрадь на чагатайском языке. В тетради описывается легенда о происхождении казахов. Данная запись имеет большое культурное и историческое значение.

К сожалению, Маули Жакенов после репрессий так и не был официально реабилитирован.



## ОРМАНШИН

Әбілда

Сәуле ауылы да жаңа заманға жылжып жеткен 1928-1929 жылдары әлетінде мойынсерік, артель, колхоздасу деген науқан басталған.

«Қарауылдың жері ашаршылық көрген жоқ, жалғыз-ақ орыс солдаттары тінтіп ас-суымызды алып кететін. Содан ашаршылықтың басында, малымызды сойып, ауылдың шетіне аққала тұрғызып, соның астына теріге орап тығып тастадық. Солдаттар тағы келіп тінтіп таба алмай кетті. Сосын жазда осы Сәулеге зорлап, қуды. Көшерде етті сүрлеп, төсектің арасына тығып алып келдік. Мұнда келсек осы жақта тігерге тұяқ қалмаған. Жалғыз-ақ Смағұл үйінде бір ешкі қалыпты. Қарауылдар төрт түлік малмен келе жатыр деп естігенде, малды көретін күніміз бар екен деп алдымыздан шықты. Келгесін етті көрсетіп жей алмаймыз, оны самауырға пісіреміз. Самауыр екі иығынан дем алып қайнап тұрады. Сонда көрші Ысқақ деген кісі келіп отырады. Әй, Орманшы, сенің самауырыңның иісі оңды дейтін еді.

Ұлы Отан соғысының ардагері, Сәулелік Жәлел Мақашұлы 1931-32 жылдары халқымыздың жартысынан көбін жалмап кеткен ашаршылық туралы өзінің «Отты жылдардан өткен жан» кітабында:

– Сол жылдары жамау-жамау шалбар мен қарық құрау көйлек киіп, үш тілім нанмен өстік. Мен бұрынғы Көкшетау облысы, Еңбекшілер ауданы, Совет кеңшарының екінші бөлімшесі Сапақ ауылында туып-өстім. 1931 жылдың аяғында аштық басталды. Сол жылы құрғақшылық болып, шөп те шықпай қалды. Менің ортаншы ағам Қайролла Мақашев бас болып, қасына он екі адам ертіп, қолдарына шолақ мылтық алып, ауылдың барлық малын Чистяковка деген жерге айдап кетті.

Ауылдың қалған адамдарын көрпе-жастығымен, қолына алған нәрселерімен Сәуле деген ауылға көшіріп әкелді. Сапақта алты қанат, сегіз қанат ақ шағаладай киіз үйлер – бәрі қалды. Ол кезде көбіне киіз үйлер, шымнан салған жер үйлер де болды. Қар түскенше киіз үйде тұратын едік. Үлкен ағам Қабжан дегеннің әйелі Жәмила, оның баласы Мырзалы, мен, сосын әкемнің кенжесі, інім Нәжімеден, Күлпат деген апамыз болды. Бәрімізді біреудің бір босағасына әкеліп тықты ғой. Ол кезде отын жоқ. Тезек, қи, сабан, қамыс, шіліктерді дайындап қойған екен. 10-15 күнге жетеді. Келгеннен кейін күн сайын бір-бір стақаннан тары мен арпа берді. Оны қуырып жеп, шәй ішеміз. Жеңгейдің құрт-ірімшіктері бар, жинаған ондай-мұндайы бар, соны қосып шәй ішеміз. Ол кезде ит жегендер, мысық жегендер көп болды. 1931-32 жылдардың ауыр күндері менің басымнан өтті. Апам Күлпат, інім Нәжімеден аштықтың құрбаны болды. Ағам Мақашев Қабеп аудандық атқару комитетінде істеген. Кейін Еңбекшілерде физика-математика пәнінің мұғалімі болды. Даниловқада мұғалім болып жүрді, ол кезде мұғалімдерге тамақ азық береді. Сол тамақты алмай-алмай жүріп, жинаған кезде 9-10 кг жоғары сортты ұнды беріпті. Соны үйге әкеле жатқанда қардың астында қалып, өкпесіне суық тиіп ауырды. Мұрнынан қан кетті.



Ауру мен аштықтың азабын шегіп, ол да қайтыс болды, Апамды, інімді, одан кейін ағайды жерледік. Соны бізге жер қазып қойысатын адам табылмады, ешкім жоқ. Ахмет қажының Қабдеші, жеңешем, мен ол кезде 8-9 жастамын. Апам ауру-сырқау. Тастай қатты жердің қарын шұқылап, Қабдештің күш салуымен шұңқыр қазып, соған үш адамды қойдық.

Басымнан өткен тағы бір ауыр жағдай болды. Колхоздастырудан кейін кооперативке көшірілді. Сол кезде біздің үлкен ағамыз Қабжан Мақашұлы жаңадан ұйымдастырылған кооперативтің орынбасары болып жұмыс істеді. Содан елдің пайларын жинап, көп ақшаны тапсыруға Казгородокқа кетіп бара жатады. Ол уақытта ашыққан, тарыққандар өте көп болған. Елдің бір адамдары «Мақашев Қабжан көп ақшамен кетті, жолда тонап, бөлісіп алайық», - депті. Құрауқамыс деген жерден бір топ адам тосып алып, екі жақ қабырғасынан пашақ салып, қалтасындағы ақшасын сыпырып алапты. Үстінде күпісі, кеудешесі бар, астында қаракер жүрдек биесі бар еді. Ол кісі жақсы киінетін. Омбының, Семейдің күрте шалбарларын киетін. Барлық киімдерін сыпырып алып, өзін өлтіріп кетіпті. Сәуір айында қар кеткенде біреулер көріп, хабар берді. Ауылға әкеліп жерледік. Аштықтың зардабын көрмеген адам жоқ, шырағым.





### **ТІЛЕУБЕРДИН**

**Әлібек Қазбекұлы**, 1942 жыл 3 желтоқсанда туған және

### **ТІЛЕУБЕРДИНА**

**Шолпан Мырзабайқызы** 1951

жылы туған. Ұлы қазақ. Туған жері: Оңтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын ауданы, Марьевка ауылы. 1978 жыл Қазақ мемлекеттік университеті Тарих мамандық бойынша аяқтаған. Зейнеткер ұстаз.

Шолпан Мырзабайқызы Оңтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының Социал ауылдағы өмірі сурген өзінің анасының әкесі, яғни нағашы атасы Серғазы Ахметов пен онының туыстары тұралы естеліктермен бөлісті.

1940 жыл» Социал « колхозында өмір сүрген ағайынды Серғазы, Байғазы Ахметовтар тұтқынға алынған. Байғазы Ахметов 1894 жылы туған. Ол екі рет-1919 жылы Колчак әскері, 1921 жылы Қызыл Армия тұтқындалған. 1940 жыл ауылдастары Байғазы Ахметовтің сыртанан Алаш партиясына қатысы болған деген шағым жазғанмын. Ол ақтардың қожалығына катысқан деген құдықпен тергеуге берген. 1941 жылдың аяғында Байғазы және Серғазы Ахметовтар Петропавлда қаласын сотөмен ату жазасын кесілгенге тапсырды. 2019 жылы ақталды.

Серғазы Ахметовтің агасы Әбілмәжінің баласы Бәри Ахметов кеңес - фин соғысын қатысқан. Рузаев ауданда мұғалім болып жұмысстеген. Оның оқушыларының бір Еркін Әуелбеков болған.

Тілеубердин Әлібек Қазбекұлы өзінің әкеңнің ағасы Сұлтанбек Тілеубердин тұралы естеліктерімен бөлісті. Әкесі Баратай ауылында туған. Арғы аталары би болғанболған.

Сұлтанбек Тілеубердин Петропавлдан Ұлы Отан соғысына аттанды. Ол 314-ші дивизиясының құрам-соғысқан. Ржевск түбиндегі ұрысты қорғауға түсіп, 1943 жылы қазы тапты деген қаған келген. Бірақ, ол кісі соыстан аман-есен оралғаннан кейін, 1945 жыл Кеңес өкіметі тұтқынға алынған. Воркутаға 10 жылға қоныс тепкен. 1956 жылы ақталып, 1958 жылы еліне оралғанмын. Сергеевка қаласын тұрған. Сұлтанбек Тілеубердің екі іігі-Рақымбек, Бексұлтан Ұлы Отан соғысында қаза тапқанбек. Сұлтанбек Тілеубердің өзіңе берген ардагері ретінде ешқандай көмек берілмеген. 1993 жыл дүніден өткен.

Есенов Ақурдың, 1969 жылы туған, Октябрь ауданының «Бағанаты» колхозының тумасы, қазақтың айғақтары бойынша. 1921 жылғы Қарулы құлатск көтерілісіне Ахметов Байғазы мен Макенов Хайрулланың қатысуы туралы.



1921 жылғы құлақ көтерілісі кезінде мен Есенов Акур Коноваловқа ауылына қатардағы қатысушы ретінде бардым, коммунистерді тұтқындауға және өлтіруге қатысқан жоқпын. Мен өзім құлақ көтерілісіне қатардағы жауынгер болғандықтан, Ахметов Байғазының қазақ көтерілісшілер отрядының командирі болғанын жақсы білемін. Унийо отрядында шамамен 20-30 жигит болды, оны өзі өзі басқарды, бірақ ол кімді тұтқындады және өлтірді деп айта алмаймын, өйткені Мен өзім ештеңе көрмедім, тек бір рет құлацкий көтерілісі кезінде мен Городецкое ауылына бардым, онда дүкеннің жанында Байғазы Ахметовты көрдім, ол былай деді: жігітіммен бірге қызыл бөліктердің олармен күресуге келуін күтеді, бірақ ол кірді ме, жоқ па, тағы айта алмаймын, өйткені Мен үйге қайттым. Макенов Хайруллаға қатысты менің білуімше, ол Мәкенов совим ағасы Макенов Мұхаметжанмен бірге көтерілісшілер штабының құрамына кірді, өйткені олар үлкен бай болды, қамыр кулак көтерілісінің бас жетекшілері Юдановпен, Копыловпен байланысты болды, олар үнемі көтерілісшілер штабында болды, Бірақ кімді қамауға алып, өлтіргенін нақты айту керек, мүмкін емес.

Менің ойымша, Ахметов Байғазы мен Макенов Хайрулла тұтқындалған коммунистерді тұтқындауға және өлтіруге қатысты, өйткені олар көтерілістің жетекшілері болды.

№2 құжат (л.58) айыпталушы Ахметов Байғазының 1941 жылғы 20 қарашадағы жауап алу хаттамасы: Октябрь ауданына, «Социал» колхозына мен, Ахметов Байғазы, 1934 жылғы 2 тамызда Қызылту ауданынан келіп, онда аға мал сатып алушы болып жұмыс істеді. Октябрь ауданының «Социал» колхозында 2 тамыздан бастап 9 қарашаға дейін, ал 9 қарашадан бастап Марьевка ауылында тұрдым. 15 қарашадан бастап «Заготивсырьё» дайындау агенті болып жұмыс істеймін. 1935 жылы Ақмола қ. БКШМ оқуында болған кезде партиялық тексеруден өтті және партиялық құжаттарды тексеру кезінде партия да, бкшм-ден де шығарылды.

1921 жылғы контрреволюциялық көтеріліске мен, Ахметов Байғазы, ешқандай қатысқан жоқпын, өйткені құлатск көтерілісі кезінде Мен бая Кунаков Менгучидің егіздер ауылының аумағында шаруа қожалықтары мен мал (жылқы) бағып тұрдым. Маған басқа адамдардың қатысуы белгісіз.

Ашылған жаулардың ішінен маған мыналар белгілі:

1. Есіл ҚР КП (б) бұрынғы хатшысы Құрманалин 1937 жылы әшкереленген. Ол бұрын кім болған, егжей-тегжейлі бірақ айта алмаймын. Жеке әңгімелерімнің бірінде оның Алматы облысы Катонқарағай ауданынан шыққаны белгілі болды.

2. Темірбеков Зарап, бұрынғы Атбасар ҚР БКП(б) Орпо Айртау ауданынан шыққан, 1937 жылы Алматыда «Лениншіл жас» газетінің редакторы болып жұмыс істеген.

3. Байғаскин есім, Октябрь ауданынан шыққан, байдың ұлы, Алматыда жұмыс істеп жүргенде, халықтың жауы ретінде әшкереленген.

Қазіргі уақытта тұрып жатқан қазақ билігінің ішінен мыналар:



Үлкен байдың ұлы Макенова Хайролла, оның ағасы 1928 жылы табылмады және оның мүлкін тәркілеуге жеке өзі қатысты;

Есенова Акура, бұрынғы бай, жас кезінен бастап, негов казармасында өмір сүрген, қазір оны НКВД органдары тұтқындады.

Басқа ешкімді білмеймін.

Партияға 1923 жылы Көкшетау қаласында кірдім, кіру үшін маған: 1. Уездік атқару комитетінің төрағасы Серғазин Хамидулла Атбасар ауданынан, ірі баевтар отбасынан шыққан. 2. Ермұханов. 3. Мусин Кахымбек, олар маған бір айлық тәжірибесі бар БКП(б) мүшелігіне кандидаттың кіруі үшін ұсыныстар берді.

Сол кезде ол труппада әртіс болып жұмыс істеді, оны сол кезде уездік халыққа білім беру бөлімінің меңгерушісі болған Молдыбаев Билал басқарды, ол 1937 жылы халықтың жауы ретінде ашылды деген қауесет тарады.

Мені 1919 жылы мамырда колчаково милициясы мал ұрлығына күдікпен тұтқындады. Маған Мәкенова Мұхаметжан, Хайролла, Қайыржан жалған материалдар жасап, олардан 2-хбық; 2 - жылқы жинағандай болды. Бұл іс үшін Колчак милициясы мені тұтқындады және бір жылдан кейін Көкшетау қаласы мені Омбы қаласына жіберді, онда ол 10 күн түрмеде отырды және 5 күн қызмет етті, содан кейін адвокат арқылы мен ісімді тоқтатып, үйге қайттым.

Менің Макеновпен дұшпандық қарым-қатынасым 1915 жылдан басталды, өйткені олар ірі бай болды, халық арасында жақсы беделге ие болды және халықтың кедей бөлігінде жансыз болды, олардың жигиттері арқылы малдарын ұрлау арқылы кедейлерді ренжітті және т. б.

Бұл Мәкеновтер 1915-1917 жылдар аралығында өздерінің арнайы ұрылары Шалғынбаев Ахмет, Бақаев Шоқат (умор) арқылы менің 3 жылқымды ұрлап кеткен. Осыдан кейін, 1918 жылы мамырда шыдамдылықтан шығып, әкемнің қолдауымен Макеновтармен шайқастым, бірақ әкем екеуміз қарсы тұра алмадық. Олардың үш ағасы болды, сонымен қатар оларды бүкіл зуп қолдады. Мен әкеммен бірге есін жоғалтқанға дейін ұрып-соғып, тіпті анамның басын сындырды.

Ұрып-соғып, шағымданып, мені қуып жіберген шаштараз Айбасов Кафезге жүгіндім, ол Мен сияқты «бұзақылардың» қорғаушысы емес екенін айтты. Бұл әңгімеге Воло басқарушының аудармашысы, кейбір Егоров Михаил русский казак (қазір Соколов аудандық атқару комитетінің хатшысы болып жұмыс істейтін сияқты) қатысты, Ол мені ұрып-соғып, Макеновтардың мекен-жайында дөрекі сөйлеп: «бұл Макеновтар кедейлерді аяусыз пайдалануды жалғастыруда. Осылайша, Мен қалаған нәтижеге қол жеткізбей, үйге оралып, қайтадан жұмыс істей бердім, бірақ 1918 жылдың күзінде және жаңа жылдың басында біреу Макеновтардың малдарын ұрлап кетті, ол үшін мені күдіктеніп, 1919 жылы мені колчаков полициясына тапсырды.

Макенов Хайролла, Есенов Акура және Ахметов Байғазының тергеу дело, жоғарыда айтылғандай, 1941 жылдың қазанынан 1942 жылдың желтоқсанына дейін, яғни бір жыл екі айдың ішінде өтті. Мәселен, мысалы, х.



Мәкенов 1941 жылы 24 қазанда тұтқындалып, сол күні жауап алынды. Сонымен қатар, Қазақ КСР прокуроры А. Мәкенов х. Есенов пен Б. Ахметовты қылмыстық жауапкершілікке тартуға Санкциялар беру туралы КАССР Жоғарғы Кеңесінің төралқасына 1942 жылғы сәуірде, яғни г. түрмеде бес айдан астам уақыт болғаннан кейін өтінішхат келіп түсті. Петропавл және олардың след бойынша тергеу процесі аяқталды. Демек, Солтүстік Қазақстан облыстық сотына № 7201 іс бойынша үкім шығару үшін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының қаулысы қажет болды.

Осылайша, бұл жағдайда НКВД мен сот органдарының бұрынғы таныс жұмыс механизмі жұмыс істейді, репрессия құрбаны тұтқындаудың басында алынады, содан кейін ғана оны қылмыстық жауапкершілікке тартуға санкция беріледі.

Бұл істің келесі сәті, ол да түсіндіруді қажет етеді, бұл 1921 жылғы шаруалар көтерілісінің «Алаш» қозғалысына қатысушыларға қарсы репрессиялық шаралардың (1940-1941) жаңа толқынының себептері. Олар, бәлкім, Германиямен соғыс басталған кездегі билік құрылымдары ел ішінен наразылық білдіруден қорқып, мұны, ең алдымен, кешегі «таптық» жауларынан күтті, бұған дейін 20-30 жылдары бірнеше рет тәркіленді. Бұған арнайы алғышарттар болмаса да

Тергеу барысында тергеушілердің назары негізінен келесі мәселелерге



аударылды:

- 1) Тергелетіндердің «Алаш» қозғалысына, яғни 1917-1920 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалысқа қатысу деңгейі.
- 2) олардың 1921 жылғы «құлақ» көтерілісіне қатысуы.
- 3) Германиямен соғыс қарсаңында және басында олардың көңіл-күйі мен мінез-құлқы.

Бұл ретте тергеу істі ойдан шығару үшін қажетті фактілерді өндіруге бейімділікпен жүргізілді. Мәселен, тергеуге тергеушілермен жеке есепшоттары бар куәгерлер тартылды, олардың сотталған «халық жауларымен» байланысын растайтын фактілер іздестірілді.

Серғазы Ахметовтің ағасы Әбілмәжінің баласы Бәри Ахметов кеңес - фин соғысын қатысқан. Рузаев ауданда мұғалім болып жұмысстеген. Оның оқушыларының бір Еркін Әуелбеков болған.

Тілеубердин Әлібек Қазбекұлы өзінің әкеңнің ағасы Сұлтанбек Тілеубердин туралы естеліктерімен бөлісті. Әкесі Баратай ауылында туған. Арғы аталары би болған болған.



Сұлтанбек Тілеубердин Петропавлдан Ұлы Отан соғысына аттанды. Ол 314-ші дивизиясының құрам-соғысқан. Ржевск түбиндегі ұрысты қорғауға түсіп, 1943 жылы қазы тапты деген қаған келген. Бірақ, ол кісі соыстан аман-есен оралғаннан кейін, 1945 жыл Кеңес өкіметі тұтқынға алынған. Воркутаға 10 жылға қоныс тепкен. 1956 жылы ақталып, 1958 жылы еліне оралғанмын. Сергеевка қаласын тұрған. Сұлтанбек Тілеубердің екі іігі-Рақымбек, Бексұлтан Ұлы Отан соғысында қаза тапқанбек. Сұлтанбек Тілеубердің өзіне берген ардагері ретінде ешқандай көмек берілмеген. 1993 жыл дүниеден өткен.

**Документ № 1 (п.л. 47-48)  
Следственное дело Ахметова Байгазы**



Анкета арестованного (в извлечениях)

- 1.2 Ф.И.О.: Ахметов Байгазы
3. Год и место рождения: родился 1894 году, колхоз «Социал» Октябрьского района Северо-Казахстанской области КазССР
5. Профессия и специальность: сапожник, скотовод
6. Место работы: агент «Заготживсырье» Октябрьского района
7. Национальность: казах
9. Партийная принадлежность: а) в прошлом, исключен в 1935 году
10. Образование низшее в объеме 2-х классов
11. Социальное происхождение: из крестьян-бедняков
12. Судимость: под судом не состоял, 1921 году был арестован как участник кулацкого восстания 1921 года
14. Состав семьи: жена Ахметова Умут – 1917 г. рожд., сын Ахметов Кеңес – 1927 г.р., проживают в колхозе «Социал»; братья Ахметовы: Авильмажин – 66 лет, Сергазы – 60 лет, проживают в колхозе «Социал», Ахметов Абилжан – 40 лет – в с. Соколовке.

143

*Семья Бр  
Бр Ахметов  
2  
Н. маф.*

*Авильмажин (66 лет) На момент допроса  
Байгазы 1894 г (47 лет) 1941  
Сергазы (60 лет)  
Абилжан (40) в Соколовке не мешкал*



**НҰРПЕЙІСОВ**  
**Алданыш Нұрахметұлы**

7 мамыр 1956 жыл, Ұлты қазақ. Туған жері – Көкшетау облысы, Володаровка ауданы, Қарағамыс ауылы туған. Қазақстан Республикасы азаматы. Қазіргі мекен-жайы - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Дәуқара ауылы.

Алданыш Нұрахметұлы өзінің туған нағашысы, анасының ағасы Уәлиев Тұрсынхан Уалиұлы 1921 жылы 10 шілдеде туған, тұғылықты жері бұрынғы Көкшетау облысы, Айыртау ауданы Дәуқара ауылы, колхозшы. Шамамен 1950-1951 жылдары үйленген, әйелі Мәнү Жұманқызы, екі ұл, 4 қызы бар.

Уәлиев Тұрсынхан 1941 жылы Айыртау әскери комиссариаты шақырған, Ақмола облысында жасақталған 106-атты әскер дивизиясының №4 эскадронының №2 взводында болған, взвод командирі немесе взвод командирінің көмекшісі болған. 1942 жылы Харьков түбінде 106-атты әскер дивизиясының жау әскеріне қарсы шабуыл нәтижесінде қоршауға түсіп, немістерге тұтқын болады

1942 жылы 8 тамыз күні Еинганг концентрациялық лагерге түскен. Нағашымның өзінің айтуынша, лагерде көп жұмыс істетіп, дұрыс тамақ бермеген, кейде тамақты апталап бермеген күндер де болған. Жастығымның, қазаққа біткен шыдамдылығымның арқасында ғана аман қалдым, өйткені басқа ұлт өкілдері қарындары ашқан соң қолға түскен нәрселерді жеп, іштері ауырып көп өлді дейтін. Лагерде немістер еврей ұлтының өкілдеріне асқан қаталдықпен қарады, оларды тіпті адам екен де жоқ, оларды барынша қорлады, туалетке түсіріп сонда түнетті, тіпті тірідей көзімізше байлап тастап операция да жасады, бірақ еврейлер де қайсар халық екен, немістерге жалынғанын көрмедік, қалай қорласа солай қыңқ демей өлді, туалетке түсіргені тіпті берген тамақты жемей қойды, мені де еврейсің деп атып тастай жаздағаны бар. Өлім деңгейі өте жоғары болды, бір жолы жылыту қазандығына көмір уақытылы келмей қалып, өлген адамдарды көмір орнына жақты, тіпті бізді де сапқа қойып ата бастады, бірақ осы кезде көмір келіп қалып, бізді көмір түсіруге жіберді. - деп еске алатын нағашысы.

1943 жылы Түркістан легионында жүрген кезде бір топ адам, ішінде полковник дәрежесіндегі қазақ бастап Брянск майданы шебіне Қызыл Армия



әскеріне қосылады. «Смерш» бұларды тексеріп, бастап келген кісіні және офицер шенділерді сап алдында сотсыз атып тастайды да қалғандарын әскери трибуналға береді. Брянск майданы әскери трибуналы 25 ақпан күнгі шешімімен нағашымды 10 жылға бас еркінен айырып соттап жібереді. 106-дивизия сатқындар дивизиясы дегенді білген нағашым әскери трибунал мен «Смерш» адамдарына 137 полктанмын, қатардағы жауынгермін, командир болған жоқпын, орысша білмеймін, сауатым жоқ- деп әдейі бұрмалап айтқан. 1943 жылдан 1950 жылғы Сталиндік кешірім жарияланға дейін Норилск сталиндік лагерде жазасын өтеді. Сталиндік лагерь Гитлерлік лагерден де ауыр болды дейті.

Уалиев Тұрсынхан Түркістан легионында болған. Тұтқынға түскен кезде ол кісі Мұстафа Шоқайдың лагерге келіп, тұтқындармен әңгімелесенін айтып еді. орта бойлы, толықша келген кісі келіп, сендерге көмектескіміз келеді, бар мақсатымыз сол – деп айтқаны есімде деген еді нағашым. Сол кездесуден кейін тұтқындарды немістердің жекеменшік жұмыстарына жегеді, ол жердегі жұмыс лагерь жұмысынан жеңіл, әрі тамақ береді, жарытпаса да тіршілікке жарап тұр. Кейін лагерден шығу еркі болды, бірақ қолға қару берген жоқ.

Алданыш Нұрахметұлының нағашысы қызмет еткен атты әскер дивизиясын немістердің бронды техникасымен қаруланған қарулы күштеріне қарсы қойған және қарулары да толық сай болмаған, атты әскерге қылыш та жетіспеген, солай бола тұра қарсы шабуылға шығарулары сауатсыз қолбасшылар болғанының дәлелі. Бірақ тұтқынға түскендері үшін сарбаздарды кінәледі. Сол себепті оларды отанын сатқандар деп айтуға болмайды.

Нағашысы тұтқыннан қашып келгеннен кейін 10 жылға сотталды. Уалиев Тұрсынхан НКВД фильтрациялық лагерінен өткеннен кейін 10 жыл бас бостандығынан айырып Норильск сталиндік лагерде 1950 жылға дейін, Сталиндік кешірім жариялағанға дейін болды. 1950 жылдан кейін де Норильскіден шығу, үйге қайту да оңай болмаса керек. Норильскіден шығатын кеменің трюміне жасырынып жатып, қашып шығады. Сол жылы өз туысқандарымен 9 жылдан кейін табысады, қалған өмірін өзінің туған ауылында өткізеді.

Нағашысы өз отанында да жазасын өтеп келгеннен кейін де «сатқын» атағы соңынан қалған жоқ, ауылда, жұртшылық арасында ондай әңгіме айтылған емес, бірақ ресми органдар ол кісіге сенімсіздік танытты. 2000 жылдары куәлік ауыстырамыз деген желеумен соғыс ардагері куәлігін алып қойып, ардагерлік санаттан шығарып тастаған кездері де болды. Тәуелсіздік алғанымызбен «Түркістан легионының» жауынгерлері ақталмаған кез еді. бірақ ауыл тұрғындарының талабы және менің дәлел іздеуімнің арқасында Айыртау аудандық комиссариаты ол кісінің ардагер атағын қайтып берді.

Нағашысы әскери борышын өтеген 106-атты әскер дивизиясы есептен шығарылып тасталған себепті оның соғысқа қатысқанын Мәскеу әскери прокуратурасының архивінен алынған Брянск майданының әскери



трибуналының хатшысы 2 рангалы юрист Ф.Б.Миронов қол қойған құпия грифі бар әскери трибунал шешімі жазылған құжат бар.

Сондай-ақ Уалиев Тұрсынханды тіркеген Еинганг концентрациялық лагерь листогы бар. Нағашым туралы облыстық «Солтүстік Қазақстан» газеті журналисі Жанысова Ләйләнің «Жоғалған дивизия» атты мақаласы, менің «Айыртау таңы» аудандық газетте жарияланған «Темір адам» атты мақалаларымыз бар.

Жеке басқа табыну жылдары тек бір адамның пікірі мыңдаған қазақстандық тұтқындардың тағдырына теріс әсер етті. менің ойымша, кеңес үкіметі жеке адамның (В.Ленин, И.Сталин) ой-тұжырымы негізінде өмір сүрген, бағыныштылар солардың айтқандарын өмірге бейімдеген құрылым, өйткені олардың істегені еш қисынға келмейді. Халықаралық келісімдер мен заңдарға бағынбаған, қоғам заңдарын ескермеген, ойдан шығарылған теориялар негізінде әрекет еткен,сөйтіп аса қатыгез қоғам құрған.

Бұны мен кеңес үкіметі жариялаған жалған ұрандарын, Коммунистік партияның Орталық комитеті, Сталиннің жеке басы жіберген қателіктерін жасыру үшін, «Біз адалмыз, біз қателеспейміз, біз көрегенбіз» деген тезистерін ақтау үшін, екінші дүниежүзілік соғыстың бас кезінде жіберген өрескел қателіктері мен әскери қылмыстарын жасыру мақсатында соғыса алмады деп жауынгерлерді кінәлады, Отанына сатқындық жасады деп жазықсыз жандарды атты, соттады. Халықаралық келісімдерге қол қоймағаны халықаралық заңдарды кеңес үкіметі мойындамағаны еді, партия көсемдері шығарған жалған, бірақ өздеріне өте пайдалы шешімдер арқылы әрекет ету Сталинге тиімді еді.

Мен нағашымды ақтап алу үшін, оның соғысқа қатысқан ардагер атағын қайтару үшін әрекеттерім тәуелсіздік алған кезде болған соң, арнайы өтініш жазған емеспін, бірақ Мәскеу әскери прокуратурасына, әскери архивтерге сұрау салдым, бірақ ол сұраулардың көшірмесі сақталған жоқ.

Мен «Түркістан легионына» қатысты Қазақстан әскери прокуратурасының оларды ақтау туралы шешімдерін көрген емеспін, ал Ресей Қорғаныс министрлігінің «Түркістан легионы» туралы Сталиндік пікір сол қалпында екенін білемін.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі, әскери прокуратурасы бірлесе отырып екінші дүниежүзілік соғыс туралы өзіндік, тәуелсіз ұстанымдарын жариялауы керек, қолда бар соғыс кезіндегі құпия грифі бар бар құжаттар жарияланса, не ашылса, сол кезде «Түркістан легионына» байланысты белгісіздік болмас еді, шын мәнінде қазіргі ұрпақ оларды сатқындар деп есептемейді.

Нағашым, Увалиев Тұрсынхан Уәлиұлы жайлы тың деректерді марқұмның жолдастары ерекше құрметпен баяндайтын, өкінішке орай ол кісілер қазір қасымызда жоқ. Нағашым, сөздің емес істің адамы еді, ел-жұрт түгел құлақ қағыс болатындай көріскен, отырған жерде ерлігін, көрген көп қиыншылығын айта бермейтін. Бәлкім зұлмат соғыс салған дерттің жарасын қайта тырнағысы келмегеннен де болар. Батырымыз жайлы мәліметтер осы



сұхбатта біраз айтылды. Келер ұрпақ осы мағлұматқа сүйенеді, рухтанады деп сенемін.



№ 009  
НАРОДНЫЙ НОМИНАРИТ СУДЕБНЫХ ДЕЛ  
и их хранение в Казахстане

Акмолинское Область, Управление  
судебной Службы

ДЕЛО № 581

По обвинению Алтайбаева Х., Бешимбетова Н.  
и Кашыба В. по ст. 109 УК РСФСР

Начато 10-сентября 1947 г. в 1 томах  
Скоплено 10-декабря 1947 г. Том № 1

После судебного рассмотрения и вступле-  
ния приговора в силу, настоящим делом под-  
лежит возврату по окончании в 1-й Спец-  
деловой НКВД Казах. ССР

1 1947 г.

Передается в архив в качестве  
става следственного дела, а также до-  
кументов дела в другие органы  
НКВД, хотя бы и вспомога-  
тельно, производится исключительно че-  
рез 1-й Спецделовой стая НКВД.

Передача следственного дела оформ-  
ляется постановлением, утвержден-  
ным, начальником соответствующего  
НКВД или его замести-

НАРОДНОЕ  
Арх. №: Судебно-Управленческое

Сдано в архив \_\_\_\_\_ 19\_\_ г.

Тел. НКВД Казах. ССР А-144

## Бектас Жұмабайұлы

Ұлты қазақ. 10.09.1881 жыл туған, туған жері, мекен жайы – Ақмола (бұрынғы Көкшетау) облысы, Зеренді ауданы, Баратай ауылы.

Балалық шағымда әкемнен естігенім: «Елдегі бай әрі ауқатты адамдарды тәркіледі. Дін маманы молда болғаны үшін елден қуды.

1925-1950 жылдар аралығында Патша үкіметінің құрбаны болған, Алланың сынағына душар болып Ақмола өңірінен жер ауып, аты-жөнін өзгертіп, бой тасалап жүруге мәжбүр болды. Көптеген жылдар бойы ағаш арасында (тайга), жан-жаққа қашып, біраз жылдан кейін, қазіргі Ресей жеріндегі Ишим ауданы Рогазино селосына тұрақталды. Науан Хазреттің шәкірті, Баратай төңірегінде халықты рухани азықпен қамтамасыз еткені үшін, имамдарға құран, ақида, фикһ сияқты ілімдерден дәріс оқығаны үшін тәркіленіп жер аударылды.

Шұңғырша руынан шыққан Жұмабай қажының ұрпағы болды, сонымен қатар арабша хат таныған. Елде молда қызметін атқарған.

Патша үкіметі тәркілеу жүргізіп жатқанда, Науан хазреттің баласы Қазезтаймен қашып жатқанда, аттың тұяғы сүрініп қолға түседі, әкеміз Бектас болса қашып үлгереді. Түнде елге қайтып келіп отбасын алып, хижрет етуге мәжбүр болады. Шекарадан өту үшін жалған паспорт жасап елден кетеді. Ұзақ жылдар бойы тайга аралап, қазіргі Ресей жеріндегі Тюмень облысы Ишим ауданы Рогазино селосына тұрақталады.

Әкем, басқа да ол туралы ақпарат ештеңе айтпады.

Бектас әкемде көп бала болғандығы айтылады, атап айтқанда 12 қызы болған. Көпшілігі қайтыс болған, қазіргі кезде бір ұлы мен үш қызынан ұрпақ қалған. Олар: Қалитай Бектасұлы, Шарғия Бектасқызы, (1925-2012) Зәкия Бектасқызы, (1932-1999) Сәбила Бектасқызы. (1938-1994) Қуғын сүргінге түскен соң, үлкен қызы Шарғия сол кездегі бастықсымақтар әкесін ұстап беріп, түрмеге айдатып жібермесін деп, екінші әйелі болып тұрмысқа шығуға мәжбүр болады. Ол кісінің сол некеден Рая атты жалғыз қызы бар, қазіргі Ресей жеріндегі Тюмен облысы Ишим ауданында тұрады. Ортаншы қызы Закия 23 жасында 1955 ж. қазіргі СКО, Айыртау ауданы, Үкілі Ыбрай ауылына тұрмысқа шығады. Дүниеге 4 бала әкелді . 7 жасынан үйренген бес уақыт намазын қаза қылмай, оразасын берік ұстап дүниеден өткен. Кіші қызы Сабилә қазіргі Зеренді ауданы, Баратай ауылына тұрмысқа шығады.





**Марат  
ҚОЙШИН**  
Қоғам қайраткері.

03.11.2023 күні Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті ішінде Тарих, География және ӘГП кафедрасы студенттеріне Қоғам қайраткері Марат Қойшин ақсақал шағын дәріс өткізіп, өзінің өмірінің шағын естеліктерімен бөлісті, белгілі қайраткерді тыңдауға студент жастар құрамын даярлаған дәріс модераторы Талапкер Асқарұлы, дәріс процесінде белгілі қайраткер Репрессия құрбандарын еске алып өз сөзінде атасы жайлы айтып, сол замандағы Кеңес елінің бай шонжарларды қудалау саясатын негізге алды, қайраткер айтуынша: ...Мен, енді, әкемнен естіп, туыстарымнан естіп, осы полтический репрессиядан, өз жекебасым, әкем мұғалім болған, атам мұғалім болған, әкем қайтарында айтқан менің Фамилиям Қойшин яғни Қойлы болған, әкемнің айтуы бойынша біздің тегіміз Ибрагим болуы керек екен, мен өзгертпек болып, әкем: -сенің бауырларың қарындастарың Қойшин,ал сен Ибраһим боласың ба деп тоқтатты,ал мен қарсы болып едім, 1932 жылы туып, бес жасында жетім қалған жетімдерге ма, мұғалім болыпты (сіз өзіңіз, естеліктеріңіз қандай сол бойынша айтсаңыз, кітап болып шығуы тиіс, мына Бурабайдың ар жағында Үлгілі деген ауыл,Степняк деген жер, Біржан Сал ауданы білесіздер ғой, негізі Қазгородок деген Райцентр сол болыпты, сол жерде бір жетімдерге ма, деддом балаларына мектеп болған, соларға мұғалім болған жыр етекпен болған, жыр деген сөз мына Шинель бар ғой шинель, білесіздер ме шинельді?, соның арты ашық қой,соны жыртық комсомол болған ба, сонымен Архивтан барып іздеп едім, именно Степняктағы күйіп кетіпті, әдейі күйдірді ме?, сол кездегі Архивтар күйіп кетіпті, Архив жоқ, біраз енді Қойшылар көп болған ба соның ішінде менің атам мұғалім болып істеді, сонымен жүріп қалған подробно айта алмаймын!, - деп белгілі қайраткер Репрессия құрбанына айналған атасының өмірін зерттемек болып, тырысқаны жайлы сыр шертеді, бұл ойдан біз қарайтын болсақ!, сол замандағы қоғамда орын алып жатқан жағдайды елестету қазіргі таңда мүмкін емес екендігі айдан анық! Сонымен Марат Қойшин өз өмірі мен шығу тегі жайлы айтуынша : нағашы жағымнан келсек, нағашы әжем бауырлары болды, олардың руы Керей, біз Қарауылмыз осы жақтан, сол әжемнің әкесі Петропавл қаласында завод ұстапты қызылдармен, байлар жаман деп, бай




деген бизнесмен ғой, сол заводты ұстап, заводты ұстау оңай емес қой, ол бизнесмен әжем 106 жасында қайтыс болды, 100 ге келгенше жүн иіріп отыратын әжем, сол әжем колбаса жеген жоқ, лимонад ішкен жоқ Харам деп!, сол әжемнен естігенім, атам Индиядан тауар әкеліп кәсіп қылған, маған сонда баруды нұсқап, ал мен онда не істерімді білмеймін, турист болып бара алмаймын, не тіл білмеймін, не ақшам жоқ, сонда әжем айтатыны Алладан тіле балам, Алладан тіле, сосын мен қойшы әже деп!, сөйтіп мен Индияда болдым ғой, жартылай сеніп, жартылай сенбей, сөйтіп мен 2000 бірдеңе жылдары, айтарым біздің халық әрқайсысын арғы жағын қопарсаңдар жарамалдықты көріп өткен, бірақ біз бабаларымыз адам баласы жақсы жағынан солай жаратылған шығар, сондықтан сол әжемнің әкесінің інісінің ағасы ма Ержанов сол кісі мұғалім болған Петропавл да, Сабит Мұқанов білесіңдер ғой Керей болған, байдың ұрпағы деп әлгі атамызды қудалап ол кісі Алматы ға кетеді, Алматыдан Семейге барады, Семейде 1937 жылы атылады. Оны мен архивтен таптым, архивтен қағаз шықты. Нағышы әжемнің ағасы. Архивте қағазы бар. Учитель киргизской школы, мұғалім болған, репрессирован 1937 жылы. Сондықтан біздің 250 000 деп айтат, 25 мың деп айтады, ең қазақтың ішінде оқыған, 9 тілге дейін білген, ал біз бүгін қазақша орысша білеміз соған мәз болып жүреміз, 9 тілге дейін білген бабаларымызды, Абылай Хан 6 тіл білген. Сондай ақылды бабаларымыз біз білетін, Сакен Сейфуллин, Әлихан Бөкейхан, 20, 15, 35 білеміз, ал одан басқа біз білмейтін, әрқайсысымыздың бабаларымыз сондай жақсы адам болған елім жерім деп жүрген -, деп белгілі қайраткер жастарға білімді болуды үгіт насихат етеді, оларға қазіргі заманда білімді болудың маңызын және сол білімді мықты игерген ата бабалары жайлы, тұлғалар жайлы айтып өтті, және атасының өмірі мен тарихын зерттей отырып Архивтік құжаттарға қол жеткізіп, осындай деректерді жастарға жеткізеді.





**МУХАМЕТЖАНОВ**  
**Мурат Жумабекович**  
**об отце**  
**МУХАМЕТЖАНОВ**  
**Жумабеке**

«Я, Мухаметжанов Мурат Жуабекович родился 27 марта в 1941 году в Северо-Казахстанской области, Кзылтуского района в селе Кишкене-Куль. Отец-Мухаметжанов Жумабек, мать-Уахасова Батыш. В связи с отсутствием родителей и переездом, учебу начал на казахском языке в селе Ерынты, Атбасарского района, где окончил 2 класса и затем снова на русском языке с первого класса с 1950 по 1954 год на станции железнодорожном селе «Перекатино», с 1954 по 1957 в селе «Беловодское» окончил 7 классов.



В 1956-1962 г.г учился в Атбасаре и окончил сельско-хозяйственный техникум по специальности «техник-механик» с/х производства где одновременно получил права шофера-тракториста-комбайнера. После окончания техникума, работал механиком сельскохозяйственного производства, работал в Атбасаре мастером производственного обучения. В совхозе им. М.Горького механиком трудоемких процессов в животноводстве. Зав. машинным двором. После развала совхоза и по состоянию здоровья устроился заправщиком ГСМ. Всё в этом селе «Тимашевке». Вышел на пенсию в 63 года в 2004 году со стажем 37 лет. Женат. Жена-Райса Аманбаевна 1943 г.р. С 1965 года по настоящее время – пенсионеры. Воспитали шестерых детей: пятеро девочек и один мальчик, которые имеют свои семьи, детей. Внуков и внучек четырнадцать».

Мой отец Мухаметжанов Жумабек родился в 1910 году в колхозе «Алғабас» №12 аулсовета Атбасарского района Акмолинской области. Родной отец – отца Жанабаев Бостан, в прошлом был крупным баем волостного управления. В 1929 году его хозяйство было конфисковано. Жумабек окончил в Атбасаре школу-гимназию 7(семи) классов.

Позже, боясь гонения байского сына он взял фамилию братьев дедушки Мухаметжана, где в то время проживал в Караганде, там же окончил школу бухгалтеров и устроился работать главным бухгалтером Райпотребсоюза





Карагандинской области. Женился на моей матери Уахашова Батыш. В 1940 году родилась сестра Лида, а я родился в марте 1941 года когда родители переехали в Северо-Казахстанскую область, Кзылтуский район в село Кишкене-Куль из-за перевода работы главным бухгалтером Райпотребсоюза. Это было время войны «по-брони». В 1942 году 31 декабря из-за ложного донесения РОНКВД за антисоветскую агитацию был арестован и осужден на 8 лет лишения свободы, где остался навечно. Мать после работала дояркой в колхозе и в 1946 году умерла. Все родные, бабушка, тётка и сестры ушли в мир иной.

Благодаря Аллаху я остался единственным наследником отца.

В материалах уголовного архивного дела по обвинению Мухаметжанова Жумабека имеется следующая информация.

Мухаметжанов Жумабек 1910 года рождения, уроженец колхоза «Алгабас», № 12 аулсовета Атбасарского района Акмолинской области, проживал в с. Кишкене-кул Кзылтуского района Северо-Казахстанской области, До ареста работал главным бухгалтером Кзылтуского

Райпотребсоюза, **беспартийный**, грамотный - окончил 7 классов, его отец - Жанабаев Бостан был раскулаченным баем, женат, состав семьи: мать -

Жанабаева Балжан 60 л., жена - Уахасова Батишь 1917 г.р., дочери:

Мухаметжанова Шакен 1938 г.р., Мухаметжанова Мира 1938 г.р.; сын - Мухаметжанов Мурат 1941 г.р.; брат и сестры: Мухаметжанов Тургун 1922 г.р., Мухаметжанова Кулнази 1925 г.р., Талдыбаева Катиш Мухаметжанов Жумабек был арестован 31 декабря 1942 года на основании постановления Кзылтуского РО НКВД за

«КАЗАХСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕЗИДЕНТИНІН АРХИВІ»  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
«АРХИВ ПРЕЗИДЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

050010, Алматы қаласы, Достық аймағы, 87 б.  
т. (727) 264 59 33, факс: (727) 264 60 21  
e-mail: office@arkhiv.president.kz

050010, город Алматы, проспект Достык, 87 б.  
т. (727) 264 59 33, факс: (727) 264 60 21  
e-mail: office@arkhiv.president.kz

10.04.2023 № 08-10/55

Мухаметжанову М.Ж.  
ул. Фурманова, д. 5  
г. Атбасар

Архивная справка

В материалах уголовного архивного дела по обвинению Мухаметжанова Жумабека имеется следующая информация.


Мухаметжанов Жумабек 1910 года рождения, уроженец колхоза «Алгабас», № 12 аулсовета Атбасарского района Акмолинской области, проживал в с. Кишкене-кул Кзылтуского района Северо-Казахстанской области, до ареста работал главным бухгалтером Кзылтуского Райпотребсоюза, беспартийный, грамотный – окончил 7 классов, его отец – Жанабаев Бостан был раскулаченным баем, женат, состав семьи: мать – Жанабаева Балжан 60 л., жена – Уахасова Батишь 1917 г.р., дочери: Мухаметжанова Шакен 1938 г.р., Мухаметжанова Мира 1938 г.р.; сын – Мухаметжанов Мурат 1941 г.р.; брат и сестры: Мухаметжанов Тургун 1922 г.р., Мухаметжанова Кулнази 1925 г.р., Талдыбаева Катиш.

Мухаметжанов Жумабек был арестован 31 декабря 1942 года на основании постановления Кзылтуского РО НКВД за антисоветскую агитацию, ему было предъявлено обвинение по ст. 58-10 ч.2, 106 и 109 УК РСФСР.

Решением Судебной Коллегии по уголовным делам Северо-Казахстанского Облсуда Мухаметжанов Жумабек был приговорен к 8 годам лишения свободы с поражением в правах на 3 года с конфискацией лично принадлежащего имущества.

Заключением Генеральной прокуратуры Республики Казахстан от 9 ноября 1993 г. Мухаметжанов Жумабек реабилитирован.

Основание: Ф. 26 (Акмолинская обл.), Д. 2776.

Заместитель директора  Д. Абдукадырова

Исп.: Бектенова Н.С.  
Тел. 8(727) 2644269



Специальный государственный архив  
Управления информатизации и связи  
Департамента полиции Акмолинской области  
020000, г. Кокшетау, пр.Н.Назарбаева, 52, тел. 8 (716-2) 29-10-60

Исх.№ 9-9-70/ 23 - И от «08» февраля 2021 года  
на эк. МЖТ-М-294 от «02» февраля 2021 года

**АРХИВНАЯ СПРАВКА**

По материалам архивного уголовного дела №02776, находящегося на хранении в Специальном государственном архиве Департамента полиции Акмолинской области, значится Мухамеджанов Жумабек, 1910 года рождения, уроженец села Манен, аулсовет №12, Атбасарского района Акмолинской области, казах, социальное положение – родной отец Жанабаев Бостан (имя написано неразборчиво) в прошлом был крупный бай волостного управления, в 1929 году его хозяйство было конфисковано, грамотный, до ареста работал гл.бухгалтером в Кызыл-туском Райпотребсоюзе, проживал в с. Кишкене-куль, Кызыл-туского района Северо-Казахстанской области.

На момент ареста имел семью:  
Мать – Жанабаева Б., 60 лет;  
Жена – Уахасова Ботап, 1917 г.р., 29 лет, домохозяйка;  
Мухамеджанов Жумабек, 1910 года рождения осужден Северо-Казахстанским областным судом по ст.58-10 ч.2 УК РСФСР к 8 годам лишения свободы с поражением в правах на 3 года. Дело в кассационном порядке не рассматривалось.

Согласно заключению Генеральной прокуратуры Республики Казахстан №706 от 09 ноября 1993 года Мухамеджанов Ж. судом признан виновным в том, что будучи враждебно настроенным к Советской власти среди своего окружения проводил контрреволюционную агитацию, направленную на дискредитацию мероприятий партии и правительства, восхваляя жизнь фашистской германии, ее армию, охаживал жизнь трудящихся в СССР. Говорил о том, что Красная армия несет большие потери, а в газетах сообщают о войне неправду. Мухамеджанов Ж. виновным себя не признал.

В этих высказываниях отсутствовал призыв к свержению, подрыву или ослаблению Советской власти или к совершению других контрреволюционных происшествий, разговоры носили личный характер, свое мнение никому не навязывал, обывательски рассуждал среди знакомых.

На основании вышеизложенного на Мухамеджанова Жумабека, 1910 года рождения распространяется Закон Республики Казахстан «О реабилитации

жертв массовых политических репрессий» от 14 апреля 1993 года и он реабилитирован.

Родственники реабилитированного имеют право на ознакомление с документами только непроцессуального характера. К ним относятся: анкеты арестованных, справки выданные сельсовета и местными органами, характеристики с места работы, приговоры и обвинительные заключения (в случае, если в них не указаны проходящие по делу свидетели или другие участники уголовного процесса), решения о пересмотре уголовного дела, сведения о реабилитации.

Другими сведениями не располагаем. В архивном уголовном деле имеется фотография Мухамеджанова Ж., которая будет приложена.

За справкой о реабилитации Вы можете обратиться в органы прокуратуры.

Основание: фонд 26, архивное уголовное дело №02776.


Начальник  
Управления информатизации и связи  
Департамента полиции Акмолинской области *Д. Шакинов* Д. Шакинов

Главный специалист СГА  
Управления информатизации и связи  
Департамента полиции Акмолинской области *У. Мамаева* У. Мамаева

антисоветскую агитацию, ему было предъявлено обвинение по ст. 58-10 ч.2, 106 и 109 УК РСФСР.

Решением Судебной Коллегии по уголовным делам Северо-Казахстанского Облсуда Мухаметжанов Жумабек был приговорен к 8 годам лишения свободы с поражением в правах на 3

года с конфискацией лично принадлежащего имущества.  
Заключением Генеральной прокуратуры Республики Казахстан от 9 ноября 1993 г. Мухаметжанов Жумабек реабилитирован. Основание: Ф. 26 (Акмолинская обл.). Д. 2776.





**АХЕТОВ**  
**Қайыргелді Сәлімұлы**

Желтоқсан-1986 ардагері, 18 ақпан 1959 жылы туған. Мекен-жайы:  
Көкшетау қаласы, Ә. Баймұқанов к-сі, 118/20.

Атам Аманқұл ұлы Ахметқали ХХ ғасырдың 20-30 жылдары Кеңес өкіметі жүргізген саясатының жазықсыз саяси қуғын-сүргін құрбаны. Руы Арғын-Атығай-Елтоқ. Туған жылы: 1877 жыл көктем айы, қайтыс болған жылы 1933 жыл көктем-жаз айлары. Туған жері: Қазіргі Ақмола облысы, Біржан Сал ауданы, Үлгі (Казгородок) ауылы. Қайтыс болған жері: Қазіргі Ақмола облысы, Біржан Сал ауданы, Үлгі (Казгородок) ауылы.



Ағайын, туған-туыс, үлкендердің айтуы бойынша атамызды Республикада 1928 жылы қабылданған «Байлардың шаруашылығын тәркілеу туралы» қаулыға сәйкес 1929 жылы қыс айында жазықсыз 8 жылға соттап, Петропавл (Қызылжар) түрмесіне жапқан болатын. Әрі қарай этаппен жер аударылды. Нақты қайда жер аударылғаны туралы мәлімет жоқ. Ал отбасын кішкентай балаларымен қыс ішінде үйден қуып шығарып, ағайындардың айтуы бойынша Сибкрайға жер аударып жіберген екен, бірақ нақты қандай лагерь, белгісіз. Сонда Әкем Сәлім 14 жаста болған. Әкем 1914 жылы туған. Өмір бойы шопан болып жұмыс жасады, 1983 жылы 69 жасында өмірден өтті.

Кейін Ахметқали атам 1932 жылы қамалған жерінен қашып, елге оралады. Елге оралғаннан кейін отбасын іздеп тауып, содан 1933 жылы қуғын-сүргінен алған зардабынан 56 жасында қайтыс болады. Сейіт-Баттал Мустафин атамның немере інісі. 1892 жылы бұрынғы Көкшетау облысы, Еңбекшілдер ауданының № 3 ауылында дүниеге келген. 1937 жылы 16 қыркүйекте «үштіктің» шешімімен «халық жауы» ретінде ату жазасына кесілген. 1958 жылы ақталған.

Атам туралы мәліметтер мемлекетіміздің басқа облыстарында болуы мүмкін. Бар осы мәліметтер. Өкінішке орай қолымызда атамыз туралы құжаттар жоқ. Осы күнге дейін атам ақталмады.





**ШАРИПОВА**  
**Алтын Бексултановна**

Мекен-жайы: Көкшетау қаласы, Ш. Уәлиханов көшесі, 162.

«Халық жауы» деп қанша алаш қайраткерлерін атып тастады ғой совет үкіметі. Ол заманда (яғни ҰОС айтып отыр) қиын уақыт болды, елде кәрі-құртан, жесір әйел, жетім балалар қалған еді. Ол уақытта үйде бір сиыр болса болды, болмаса жоқ та. Енем жұмысқа таңертен кететін, егін орағында жұмыс ісеген еді. Жұмысына барарда, үйде нан жоқ болса бидайды қуырып ыдысқа салып, абырат қосылып жасалған айранды құйып кететін. Сол бір уыс бидайды жұмысынан кеудесіне тығып әкелетін. Совет үкіметі заманында ұрлық үшін заң қатал болды ғой, бір Алла сақтады ғой енемді.

Сол кезде үкімет тіпті кімдерде бір сиыры болды, оларға салық (налог) салатын. Сол бір сиырдың майы мен қаймағына зар болып отыратын ауыл жұрты. Тіпті Хрущев кезінде жылқы-сиырды весаға салып бір-бірден беріп, артығын тартып алған жағдайлар да болды.

Әкем соғыста болған адам. Мен өзім кейін Көкшетаудағы ағайындардың үйінде тұрып, жетім-жесірлердің 8 сыныптық №3 мектеп-интернатын бітіргенмін. Ол мектепте екі немістің қызымен бірге оқыдым, Эльвира және Вельма деген. Елде болған ол немістер соғыста тұтқынға түскен немістердің ұрпатары еді. Сол жер аударылған басқа ұлт өкілдермен бірге бір үзім нанды бөлісіп жедік қой. Қазақтың бауырмалдығы ғой. Бірақ әрі қарай оқуды жалғастыра алмадым, жастайынан ауылда даярка болып жұмыс жасадым.

Сіздер жақсы уақытта өмір сүріп жатырсыздар, біз сияқты соғыс, аштық көрмеңіздер, әрқашан жолдарыңыз ашық болсын қарақтарым», деп ой толғап сұхбат берді.





**АЯШИНОВ**  
**Дәурен Масағытұлы**


Дәурен Аяшинов Өлкетанушы-тарихшы, өлкетану және шежіре бойынша көптеген басылымдар мен басылымдардың авторы. 1970 жылы Павлодар қаласында туған қазіргі уақытта Астанада тұрады. Өлкетану, тарихи география, топономика-сүйікті ісі, 12 жасынан бастап атаның тегін қайта жазғаннан бері. Кейінірек туған Павлодар облысы ауылдарының ежелгі атаулары қызықтырды. 1926 жылғы санақ материалдары бойынша Маралды маңындағы шатқалдардың атауларын қалпына келтіре отырып, тұзды су қоймасының жанындағы төбедегі қираған қорымдар Абылай ханның ұрпақтары Маралды болысының сұлтандарына тиесілі екенін анықтадым. Өз сөздерімді растау үшін тарихшы ретінде 1878 жылғы картаны ұсындым, оның түпнұсқасы ішінара Мәскеудегі әскери-тарихи архивінде, ал бір бөлігі Омбы, Барнаул, Павлодар және Шығыс Қазақстан архивтерінде орналасқан. Қайыржан Байбосынұлының өмірлік деректерін ұрпақтарының тапсыруымен зерттеуде.

**Қайыржан Байбосынұлының (1890-1938 жж.)  
шығу тегі туралы бірер сөз**

Қайыржан Байбосынұлы 1890 жылы Ақмола облысы, Атбасар уезді, Атбасар болысының №6 әкімшілік ауылында (қазіргі Ақмола облысы, Астрахан ауданы, Толқынкөл ауылы) дүниеге келген. Архив құжаттарындағы тергеу кезінде алынған куәгерлердің сөздері бойынша Қайыржан Байбосынұлы бай, әрі жеті атасынан бері бай баласы. Әкесі Байбосын Жұмабайұлы «ел ақсақалы» болған. Атасы Жұмабай Мүсірепұлы да бай және ауыл старшыны болған (Архив КНБ РК (Министерство государственной безопасности КазССР), фонд № 2011(2500) дело №1а, том 1). 1897 жылғы әйгілі Щербина экспедициясының мәліметтері бойынша ол кісі туралы

мынандай мағлұматтар келтіріледі: «Жұмабай Мүсірепұлы, руы - Тінібек, қоңыстары – Кішкене арал, Толқынкөл көлі; қарамағында 17 үй, барлығы 99 адам (55 ер, 44 әйел). Мал саны: 310 жылқы, 152 сиыр, 14 түйе, 647 қой. «

\*Жұмабай Мүсірепұлы орыс тілінде сәл бұрмаланып «Джумабай Мерекъ» ретінде көрсетілген.



Қайыржан Байбосынұлының атасы Жұмабай Мүсірепұлы тек ауқатты, ауыл старшыны ғана емес, сонымен қатар діни сауатты көзі ашық адам болған. Бұған дәлел Жұмабай Мүсірепұлының 1897 жылы Ресей империясының әкімшілігіне қажылыққа бару үшін паспорт алуға өтініш беруі болып табылады. Өтініштің құжаты сақталмағанымен, қажылыққа бару үшін паспорт сұратқандар жайлы жергілікті билік өкілінің Ақмола облысы әскери губернаторына жолдаған рапорты табылды.

(ЦГА РК, Фонд №369, оп. 1, дело №3650, связка №440, Ақмолинское областное правление. Дело по ходатайствам паломников о выдаче заграничных паспортов в Геджас, Меку и Медину).

### Қайыржан Байбосынұлының елге жасаған қызметі хақында

Қайыржан Байбосынұлы Ақмола облысы, Калинин ауданы, Толқынкөл ауылдық кеңесінің төрағасы болған (қазіргі атауы: Ақмола обл., Астрахан ауданы, Бірлік ауылы). Ол кезде Толқынкөл ауылдық кеңесіне 20-дан астам ауыл қараған, Толқынкөл ауылы ауылдық кеңестің орталығы саналған. Ф.А. Щербина экспедициясының мәліметтеріне сәйкес 1897 жылдың өзінде Толқынкөл ауылдық кеңесінде 277 үй, 1593 адам (795 ер, 798 әйел) бар, мал саны: 5848 жылқы, 3177 сиыр, 488 түйе, 12604 қой деп көрсетіледі. Қайыржан мырзаның ауылдық кеңесті басқарған уақытына қарай бұл статистикалық мәліметтер бұдан ары ұлғайған болуы керек деп болжауымызға болады (әрине, ұжымдастыру, аштық, репрессия кезіндегі қалыптасқан факторлар теріс динамикада әсер еткені сөзсіз).

Саяси көзқарасы тұрғысынан Қайыржан Байбосынұлы кеңестік билікке, советтердің солақай саясатына қарсы ұлтшыл азамат еді. Оған дәлел көптеген архив құжаттары (әрине бұл доностарда тұлғаны мақсатты түрде негативті сипаттау орын алады):

Байбосонов Кайржан, проживая в колхозе "Берли" будучи враждебно настроенным существующему строю в нашей стране, систематически среди колхозников активно занимался антисоветской и противоколхозной агитацией, занимаясь клеветой на политику партии ВКП/б/ доказывая колхозникам якобы политикой ВКП/б/ направленной на уничтожения и разорения казахского народа, провоцировал колхозников на добровольный выход из колхоза, кроме того будучи председателем а/сов-

Байбосонов националистически настроенный элемент часто высказывает недовольство на жизни при сов. власти.

Жоғарыдағы екі үзіндіден көріп отырғанымыздай совет үкіметіне Байбосынұлының саяси көзқарастары әрдайым қайшы келіп отырған.

Жиырма ауылдың жергілікті билігі қолында тұрған уақытта Қайыржан Байбосынұлы өз басын бәйгеге тігіп, қарамағындағы халықты аман сақтап қалу үшін бес түрлі батыл қадамдарға барғандығын айта аламыз.

Біріншіден, Кеңестік билік байларды тап ретінде жоюды көздегені баршамызға аян, сол уақытта Қайыржан Байбосынұлы байлар мен олардың ұрпақтарына «қарапайым шаруа, кедей отбасынан шыққан» сынды мәндегі анықтамалар беріп отырған.

**ВЫПИСКА ИЗ ПРОТОКОЛА № 30**

**ЗАСЕДАНИЯ ТРОЙКИ УНКВД СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ**

От „14“ февраля 1938 года.

С л у ш а л и:	П о с т а н о в и л и:
<p>Дело №-1911 Калининского РО НКВД по обвинению БАЙБУСОНОВА Кайржана, 1890 года рождения, быв.боя.</p> <p>ОБВИНЯЕТСЯ в том, что проводил к-р агитацию, направленную против колхозного строительства, дискредитировал политику партии и, будучи председателем а/совхоза, систематически снабжал бывших элементов бедняцкими докладами.</p> <p>(Д-к т. Калинин)</p>	<p>БАЙБУСОНОВА Кайржана - РАССУДИТЬ, лично принадлежащее ему имущество конфисковать.</p>

**Кеңестік үкіметтің НКВД қудалауында жүрген азаматтарға материалдық көмек көрсеткен, бұл жайында оған қарсы жазылған «донос»-тарда былай делінеді:**

## 1-ДОНОС

*«Былтыр күздігүні Қонабайұлы Рақымжанға қой сойып беріп және қалтасына жүз сом ақша салып берген.*


*Осы август айының аяқ кезінде Бейнетқор ауданында қашып жүрген Бисай колхозының кулагы Шериазданұлы Кәрімге еңбекшінің баласы деп справка берген.*

*Және (троцкист) болып тұтқындалған Махмет Қонабайұлына Степняк алтын зауытының НКВД-сы келіп справка сұрағанда БОЛЫС БОЛҒАН ЖОҚ және КУЛАК БОЛҒАН ЖОҚ деп справка берді»*

*Екіншіден, Алашорда мүшелеріне материалдық және құқықтық тұрғыда көмек көрсеткен, өзі де Алаш қайраткерлерінің ел бүгінгісі мен болашағы туралы ұстанымдарын қолдаған. Ол жайында №-2 доноста баяндалады:*

## 2-ДОНОС

*«Толқынкөл ауыл советінде бір туған Қайыржан, Битәқа дегендер болады. Бұлар 28-жылға шейін кісі жалдаған. Қайыржан Байбосынұлы Алашордаға мүше, 28-жылы кәмпескеге алынған, Рақымжан Қонабаевты бірнеше күн қонақ қылып, 15 малдың шекесін жегізген және елден 1500 сом ақша жиып берген»*



*К. Ауданы Н. К. Б. Ф. Ч.  
Толқынкөл ауыл советінде бір туған  
Қайыржан, Битәқа дегендер болады,  
бұлар 28-жылға шейін кісі жалдаған.  
Қайыржан Байбосынұлы, Алашордаға мүше  
28-жылы кәмпескеге алынған, Рақымжан  
Қонабаевты 36-күн бірнеше күн қонақ  
қылып, 15 малдың шекесін жегізген және  
елден 1500 сом ақша жиып берген.*

**(Архив КНБ РК (Министерство государственной безопасности КазССР), фонд № 2011(2500) дело №1а, том 1., стр.38)**

*Үшіншіден, кеңестік билік қудалауына түспесін деп көп әйелі бар қазақтардың тізімін орталық қанша сұратса да Қайыржан Байбосынұлы жасырып, мұндай тізім бермеген... Толқынкөл ауылында көп әйел алған ауқатты отбасылардың біршама болғандығын 1926 жылмен мерзімделген архив дерегімен дәлелдей аламыз. Осы жылғы араб әліпбиімен жазылған 18 жастан асқан ауыл адамдарының тізімінде 14 қазақта екі қатыннан (құжатта «әйелі» деген термин емес, «қатыны» термині қолданылған) болған..*



*Төртіншіден*, ашаршылық жылдары адамдарды тірі сақтап қалу үшін жоғарғы басшылық бұйрықтарына қарамастан колхоз астығын жергілікті халыққа жасырын таратқан. Бұл әрекеттері құзырлы органдар мен доносшылар тарапынан «мемлекет мүлкін ұрлау» ретінде бағаланған. Халықты аштықтан сақтау үшін колхоз астығын елге тарату фактісін кеңестік органдардың айыпталды, оның дерегі бар архивте.

*Бесіншіден*, 1935 жылы Толқынкөл ауылында сол өлкедегі тұңғыш қазақ мектеп-интернатын салды. Өлкедегі көнекөз қариялардың айтулары бойынша мектеп салуға қажетті бөренелерді 150-200 шақырым қашықтықтағы Макинка жақтан пар өгіз жегілген арбалармен тасыған. Макинка жақта бөренелерді алу мәселесінде тамыры (жақын досы) Ткаченко қолғабыс еткен. Мектептің интернатына негізінен аштықтан аман қалған балаларды жер-жерден жинап әкеліп, орналастырған.

### **Байбусонов Каиржан**

Дата рождения: 1890 г.

Место рождения: Северо-Казахстанская область

Пол: мужчина

Национальность: казах

Образование: среднее

Профессия / место работы: Тулкункульский аулсовет

Место проживания: Акмолинская область (Целиноградская),

Калининский район, Берлик колхоз

Где и кем арестован: Калининское РО НКВД

Мера пресечения: арестован

Дата ареста: 27 января 1938 г.

Обвинение: Статья: 58-10 УК РСФСР

Осуждение: 14 февраля 1938 г.

Осудивший орган: Тройка УНКВД по Северо-Казахстанской области

Приговор: ВМН

Дата реабилитации: 11 мая 1989 г.

Реабилитирующий орган: Прокуратура Целиноградской области

Основания реабилитации: Указ ПВС СССР от 16 января 1989 года

Источники данных: БД «Жертвы политического террора в СССР»;

Сведения КНБ РК; МВД Республики Казахстан

Байбосынов Каиржан происходит из Толкунколського ауылсовета, по соц происхождению из потомственных крупных полуфеодалов и сам Каиржан был крупный байское хозяйство. До 27-28 года при своем хозяйстве до 2-3 человека держал постоянных годовых батраков. Расскажите, что вам известно о контрреволюционной деятельности Байбосынова Каиржана?

В 1937 году Байбосынов работая председателем нашего ауылсовета систематически занимался высказываниями антисоветской и





противоколхозной агитации. Как то в июль месяце 37 года я с ним поехал в поле смотреть работу тракторов который пахали паров. Когда мы подъехали к тракторам в то время один трактор остановился. Байбосынов показывал меня на стоящий трактор говорит: «Эти коммунисты разорили крестьян со своими

Былыр күздігүні Қопабайұлы Рақымжанға қой сойып беріп және қалтасына жүз сом ақша салып берген. Осы август айының аяқ кезінде Бейнетқор ауданында қашып жүрген БИСАЙ колхозының кулагы ШЕРИАЗДАНҰЛЫ КАРІМГЕ еңбекшінің баласы деп справка берген. Және троцкист болып тұтқындалған МАХМЕТ ҚОПАБАЙҰЛЫНА Степняк алтын зауытының НКВД-сы келіп справка сұрағанда БОЛЫС БОЛҒАН ЖОҚ және КУЛАК БОЛҒАН ЖОҚ деп анықтама берді.

**Донос №2:** Калинин ауданы НКВД

Толқынкөл ауыл советінде бір туған Қайыржан, Битәқа дегендер болады. Бұлар 28-жылға шейін кісі жалдаған. Қайыржан Байбосынұлы Алашордаға мүше. 28-жылы кәмпескеге алынған, Рақымжан Қопабаевты бірнеше күн қонақ қылып, 15 малдың шекесін жегізген және елден 1500 сом ақша жиып берген.

**Донос:** Расскажите о контрреволюционной связи Байбуснова Каиржана?

Был связан с бывшим председателем Атбасарского РИКа Шектыбаевым. Шектыбаев сейчас осужден к расстрелу за контррационал-фашистскую деятельность. С бывшим прокурором Пресновского района Фазыловым Хасеном который так же приговорен к расстрелу как враг народа. С бывшим алашординцем Темирбековым Омаром, последний якобы сейчас арестован как враг народа. Все выше указанные лица держали связь с Байбосыновым путем посещения друг друга, все они посещали квартиру Байбуснова по одиночке и в разное время.

Квартиру Байбуснова часто посещали Качеганов и Темирбеков, а остальные в год раз или два.

**Из доноса №1:** «Байбусинова Каиржана я знаю с 1935 года с того времени когда я работал председателем Толкункольского ауылсовета. Байбуснов в прошлом крупный бай, среди казахского населения был авторитеный «Атқамінер». Через этого он по настоящее время осталось не раскулаченным. В настоящее время проживая в ауле систематически занимается проведением антисоветской протвоколхозной агитации, проявляет недовольствия на существующий строй и ее проводимые мероприятия. В общем Байбуснов антисоветский настроенный элемент, формально состоит в колхозе.

Байбуснов как стал работать председателем ауылсовета не стал раскрывать преступные дела, наоборот старался их скрывать или же если какое либо не было спорное дело, он способствовал чтобы они помирились прошлым казахским...»



**Донос №5:** Бывший бай Байбосынов Каиржан проживал в колхозе «Берлик» систематически среди колхозников занимался проведением контрреволюционной националистической деятельностью. Он свою контрреволюционную деятельность проводил методом распространения антисоветской и противоклхозной агитации, провоцировал колхозников на добровольные выходы из колхоза и клеветал политику ВКПб. В 1937 году перед весенней сев я по распоряжению Новоколутонского МТС совместно с трактористами нашего колхоза собрался ехать МТС для принятия тракторов для своего колхоза. В то время Байбосынов в колхозном конторе в присутствии ряда колхозников говорит: «Вот уже сколько лет обрабатываем земли с этими тракторами и никогда хороший урожай не берем. Они только портят землю, снижает качество земли по урожайности. Раньше пахали пахали и брали хороший урожай и ели хлеб, а сейчас страдаем с голода. А вы с радостью собираетесь ехать за ним». После чего я ему дал отпор говорил: «Мы через этих тракторов только можем достигнуть зажиточной жизни под правления руководством партии и правительства. Раньше жили хорошо только бай, которые эксплуатировали батраков. А мы бедняки хорошей жизни ведем только при советской власти благодаря заботы о нас партии ВКПб и ее руководителя Сталина!»

На мои слова Байбосынов озлобленно говорил: «Вы коммунисты знаете только говорить и угнетать крестьян. Эти колхозы выдуманы вами с целью парабашения и угнетения в прошлом свободного казахского народа, а так же всех нас загнать в колхозы и эксплуатировать как вам хочется. Бедные колхозники работают для вас день и ночь как рабы, а получают ничего. Разве такая жизнь бывает хорошей? Такая жизнь хорошая только вам коммунистам, а нам она не нужна! Раньше наши казахи жили свободно. Никто их не ругал и работать никто их не заставлял. Занимались скотоводством, ездили по жайлауам, в свое временно отдыхали и жили гораздо лучше чем сейчас в колхозе. Не был хорошей жизни в колхозе и не будет. Поэтому чем страдать в колхозе надо расходится. А я в любое время готов снабжать документами уезжающих колхозников»

Каз. ССР  
МИНИСТЕРСТВО ГОСУДАРСТВЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

Управление \_\_\_\_\_  
Отдел \_\_\_\_\_

**ДЕЛО** № \_\_\_\_\_

По обвинению Байбосынова  
Каиржана

Начато 17 " 7 1938 г. В 1 томах  
Окончено 8 " 11 1938 г. Том № 1

После судебного рассмотрения и вступлении приговора в силу, настоящее дело подлежит немедленному возвращению в отдел УМГБ Каз. ССР (город Алматы) или в УМГБ, к делу должны быть приобщены копии приговора.  
Основание: Приказ НКВД, Прокуратуры и НКЮ СССР № 00359 от 10 апреля 1939 г.

Передана называемая в производстве следственных дел в течение 15-ти дней из архива дел в другие органы или органы УМГБ, хотя бы и временно, производится исключительно через отдел УМГБ—УМГБ.  
Передана следственного дела оформляется постановлением, утвержденная заведующим соответствующего управления УМГБ—УМГБ или его заместителем.

2011 ф 1а  
Арх. № 2500 ф  
Сдано в архив \_\_\_\_\_ 19 \_\_\_\_ г.

29.05.78  
[Signature]



**ҚАЙЫРБЕКОВА**  
Анар Төлеубекқызы

Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Қонысбай ауылы мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қайырбеков Қалымбектің естелігінен.  
Жазып алған келіні Қайырбекова Анар Төлеубекқызы

### **Ұзақ жылдан кейін тоғысқан тағдырлар**

1927 жылдың 15.01. Солтүстік Қазақстан облысы Володар ауданы (қазіргі Айыртау ауданы) Егіндіағаш ауылында дүниеге келдім.

1932 жылдары елімізді жайлаған аштық халықты жаппай ашаршылыққа ұшыратып, әбден қалжыратып, ажал құшып жатқан ауыр нәубет заманы болған уақыт еді.



*Қайырбеков Қалымбек және інім Қайырбеков Масғұт (Мырзағали)*



Мен, (Қайырбеков Қалымбек) сол кезде бес жасар ес білетін бала едім. Өзімнен кейін туған үш жасар інім Масғұт, мен, әкем Қайырбек, анам Биби, ұлы әжем Тәкіжан жан сауғалап, Қызылжар қаласына қарасты Тамамбай деген елді мекенге көшіп бардық.

Ол жерге де аштық кесірін тигізбей кетпеген, халық сендей соғылып, ішерге тамақ таппай, күйзелген шақ екен. Әкем Қызылжар қаласына азық тауып әкелуге кетіп, жолда бір бөлке нан үшін қанішердің қолынан қаза болыпты. Әкемнің қайғылы жағдайынан кейін әжеміз Тәкіжан өзіміз бірдеңе болармыз, мына екі баланы аман сақтап қалу керек деген оймен Масғұт екеуімізді ертіп, Қызылжар қаласындағы балалар үйіне жол тартты.

Қарнымыз ашып, әже соңынан әзер ілбіп басып келе жатқан баланың ойында тамақтан басқа не болады? Әжем байғұс баласынан туған немерелерін іштей қимай келе жатыр. Амал қанша? Аштықтан аман сақтап қалу - бар мақсаты. Сөйтіп, қалың ойда келе жатқан жолда бізге ұлты ноғай бір келіншек жолықты. Ол әжеммен біраз сөйлесіп, өзінің балалар үйінде жұмыс істейтінін айтып, Масғұт екеуіміздің біреуімізді сұраған екен. Әжемнің айтуынша, бала көтермеген әйел, өз баламдай бағып-қағам, деген екен. Балалар үйінде жұмыс істейтінін, аш болмайтынын айтып, жігі-жаппар болады.

Мен естияр болғандықтан, бармаймын деп безектеген соң ініме барасың ба деп ниет білдіруі сол екен, бауырым еріп кете барыпты. Мені ерткен әжем қаладан азырақ тамақ алып, олжалы боп, мені ертіп, үйге оралады. Сол бір қиын-қыстау нәубет біткен кезде, әжеміз Қызылжарға балалар үйіне барып, інім Масғұтты қайырып алмақшы болып, баяғы ноғай әйелді іздестіреді. Алайда, оның жұмыстан шығып кеткенін, ол туралы ешқандай ақпарат бере алмайтынын естіген әжем жылап-еңіреп, қайтады. Өз қолымен жат біреуге немересін тапсырып кеткен әжем құсалықпен өмірден өтті. Уақыт деген зымырап өтіп жатты.

Анам тұрмысқа шығып кетті де мен нағашым Өмішев Әбілжанның тәрбиесінде ер жетіп, Жұмысшы ауылында тұрдым. Жылымды ауылының басқармасы болып жұмыс істеп, 1941 жылғы соғыстан оралмаған Келтиманов Төлегеннің қызы Қымбатқа құда түсіп, үйлендім. Жасым он алтыда ғана болды сол кезде.

Екі жылдан соң мені әскерге шақыртып, төрт жыл Свердловск қаласында әскери міндетімді өтедім. Елге аман оралған соң отбасыммен туған ауылым Егіндіағашқа көшіп келіп, жүргізуші болып, колхозға жұмысқа орналастым. Үйлі- баранды болып, үш қыз бала, бір ұлым дүниеге келді. Заман түзеліп, халықтың жағдайы жақсара бастағаннан менің арманым, туған бауырымды іздеп табу болды.

Келініме ресейлік бір телеанасында үнемі болатын «Жди меня» бағдарламасына хат жаздырып, жолдаттым. «Үміттеріңді үзбеңіздер, іздеп табуға тырысамыз» - деп үміттендірді. Болатын әр бағдарламаны мұқият қарап, теледидар экранынан бір жақсы хабар келеді деумен өзімізді жұбаттық. Онан кейін Қазақстандық телебағдарлама «Бармысың, бауырым?»



эфирге шықты. Ол бағдарламаға да іздеу салып, хат жаздырттым. Өкінішке орай, ешқандай хабар болмады.

2007 жылы балам Теміржан «Васильков кен-байыту комбинатына» жүргізуші боп жұмысқа орналасты. Сонда жұмыс істеп жүргенде, Қайырбеков Серік деген азаматпен танысады. Бір күні суретке бірге түсіп, үйге суретін алып келді. Бізге суретті көрсетіп, бізге ұқсайтынын айтып, оның туған-туысқандарымен кездесу керектігін, ілік қылды.

Көңілім босап, өзім де баруға ниет білдірдім. Әкесі сексеннен асқан Дөңгілағаш ауылында Батырбек деген кіші ұлы, келіні Қалиманың қолында екен. Үлкен баласы Серік Қонысбай ауылында тұрып жатыр екен. Біз баратын болған соң әкесін үйіне әкеліп, келіншегі Зәурешке ас әзірлетіп қойыпты Кездесіп, біраз шер тарқаттық. Бауырымның атын асырап алған ата-анасы Мырзағали деп өзгерткен екен. Төрт ұлы, бір қызы бар, ақар-шақар үлкен шаңырақ екен. Інімді таба алмай, өмірден өтетін шығармын деген күдігім сейіліп, табыстырған бір Алла шығар деп, қуанышым қойныма сыймады. Бар арманым орындалғанына шүкір айттым. Қазіргі кезде бауырымның бала-шағасы мен менің балаларым араласып, қызық-қуанышта бірге жүріп жатырмыз.

Ел басына туған қасірет, жұт қаншама адамның өмірін алды, қанша жанды бір-бірінен айырды? Кейінгі ұрпағымыздың басына мұндай сынақты Алла бермесін. Еліміз аман боп, халқымыз тыныш өмір сүрсін.

Әкеміздің айтуына қарағанда татар әйелге еріп деддомға келіпті. Ол әйел өзі осы деддомда жұмыс жасайды екен. Оларда бала болмағандықтан жолдасымен ақылдаып асырамақшы болады. Жолдасының аты да Қайырбек, Петропавлда милицияда жұмыс жасайды. Асырап алған ата – анасы тегін қалдырып тек есімін Мырзағали деп ауыстырған. Әкесі қатты ауырып жұмысын тастап Ақан ауылына көшіп барған соң көп ұзамай қайтады. Татар әйел асырап алған анасы басқа ауылға тұрмысқа шығады. Қайырбектің ағайындары Мырзағалиды татар әйелге ағамыздан қалған жалғыз тұяғы деп жібермейді. Бала кезінен бастап колхозда еңбек етіп әкесінің ағайындарымен бірге еріп соғыс кезінде Конзавод – 47 жылқы заводында соғысқа аттарды үйретіп дайындады. Соғыстан кейін жарысқа ат үйретуші бапкер боп талай жарыстарға қатысып жеңімпаз атанған. Уақыт өте келе әкесі соғыста қайтқан Нуралин Жүсіпәлінің қызы Қарипамен отбасын құрып бір қыз, төрт ер баланы тәрбиелеп өсіреді.

1957 жылы Көкшетау ауданы, Симферополь совхозына қарасты Дөңгілағаш ауылына көшіп келіп елде майталман, озат механизатор, кәсіпқой жүгері егуші болып еңбек етеді. 2016 жылы Көшей руы Мырзағали-Масғұт Қайырбеков ұлы 90 жасына қарағанда қайтыс болады.



**Болат Кенелұлы  
СЫЗДЫҚ**

Заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,  
Қазақстан Республикасы Журналистер Одағының мүшесі

Атам Сыздық Аяпбергенұлы мен әжем Қалима Есмағанбетқызының және жаппай саяси қуғын-сүргіннен наһақ жапа шеккен Алаштың мыңдаған ұл-қыздарының, текқырғынға ұласқан ашаршылықта қырылған бейкүнә жандардың рухына тағзым.

2008 жылдың ақпанында атам Аяпбергенұлы Сыздықтың «халық жауы» деп наһақтан атылғанына тура жетпіс жыл толуына орай Астана қаласында дұға бағыштап, ас бердік.

Атамның тағдыры, оның қызы Рауза тәтемнің білдірер-білдірмес күрсіне отырып айтар әңгімелерінен әкесін үнемі аңсаумен жүретінін сеземін.

Бұл тек біздің әулеттің шаңырағындағы ғана жайт емес, баршаға бірдей төтелей келген нәубет болғанымен, «көппен көрген – ұлы той» деуге мүлде болмайды. Ардағынан айырылған ананың, ат ұстарын жоғалтқан атаның көкірегінде тотияйындай тұнып қалған ащы шер бар; жетім мен жесірдің жан түкпіріне мәңгіге ұя салған өшпес өксік бар; сонау бір зұлмат заман туралы әркімнің де ішінде ақтарылмаған запыран зар бар. Қазағымның көкірегі шерге толы. Талай тағдырдың талқан болған қасіретті мысалдарын естігенбіз, оқығанбыз, оқимыз. Біз өз басымыздан өткенді сыртқа шығаруға, қағазға түсіруге, көппен бөлісуге шабан қимылдайтын халықпыз. Бір жағынан «кім тындайды, кімге керек?» дейміз. Екінші жағынан, «менен де шерлі талай шерменде бар-ау, бас жарылса, бөрік ішінде», деп жауырды жаба тоқып, жүре беру әдетке айналып кеткен. Сол сартап сырды сыртқа шығарып



**Сыздық Аяпбергенов  
(1900-1938)**





бір-бірімізге айта алсақ қана, бірімізді-біріміз тыңдап, түсіне алсақ қана, сол шердің шырмауынан шыға аламыз деп ойлаймын. Сонда ғана, санамыз ашылып, қайғы жүгі жеңілдеп, енді мұндай сұмдықтың қайта оралмасына сеніп, жаңаша, сергек серпіле өмір сүруге бет алатынымыз анық.

Қаламымды жетектеген осындай ойлар. Әуел баста Рауза тәтемнің әкесіне деген аңсауын, ел басына, әсіресе, қазаққа қисапсыз қырғын болған, текқырғынға (геноцидке) ұласқан саяси зұлматқа деген сезімдерін өзімше пайымдап, өлеңмен өрнектеген әуесқой жазбалар келе-келе осы шығармаға айналды.

Атамызды еске алып, әруағына дұға бағыштаған сол асқа жиналған жақындардың алдында қысыла-қымтырыла оқылған үзік-үзік шумақтардың бастапқы нұсқасын шамам келгенше жөнге келтірдім. Ақын емеспін ғой. Өлеңнен өріп очерк туғызуға болатын-болмайтынына көзім жете қоймайды. Дастанға қол соза алмаймын. Дегенмен, біраз еңбек қой, лақтырып тастауға қимай, жазғанымды кешірек болса да, екі ақын інішекке көрсеттім. Жазып беріндер деп емес: «Жобам қалай, іліп аларын тапсаңдар, нұсқап жіберіндер, қалай түзеуге болады, соның тетігін... дегендей. Шындығын бет-жүзге қарамай айтыңдар», – деп те қосып қойдым. «Бос жүретін» ақындардың бос уақыты болмайды екен. Уақыт таба алмай қиналды ма, біраз созбалады, қарап берді.

Жасырағы құптады. Құптағанда: «Поэзия ауылынан алыстау қонса да, өз сөзіңіз ғой, жақсы жерлері бар, жариялауға болады», деді. Біраз кемшілікті көзге шұқып көрсетті. Өлең техникасы сақталмаған екен, деп әредік қалам ұшын да тигізді. Жасы үлкендеу ақын қолжазбаның жиектеріне: «Ұйқас жоқ. Деректерді сүйрелей қосақтап, жіпке тізе беру өлең болмайды. Буын саны сақталмаған. Көркем образ жоқ. Бір форма мүлде екінші бір формаға ауысып кеткен. Форма ойнату басқа. Өлең емес, бұл – проза...», – деп жазып берді. Жариялау, жарияламау өз еркіңізде, деді. Оған да шүкір.

Ренжітіп алмайық деп, пікірлерін жұмсартып тұрғандарын, әрине, жүрегім сезді. Екеуіне де ризамын. Кеңестерін құп алдым. Біраз жұмыс істедім. Бірақ, одан менің шығармам биік поэзияға айнала қойған жоқ. Атам туралы прозамен кітап жазуға шама келмей жатыр. Ал жинақталған естеліктерді, мұрағаттық материалдарды, ішкі сезім-толқыныстарды жарыққа шығарып отырмаса, болмайды. Не материал шіриді, не көкірек-сандық шіриді. Бара бара ой да іриді.

Өлең шіркіннің өрнегі кеудеңе бір еніп алса, ұйқы да күлкі де бермейді екен. Сөйте тұра, жалын сипатпай әуре қылады. Қара күшке салып, кекілінен баса алмайсың. Өзі біледі, қашан келерін. Сабыр керек. Өзі жақын келіп, сүйкенсе ғана қолыңды жалына жақындата аласың. Сол кезде шалықтаған ойды қағазға түсіріп үлгерсең болды. Содан соң түзеп-күзеуге төзім керек.

Бұл қалам қасіреті қиын болады екен ғой, атам туралы кітап туа қоймай, ойыма алған жоспар-жобаларым да қасаңсып, қиюы қашып, тіпті ескіре бастағандай. Ал, жинақталған естеліктерді, мұрағат материалдарын өз орнына



пайдаланып, ішкі сезім-толқыныстарды жарыққа шығарып отырмаса, болмайды. Не материал шіриді, не көкірек-сандық шіриді. Бара бара ой да іриді. Осыншама күйзеле сыр ақтаруымның не қажеті бар деп те ойланамын. Бірақ, мен сияқты тағы біреу болса, солар оқып, ойланып көрсін дегенім. Кім болса да, берекесіз бейнеттен сақтанса жөн. Ақылды асқаннан емес, маңдайдан өтіп таңдайға тигеннен айтады адам.

Дегенмен, сезім сүрлеуімен жазылған бұл шығарма арнау болып басталып, деректік және құжаттық негіздерге сүйенген очеркке айналды. Бір жағы биік поэзия атағына қиянат жасамай, екінші жағынан деректік, құжаттық негіздерді қағазға түсіру керек болғандықтан очерк-өлең деген «жаңа» жанр ашуға тура келді. Әйтеуір бір гибрид шықты. Гибрид болғанда агрессивтік мінезі жоқ, нәзік поэзияны жалмап, көркем прозаны кеміріп қоймас. Әулетіміздің шай дастарханы басында отырып оқуына жарайды ғой деп ойлаймын. Ең бастысы атам Сыздық пен әжем Қалиманың аруағы риза болсын.

«Ерінбеген етікші, ұялмаған әнші, сызғылай берсе, суретші болады» дегендей, тақпақтай берсе, ақын болмаса да, жақындауға болады екен, өзімді өзім кеміте бермейін. Бұл жолы ең бастысы форма емес, көркемдік дәреже де емес, мазмұн болды. Содан соң форма өзінен өзі екінші кезекке ығысты. Дегенмен, шамам жеткенше, форма талаптарын да ескердім. Өзім танитын, ептеп болса да араласатын басқа да ақындарға көрсете жүріп, бірлі-жарым шумақтан түзетіп алып, құрастырсам, әйбат кітап шығаруыма болады екен. Бірақ мен олай ете алмадым. Оған менде де, шын ақындарда да уақыт жоқ. Хақым да жоқ. Менің елім, менің жерім, менің атам, менің әжем, менің тәтем, менің әкем, менің сезімім, менің аңсауым, сағынышым. Оны менен басқа кім жаза алады? Рауза тәтемнің сезімдері мен атамның монологын беруде артық-кем кеткен жерлерім болуы керек. Әйтпесе, тәтем дәл осылай жаз деген жоқ. Ал, атаммен тілдеспегенім әмбеге аян. Сондықтан, олар кешіріммен қарайтын шығар деп үміттенемін.

Адам ақылды асқаннан емес, маңдайдан өтіп таңдайға тигеннен айтатынына көзім жеткен кез бұл.

Өзірге қолдан келгені осы...

### ***Құрдасы еді гасырдың***

Қалам мен қағазға ашар сырым, жазар мұңым 1938 жылы қуғын-сүргінге ұшыраған атам Сыздық Аяпбергенұлы жайлы болмақ. Мақсатым атамнан қаһарман жасау, не болмаса оның өліміне әлдекімді кінәлау емес. Шамам жеткенше әділ де, тура болмақпын. Мен жазбақ жайлардың қасірет қатпарларының көптігі мен ауырлығы соншалықты, қаламымның қадамы ашылмай қойды. Әкемнің апасы Роза Сыздықызының мына сөздері есімнен шығар емес: «Ешкімді де кінәлама. Заман сондай еді. Қайтесің қазбалап... Атаң түгіл әкеңді де көрмеген сен атаңның кім болғанын білетін болдың. Бастысы – сол».



Жалғыз Сыздық емес, түгел әулет жапа шеккен. Сыздықтың жан-жары, анамыз Қалима, баласы Жаңалық НКВД-ның түрмесінің дәмін татқан. Бауырлары да түгел қуғындалған. Молда ағасы Әубәкір, інілері балташы Омар мен бригадир Оспанға «халық жауының туыстары» деген жала жабылып, олар да қуғындалған. Әубәкір молдалығын жасыруға мәжбүр болған. Қарағанды шахталарына келіп жұмыс істеп құтылған. Оспан Балқашқа қашып, зауытта жұмыс істеп, содан соғысқа кеткен. Ол кісі Ленинград шайқасында хабарсыз кеткен. Бүкіл әулетке қамқор болған, қарапайым тірлік кешкен Омарға кейін жала жабылып, сотқа іліктірген. Хасен ағасы да көзге көрінбей күн кешкен. Балаларының жоғары оқу орны түгіл, тіпті, мектепте де оқуы қиындық пен кедергіге толы болған. Қанша үздік оқыса да қызы Розаға мектептің алтын медалін, Алматы тау-кен институтының дипломын бергізбеген...

Уақыт өткен сайын тарих арбасының дөңгелегі оқиғалар мен оларды жасаушы тұлғаларды бізден алыстата бермек. Бұл – заң. Тарихты тозақ баспасын, оқиғалар мен тұлғалар көмескі тартпасын, жақсы істер мен жақсы есімдер естен шықпасын десек, ылғи да санамызды сергек, жадымызды бекем ұстауымыз керек. Тарихта ізі қалған, жақсы атымен есте қалғандардың бірі менің атам – Сыздық Аяпбергенұлы. XX ғасырдың отызыншы жылдарының нәубет жүгін арқалай кеткен жанның бірі – ол.

Бүгін атамның аруағына бас ие отырып, ол туралы естеліктер мен мұрағат жадығаттарына сүйенген қысқаша баянымды сіздерге ұсынам. Өткен ғасырмен жарыса туған, біз үшін бүгінге айналған ғасырда қазаққа жақсылық туарына сенген, сол бір жан туралы ең әуелі оның өз ұрпақтары толығырақ білсе деймін.

Сыздық Аяпбергенұлы – XX ғасырмен түйдей құрдас, тура үшінші мүшелінде, 37-ге енді толар толмаста айыпты болып, 38-ге қараған шағында алқызыл қаны судай ағып құрбандыққа шалынған. Репрессияның басқа да көптеген құрбандары сияқты ондаған жылдар бойы ол туралы мардымсыз мағлұматқа қанағаттанып жүрдік. Бір жағынан, қара құрдым үнсіздіктің шырмауынан шыға алмасақ, екінші жағынан, санамыздағы саңылаусыздық бөгет болды. Ал ізденістер тығырыққа тіреле берді. Сонымен қатар, былай айтсам да дұрыс болар, мәңгүрттік айналдырған басымыз да белсенді ізденіске дайын болмады. Жариялылық па, жақындаған тәуелсіздіктің лебі ме, әлде есейген соң санамызда саңылау пайда болды ма, әйтеуір 1980-жылдардың соңына таман ойлана бастадым. Іштей бір мазасыздық пайда болып, ізденіске деген талпыну құштарлығы орын алды. Ел жаққа барып көнекөз қарияларға құлақ түрдім. Зайыбым Жанагүл екеуміз атамның туған жеріне баруды жиілеттік. Ол заманның куәгерлері аз қалғанымен, жадылары өте сергек әрі немерелердің зейініне зәру болып шықты. Заман басқа болғандықтан, жадылары құлыпталып, ұйқыдадағыдай күй кешіп, кезінде боздақтардың балаларына ашыла алмаған. Енді оянған кезі екен.



Туыстарды айтпағанның өзінде, Кәкімұлы Шияп, Бекетайұлы Сартай (Ғалымтай), Елубайқызы Қайният, Байзырахманұлы Хамидолла, Мұқанов Шәріп, Мырзахметов Әбдуәли, Сағындықұлы Сантай және т. б. көптеген адам атам туралы жақсы-жақсы әңгімелердің тиегін ағытты. Өттең атамның көшірі болған Сабыр ақсақал біз етек-жеңімізді жинағанша дүниеден көшіп кетіпті. «Сыздықтай адам баласы туған жоқ», – деп отырады екен жарықтық.

Атамның сыртқы көркі мен адамгершілігін айтып тауыса алмайды естелік айтқандар.

Ел аузындағы әңгімелер бойымызға бұлақ суындай сінді, санамызды сергітті, көкірек қарнымызды тойғызды. Мен жазып отырам. Ал Жаңагүл жадына сенеді. Алайда уақыт өте келе ауызекі әңгімелер аздық етті. Бұл әңгімелер «ертегі ме, аңыз ба, әлде мені алдарқату үшін айта салған, атамды жай мақтаған эпсаналар ғана ма»?! деген сауалдар тағы да мазаны алды. «Құжаттар не дейді, шындығында атам кім? Не үшін? Неге?» тәрізді сұрақтар да көкірегімді тесе берді. Ақыры мұрағат жадығаттарын парақтауға мүмкіндік туды.

#### ***Мұрағаттар сыр шертсе...***

Кез келген ізденіс қиыншылық пен қызыққа толы болады. Мұрағаттарды ақтару да осындай. Мұрағаттарды зерделеу барысында атамның шөбересі, ұлым Сағыныш қарайып қасымда жүрді, зыр жүгіріп көмектесті. Мың шақырымдық жолды артқа тастап Қарағандыдан Қызылжарға жеттік. Бұл жолды бірнеше рет өттік. Әлі де талай өтерміз. Солтүстік Қазақстан облыстық мұрағатында болдық, сарғайған газеттерді, құжат бумаларын парақтадық. Атам директор болған «Тораңғыл» шаруашылығына ат басын тіредік. Айнала көкке малынған Тораңғылдың атамызға бұйырмаған қазіргі еркін де кәусар ауасын жұттық. Біздің жолбасшылармыз мұрағат ақтарудың ұсталары – белгілі ғалым, журналист Зарқын Тайшыбай мен «Память» қоғамдық қорының төрағасы Болат Сағындықов болды. Закең «Тораңғыл» емес, «Тереңкөл» болар дейді. Расында да, ол аймақта терең көлдер баршылық...

ГУЛАГ-тың бір бөлімшесі болған ҚарЛАГ-тың өзі үлкен бір жүйе. Қарағанды облысының аумағы құрылған кезінен бері бірнеше рет өзгертілген. ҚарЛАГ орналасқан бұрынғы Қарағандының аумағы кейіннен бірнеше облысты құруға негіз болды. Қазіргісі мен алғашқы аумағының көлемі жер мен көктей. Кезінде Қарағанды облысының солтүстігі Ресеймен шектескен. Сол себепті ҚарЛАГ дегенде, осы әкімшілік-аумақтық бөліністерді есте ұстау керек.

Мұрағат мәліметтері бойынша, Қарағанды облысы 1932 жылдың 10 наурызында орталығы Петропавловск қаласы болып құрылған. 1936 жылғы 29 шілдеде облыс Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстары болып екіге бөлінеді. Ол туралы «Карагандинская коммуна» газетінде «Об образовании новых областей» хабарламасы жариялаған (1936.04.08. № 178). Облыстық газет 1936 жылдың қыркүйегіне дейін «Карагандинская коммуна» деп аталады да, 1936 жылдың қыркүйегінен бастап «Ленинская знамя» болып



өзгертіледі. «Карагандинская коммуна» газетінің соңғы нөмірі 1936 жылғы 8 қазанда шықса, сол күннен бастап «Ленинское знамя» шыға бастаған. Бірақ бірінші нөмірмен емес, 232-ден басталады. Сонымен, «Ленинское знамя» газеті Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің, облыстық атқару комитетінің, Петропавл қалалық партия комитетінің органы ретінде жұмыс істей бастайды. Осы газеттердің сарғайған беттерінен Сыздық Аяпбергеновке қатысты мәліметтерді іздестірдік, таптық та.

Сыздық – Көкшетау өңірі Еңбекшілдер ауданы Шиелі ауылының тумасы. 1900 жылғы қарашада дүниеге келген. Тумысынан талапты, көзі ашық, көкірегі ояу Сыздық жастай сауат ашып хат таныған, бала оқытқан. Азамат соғысы кезінде ауылдастары оны ақтардан жасырыпты. Жиырмаға жетер жетпесте қоғам өміріне белсене араласқан, кеңестік, шаруашылықтық, партиялық түрлі қызметке тартылған.

Өңгімені әріден бастасақ, Сыздықтың ес білген кезі ХХ ғасырдың ең бір қайнауы күшейген, бірінші дүниежүзілік соғыс, қазақ ұлттық-азаттық қозғалысы, әлеуметтік төңкерістер өршіген кезеңіне сәйкес келген уақытын қамтиды. Оның ерте есеюі де сондықтан болар.

Ол тура он жетіге толғанда 1917 жылғы желтоқсанда Орынборда өткен екінші жалпықазақ съезінің қазақ автономиясын жариялап, халық кеңесін сайлады. Бұл оқиғаның маңызын асыра бағалау мүмкін емес. Ол Алашорда идеясын кеңінен таратуға әрі батыл насихаттауға қажетті заңи және нақты негіз қалады. Қазақияның кең байтақ даласы қысқа уақытқа болса да осы бір ұлы да қиыншылықты идеяның аясында бірікті.

«Алаш» партиясы туралы айтқанда алдымен оның рухани көсемдері ауызға алынады. Сонымен бірге жер-жерде олардың арқа сүйеген адамдары, сенімді жандары, ел арасында жүрген беделді тұлғалары болғаны назардан тыс қала береді. Автономия идеясын, қазақтың да басқа да өркениетті елдермен қатар тәуелсіз мемлекеттік-мәдени даму жолына түсуін қабылдаған, соны насихаттаған, соған қызмет еткен көзі ашық, ізденгіш, батыл, беделді азаматтар көптеп саналды. Сондай жанның бірі – менің атам Сыздық Аяпбергенов еді. Оның қалтасынан «Алаш» партиясының мүшелік билетін таппаса да, кеңес билігінің оған таққан айыбы осыған негізделген еді. Оның жөні де бар. Ол Алашорда қайраткерлерінің көбісімен рухани да, тікелей де байланыста болды, «Алаш» партиясының бағдарламасын білді, зерделеді, қолдады. Алайда Алашорда үкіметі таратылды, партия жасырын қарекетке көшуге мәжбүр болды. Неше түрлі айла-шарғы нәтижесінде Далада бар билік жұмысшы, шаруа және солдаттар Кеңестерінің уысына түсті. Бұл жағдайда Сыздықтың да осы билікке көнуіне, көндігуіне тура келгені ақиқат.

Еті тірі, еңбекқор, елгезек жігіт қызметке ерте араласыпты: кеңес, партия, шаруашылық органдары қызметке тартыпты. Комсомолда болған. 1929 жылдан ВКП(б) мүшесі. Еңбекшілдер аудандық атқару комитетінің жауапты хатшысы болып қызмет атқарып жүрген шағында, сол ауданда



”Бірсуат” деген ұжымдық шаруашылық ұйымдастырылып, соған басшылыққа барды. Бірер жылдан соң шаруашылық мемлекеттен алған қарызын толығымен қайтарып, өз күшімен ”Баймырза” және ”Алабота” шаруашылықтарының іргетасын қалап, бар қайратын шаруасын нығайтуға жұмсайды. Ол бұл міндетті де абыроймен атқарып шыққан. Ең бастысы, колхоздастыру науқанының асыра сілтеу тұсында өз қарамағындағы елдің ашаршылыққа ұрынуына жол бермеген. Жұртқа шын жанашырлықпен қараған. Тегеурінді де талапшыл болған. Орыстар атамды Сергей Яковлевич деп атаған екен. Сыйлаған әрі қорыққан: жалқауларды, өзін басынғысы келгендерді қатал ұстаған. Бұған мұрағат деректері мен ел арасындағы көнекөз қарттардың әңгімесі айғақ ретінде келтіруге болады.

1934 жылғы қыркүйекте Сыздық кеңшарлық малшаруашылығының алты айлық курсы аяқтайды. Сол жылғы қазанда ол ”Тораңғыл” кеңшарының директорлығына тағайындалады. Кеңшар өлкенің сол жылдардағы сүт және ет өндіретін үлкен шаруашылықтарының біріне айналды. Алматы мен Мәскеуге бірнеше рет барған, ауылшаруашылық қызметкерлерінің съездеріне қатысқан. Қазақстанның көрнекті мемлекет және қоғамдық қайраткері Сейітқали Мендешов ел аралаған бір сапарында ”Тораңғылға” ат басын бұрып, оның үйіне түсіпті. Саяси қуғындаулар басталғанда осы жайт Сыздықтың Кеңес билігіне қарсы контрреволюциялық және дұшпандық әрекеттерінің айғағы ретінде бағаланған. Жиын-тойлардың бірінде Алашорда көсемдерін мадақтайтын ән салыпты, оларға бүйрегі бұрады екен. Осы да НКВД-ға жеткізілген. Бұл да айыпқа негіз болған.

Сыздық 1937 жылдың 23 қыркүйегіне дейін ВКП(б) мүшесі болды. Алашордашыл ұлттық ұйымда тұрғаны үшін партия қатарынан шығарылып, қызметтен түсірілген. 11 қазанда үйі тінтіліп, өзі тұтқындалады. 1938 жылдың 12 ақпанында НКВД-ның басқармасының үштігі атуға, жеке мүлкін тәркілеуге қаулы етеді. Өлімі туралы куәлік 1967 жылдың 29 сәуірінде Солтүстік Қазақстан облысы Ленин ауданының Явленка селосында берілген. Қайтқан күні – 1938 жылдың 14 ақпаны.

Ол кезде мойындату үшін қылмысты деп қамалғандарды қандай тозақтан өткізілгені қазір баршаға мәлім. 1992 жылы қылмыстық істен алынған екі суреттен – қасбет және қырынан түскен – мүлде бөлек Сыздықты көреміз. Бір жағынан, тозақи азаптың неше түрін көрген, арыған жанды көрсек, екінші жағынан, бекінген бейне, қатайған қажырлы азаматтың қара көздерін көреміз. Көздерінде рухының асқақтығы мен тағдырына мойынсұнғандық қатар білінеді. Бейне бір соңғы сөздерім мынау деп тұрғандай:

*Бос келгем жоқ фәниге,  
Бос шырқалмас дастаным,  
Бостаны үшін халқымның,  
Боз қасқамды шалармын.*



*Бостанда жүріп білгенмін,  
Бұғауланса да қолдарым,  
Боз ала таңды аңсаумен,  
Бұғауланбас ойларым.  
Бәйтеректей сұлармын,  
Бақилыққа көшермін...  
Бозторғай әнін саларда,  
Боз таң боп әлі атармын...*

Партия мұрағаттарында партияның әрбір мүшесі туралы мәлімет мұқият тізілген. Атамның бірнеше дербес парағы, ол қатысқан жиналыстардың хаттамалары сақталған. Солардағы мәліметтер мен бұрын ауызекі айтылып келген жайттардың сәйкестігін көреміз. Ғажабы да сол. Қазақтың көнекөздерінің жады мықты, ақиқатты бұрмаламайтын турашылдығы және бар. Оған көзіміз толық жетті. Енді сол дербес парақтардың толығырақ бір нұсқасына назар аударайық. Ол түпнұсқасы бойынша, орыс тілінде берілді.

Алдын ала айтарымыз, Аяпбергенов Сыздық 1930 жылдардың басында-ақ қудалауға ұшырайды. Алайда саяси айыптар тағудан гөрі шаруашылық кемшіліктер іздеу тән болған репрессияның алғашқы толқынынан аман қалғанымен, екінші толқын кезінде тағылған саяси айыптаулар негізінде Петропавлдың «Ақ түрме» деп аталатын орталық түрмесіне қамалады. Түрмеге кірген ізі бар, шыққан ізі жоқ. Жерленген жері беймәлім. 1993 жылы Роза тәтемнің бастауымен туған жердегі ата-баба қорымына Сыздық пен Оспанға арнап ескерткіш белгі орнатып, қоршаттық. Солтүстік Қазақстан облысынан топырақ әкеліп, ескерткіштің түбіне салдық.

«Ақ түрменің» қазір іргетасы да жоқ. Ол тұрған жер – кең алаң. Сол жерге Болат Сағындықов бастаған «Память» қоғамдық қорының мүшелері репрессия құрбандарының рухына арнап ескерткіш орнатқызған. Ескерткіштің сыртында жаламен қуғындалып, қаза болғандардың тізімі жазылған тақта бар. Сол тақтада менің атам Аяпбергенов Сыздықтың аты-жөні жазылған. Қудалауға ұшырап, жазықсыз атылып, көмілген жеріне дейін белгісіз боп қалған арыстардың балалары мен немерелері осы ескерткішке тағзым етіп, жыл сайын гүл шоқтарын қояды. Мағжан Жұмабаев сияқты талай Алаш арысының ізі қалған Қызылжар (Петропавл) қаласының ортасындағы ескерткішке біз де, Сыздық Аяпбергеновтің ұрпақтары да, барып тұрамыз.

1930 жылдардағы газет лексикасы сол кездің ауанына сай: «Социализм – это уничтожение эксплуатации, свободная зажиточная и счастливая жизнь для трудящихся», «Фашизм – это война, террор, нищета и безработица» «Фашистская Германия», «фашистская Польша», «японский империализм» тәрізді үйреншікті болған тіркестерден аяқ алғысыз. Сондай-ақ бүркеншік есім жамылған беймәлім авторлардың жазбалары да баршылық. Әрине,



бұлардың бәрі «кеңес билігі мен партия ісіне қарсы» адамдарды әшкерелеуге арналған.

Газет мақалаларының тақырыптары да көп жайды аңғартады. Мысалы: Замаскированные враги исключены из рядов ВКП(б) // Карагандинская коммуна. 1936. 15.08. № 187; До конца разоблачать // Карагандинская коммуна. 1936. 03.09. № 203; Троцкистско-зиновьевское охвостье в Казнаркомземе // Карагандинская коммуна. 1936. 04.09. № 204; Срывают ликвидацию неграмотности // Ленинское знамя. 1936. 15.11. № 262; Мертвые голосуют // Ленинское знамя. 1936. 16.11. № 263; Болтун // Ленинское знамя. 1937. 15.01. № 12; Областная прокуратура с 4.30 до 12 часа в целях лучшего обслуживания трудящихся установлено постоянное дежурство // Ленинское знамя. 1937. 17.01. № 14; Алашординские охватя // Ленинское знамя. 1937. 04.03. № 51; Подрывная деятельность // Ленинское знамя. 1937. 5.08. – 11.08. №№ 179-182; Оконенко М. Враг народа Зибарев в роли директора совхоза // Ленинское знамя. 1937. 14.08. № 186.

Бұл тізімді үздіксіз соза берсе де болады. Алайда қажеті бола қояр ма екен?!

1929 жылы баршаға мәлім партиялық «тазалау» жүреді. Бұл «тазалаудан» аман өткенімен, атамның басына қара бұлт үйіріле бастайды. 1930 жылғы 7 қазанда № 74 «Күншығыс» ет кеңшарының директоры Ф. Л. Рожин Еңбекшілдер аудандық және өлкелік партия комитеті мен ревизиялық бақылау инспекциясына, «Скотовод» басқармасының төрағасы жолдас Грушевскийге арыз жазып, өзі мен орынбасары Сыздық Аяпбергеновті жазықсыз жаладан арашалауға тырысады. Он төрт тармақтан тұратын дәлелін келтіре отырып, шаруашылық пен елдегі ауыр жағдайды, маман түгіл жай жұмыс күшінің жоқтығы, оларды кеңшарға тартудың қиындығы, жоғарыдан көмек жоқтығы туралы күйзеле айтады. Осы арыз мазмұны бойынша өте маңызды құжат. Арыздың стилі мен орфографиясын сақтай отырып, толығымен келтіріп отырмыз:

*«Еңбекшілдер аудандық КК-РКИ  
[...] өлкелік КК-РКИ және «Скотовод»  
басқармасының төрағасы жолдас Грушевскийге  
№ 74 Күншығыс ет кеңшарының директоры  
Ф. Л. Рожиннен*

### АРЫЗ

*Құрметті жолдастар! Осы жылдың 15 қыркүйегіндегі біздің кеңшарды тексерудің нәтижелері туралы Сіздердің қаулыларыңызды қарап шығып мен төмендегі жайттарды анықтадым, қаулыда шөп шабу жоспары 50 % орындалмаған, құрылыс өте нашар, малды тізімге алу дәл емес, аудандық ұйымдармен байланыс жоқ, штатты жабдықтауға, кадрларды жасақтауға, мамандарды іздеуге және басқаларға немқұрайлы қатынас қалыптасқандығы айтылған. Осының бәрі дирекцияның кінәсы болып табылған, директор ретінде*



маған және менің орынбасарым жолдас Аяпбергеновке сөгіс жарияланған. Жолдастар, мен қаниша қарапайым және көнтерлі болсам да, мұнымен келісе алмаймын. РКИ (рабоче-крестьянская инспекция – Б. С.) біздің кеңшарды тексеру барысында біздің жағдайымызға тереңдеп енген жоқ, актіде көрсетілген жұмыстағы ақаулардың туындауының шынайы себептерін анықтаған жоқ деп арыз айтуға толық негізім бар, ал олай болса, РКИ осы ақауларға шынайы кінәлілерді таба алған жоқ әрі мені және менің көмегімді іске жақын тұрған және тікелей істі білетін адамдар болғандықтан айыптады. Егер Сіздер ойлағандай осының бәр кеңшар дирекциясына байланысты болса, онда көмегім Аяпбергенов екеуміз алған сөгіс шынында да лайықты және бұл мәселеге большевиктік қатаң талап тұрғысынан келсек, онда мені және көмегімді шұғыл түрде жұмыстан алу керек, өйткені берекесіздік салдарынан жергілікті проблемаларды шешуде – шөп шабу жоспарын 50 % орындамау құрылыста тасбақаша жылжу, өте, өте ауыр қылмыс. Алайда мен кеңшардағы ақауларды мүлде өзгеше бағытта бағалауға бейіммін және бұлай деуге толық негізім бар. Егер керек болса құжаттар арқылы бекіте аламын, атап айтқанда: дирекция тарапынан аудандық ұйымдармен байланыс, менің ойымша, жеткілікті болды. Маусымның аяғында менің өзім ВКП(б) аудандық комитетінің бюросында кеңшар жұмысы туралы баяндама жасадым, көмегім негізгі ұйымдардың алдында кеңшардың жұмысы туралы арнайы сипаттағы мәселені және басты мәселе ретінде және кеңшарға жұмыс күшін тартуды бірнеше рет қойды. Осы мәселені басқа да жолдастар, мәселен, Ахметов, Д[...?] және басқалар да көтерді, бірақ бұдан шыққан нәтиже өте нашар. Мен бұл арқылы аудандық ұйымдар ешқандай шара қолданбады дегім келмейді, бірақ бүгінге дейін жұмыс пен жүк күшінің келуі мүлде аз. Біз жұмыс пен жүк күші туралы мәселені сіздің ауданда ғана қоюмен шектелген жоқпыз, Щучинск ауданында да әрекет еттік. Ең ақыры жұмыс күшін тартушы арнайы агенттер Петропавловскіде ғана емес, сондай-ақ басқа да Ақмола, Омбы һәм Қорған сияқты округтерде жұмыс істеді, алайда жұмыс күшінің келуі жеткіліксіз болды және бүкіл жазғы кезеңде кеңшарда жұмысшы күші жоспардың 40 %-ындай болды. Міне, жұмыс күшін тарту үшін жасалған жұмыс, міне осы салада атқарылған жұмыстан біз шығарған нәтиже. Бұл бір. Мән-жайдың екіншісі мынау: біз гектарына орташа 7 центнерден алмақ болғанбыз, іс жүзінде гектарына 3 центнерден өнім алдық. Гектарына 7 центнерден алғанда біз жоспар бойынша болжамды мал санын қамтамасыз ететін едік. Шөптің нашар шыққанына дирекция кінәлы емес, табиғаттың қаталдығы себеп. Үшінші, біз жазғы кезде де, қазір де ешқандай өндіріс тауарларымен мүлде қамтамасыз етілмедік, әлі күнге дейін біз бір де бір метр мануфактура, жеткілікті мөлшерде аяқ киім және басқа ештеңе алған жоқпыз.

Төртіншіден, ұйымдасқаннан бастап арнайы киім абсолютно болған жоқ, ал бүгінгі күні 20 % ғана бар.



*Бесіншіден, тамызға дейін азық-түлікпен қамтамасыз ету жағдайы өте нашар болды, біз жұмысшыларға 1200 грамм нан орнына 250-400 грамнан ғана беруге мәжбүр болдық.*

*Алтыншы: тамыздың ортасына дейін жеңіл арбаларға, арбаларға және т. б. қажет ат-әбзелдерін жеткілікті мөлшерде алған жоқпыз. Осының себебінен шаруашылықтың жұмысын қамтамасыз ете алмадық және қазірдің өзінде осылармен 60-70 % ғана қамтамасыз етілгенбіз.*

*Жетінші: тамыз айына дейін агроном, мал дәрігері, бухгалтер және басқадай мамандар болмады, бұның, сөзсіз, шаруашылықтың жұмысына әсерін тигізбеуі мүмкін емес еді.*

*Сегізінші: тамыз айына дейін сұлы жеткізілмеген, сол себепті шөп шабудағы және басқа жұмыстардағы аттарға жем беріп отыруға мүмкіндігіміз болмады. Осының нәтижесінде қазіргі кезде аттарымыз арыған, тіпті көтерем, не мініске, не жұмысқа жарамайды. Қазіргі кезде бізді қанағатандырмайтындай аз мөлшерде сұлы алдық.*

*Тоғызыншы: аттарға жіберілген әбзелдер түгелдей дерлік үлкен әрі жергілікті аттарға дәл келмейді, қысқартып-тарылтқанша, біраз аттың арқасы мен мойнын жауыр қылды.*

*Оныншы: жылқының көбі шаруа аттары емес және жұмысқа үйретілгенше аттар жарақат алды әрі мертікті. Жұмысшылардың кінәсы жоқ, өйткені аттар өздері үркіп арбаға соғылғаннан жарақаттанды.*

*Он бірінші: биылғы жылы кеңшардың құрылысына ең азы 20 000 текше метр ағаш керек еді, ал біз қазіргі күнге небары 950 текше метр ғана алдық.*

*Он екінші: құрылыс жұмысын бастауға мүмкіндік болған жоқ, өйткені округтік жер басқармасы жер телімін бөлуді бөгеді. Жер бөлуге тамыздың ортасында ғана рұқсат етілді. Тамыздың ортасынан бастап қана құрылысты бастадық. Осы тежеудің салдарынан біздің құрылыс жоспары бұзылды деп санаған жөн. Құрылыс орындарын ОКРЗУ (округтік жер басқармасы – Б. С.) бекітуге тиістің, алайда олай болмады, сондықтан біз құрылысты өз білгенімізше жүргіздік.*

*Он үшінші: біз өте ауыр тұрмыстық жағдайда тұрдық әлі де тұрып келеміз, тіпті, адам төзгісіз деуге болады. Бізде жұмысшылар үшін баспана жоқ, өндіріс тауарлары жоқ. Отбасынан жырақтаған жұмысшылардың көңілін аулайтын еш шара жоқ. Соның салдарынан жұмысшылар бізден қашуда, ал егер қалса да қысқа мерзімге ғана қалады, сондықтан жұмыс күшінің тұрақсыздығы шамадан тыс. Тіпті, есеп айырысудың өзі қиын.*

*Он төртінші: қазіргі кезде бізде есеп бөліміндегі жағдай өте нашар, бухгалтер мүлде тәжірибесіз, есепші біреу және оның өзі табелші болуға да жарамайды, екіні екіге көбейте алмайды. Мал дәрігері жоқ. Жақында фельдшер жіберген – ол маскүнем, жанжалшыл екен. Ұйымдастырушы агроном жұмыстан қашып кетті, қайда кеткені беймәлім. Зоотехникті қазір қуып жіберсе де, кейінге қалдырса да болады, одан бәрібір ештеңе өзгермейді. Міне, біз жұмыс істеуге мәжбүр болып отырған жағдайдың сипаттамасы*



осы, бірақ бұл бәрі емес, тек негізгі моменттер ғана. Мен сіздерге біздің жұмысымызға тежегіш болып отырған мыңдаған факті келтіре аламын, алайда, ол артық сияқты, өйткені жоғарыда жазғандарымның өзі істің мәнін түсінуге әрі түптің түбінде мәселенің ақиқатын анықтауға мүмкіндік береді деп ойлаймын. Тізбеленген қиыншылықтардың бәрін ескерсек, менің ойымша, біз не себепті жоспарға сәйкес шөп шаппадық, неге біз құрылыс жоспарын орындауды созып алдық, неге біздің аттарымыз көтерем, ал кейбірі жарақаттанған және с. с. және с. с. жайттар анықталған болар еді. Көмекшім Аяпбергенов екеуімізге штатты жасақтауға, кадр даярлауға және қызметкерлердің басшы құрамы мен мамандарды іздеуге немқұрайды қарады деп таңып отыр, ау, қымбатты жолдастар, мен осы бір негізсіз әрі лайық емес айыптауға қарсы келмей тұра алмаймын, оның тек бір ғана себебі бар, ол менің коммунистігім және қандай да болсын әділетсіздікке күресуге тиісті екендігім.

Кеңшардың басшы құрамы мен әкімшілік-техникалық құрамын жасақтауға жеткілікті салмақпен назар аударылған, өйткені мен қызметкерлердің басшы құрамының, мамандардың және қатардағы жұмыскерлердің тиісінше кадры болмаса, жалпы алғанда, оның ішінде, біздің кеңшарда жұмысты жолға қою мүмкін деп ойламаймын. Сондықтан штатқа қатысты мен барлық маусымдық және уақытша жұмысшыларды байқау туралы нұсқау бергем; Оларды жұмыс барысында тексере отырып, штатты жасақтағанда штатқа қатардағы жұмыскер ретінде ғана емес, жетекші әкімшілік-техникалық жұмыстарға да алуды көздедік әрі осыны жүзеге асырып отырдық.

Басшы және техникалық қызметкерлердің штатын, оның ішінде мамандар штатын жасақтауды айтсақ, онда бұл қызметкерлер жөнінде біз Қазақстанның барлық түкпіріне, оның ішінде сіздің ауданға да сұрау салдық. Ұйымдастырудың бірінші күнінен бастап мен сізден агроном Кривоносовты сұраудамын және оның маған ауысамын деген тілегіне қарамастан сіз әлі күнге дейін жауап берген жоқсыз; осының әділін өзіңіз айтыңыз, қызметкерлерді табу қиыншылықты қиын, демек штатты да жасақтау оңай емес. Біздің ісімізге қандай да бір көмек көрсетулерін сұрап жергілікті ұйымдарға бірнеше рет қатынасқанымызға қарамастан сұрағанымызды мүлде алмаймыз, немесе сұрағанымыздың жүзден бірін аламыз. Отырған адамдар бізді сыпайы қарсы алады, тыңдайды, қаулы қабылдайды да қояды. Ал істің шынайы тәжірибелік қырына, шынайы көмекке келгенде, бұл олардың шаруасы еместей. Жолдастар, сеніңіздер, осындай тозақтық жағдайда ешқайдан тиісті көмек алмай жұмыс істеу, күнделікті қажырлы күрес жүргізу, оның үстіне лайық емес жазғыруға ұшырау өте қиын. Мен сіздерден сөгісті алып тастаңыздар деп сұрамаймын және бұл хатты сол мақсатта жазған жоқпын. Сөгіс деген шындығында дәнеңе емес. Мен сіздерден қалайтыным, осы жылғы 15 қыркүйектегі сіздердің хаттамаларыңызда көрсетілген кеңшар жұмысындағы ақаулар қайдан

*туындағанын сіздер түсінсе әрі кеңшар ісіне осыған дейінгідей емес, басқаша қараса деймін.*

*№ 74 ет кеңшарының директоры Рожин. 7/10-30 ж.»*

Бұл жолы не шешім қабылданғаны беймәлім. Алайда 1933 жылы енді басқа шаруашылыққа директор болған Сыздықтың өзінің үстінен қылмыстық іс қозғалады. Тағылған айып – мал басының шығыны, техниканың сынғаны, жөнделмегені, жоспардың орындалмағаны. Әзірше тек шаруашылыққа байланысты айыптаулар орын алған. Саяси айыптаулар бой көрсетпейді.

Солтүстік Қазақстан облыстық мұрағатындағы дербес істердің Сыздық Аяпбергеновтің тұлғасына арналған 557-бумасындағы мәліметтердің айтары, мынау: 1933 жылдың 28 сәуірінде Еңбекшілдер ауданының ОГПУ-іне № 302 «Восточный» ет кеңшарынан егін себу науқанының өз мәнінде жүргізілмегені жайлы хабар түсіп, тергеу басталады. Бұл іс бойынша, төмендегі азаматтар кінәлы деп табылады:

1. Аяпбергенов Сыздық – кеңшар директоры, 1900 жылы туған, 1929 жылдан ВКП(б) мүшесі, сауатты, әйелі бар, бұрын сотталмаған.

2. Погуляев Андрей Иларионович – 1904 жылы туған, шеберхана меңгерушісі, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, әйелі бар.

3. Теміров Молдахмет – 1911 жылы туған, қойма меңгерушісі, партияда жоқ, бойдақ.

1932 жылдың 7 тамызындағы атақты заңға сәйкес қозғалған бұл іс бойынша оларға 1933 жылы 15 мамырда айып тағылған. Директор Сыздық Аяпбергенов пен механикалық шеберхана меңгерушісі Андрей Погуляев ақталып шығады. Ал қойма меңгерушісі Молдахмет Теміров әрекеттерінде қылмыс белгілері бар деген күдікпен жеке бөлініп алынып, қарауға сотқа жіберіледі. Ол тұзды қате өлшегені және басқа да мүлікті есептеп алмағаны үшін айыпты болған.

ОГПУ қызметкері Половинкиннің 1933 жылғы 2 тамыздағы қаулысына сәйкес, Қылмыстық кодекстің 202-бабы бойынша Аяпбергенов пен Погуляевқа қатысты қозғалған № 1043 іс қысқартылып, мұрағатқа өткізілген.

Сол қаулыда: «Күншығыс кеңшары бойынша егін себу жоспары 1933 жылы 900 гектар болған. Оның 8 мамырда орындалысы 332 гектарға, яғни 37 %-ға жеткен. Тұқымдық қор егістік алқапта мына көлемде қамтылған: бидай 93 %, арпа 122 %, сұлы 38 %. Қалғаны қоймадан жеткізілуде. Трактор жөндеу жұмыстары толығымен жүзеге асқан. Кеңшар директоры С. Аяпбергенов 15 қаңтардан 1 наурызға дейін кезекті еңбек демалысында болған», – деп көрсетілген.

Андрей Погуляев кеңшардың дала жұмыстарына жауап берген, сонымен қатар шеберхана меңгерушісі міндетін атқарған. Трактор звеносына жетекшілік ете жүріп тракторларға кейбір сайманның жетіспейтінін білген. Тракторларды директордың рұқсатымен жұмысқа шығарған. Алайда





кеңшарда қажетті сайманның жоқтығынан әрі оларды шеберханада жасау мүмкін болмағандықтан, бұзылған техника біраз уақыт тұрып қалған.

Осы аталған объективтік жайттар мен Сыздық Аяпбергеновтің белсенді қорғанысы оның өзін және маманын аман алып қалуға негіз болады.

Мұрағат жадығаттары көп жайтқа көз ашады. Қазір баршаға мәлім сияқты жайттардың екжей-текжейлі нақтыланған әрі құжатталған дәлелдерін көргенде санаңыз өзгере бастайды. Олар сол кезде елді жайлаған ашаршылық туралы сыр шертеді. (Бала кезімізде әжеміздің ашаршылық туралы айтқандары шындық екенін санамызға сыйғыза алмайтынбыз). Қалжыраған, тозған, босқан жұртты кеңшарға штатқа алуға елге беделі бар, шаруаға қыры бар Сыздық сияқты азаматтар жұмылдырылған. Бірақ оларға сол кездегі жағдай да, белгілі бір адамдардың өздері де дұрыс жұмыс істетпеген. Сенбеген, аңдыған, аяқтан шалған. Объективті қиыншылықтарды – адам күшінің, мамандардың, азық пен басқа тауарлардың жетпеуін, күш-көліктің аздығы мен көтеремдігін біреуге итеру керек болғандай. Апта сайын бұлжытпай кеңшар орталығында, фермаларда жиналыс өткізіп, хаттамалап отырған. Жиналыстың түр түрі – партия жиналысы, актив жиналысы, жұмысшылар жиналысы және т. б. болған. Апта сайын өткізілген осы жиналыстардың хаттамаларын оқи отыра, адамдар шынайы жұмысқа уақыт пен күшті қайдан алған деп таң қаласың. (Шынайы жұмысты жиналыспен алмастырған кеңестік құрылыстың күндердің күнінде құлағаны да содан шығар. Қайта 74 жылдай тұрғанының өзі ерлік пе дерсің!). Еңбек тәртібін күшейту, сауатсыздықты жою, саяси оқуды ұйымдастыру, кеңес билігін нығайту мәселелерін талқылау барысында жолай айтылғандай болса да, елдің шынайы күйін көрсететін, биліктің бет пердесін ашатын біраз жайт негізгі мәселелермен қосарласа хатқа түскен. Қарапайым жұмыскерлердің айтуынша, киер киім, ішер ас болмаған. Бір қазақ малшысы жиырма адам бір бөлмеде тұратынын, оның үстіне бала-шағасы ауру-сырқат екенін айтқан. Бір орыс жұмыскері малдың жемін тамаққа жаратқанын сөз қылған. Ауру меңдеген, аштық жайлаған жұрт бәрібір кеңес үкіметі үшін жұмыс істеген. Басқа барар жер, басар тау қалмаған еді. Бай-кулактардан арылту, ұжымдастыру науқаны кезінде алдын ала мал-мүлкін сыпырып алған соң өйтпегенде қайтсін.

Осындай элеуметтік-экономикалық ахуалға қарамастан Сыздықтың кеңшарында күрделі жөндеу жұмыстары есебінен еңбеккерлерге жоспардан тыс үй салынған, зоотехникалық, драмалық және сауатсыздықты жою үйірмелері жұмыс істеген, балалардың жазғы демалысы, тамағы кеңшар дирекциясының көмегімен шешіліп отырған.

Газет мақалаларында, хабарламаларында Торанғыл кеңшары жиі аталған. 1936 жылдың 17 желтоқсанындағы № 289 «Ленинское знамя» газеті Торанғыл сүт-ет кеңшарының гурттарында жұмыскерлер үшін зоотехникалық үйірмелер ұйымдастырылғанын, аға бақташылар үшін зоотехник Воронин төлдерді коректендіру мен күтуде еңбекті ұйымдастырудың маңыздылығы туралы үш нотація оқығанын хабарлайды. Және сол газет бірінші және



екінші фермаларда ересектерге арналған мектеп жұмыс істейді, онда 70 жұмысшы ер адам мен әйел оқиды делінген.

Осы газеттің 1936 жылғы 11 желтоқсанда шыққан № 284 санында кеңшарда биылдыққа 22 үй салынғанын, одан басқа стахановшы жұмыскерлер үшін кеңшар дирекциясы 19 үй салып бітіргені жарияланған.

Сонымен қатар, аталмыш газет (1936 жылғы 9 желтоқсан, № 282) Тораңғыл кеңшарының саяси бөлімі бастығының бастамасы бойынша, кеңшарда қазақ драма үйірмесі (Осы үйірменің сол жылдың қарашасындағы қойылымы үшін атамды революцияға қарсы әрекет жасады деп айыптаған – Б. С.) және домбырашылар оркестрі құрылған дейді. Сол бетте кеңшарда 32 радионүктелі радио торабы жұмыс істей бастағаны туралы хабарланған. Эфирлік қондырғылар қыстақтарға да орнатылған.

Газеттің дәл осы санында Тораңғыл сүт-ет кеңшарының жұмысшылары келер қысты шынайы оқулар қысы деп жариялағаны, барша дерлік жұмыскер мектептерде оқитыны жазылған. Кеңшардағы саужойда (ликбезде) 153 жұмыскер оқиды, шала сауаттылар мектебіне 187 адам барса, жоғарылатылған типтегі мектепте 75 жұмыскер адам оқиды делінген..

Сыздықтың шақыруымен жан-жақтан қазақ отбасылары кеңшарға жұмысқа ілігіп ішер асы, киер киімі мен тұрар баспанасын алған. («Жұрт надан болды, жұмыс істегісі келмеді, қашты. Сыздық жалынып жүріп, жұмысқа алды, жағдайын жасады», – дейді Сартай Бекетайұлы). Сыздық қиналғандардың жағдайын түсініп ретіне қарай уақытша күш-көлік, азық, киім беріп отырған. Техникасын уақытында жөндетіп, шаруашылық жоспарларын орындатып отырған. Кеңшар аудан мен облыс бойынша алдыңғы қатарлы шаруашылық болып саналған. Сыздық елден көмегін аямағанымен, шамасы шектеулі еді. Жалпы жағдай нашар болған соң, бір шаруашылықтың жетістігі мен бір директордың жасаған шарапаты құмға құйған судай болған. Оның үстіне, қызғаныш пен көре алмаушылық, нашарлық пен надандық қосарласа жүрген замананың тар тұсауы аяққа оралған. Жоғарыдан келген солақай саясаттың сойылына ел ішіндегі аяқтан шалу, «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» дейтін, қызыл ұраншыл, айғай-сүреңшіл әумесерлік қосылған. Жамандық өрши келе қиянат пен қысымшылыққа ұласқан. Соның нәтижесінде осы жақсылықтар мен жаңалықтардың өзінің өңін айналдырып, оған айып ретінде таққан. Елдегі, жалпы Кеңес Одағындағы жағдай өте нашар болуы жер-жерде кінәлыларды іздеу науқанын туғызған ба дерсің...

1937 жылғы айыптаулар саяси астарға ие болады. «Контреволюциялық әрекеттерге барған, алашордашыл болған» деу арқылы мұның астарына ұлтаралық араздық пен жеккөрушілік сияқты кінә жамағылары келген. Кеңестік билік пе, әлде партия билігі ме, әйтеуір, сол кезде қазақ пен орыс арасын ушықтырғысы келген пиғыл көзге ұрып тұрғандай болады. Бұл – тергеу хаттамаларында әредік байқалып отырады. Өзінше себеп ретінде түзіле бастаған. Алайда әлдебір себеппен оны айыптаудың негізіне салмаған.



Бәлкім, халықтар достығы жарасқан жаңа мемлекетте мұндай айып тағу қолайсыздау болған болар?!

Мұрағат жадығаттары Сыздықтың үйінде қазақша кітаптың көп болғанын, қазақша, орысша сауатты болғанын айғақтайды. Саяси оқу аясында М. Горькийдің «Мать» шығармасын оқуға тапсырма алған. Оны Мағжан Жұмабаев пен Ахмет Байтұрсыновтың кітаптарын оқығаны үшін айыптайды. Алайда қамауға алғанға дейін кітаптарды тығып үлгерген болуы керек, тінту хаттамасында олар жайлы ештеме айтылмайды. Көктемде басталған тексеру, тергеу барысында, қамауға алынғанға дейін Сыздық өзімен араласқандарға хат жазып, хабар айтып, оны мақтамаулары керек екенін, керісінше, қазақтар оны көбірек жамандап үйіне келмесін деп өтінген.

Атамыз өзін қорғау үшін партия органдарына бірнеше мәрте жеделхат, арыз жолдап, контрреволюциялық әрекеттер жүргізгені және қазақ ұлтшылдығына жол бергені туралы айыптаулардың жала екенін, партиядан шығарылып, жұмыстан босатылуының әлдеқандай қателікке байланысты орын алып жатқанын дәлелдеуге тырысады, өзінің кеңшар жүйесінде 7 жыл қызмет еткен уақытында ешқандай ескертпе алмағанын алға тартады.

Жергілікті деңгейде оң жауап алмаған Сыздық Аяпбергенов өзін нақақ жаладан арашалау мақсатында 1937 жылғы 3 мамырда Қазақстан компартиясының сол кездегі басшысы Л. Мирзоянның атына телеграмма жазады. Телеграммада кеңшардың саяси бөлімінің бастығы А. Калининнің жеке өшпенділігіне сілтеме жасап, өзінің кіршіксіз қызметі алға тартады.

Телеграммдан соң кешіктірмей, 1937 жылғы 5 мамырда Л. Мирзоянның атына екжей-текжейлі дәлелді арыз жазады. Төменде сол арыздың қысқаша нұсқасын келтіреміз (стилі мен орфографиясы сақталған):

*«...кеңшардағы ұлтшыл ұйымның басшысы деп айыптау негізсіз.*

*Кеңшарда барлық ұлттардың өкілдеріне бірдей жағдай жасалған. Түрлі деңгейдегі және біліктіліктегі кадрлар бар, олармен жұмыс істеу керек.*

*1936 жылғы маусым айында обкомның бюро мүшесі жолдас Гуляев болғанда кеңшар саяси бөлімінің бастығы партияда жоқ мамандар бас бухгалтер Шубенков пен агроном Пономарчукке жағдай жасау туралы мәселе қойды. Содан кейін мен оларға жақсы пәтерлер бердім. Енді маған Шубенковпен қылмыстық байланысың бар және отбасылық сыбайластықтың бар деп айып тағуда...*

*№ 3 ферманың меңгерушісі Красников келсек, оның сол кезде жұмысын алып жүре алмағаны себепті саяси бөлім бастығының алдына мен бірнеше мәрте оны жұмыстан алу туралы мәселе қойдым. Жұмыстан алған жоқ. Енді мені Красниковпен байланысың бар деп айыптауда. Бұл айып жалған.*

*IV. жергілікті қазақтардың контрреволюциялық тобын құрды деген айыптау. Ұлтшылдық, олармен байланыста болу және оларға басшылық жасау және т. б.*

*Кеңшардағы ұлтшыл топ жөніндегі әңгіме мен кезекті демалыстан келгеннен соң, ақпанның екінші жартысынан бастап жүрді. Мен мүлде назар*



аударған жоқпын. Алғашқы кезде наурыз айына дейін соншалықты мән бермедім, қазақтардың арасында жиі кездесетін дәстүрлі жиындарының бірі ғой деп ойладым. Араласу керек деп таппадым. Енді ғана менің құлағымға жеткен әңгімелерден білгенім қаңтар айында болуы керек Қарауыл-Қаракесек деген 2 ұлттық топ құрылыпты.

Бірінші топты кеңшардың бухгалтері Оспанов, Бексұлтанов басқарса, екінші топты кеңшардың жұмысшы комитетінің төрағасы Имағамбетов, кеңшар хатшысы Садуақасов және басқалар басқарады екен.

Менің бұл істегі кінәм сол – дер кезінде білмедім, кеңшардың қазақ басшысы бола тұрып оларды әшкерелемедім. Өзімнің әлсіздігімді, таптық сақтығымның төмендегенін әрі қамсыздығымды мойындаймын. Саяси бөлім бастығының бастамасы бойынша ұйымдастырылған алашордалық ән бойынша қойылған спектакль жөнінде де жағдай осындай. Жұмысшы комитетінің төрағасы Имағанбетовке жеңіл машинаны пьесса іздеу үшін бергем. Калининнің өзі бухгалтер Оспановты сабақтан босатуды менен талап еткен. Мен оны сабақтан кейін ғана босата алдым. Партком тарапынан маған басқар, бақыла деген тапсырма болған емес және олар меніменештемені келіскен емес (қойылым туралы).

Сол кездегі өте қиын жағдайға, қыстауға даярлыққа байланысты мен Кеңестердің аудандық сиезіне дейін менің жеке өзім фермаларды араладым. 4-5-б қарашада аудан орталығында сиезде болдым. Соған байланысты пьессаның дайындығына қатыса алғам жоқ...

Қазақтарға еңбек ақыны ерте береді деген айыптау негізсіз. Еңбек ақы бір ғана ведомость бойынша беріледі. Біз қазақтар мен орыстарға екі бөлек ведомость жасамаймыз. Фермаларда еңбекақыны меңгерушілер таратады.

Мемлекеттік қаржыны талан-таржға салды деу құжаттармен жоққа шығарылады. Одан басқа саяси бөлім бастығы Калинин тергеумен жарыса маған қарсы үгіттеп, жұмысшылардан қосымша материал алу мақсатымен жұмысшылардың жиналысын өткізіп жүрді. Егін себу науқанын ұмытып Морозов екеуі жеңіл машинамен фермаларды аралаумен болды.

Калинин **жолдастың** мақсаты айқын, ол 2 жыл бойы маған өштесіп жүр. Бұл туралы Калининнің өзі аудандық партия жиналысында кездейсоқ айтқан жоқ. Ол кезде оның айыптауларының негізі шаруаға ыңғайы жоқ бастамашыл емес және сол сияқтылар болатын. Бұл жағынан ол табысқа жете алмады, өйткені барлық көрсеткіші бойынша кеңшар артта емес, және артта болған емес. Сол себепті ол ақпанның аяғында маған жала жауып, контрреволюциялық ұлттық тақырыпты таңып отыр. Оның ықпалына партия хатшысы Марин мен аға зоотехник Воронин ұшыраған. Сөйтіп мені осы кеңшардан құмақ мақсатымен маған қарсы үлкен айыптау ұйымдастырылған. Олардың сөздерінен Воронин мен Калининнің мен жоқта келісіп алғандары көрініп тұр. Осы тақырып бойынша олардың сөздері бір жерден шығып тұр. Мені әсіре ұлтшыл деп айыптай келе, партиядан шығаруды талап етті...



*Бұл мәселе кеңшардың партия жиналысында 3 рет талқыланды. Калинин мен Ворониннен басқа ешкім, маған қарсы сөйлеген жоқ. Тіпті кейбір коммунистер топқа қатысу жөнінде сөз болуы мүмкін емес деп мәлімдеді. Ол туралы осы жылғы 19/III, 14/IV және 21/IV партия жиналысының хаттамалары йғақтайды. Сондықтан менің партиялық мәселемді аудандық партия жиналысына апарып жалпы тәртіппен шешті.*

*Мен кеңестік шаруашылық және қоғамдық ұйымдарда 21 жылдан бері, ал кеңшар жүйесінде 7 жыл істеп келем. Бұрын менің тарапымнан бұлтақ болғаны туралы ешқандай ескертпе болған емес. Қоғамдық ұйымдардан 2 грамота мен бірнеше жақсы мақтаулар алғам. Сондықтан менің арызымды қарауыңызды және менің партиялығымды оң шешуіңізді сұраймын.*

*Менің өтінішімді қайтармауыңызды сұраймын.*

*Өтініш иесі С. Аяпбергенов 5/V 37».*

Республиканың жоғарғы партия басшысына жазылған бұл телеграмма мен арызға да жауап болмаған. Бұл таңқаларлық жағдай емес. Біріншіден, Мирзоянның өзі де қудалаудан аман қалған жоқ, екіншіден, жаппай саяси қудалау ахуалында кімге кімнің жаны ашып, қол ұшын бере алды?!

Әрине, қамауда жатқан, оның үстіне сол кезеңдегі ең ауыр айып – контрреволюциялық айып тағылған жанның жанталаса қорғаныш іздеуі заңды. Әркім жақсылықтан үмітті. Атамның облыстық партия басшысына, облыстық прокуратураға жолданған әрбір арызы жақсылыққа деген үмітке, түсінеді деген сенімге толы. Сол басшылармен күнделікті болмаса да, қызмет бабында араласқаны, жиындарда жолығысып жүргені анық, өйткені ол алдыңғы қатарлы кеңестік шаруашылықтың басшысы еді.

Сол кезеңнің оқиғалары туралы біз әлі үстірт білеміз. Мұрағаттар бұдан да кең ашылса, сананы дүр сілкінтер жайлар алдымызға келер еді. Өсек, өтірік, жаланың оты қызып тұрған уақыт шеңберінде тіршілік кешкен адам баласының шарасыздық қамытын киіп, замананың ызғарығына біржола мойынсұнбасқа амалы қалмаған-ды. Жазықсыз атылғандардың обал-сауабына кінәлы кім? Тоталитарлық жүйе ме, тағдырдың жазғаны ма? Жүйе десек, ол адамдардан тұрады емес пе? Жүйенің сойылы мен қолшоқпарлары кім? Жазмыш десек, неге азды адамзат, қандай күш адамды тоздырды, біріне бірін қас қылды?

Тағдыр талапайына түскен боздақтар бозарған танды көруді армандағандарымен, оған жетпей қыршынынан қиыла берген. Солардың қатарында атам Сыздықтың да болуы кездейсоқ емес. Ол – жалындап жана білгені үшін құрбандыққа шалынған азамат. Елім деп езілген жүрек осылай тоқтаған еді, жұртына жақсылық ойлап жанталасқан жан осылай үзілген еді.

*Жаланың болып құрбаны,  
Жария хабар алмаймыз.  
Жалғанға біздер «ризамыз»,  
Жазмыштан еш озбаймыз...*



Партиялық құжаттар арасында алаштың ардақты ақыны Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерінен нақты аудармалар берілген. Тергеу орындарының ойынша Сыздық Аяпбергеновтің «контрреволюциялық, алашордашылдық пиғылы» осы арқылы дәлілін тауып тұр. Мұны № 596 «а» папкідегі ісінен анық байқауға болады.

Оған да зер салыңыздар (мәтін ешқандай өзгеріссіз, папкідегі қалпында берілді):

«В совхозе Тарангуле по инициативе Оспанова организован хоровой кружок, где открыто воспевают алаш-ординскую песню, например:

Аргы атам ер тюрек  
Быз казах елимыз  
Самал тау шалкар кол  
Сары арка жеримыз»  
Приблизительный перевод:  
Мы казахи приходим  
От героев турков

Наши селения, горы высокие,  
Обширные озера и обширная земля», – дей келе, бұл аздық еткендей, «Смысловой перевод (приблизительный)» деп қосымша қосады: «Мы народ – казахи приходим из потомков героев турков, живем, блаженствуем в прохладных горах и вокруг широких озер, в степи широкой».

Сіз «Мұнда тұрған не бар екен?» деп ойларсыз. Қазақтың даңқты өткені мен Атамекеннің шалқарлары мен жазиралары жырланған. Соны жырлаған дархан көңілі келесі шумақта тасып, өр кеудесін көтертіп, еңсесін тіктетіп, аяққа басылмаған намысын тас қайраққа жаныған. Өлең өткенге деген мақтаным пен ертеңге деген зор сенімге толы. Бар болғаны сол. Оны аудармашы-сымақтар төмендегідей тәржімалаған: «Возьмем (поднимем выше) в руки белое знамя «алаша». С этим же знаменем, под лозунгом «алаш» вперед в наступление и разгромим врага».

Онымен де қоймай: «Это алаш-ординская песня составлена алаш ординским поэтом Джумабаевым Магжаном, который отбыл ссылку в конце 1936 года», – деп түсінік береді.

Оспанов Қажым да – репрессия құрбаны. «Тораңғылда» бухгалтер болып істеген. 1908 жылы туған. 1937 жылғы 17 сәуірде тұтқындалған. 28 маусымда облыстық соттың арнайы алқасы 58-10 бап бойынша бас бостандығынан айырған. 1992 жылғы 26 маусымда КСРО Президентінің 1990 жылғы 13 тамыздағы Жарлығына сәйкес ақталған. Ізі қалды ма екен артында – көретін, сөзі қалды ма екен соңында – еститін?!

Қалай десек те, сол нәубет директор мен бухгалтерді бір қосаққа байлағаны анық. Әуелі біреуін, содан соң екіншісін қармаққа ілген. Екеуіне де тағылған айып негізсіз. Екеуі де бәйтеректей сұлаған:

*Тағылып айып орынсыз,  
Торыққан ерлер ырықсыз.*



*Тағдырға налып қайтеміз,  
Таусылса ғұмыр жазықсыз...*

Қанша жылағанмен атам тірілмейді. Бірақ жақсы аты қалған. Ісі бар, ізі бар соңында. Енді солар өлмесін, өшпесін! Ақын да жазушы да емеспін. Сонда да, іштегі шерді тарқатудың бір жолы осы болар, көкірегіме көктен құйылып, қаламыма өздері оралатын шумақтардан жұбаныш іздеймін...

***Естеліктер кейде маза бермейді, Естеліктер. Кейде жанды емдейді...***

Тәтем Раузаның жадында балалық шағының кейбір сәттері сақталған. Балғын балалық шағы туарлы тәтем талай тағылымды әңгіме айтады. Табиғатынан өршіл болып жаратылған тәтем жаманшылықты тұншықтырып, жақсылықты жарыққа шығаруды мұрат етеді. Қаншалықты қажырлы болса да, балалық балғын шағы тап келген замананың табы да сезіліп қалады. Сол көңіл күйді төмендегі жалғыз шумақ арқылы берәп көрейік:

*Отыз жеті!  
Сен салған жара – мәңгілік!  
Жазылар емес қанжылып.  
Ұрпақтан ұрпақ ауысып,  
Жадында ұстар жаңғырып.*

Әлі есімде, қара күзде біз елге көштік. Оған себеп – енді сәл кешіксек, «халық жауының қосағы» ретінде шешемді тұтқындамақ екен. Оны ұзын құлақтан естіген бір адам жеткізіпті. Елден ағаларымыз келіп бір түнде көшіріп алып кетті. Неміс овчаркасы тұқымынан бір итіміз болған-ды. Менің есімде қалғаны, сол ит ұлып шығарып салды. Байлаулы еді. Даусы әлі күнге дейін құлағыма келеді. Иесінің кетіп бара жатқанын ит екеш ит те сезді ме екен, көп ұлыды. Кейін естідік, ол біздің иесіз қалған баспанамызды қорып екі ай жүріпті. Тамақ берсе, ішпейді екен. Содан кейін із-түзін білдірместен жоғалып кетіпті. «Жақсы ит өлігін көрсетпейді» деген осы да...

Әкеден 9 жасында айырылған бауырым Жаңалық Отан соғысы басталғанда 13 жасқа енді ғана жеткен еді. Бас-аяғы бес кластық оқуды бітіріп үлгерген. Макинқаға Ресейден көшірілген, соғыс құралын шығаратын Ленин атындағы зауытқа жұмысшы болып кірді. Ауыр жұмыстан қалжыраған ол бір күні ұйықтап қалып, жұмысқа кешігіп барды. Содан 13 жастағы Жаңалықты Ақмола түрмесіне апарып қамап, сонда 4 ай жатып шықты. Сөйтіп, маңдайымызға сұрапыл соғыстың да таңбасы басылды. Мектепте де кім болса, сол «халық жауының баласы» деп түртпектеп, сабақ айтқысы келсе де, айтқызбай, тіпті, сабақта отыруға мүмкіндік бермей қыспақтайды екен. Балалар ақиқатты қайдан білсін, «халық жауларымен күресу» деген ұран саналарын улаған соң, сол күреске олар да қолынан келген үлесін қосқан түрлері ғой. Жаңалық намыстанып сабақтан шығып кете береді. Талап



болғанымен, оқу жоқ. Еңбекке ерте араласты. Әке атын ақтаймын деп оза шауып жүрді. Аудандық кеңеске неше мәрте депутат та болды. Бірақ жастайынан көрген ауыр бейнет Жаңалықты көп жасатпай, елуге жетер-жетпесте сұрқия ажалдың тырнағына іліктірді.

Шәріп жеті кластық біліммен қалды. Біз Кенел екеуміз басқа жерлерде оқыдық та ондай түртпек пен мазақтан алыстау болдық. Кенел Степнякта мектеп-интернатта оқыды. Елгезек, ширақ, шаруаға пысық еді. «Каззолото» трестінің қойма меңгерушісі Көшімбаев Жүзбаев Кенелдің сүйкімділігін, пысықтығын жақсы көріп үйіне жатқызады. Ол оқу бітіргенше сол үйде болды. Міне осылай, өмірде жақсы кісілер жолығысып жатады.

Әкем Сыздықтың інісі Оспанды да «халық жауының туысы» деп қудалаған соң, ол жасырынуға мәжбүр болды. Күндіз жиналған төсектің артында жатып, түнде ғана шығуға мәжбүр болып жүрді. Біраш деген туыстың құжатымен Балқашқа жұмысқа кетті. Немере ағамыз Мамау Әубәкіровтің айтуынша, паспорт үстелінде қызмет істейтін алыс туысымыз арқылы дұрыс құжат алып соғысқа аттанады. Ленинград түбіндегі шайқаста болуы керек, хабарсыз кетті. Соңында қызы Қатша, ұлы Қайрат қалды.

Соғыс біздің туыстар үшін құтқарушыдай болды. Негізсіз тағылған айыптан ақталудың бірден бір жолы қан майданда қару алып шайқасу еді. Егер соғыс болмағанда қуғын-сүргін жалғаса беретіндей көрінеді маған. Соғыстың арқасында іштен жау іздеу ептеп тыйылып, бәрі сыртқы, нағыз жаумен күресуге жұмылды...

*Жарына жар боп жан-жары,  
Белін бекем буынар.  
Мойымайды ол жазмышқа,  
Мәңгілік сөнбес үміттің  
Сәулесіне жылынар...*

Шешем Қалима Есмағанбетқызын да «халық жауының жары» ретінде Ақмола түрмесіне төрт рет қамады. Қандай қиындық, нендей азап көргенін білмеймін. Айдаудан әуіріммен ғана аман қалды. Шешем ештеңе айтпайтын. Өте берік адам еді. Өзін-өзі өте мығым ұстады. Артық сөз шықпайтын. Оны кейбіреулер «қатал еді, қатты еді», – дегісі келеді. Шындығында туыстардың ортасына отырсақ та, сыр сақтауға, ешкімге жақ ашпауға, ешкімге жалынбауға, ешкімнен ештеме сұрамауға үйрендік. Әжем екеуі бізді солай үйретті. Олай етпесек, не бізге, болмаса басқаға зиян тиер еді. Солай болуға заман мәжбүрледі. «Білмеймін деп айтыңдар», – дейтін. Оны қаншалықты сақтадық, бір Аллаһ біледі. Бірақ ашық ауыз болған жоқпыз.

Шешем әкемізді үмітін үзбей күтті. Кейде ымырт үйірілісімен бір адамды үйге әкеліп бірдеңе жазуға отыратын. Іздеу салып жүр екен ғой.

Әкеміз ұсталғаннан кейінгі көрген қиыншылықты, қорлықты айтып жеткізу мүмкін емес. Әжем мен анам бізді күнде мектепке шығарып саларда:



«Ешкіммен сөйлеспендер. Әкелеріңді сұрағандарға білмейміз деп жауап беріңдер, – деп қатаң ескертеді, – Сендердің қырсықтарың өзгелерге тиюі мүмкін».

Басқалардың өзі де бізге жөнді жолай қоймайды. Ойнасақ та, ойласақ та жеке-дарамыз. Тылсымдықтың түп тамырына жете бойламасақ та, басқаға құбыжық болып көрінетінімізді біз үйде де, түзде де сезініп жүрдік. Үйде дегенім – отбасында тіс жарып сырласа алмаймыз, түзде дегенім – ойынға ынта-шынтамызбен араласа қоймаймыз. Томаға-тұйық күйде тіршілік кешуге мәжбүрміз. Мұндай жағдайда не амал табуға болады? Менің тапқаным оқу болатын. Күндіз де, түнде де кітаптан бас көтермедім десем артық айтқаным емес. Сондықтан бар пәнді жақсы меңгеріп алдым.

Ел арасындағы күбір-сыбырдан ұққаным: әкеме «пәле» болып жабысқан дүниенің бір қыры – Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін, тағы бір-екі жазушының дүниелерін сахнадан жұртқа жайған «Мансапқор» көркемөнерпаздар үйірмесін құрып, оған басшылық еткені. Бұл көркемөнерпаздар ойынын көргенім бар. Бала емеспіз бе, ештеңенің байыбына бармасақ та, сахнада тұрғандардың не айтып жатқанын түсінбесек те, дуылдаған жұртпен бірге маз-мәйрам болып отыратынбыз. Ол уақытта отыратын орындық жоқ, орындық деймін-ау, арнайы жабдықталған клуб үйі де әлі болмаған, «Қызыл бұрыш» деп аталатын бір бөлмеде қыста еденге, жазда далада жерге қонжия кетеміз. Содан ойын басталады. Өлеңдер оқылады, әндер айтылады. Отырғандар бірде көздеріне жас алады, енді бірде қарқылдап күледі.

Сонда жұртты жылатып, күлдіргені үшін сотталуы керек пе? Осы ой мыйымды қашай береді. Дегенмен үлкендерге айтпаймын. Онсыз да қамкөңіл жандарды мазалағым келмейді.

Әкемді қатты сағынатынымын. Өзіммен-өзім қалғанда сөйлесіп те аламын. Көңілімдегілерді армансыз ақтарып тастаймын. Не айтқандарым қазір есімде жоқ, сөйтсе де тозған өмірдің тозаңын сан рет жеткіздім-ау деймін.

«Тозаң өмір...». Бұл тіркесті тегіннен-тегін қолданып отырған жоқпын. Шынында мен үшін мына әппақ дүние тозаңдай ғана еді. Кеуде кере тыныстауға ауа жетпейді, ақар-шақар маз болуға уақыт жібермейді. Тығыла сөйлескендер тосын көз түссе тымырая қалады. Ашық-ашық күлмеген соң, жарқырап жүрмеген соң, шынында қиын ғой.

Бәрін жасайтын мәжбүрлік екенін кейін түсіндім. Басқа адамдар бізге көмек жасамайын демейді, жасағысы-ақ келеді, бірақ қорқады. Үкіметтің ұзын құрығынан қорқады. Біреу-міреу жоғарыдағыларға жеткізіп қойса, күнінің қараң болатындарын біледі.

Осындайда тағы да әкем ойыма оралады. Ол ештеңеден қорықпайтын. Ағалардан естідім ғой, аштық жылдарында өзегі талған соң, ортаның малын жасырын сауғандарды көрсе де, көрмеген болған екен. Тіпті, қазынаның бидайынан жасырып елге үлес те үлестіріпті. Күш-көлік жағынан мұқтажы барларға көп көмек берген, ал олар кейде апталап жоғалып кетеді екен.



Алайда әкем адамдардың қиын жағдайына түсіністікпен қарап, өз өміріне қауіп төнсе де, тәуекелге барып, оларға көмектесуге тырысқан. Қиын заманда мына қылықтары ерлік пе? Нағыз көзжұмбайлық қой!

Басқалар неге сондай тәуекелшіл болмайды екен?

Бала көңіл аспандап кетеді. Әкем қолы жұмыстан бос кезінде мойнына мінгізуші еді. Дәл сонда қалған жұрттың төбесінен қарағаныма мәз едім. Бұлттармен тұтасқандай көңіл-күйге түсетінмін. Дәл сол сезім оңашада, әкемнің рухымен сырласқанда, қайта пайда болады. Мен соған да разымын.

«Әке – асқар тау» деп жатады кейбіреулер. Шын мәнінде ол асқар таудан да биік. Олай дейтінім тау – тұрған тұсына ғана қалқан. Ал әке – қайда жүрсең де қамал. Ол барда, сені бөтеннің жабырқата қоюы мүмкін емес.

Оның үстіне әкем ұсталып бара жатып шешеме:

«Егер тірі келсем, Розаны қолыңнан, өлсем ақыретіңнен аламын. Сұрарым – бетінен қақпа, басқаға да қаққызба», – деп тапсырып кетіпті. Ағайынның маған ерекше көңіл бөлгені сондықтан шығар.

Біз тұрған жердің табиғаты ерекше болатын. Көктем шыға бұр жарған көктен аяқ алып жүре алмайсың. Жан-жағымыз – орман. Ауаны керемет жұпар иіс жайлап тұрады. Оны жұтқан сайын көкірегің ашылып, бір жасап қаласың. Тіршілік тауқыметін сәтке болса да ұмыттыратын, міне, осы жағдай.

Дегенмен үйге қайтып оралғаныңда, бәз-баяғы тірлік қайтадан өз үйірін табады. Діңкеңді езген салмақ гравитациялық күштен әрмен ауыр еді. Біз гравитациялық күші Жерге қарағанда иықты зілдей басатын басқа бір планетада өмір сүргендей едік. Оны көтеріп жүру үшін орасан көп күш керек болатын.

Ол күштің біздің бойымыздан табылғаны – шындық. Біз иілсек те, сынбадық, шалыныссақ та, құламадық. Өйткені жығылуға болмайтын. Өйте қалған күнде әке аруағы кешпейтін. Менің әкем жанына өрлікті ғана серік етуші еді. Боркеміктікті жаны сүймейтін.

Өрліктің арқасы ғой, оқуды өте жақсы оқыдым. Жетінші класқа дейін Макинкада, оныншыға дейін Еңбекшілдер ауылында дәріс алдым. Егер «халық жауының қызы» болғандықтан алтын медаль бермеу үшін бір сабақтан әдейі төрт қойды.

Талабымды байқаған ағайындар қатарымнан қалдырмай, оқуға жіберуді қарастырды. Жеті-ақ сынып бітірген Шәріп ағам шөп сатып, қаражат тауып бермек болды, бірақ онысынан ештеңе шығара алмады. Жоқшылық кез. Екі-үш ай бұрын ғана тұрмыстың ауырлығын көтере алмай ауруға шалдығып, 42 жасқа қарағанда анамыз Қалима қайтыс болған. Шәріп келіншегі Бөпішке жаңа ғана үйленген. Мен оқимын деген арманды тұншықтырған едім.

Менімен бірге бітірген қыздар Қарағандының педагогикалық институтына баруға әзірленді. Олар: “Сен жақсы оқыдың, сені қалай тастап кетеміз? Сен бармасаң біз де оқуға бармаймыз”, – деп орталарынан ақша жинап, маған да пойызға билет алды. Әрмен қарай қалай күнелтетінімізде жұмыс жоқ, бірге кетпекші болып вокзалға келдік. Вокзалда ойламаған жерден бұрын әкемнің көзін көрген жақсы жолдасы әрі ағайынымыз, біздің



үйге жиі келіп жүретін Құржық деген кісінің баласы Рүстем және Уәлидің Әйтімін жолықтырдық. Рүстем журналистикада, Әйтім заң институтында үшінші курста оқитын кездері. Қазір ойласам сол кездегі азаматтардың адалдығы мен адамгершілігі мені таң қалдырады. Әрі әкемнің қадірі, әрі менің сабақты жақсы оқығаным шығар деп ойлаймын, жөн сұрасқаннан кейін екеуі бірдей: “Қарағандыны қой, Алматыда оқисың”, – деп үгіттеп, алынған билетті қайта өткізді. Ол кезде пойыз Новосібір арқылы жүреді, үшінші сөреде (полкада) жатып Алматыға жеттім. Алдында пединститутқа түспекші болып едім, Қызылорданың қыздары келіп: “Тау-кен институтына қазақ қыздарын жинап жатыр екен, сен математикадан жақсы екенсің, стипендиясы көп, соған түсейік”, – деп үгіттеді. Айтқандай, математикасын да, шет тілін де жақсы тапсырып, оқуға түстім. Ол кез үшін 375 сом стипендия көп ақша еді. Өзімді Алматыға оқуға әкелген Әйтімдердің көмекке берген ақшасын алғашқы стипендиямнан қайтып беріп едім, олар алмады. Міне, солардың арқасында Тау-кен институтында оқуыма тура келді. “Мата даңқымен бөз өтер, ата даңқымен қыз өтер” демекші, атамыз жаман болса, мұндай көзқарас қалыптаспас еді.

Сенерім болмаған соң институттағы оқуымды жанымды салып оқып жүрсем де, “халық жауының қызы” деген атақ қыр соңымнан қалмады. Институттың арнайы бөліміне қайта-қайта шақырып, бір сұрақты жүз қайталап, түннің ортасына дейін отырғызады. Сондағы сұрайтыны: “Әкең қандай статьямен сотталды, жасаған қылмысын айт, өз қолыңмен қағазға жазып, қол қойып бер,” – дейді. Мен: “Әкемді ақырғы рет алты жасымда көрдім, статьясын да, не қылмыс жасағанын да білмеймін”, – деймін. Ешкім сенбейді, тіпті, сенгісі де келмейді.

Диплом қорғау алдында бұл тексеріс және қайталанды. Жезқазғандағы практикамы ойдағыдай өткізіп оралғанмын. Бірақ қуанышым су сепкендей басылды. Диплом қорғауға жіберілмейтін болыпшын.

– Бір жыл жұмыс істе. Содан кейін қорғайсың, – дейді жұбатқансып.  
– Мен жаман оқымадым ғой. Неге бүйтесіздер? – деп сұрасам, иықтарын қиқандатысады.

– Біз ештеңе білмейміз. Оны өз талайыңнан сұрағайсың...

Қатты күйіндім. Бәрінен көңілім қалды. Академиялық демалыс алып, Қарағандыға бір-ақ тарттым.

Сенделіп көп жүргендегі тапқаным еңбекке араласу болды. Геологиялық барлау экспедициясына аға техник қызметіне кірістім. Өмірімнің тәлкекке түсіп жүрген сол күндерінде Үмбин Тәжітаймен бас қосып, отау құрдық. Жаңаарқа жерінің тумасы. Қайсар да қарапайым, үлкен адамгершілікті жан қамқор көңілін енді маған арнады. Отбасын құрғанмен ауылда отырып қалған жоқпыз, жұмыс бабымен Тәжітай екеуіміз геологиялық далалық экспедицияларда көп жүрдік. Өмірімнің дені далада, кен зерттеу жолында өтті. Тәжітайды Атасу геологиялық экспедициясының Жәйрем партиясына бас гидрогеолог қызметіне тағайындады. Қорғасын-цинк полиметалл қазбалары бай Қужал деген жерде тұрдық. Ол кезде қазба байлықтың



барлығына билік жүргізетін Мәскеу еді ғой. Жәйремдегі еңбегіміздің қорытындысы есебінде 1963 жылы полиметалл қорының қанша екенін анықтап, еңбек авторының бірі ретінде Тәжітай Мәскеуге барып баяндама жасап келді. Ол – өмірінде Мәскеуге барып геологиялық 17 карта қорғаған адам. Әр карта бір кандидаттық диссертация есебінде саналады. Және бәрі де тек Мәскеуде қорғалуы тиіс. Тәжітайдың мінезінің тіктігі, ешкімге бас имейтіндігі жұрттың бәріне ұнай бермейтін, сондықтан жолында бөгесін көп болды. Бәзбіреулер оның принципшілдігін кешіре алмайтын. Тәжітайдың өзі атақ-даңқ, мансап дегенді ойға да алмайтын. Бұл дүниенің қажетіне ғана жарар алдамшылықтарды ол мүлде жек көретін. Өз жұмысын адал атқаратын, басқаларға көмектескенін міндетсімейтін. Оқу бітірген кезде оған аспирантурада оқу үшін Кеңес Одағының алдыңғы қатарлы алты ғылыми орталығының біреуін таңдауды ұсынды. Қартайған әке-шешесін ойлап бас тартты. Оның үстіне қауіпсіздік органдарында қызмет істеп жүрген ағасы соның алдында ғана нағыз дер шағында қайғылы қазаға ұшыраған еді.

1961-1964 жылдары “Үшқатын” деген жерді зерттеу нәтижесінде қорғасын-цинк полиметалл кенінің бар екенін бірінші анықтаған да осы Тәжітай болды. Далада жүрсек те, кешегі жетім-жесір туыстарға қарайласу міндетімізді ұмытпадық. Әкеден екі жасында, анадан 15 жасында қалған Кенел інім де ер жетті. Свердловск қаласындағы заңгерлік оқуға түспек болды. Білімінің жақсы екеніне қарамай түсе алмады. Әскерге алынды. Әскерден бір жылдан кейін сырқаттанып елге оралды. Менің қолыма келді. Ата-енемнің кеңдігі, қайырымдылығының арқасында Кенел олардың баласындай болып кетті. Өзі де елгезек болатын. Қайын атам қарапайым адам болса да, табыскер, қайырымы мол кісі еді. Кенел біздің қолымызда тұрып үйленді. Ауруханаға түскенше геологиялық партияның бастауыш партиялық ұйымының хатшысы болып істеді. Кенелге операция Қарағандыда жасалды. Операция кезінде ғана диагноздың қате екені байқалып, шұғыл шараларға жүгініпті. Операциядан аман шыққанмен күтушілердің салақтығынан орны толмас қайғыға ұшыратты. Кенел 29-ға жаңа толған шағында өмірмен қоштасты. Соңында бір жастағы ұлы мен құрсақтағы қызы қалды. Отбасы қайғы жамылды. Әулетіміздің әлеуеті әлсіреп бара жатты.

Бұл кезде мен оқуымды Мәскеуде сыртай жалғастырып жатқан едім. Соңғы сессияға бармақ болып жүргенде, інімнің дүниеден озуы қатты соққы боп тиді. Оқуға баруға мұрша келмеді. Құлқым да болған жоқ. Оқу орны шақырып бақты.

Құдайға шүкір, Тәжітай екеуіміз тату-тәтті ғұмыр кештік. Балалар өсті. Қазір баламыздың алды Марат Израиль мемлекетінде тұрса, Алтынай, Айсұлу, Мұрат өзіммен бірге Астанада тіршілік етіп жатыр. Тек Тәжітай ғана арамызда жоқ.

Міне, бір әулетке репрессия әкелген қасіреттің үстірт берілген суретінің өзі осындай. Құрбан болған тек Сыздық емес, жары мен балаларының өмірі аяусыз тағдыр тауқыметіне ұшырады. Бір шыңыраудан шықса, екіншісіне түсіп отырды. Менің ойымша, жақсылық жеңеді дегенмен, кез келген, тіпті,





ең мардымсыз деген қиянаттың өзі өшпес із қалдырады. Бұл өштестікті қоздыру немесе кекшіл сананың әсері емес, жай ғана адами пайымдауым. Сол қуғындаулардан бері қаншама уақыт өтті, әкем де ақталған. Жан жарасы жазылар емес, қанжылап естен шықпайды. Ешкімді кінәламасам да, ұмыта алмаймын. Адамзаттың жадында үзік болмауы тиіс. Адамзат жақсыны да, жаманды да жадынан шығармауы керек. Ал репрессия қасіретін болашақ ұрпақтардың ешқайсысы ұмытпауы тиіс.

Қазақ «көппен көрген – ұлы той» демей ме? Ақиқаты осы ма, жұбатқаны ма, кім білсін...

Жалпы Ұлы Отан соғысының басталуы репрессияның сәл де болса тыйылуына себеп болды. Егер соғыс болмағанда, адамдар бірінің бірі етегінен тартып, ұстап беруін жалғастыра берер еді. Әрине, соғыс – жақсы нәрсе емес. Оның қайғы-қасіреті алапат, ол жаппай жусатады, әсіресе жастарды баудай қырады. Дегенмен ол – сыртқы жаудың салған ойраны ғой. Ал репрессияда дос кім, дұшпан кім – айырудан қалдық. Кімнің, кім екенін әлі де айырып болған жоқпыз. Құжаттарды құпиялағанымыз соншалықты, тіпті жеті қат жердің астына тыққандаймыз. Не үшін?! Расында да ескіні қопарып береке таппаспыз?! Заманы мен заңы солай болды. Алайда заманды да, заңды да жасайтын адамдар ғой. Сондықтан осындай қайғы-қасіреттер қайталанбасын десек, білсек керек, есте ұстасақ керек. Ешкімге ренжудің де, өштесудің де, кектесудің де керегі жоқ. Ашығын айту керек адамдарға. Бітеу жара болып жүргенше, білген дұрыс.

С. Аяпбергеновке тағылған РКФСР 1926 жылғы Қылмыстық кодексінің баптарының диспозициялары мынадай:

58-2-бап: қарулы көтеріліс немесе қарулы бандылардың кеңестік аумаққа контрреволюциялық мақсатпен басып кіруі, осы мақсаттарда, әсіресе, КСР Одағынан және жеке одақтас республикадан оның аумағының қандай да бір бөлігін күштеп айыру немесе КСР Одағының шет мемлекеттермен бекіткен келісімдерін бұзу мақсатында орталық және жергілікті жерлердегі билікті басып алу — әлеуметтік қорғаныстың жоғарғы шарасы — атуға немесе мүлкін тәркілей отырып және одақтас республиканың азаматтығынан және сол арқылы КСРО азаматтығынан айыра отырып және КСР Одағының шегінен мүлде қуып жібере отырып, еңбекшілердің жауы деп жариялауға әкеледі, жеңілдететін мән-жайларда барша мүлкін немесе бөлігін тәркілей отырып үш жылдан төмен емес мерзімге бас бостандығынан айыруға дейін төмендетуге болады.

58-7-бап: мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарды контрреволюциялық мақсатта тиісінше пайдалану немесе олардың қалыпты қызметіне нұқсан келтіру ниетімен мемлекеттік өнеркәсіп, транспорт, сауда, ақша айналымы мен несие жүйесін, және де кооперацияны құрту, сондай-ақ бұрынғы меншік иелерінің немесе мүдделі капиталистік ұйымдардың мүддесі үшін мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарды пайдалану немесе олардың қызметіне кедергі келтіру — осы Кодекстің 58-2 бабында көрсетілген әлеуметтік қорғаныс шараларына әкеледі.



58-8-бап: Кеңес билігінің өкілдеріне немесе революциялық жұмысшылар мен шаруалар ұйымдарының қайраткерлеріне қарсы бағытта террорлық актілер жасау және осындай актілерді орындауға контрреволюциялық ұйымдарға еш қатысы жоқ адамдардың да қатысуы — осы Кодекстің 58-2 бабында көрсетілген әлеуметтік қорғаныс шараларына әкеледі.

58-10-бап: Кеңес билігін құлатуға, құртуға немесе әлсіретуге, жекелеген контрреволюциялық қылмыстарды (осы кодекстің 58-2; 58-9-баптары) жасауға үндейтіндей мазмұны бар үгіт-насихат жүргізу, сондай-ақ осы мазмұндағы әдебиеттерді тарату немесе дайындап, сақтау — алты айдан төмен емес мерзімге бас бостандығына айыруға әкеледі. Жаппай толқулар кезіндегі немесе бұқараның діни немесе ұлттық теріс пайымдауларын пайдалана отырып, немесе соғыс ахуалында, немесе соғыс жағдайында деп жарияланған жерлерде, жасалған тап сондай әрекеттер — осы Кодекстің 58-2 бабында көрсетілген әлеуметтік қорғаныс шараларына әкеледі.

58-11-бап: осы тарауда көзделген қылмыстарды дайындауға немесе жасауға бағытталған кез келген ұйымдастырушылық қызмет, сондай-ақ осы мақсатта құрылған ұйымдарға қатысу — осы тараудың тиісті баптарында көрсетілген әлеуметтік қорғаныс шараларына әкеледі.

Диспозициялардың адам қорқытар түйіндеулеріне қарап, атамыз оңай құтылған екен деп ойлауға да болады. Одан да жаман болуы мүмкін-ау...

Оларға тағылған айыптардың ойға сыймас масқарашылдығын дәлелдеуге тырысып та керегі жоқ. Шынайы қарекеті, өмір салты, адамилығы һәм тағылған айыптар арасында олардың басын қосқызбайтындай терең құз жатыр. Алайда, ғажайып қайшылық та сонда, сол кездегі тергеушілердің, прокурорлардың, судьялардың (егер олар іске жіберілген болса) көпшілігінің осы құзға «көпір салуға», үш қайнаса сорпасы қосылмас дүниелерді қосақтауға, сөйтіп атуға кесер баптарды миллиондаған болмаса да жүздеген мың жазықсыз жанға таңуға шамасы жеткен. Мұның өзінде, айыпталғандардың көпшілігі айыптаушыларға қарағанда сауатты да еді. Тоңмойын топасыздықтың көзі ашық, көкірегі ояуларды көрге тыққаны осы жер болды. Өйткені білімділерге, зиялыларға қарсы «ойын» ойнаған тоталитарлық жүйе еді.

Мына екі жайтқа ғана көңіл қойыңыз, біріншіден, 1937 жылдың 19 қарашасында Қазақстан К(б)П ОК-ның жабық отырысында репрессиялануға тиіс антисоветтік элементтер мөлшерін қосымша 3000 адамға, соның ішінде Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 200 адамға өсіру туралы құпия шешім қабылданған. Атам мен оның «сыбайласы» осы көтерме жоспардың орындалуына тап келген. Атуға кесім шығарған – НКВД басқармасының үштігі. Ал заңи тұрғыдан үштіктің үкім шығаруға өкілеттігі жоқ. Әдеттегідей істі қарауға қорғаушы қатыспаған. Сот болмаған соң, қорғаушы да керек емес қой! Бірақ қаулысы қандай қатерлі еді. Үкім болғанда қалай болар еді. Бұдан да жаман болуы мүмкін деуіміз содан.



Егер бірінші жайт кеңес билігінің адамилыққа қарсы табиғатын әшкерелесе, екінші жайт бұған керісінше, оның заңдылық пен адам құқығын қорғауға деген қамқорлығын көрсетеді. 1937 жылдың 12 ақпанындағы тексеріс актісі 1936 жылдың 1 ақпанына қарай Солтүстік Қазақстан облысына қарасты 26 ауданның тек үшеуінде ғана не бары он екі қорғаушымен ғана қамтылған екі коллегия болғанын көрсетеді.

Қазақстан Республикасының қазіргі қылмыстық заңнамасында мәні бойынша мұндай қылмыс құрамдары жоқ. Болуы да мүмкін емес, себебі біздің заңнама демократиялық және құқықтық мемлекеттің қағидаттарына негізделген.

Өткеннің бір ойшылының айтуынша, мемлекет қандай қылмыстармен күрескісі келсе, сондай қылмыстар туралы заң шығарады. Егер заң қабылданса, соған сай келетін қылмыс та табылуға тиіс. Бұл заманауи қылмыстану ғылымының тұжырымдарына да сәйкес келеді. Кеңестік заңнама және оны қолдану тәжірибесі, сондай-ақ оларды теориялық тұрғыдан негіздеу адамның, халықтар мен ұлттардың құқықтарын аяусыз аяққа басқан тоталитарлық тәртіптің мақсаттарына қызмет етті. Кеңес мемлекетінің дамуының түрлі кезеңдерінде бұл бірде көрінеу, бірде бүркеме түрде түрліше көрінді. Алайда кеңес құрылысының тоталитарлық мәні бүгін баршаға мәлім.

Ондай жүйе енді қайта келмесін. Әрбір ойлы жан жақсылыққа қызмет етіп, жамандыққа қарсы тұра алады. Ол үшін жақсы деген не, жаман деген не екенін ажырата білу қажет. Ал бұл үшін өткеннің мылқау да турашыл куәгерлері болып табылатын мұрағат жадығаттарын сөйлету керек. Басқасының бәрі ертегі тәрізді, санаңды селт еткізбейді...

Сыздық Аяпбергенов туралы алғашқы ізденістерді балалары Жаңалық пен Рауза бастаған, басқалары қолдап, қостаған. Заманның берген тар мүмкіншілігін барынша пайдалана отырып, әкелерін ақтаған қағазға қол жеткізген, қайтқаны туралы куәлік алған.

Ата-баба жерінен жырақта, нағашыларымның кең қолтығында өскен менде атам туралы, жалпы әулет жөнінде естелік тыңдауға, дерек жинауға деген ішкі рухани қажеттілік жас кезімнен қалыптасқан болуы тиіс. Оған көп әсер еткен өзім бауырында өскен әжем Мейрамбиді Смайылқызының тәрбиесі дер едім. Содан соң Рауза тәтемнің әңгімелері тірек болды. Тек сол қажеттілікті жүзеге асыратын мүмкіндікке кешірек қол жеткіздім. Мүмкіндік мемлекеттік қызметтен ғылыми-педагогикалық қызметке ауысқанда ғана туды. Елге барып келуге уақыт кеңейді. Сәл де болса, ерте қимылдағанда атамның әрі көшірі, әрі қосшысы болған Сабыр ақсақалдан көп жайтқа қанығар ма едім!

Үйленгеннен кейін бұл іске жұбайым Жаңагүл қолқабыс тигізе бастады. Көкшетау өңіріне барған сайын қолымызға дәптер ұстау әдетке айналды. Сол ізденістер кітапқа ұласады деген ой өңіміз түгіл түсімізге кірген жоқ. Оған өмірдің өзі алып келді. Бұл жолда түрлі қиындықтар да кездесті, кедергілер де болды, бірде қалыс, бірде шалыс бастық қадамды...



Көздеген мақсаттарымызға жетуге, жалпы тіршілік кедергілерін жеңуге жан жылуын, сөз демеуін, қол көмегін аямаған ізгі жандардың баршасына әулетіміздің атынан шын ризашылықпен алғыс айтамын, жүрген жолдарында жақсылықтарға жолыға берсін деймін!

Атам мен әулет туралы ең алғашқы естеліктерді Кәкімұлы Шияп, Бекетайұлы Сартай (Ғалымтай) молда, Мырзахметов Әбдуәли, Байзырахманұлы Хамидолла, Мұқанов Шәріп, Сағындықұлы Сантай ақсақалдар мен Елубайқызы Қинаят апамыздан естідім. Тағы да біраз адамның есімі осы жерде аталмағанымен жолжазба дәптерлерде өз кезегін күтіп жатыр. Осы жандарға Алладан рахмет жаусын!

Атам туралы алғаш көпшілікке жазып жеткізген өлкетанушы, жазушы, ҚР мәдениет қайраткері, марқұм Әмірқызы Клара апамыз болды. Апаймен танысып, сырын шерткен Рауза тәтем ол кісіні әлі күнге асқан ризашылықпен еске алып, дұғасына қосып отырады. Апайдың тіршілігінде екеуі өте қатты сыйласатын. Апай атам туралы деректерді ҰҚК мұрағатынан да барып іздестірді, тапқандары мен пайымдағандарын бірнеше кітабында жариялады.

Баспасөзге қалай жақындасуды білмей, құлпы берік, кілті жоғары деп жүрген кезде атам туралы газеттік алғашқы жарияланымды жерлесім, журналист Төлеубай Ермекбаев жарыққа шығарды. Төкең бүгін Қарағанды облысы әкімдігінде жауапты қызметте, облыс әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығының лауреаты, бірнеше кітаптың авторы.

Атам туралы, әулет туралы жақсы естелік жазғандар сапында Еңбекшілдер ауданының құрметті азаматы ағамыз Тасболат Алпысұлы, ақын, жазушы бауырымыз Құдайберлі Мырзабек бар. Көкше өңірін, атамның туған-өскен жерін жақсы білетін осы кісілерден күтеріміз көп.

Репрессия тақырыбы қоғам мен мемлекет тарапынан баса назарға алынғалы Рауза тәтем де «халық жауының» қызы ретінде біраз жерге шақыру алады. Тәтем басқа біреу үшін бастықтардың кабинетінің есігін қағуға бар, алайда өзі үшін ешқайда баруды қаламайтын жан. Денсаулығы сыр берсе де, әке аруағы үшін әрі кейінгі ұрпаққа өнеге болсын деп сондай бір шақыруда Априза Хұсайынқызы Хұсайынова ханыммен танысыпты. Априза апай Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды мұражайының алғашқы директоры, ҚР еңбегі сіңген мәдениет қайраткері, ТМД елдеріндегі мұражайлар одағының мүшесі, мұражай ісінің жанашыры. Тілдесе келе, тәтем әкесі Сыздықтың суреттерін беріп, өмірдерегін айтады... Атамның суреттері қазір Ақмолдағы Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды мұражайының көрме залында тұр.

Атам қызмет еткен өңірдің сол кездегі орталық қаласы, қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының орталығы Қызылжарға барған сапарда алдымнан шығып, жолымды ашқан адамдар бір шоғыр. Ең алдымен Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры, этно-мәдени зерттеулер орталығының директоры, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, абылайтанушы Зарқын Сыздықұлы Тайшыбай есімі аталуы тиіс. Қазақтың ханы – Абылай деп жүрген ағамыз Қызылжарда мені



қолымнан жетектеп жүрді десем, артық айтқаным емес. Ол туралы шамам келгенше жаздым да, Құдай қуат берсе, әлі де жазармын...

Содан соң бұл шоғырда шоқтығы биік тұрған ағамыз Болат Мағазұлы Сағындықовты Солтүстік өңіріне таныстырып қажеті де жоқ. Кезінде партиялық, кеңестік қызметтерді, шаруашылық басқаруды абыроймен атқарған аттас ағам бүгін де алдыңғы сапта. Ел мен Жердің киесі мен намысы жолында аянбай тер төгуде. Солтүстік Қазақстан облыстық «Память» қоғамдық қорының төрағасы ретінде ардагерлерді, ақсақалдарды ұлағатты істерге ұйытып жүр. Сол бірінші жолығысқанда: «Сен «халық жауының» немересі болсаң, мен баласымын» деп, баспадан енді шығайын деп жатқан естелік кітапты кідірте тұрып, атам туралы материалды қосқызды. Осы екі азаматтың бастауымен атам қызмет еткен жерлерді араладым. Әлі де талай сапар алда тұр... Есіл ауданы «Тораңғыл» ауылдық округінің сол кездегі әкімі Амангелді бауырымыз, мектеп мен мәдениет үйі ұжымдары құшақ жая қарсы алды. Өздері жоқ болса да жеке шаруашылық басшыларының тапсырмасын алған қызметкерлер жақсы қабылдады.

Мектеп мұражайында кішкентай ғана әріптермен отызыншы жылдары кеңшарды басқарған директорлар тізімінде «Айпергенев» деген жазу көзге оттай басылды. Қатесі ендігі түзелген де шығар...

Солтүстік Қазақстан облыстық мұрағатының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты Сәуле Зейноллақызы Мәлікова ханымның кабинетінде Зарқын ағаймен үшеуара келелі әңгіме өрбігені есімде. Содан соң бір жағы директордың ризашылығы бар, екінші жағы, өздерінің тарихқа деген сүйіспеншілігі терең мұрағат қызметкерлері – мұрағатшы Бикен Мухамадиева Бектемирова және кекселеу орыс әйелі, басқалары да бар – жүгіре жүріп ілтипатпен қызмет көрсетті. Және қазақта мұрағатқа келетін аам сирек, немеренің атасын іздеуі тіпті таңқаларлық деп пікір білдірді. Мүмкін, солай-ақ шығар. Бірақ, бұны айтып отырғандағы мақсатым өзім туралы пікір қалыптастыру емес. Мұрағаттарда жатқан деректерді айналып өтуге болмайтынын, сарғайған қағаздарда талай тарих жатқанын замандастарым, кейінгі толқын жастар білгені абзал.

«АСЫЛ МҰРА» тарихи-мәдени және ғылыми әдістемелік орталығының жетекшілері мен қызметкерлері жазушы Қайролла Мұқашұлы Мұқанов мен өлкетанушы Таңат Айтмұқашұлы Сүгірбаев ағаларымыз да кеңестерін беріп, дұрыс бағыт сілтеді. Атама қатысты ресми деректерді өздері бұрын шығарған кітаптарға қосыпты. Жыпырлаған тізімде атамның басқа да боздақтардың есімдері бар.

Қызылжар сапарында құдам Асқар Садупов пен жұбайы Күлпәш қазаққа тән қонақжайлылық танытып, ізденіске қажет қуатты үстемелеп берді.

Қарағанды «Болашақ» университетінің ректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор Нұрлан Дулатбеков Карлагқа қатысты ғылыми-ағартушылық жобаны ұсынғанда екінің бірі терең түсіне қойған жоқпыз. Карлаг қазақтың жерінде болғанымен, қазақ тарихына қатысы шамалы деген түсінік миды шырмап тастаған ғой. Сол жоба, міне, бүгін жақсы нәтиже



беруде. Карлаг туралы, солақай саясаттың құрбаны болғандар туралы баяндайтын «Болашақ» университеті шығарған салмақты да мазмұнды кітаптар сериясы бүкіл әлемге таралып, іргелі елдердің президенттеріне дейін жетуде. Сол жұмыстың ыстық-суығына төзіп жүрген екі әріптесіме ризашылық ерекше. Олар: Қарағанды «Болашақ» университетінің «ҚАРЛАГ» ғылыми-зерттеу, тарихи-ағарту орталығының директоры, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Нұршат Төлеуғалиқызы Жұмаділова мен орталықтың аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Жанболат Мақсатұлы Баймұрынов.

Карлагқа қатысты алғашқы кітаптарды даярлау барысына мен үзіп-жұлып қатыстым. Денсаулығым байланысты толыққанды көмек бере алмадым. Атам туралы қазақша, орысша очерктер де біршама қиындықпен жазылды, ұзаққа созылды. Әрбір әрпін әрлеп, мүлт кетпейін, ешқандай жаңсақтық, бұрмалаушылық кетіп қалмасын деп көп шұқшидым. Қазақшадан орысшаға өзім аударған нұсқасын әуелі Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің магистранты, филолог-аудармашы Әлібек Шадыкенов бауырыма, содан соң Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Маргарита Константиновна Пак ханымға көрсетіп алдым. Көмектеріне ризамын. Аруақ та риза болар.

Әріптесім, химия ғылымдарының кандидаты, доцент, заңгер-криминалист Болат Сәрсембаев атамнан қалған ескілікті фотосуреттердің электрондық нұсқасын сапалы жасауда асқан ыждаһаттылық танытты, көп еңбек сіңірді.

Атам туралы очерктің ағылшын тіліндегі қысқаша нұсқасын жасауға ағылшын тілінің мамандары Марина Гребенкина, Айжан Жаманова қатысты.

Тарихи санамды ұштауға септігі тиіп жүрген тарихшы достарым бар. Соның ішінде сыныптасым, Долинка кентіндегі Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу мұражайының директоры, ғалым-тарихшы Темірғали Аршабековты, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы, шежіретанушы Мақсат Алпысбесұлын, тарих ғылымдарының кандидаты, «Болашақ» университетінің доценті Еламан Қасеновты атай кетуді жөн көремін.

Олардың жалпы тарихқа, қазақ тарихына, өлке тарихына қатысты ақыл-кеңестері бағыт-бағдарды түзеп отыруға көмектеседі. Тарихшы дегеніміз біздің бәріміздің білуімізге тиісті және білеміз деп үстірт қарап жүрген жайттарды кәсіби терең білетін, оны зерттеуді өзінің өмірлік мұраты санайтын жандар екен.

«АЛЖИР» мемориалды мұражайы саяси қуғын-сүргін құрбандарына арнап кітап шығарғалы жатыр деген хабарды экономист, тарихшы бауырымыз, сол мекеменің аға ғылыми қызметкері Жанбота Тасболатұлы Кәріпбаев жеткізді. Жаңагүл екеуіміз дереу төрт шығарма даярлап бердік. Аллаға шүкір, екеуі өтті. Бастамасы жақсы болған соң, аяқталуы да жаман болмаса керек, Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты, Саяси





қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды мұражай кешенінің қазіргі директоры Болат Жүнісбекұлы Жүнісбеков мырза бастаған ұжым бүгінгі ұрпақтың санасына саңылау салар екі томдықты уақытылы дүниеге әкелгені кім үшін болса да үлкен қуаныш. Сол қуанышты сыйлауға қатысты адамдарға ризашылық Алладан болсын!

Мен жазған шумақтардың қатал да, қайырымды сыншысы болған інілерім Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, ақын Жансая Жаңғозыұлы Жарылғапов пен ақын, «Шабыт» фестивалінің лауреаты Қайрат Белгібайұлы Асқаров екенін біле жүріңіздер.

Ұзақ жылдар бойы біз Қажыбай апа Сембайқызының ақыл-кеңесін, рухани көмегін алып тұрамыз. Апамыздың емшілігі, қазақтың қамшысымен ұшықтайтыны, құмалақ ашатындығы бір бөлек. Қатты қиналған кезімізде Аллаға тілек айта отырып, аман алып шыққан жанның бірі – емші, биоэнерготерапевт, академик, ҚХЕК Құрметті мүшесі, ҚР Құрметті кәсіби халық емшісі, Әлемдік рухани емші, III мыңжылдықтың үздік емшісі Күләй қажы Мұстапақызы.

Осы ретте парапсихолог, шипагер Рая Егумбайқызы Сүлейменованың ақыл-кеңестері мен рухани көмегін айтпай кете алмаймын. Өзіне сыйынған пендеге Алла Тағала алуан жолмен көмек береді. Осы кісілерді мен сол жолдардағы өткізгіштер деп білемін.

Әрбір шаңырақтың өзінің жақын достары, қамқор жандары болады. Біздің шаңырақ үшін сондай жандардың қатарында мен бір топ курстастарымды, оның ішінде апайым Шара Төребекова мен ағаларым Токтар Әмренов, Елубай Дәуренбаев, Берік Көбешев, Сәбит Өскембеков, Әмірхан Аманбаев сияқты азаматтарды ерекше айтар едім. «Қазақта жасына қарай отырып, жағына қарай сөйлейді» деген тәртіппен орналасқан ағаларымның бізге, балаларымызға деген көңілдері риясыз, көмектері көл.

Солардың қатарына кейінірек инженер-кәсіпкер, заңгер бауырым Бауыржан Каримов пен кәсіпкер, заңгер Сергей Усов қосылды. Қатты бір қысылғанда ұмытылмастай демеу берді.

Бахтияр Омаров бауырымның маған жақсы іні болғанына біраз жыл. Көрінбей жүреді де мен бір қатты іздеген кезде жетіп келіп, періште көмегін ұсына қояды.

Рауза тәтемнің әкесі туралы айтқан естеліктерін бейне жазбаға түсіріп алайық деген ойды дамытып, фильмге айналдыруға мұрындық болған інім Әнуар Бекмырза. Ол бір өзі әрі режиссер, әрі дыбыс пен монтаж операторы болды, т. б. қызметтерді жоғары кәсібилікпен һәм аса бір төзімділікпен атқарды. Фильмді түсіру барысында ақпарат технологиясының маманы, абайтанушы бауырым Сұлтан Ыбырай, інішектер Марат Илияс, Әлішер Сейіткереев керек кезде, керек жерден табылып, диттеген деңгейден көріне білді.

Осы аталған және аталмаған азаматтардың баршасына Алланың нұры жаусын деп тілеймін! Бұл жерде туыстар мен өмірде күнделікті араласып



жүрген жора-жолдастар өздерінің есімдерін кездестірмесе де, жүректе тұрғанын білер деймін.

Өкінішке қарай, әулеттің тарихи жадын қалпына келтіруге тікелей не жанама жәрдемдескен барша азаматтың есімін тізу мүмкін емес. Оның түрлі себебі бар. Әр нәрсенің өзінше бір құпиясы бар, әр құпияның өзінің ашылар уақыты бар. Кейде ұмыт қалып жаста, ол да Алладан. Сонымен бірге, мекеме, ұйымдардың басшыларын айту арқылы сол мекеме мен ұйымның қарапайым мүшелерін еске алғаным деп санаңыздар.

...Елге барған сайын бес шалдың (Хасен, Әубәкір, Сыздық, Омар, Оспан) балалары, өздері де сол кезде біраз жасқа келіп қалған Шәріп, Байдәулет, Жаңабай, Тасболат, Мамау әкелеріміз, Кенжебай ағай, Бекболат аға және басқалары іштеріне тығылып келген әңгіме-сырларын айтуға отыратын. Бірақ, біздің әулеттің мен көрген шалдары әңгімешіл емес еді. Басталған әңгіме кейде «осыны менен гөрі анау біледі» дегенге тірелетін. Жақын болса, жаяулап, алыс болса, көлікке мініп жолға шығатынбыз. Шамасы келген кезде үлкендердің өздері, ал кейінірек немере бауырыларым діттеген жерге апаратын.

Әулеттің қыздары мен келіндері көп жайды есте сақтап, пайымына түйген екен. Омар атамның қызы Ақлима, Сара апамның қызы Томпан (шын есімі – Іңкәр) апаларымыз, Бақыт, Қуаныш, Шолпан шешелеріміз айтқан жайттар есте.

Дегенмен, атам туралы тарихи деректердің денін Солтүстік Қазақстан облыстық мұрағатынан, сол кездегі газеттерден табуға болады. Біразымен таныспыз. Соларды көтеру, жарыққа шығару бір менің шамам жететін дүние емес. Аяпберген әулетінде менен де басқа тарихпен «ауыратын» ұрпақ өсіп келе жатқанына үміттімін...





**АУБАКИРОВ**  
**Нұрлан Маманұлы**

1971 жылы туған – мәлімет беруші, Аяпберген Сыздық, 1900 жылы туған, басқарма басшысы болған, 1937 ж. Репрессияға ұшыраған. Інісі Оспан соғыста жоғалып, хабарсыз кеткен. Немересі Сыздық Болат Кеңелұлы, 1964 ж.т., заң ғылымдарының докторы, профессор, Қарағанды қаласының тұрғыны. Сол кісі атасы туралы мәліметтерді біледі.







**Орал Қабыкенұлы  
РАХИМОВ**

Орал Қабекеұлы Рахимов 1954 жылы 7 наурызда бұрынғы Көкшетау ауданы 1954 жылы Дөңгілағаш ауылында дүниеге келген. Бірнеше жылдар мектеп директоры болған, 1992 жылы Алматыда өткен Дүниежүзі қазақтарының І-ші құрылтайына делегат болып қатысқан. ҚР «Білім беру ісінің озаты» (1994ж.), қазіргі таңда зейнеткер.

**Ұжымдастыру кезінде қуғын-сүргінге ұшыраған атасы  
Рақымқажы туралы ақпарат.**

Тарихи деректерге сүйенсек, ауылдың үлкендерінің айтқандарына құлақ түрсек, ертеде осы төңіректегі көлде ордің жиегінде, 5-6 киіз үйлер бір ауыл болып, жазық даланың ортасында 6-7 киіз үйлер бір ауыл болып, қалың ормандардың ық жағында 7-8 киіз үйлер бір ауыл болып отырадлы екен.

Кеңес үкіметі 1929 жыл осындай ауылдардың он шақтысын бір жерге орналастырып, Дөңгілағаш артелін құрады. Кеңес үкіметінің өмір сүру үрдісі борйынша артель мүшелері бір-бірімен тең, артельдің мүлкі бәріне бірдей ортақ, жекеменшік деген жоқ. Бай, кедей, дін бұл қоғамға жат.

Бірақта, Тұтқышұлы Рақымқажы, Итжанов Бекен, Әйтиев әмірхан аталар бай болған. Олар осы өңірде сыйлы, аса зор беделге ие болған. Бір ауыз сөздерімен бұқара халықты соңдарынан ерте алатындай қабілеттері борлған. Олардың осындай беделін жақтырмаған кеңес үкіметі ел азаматтарын «халық жауы» деген жала жауып соттады, ит жеккенге жер аударды, ату жазасын қолданды. Менің Рақымқажы атамның бар мал-мүлкін, ауылшаруашылық құрал-саймандарын тәркілеп, тартып алып, артельдің иелігіне өткізеді.





**ЕРМАҒАНБЕТОВА**  
**Паулина Давыдовна**

1930 жылы туған, сталиндік қуғын-сүргін заманында Саратов облысынан күштеп жер аударылғандардың ұрпағы, Біржан сал ауданындағы Қарасор ауылында тұрған, кейін Кеңашы ауылының тұрғыны. Отбасында әкешесі, бес әпкесі болған. Әкесі Фабер Давыд Давыдович қамауға алған, содан еш хабарсыз кеткен. Үлкен әпкелері Ильда, Ольга, Элла, Эмма, Маруся (Қарағандыда еңбек армиясында болған). 1955 жылы Ермағанбетов Қабдош деген азаматпен отбасы құрған, 10 баланың (5 қыз, 5 ұл) ата-анасы атанған, алтын алқа иегері. Жолдасы жылқышы болған, еңбегі үшін 2 рет Ленин орденімен марапатталған.







**ҚҰСАЙЫНОВ**  
**Сағадат Арынұлы**

1961 жылы туғанмын, Көкшетау қаласының тұрғыны. №12 орта мектебінің физика пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарудамын. Туған жерім, қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы, Қайрат ауылы. Әкеміз Арын Құсайынұлы өмір бойы сол сұрапыл, нәубетті қиын жылдары әкімшіл-әміршіл жүйенің құрбаны ретінде зардап көрді, ұсынып отырған тұңғыш президент атына 2002 жылғы 1 қарашада ақталуы жөнінде өтініш жазған еді, соның толық нұсқасын беріп отырмын.

«Мен өмірдің азабын көп көрген адаммын. Әкем 1931-1932 жылдардағы қырғында аштая өлеп, шешем аштықтың үрейінен есе шығып қаңғырып кетіп, 8 жасымда жетім қалдым. Қаңғырып қайыршылап жүргенде жаны ашыған аулсовет басшысы Қызылту ауданының орталығындағы балалар интернатына (Қызылту ауданы қазір Солтүстік Қазақстан облысына қарайды) тапсырып, өлімнен аман қалыппын. Сонда тәрбиеленіп жүргенде әскерге шақырылып, Совет-Финляндия соғысына қатыстым.

1942 жылдың көктемінде ҰОС Харьков бағындағы майданға қатыстым (6-шы армияның 905 атқыштар полкінің құрамында 45 мм орудияның наводчигі болдым. Осы кезде, маусым айында, жараланып, дала емханасында (полевой госпитальда) емделіп жаттым. Біз жатқан жерді жау басып алды, емделіп жатқандарды тұтқынға алды. Жараланған, қарусыз емделгендер жауға қарсылық көрсете алмадық. Бір жылға жуық (1943 жылдың маусым айына дейін) алдымен Украина жерінде, кейінірек Югославияда тұтқында болдым (жұмысшы батальонында). Тұтқыннан қашып шығып, Броз Титоның партизан отрядына барып қосылдым. Мені Люблян отрядына (10-шы бригада) жіберді (Командирі генерал-лейтенант) Осында жүргенде тағы бір рет жараландым. Отрядқа қабылдар алдында майор Яко мен камиссар Майда тексерді (бұл



кісілер ол елде белгілі адамдар). Менің «жау» емес екенімді білгісі келген адам болса, сол жерден сұрастырып, анығына жетер еді. Бірақ оны ешкімде жасаған жоқ. Ол кездегі құқық қорғау органдарының, Совет үкіметің, оның халқының «жауы» санының жоспары болдыма, жоқ басқа себептерге бйланыстыма, ол жағы маған белгісіз.

Тапаншаны басыңа тіреп тұрып, тергеуші «былай айт десе», айтпасқа, дегенің құптамасқа амалың жоқ. Фашистердің тозағынан аман құтылып, үйге, еліңе, отаныңа жетіп өзінді өлімге қалай киярсың...

Сонымен мені 25 жылға соттады да алдымен Карлагка, одан кейін Магаданға айдап қоя берді.

Елім, жерім үшін қанымды төксемде, жазаландым, талай жыл дозақ отына тағы күйдім. АВ 261/199 мекемесінде менің ісімді арызым бойынша қайта қарап, 9 жылдан кейін мені босатты.

Содан бері көп жылдар өтті. «Менің отанымның алдында жазығым жоқ, ақтандар (реабилитировать)» – деп талай рет жаздым. Айтқанымға құлақ асып, дұрыс жауап берген кісі болмады. Басқа амалым қалмаған соң, өзіңізді мазалап, хат жазып отырмын. Жасым 83-те. Кімнің қанша жасайтынын Алла біледі, дегенмен Ол дүниенің ауылы маған алыс емес екені анық. Бүгінбе, ертең бе Алла алып кетсе. жанымды жегідей жеген бір-ақ ой-арман бар. Ол жазықсыз жаладан, «отанын сатқан», - деген жаладан арылсам қыйсынсыз жаққан, өшпес қара дақтан құтылсам деп елім. Осы тілегімді орындап арашалаңыз, құтқарыңыз қара атақтан. Өлмей тұрып, өз көзіммен «Реабилитировать» («Ақталсын») деген сөзді оқып кетейін.



Маған жақсылық көп жасадыңыз: 1955-ші және 2000 жылдары Жеңіс күнінің 50 және 55 жылдығына. Өзіңіз қол қойған құттықтау хат алып, төлем көкке жеткендей қуандым. Мұның үстіне «II дәрежелі Отан соғысы» орденімен, көптеген медальдармен марапатталдым, «1941-1945 ж.ж. соғыс ардагері» төс белгісін тапсырды. Осының бәріне мың рахмет.

Енді тағы бір жақсылық жасаңыз: нақақтан нақақ жапсырылған жаладан АҚТАҢЫЗ (реабилитация жасаңыз)».







**ВОЕННЫЙ БИЛЕТ**  
НТ № 0025573

Фамилия Мусаев  
Имя Аман  
Отчество  
Число, месяц и год рождения 20.05.1942  
Личная подпись владельца Мусаев  
Выдан 10.01.2013  
районным военным комиссариатом  
И. И. Ибрагимов области (республики)

1942 г.  
ВОЕННЫЙ КОМИССАР  
М. И. Ибрагимов  
(звание, подпись)



Т № 0025573 23

VII. Особые отметки

с ноября 1942 г по ноябрь 1943,  
находясь в плену



## Қорытынды

Қазақ Елі XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бірінші жартысында аса зор ауқымды әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және рухани-мәдени өзгерістерді басынан кешіруге тура келді. Ақмола өңірінде Айдархан Тұрлыбаев, Ережеп Итбаев, Асылбек Сейтов, Мағжан Жұмабаев, Жұмағали Тлеулин, Бекмұхамбет Серкебаев сияқты азаматтар Алаш туын көтергенде, Сәкен Сейфулин, Сәбит Мұқанов, Әбілқайыр Досов сияқты қазақ азаматтары қызылдар жағында болып, қазақ халқының болашағын Кеңес өкіметімен байланыстырды. Алайда, осы екі топтың да тағдыры бір болып, тоталитарлық жүйенің құрбандарына айналды. Екі саяси ағымның болашағы туралы моделдік ойлары екі түрлі болғанымен екеуі де қазақ халқының болашағы үшін, өркендеп дамуы үшін қал –қадерінше еңбек етті. Халық жадында біреулері тұтас қазақ жұртын бай-кедей бөле жармаған азаматтар ретінде, қазақты түбі ешкімге тәуелсіз Жапонияға ұқсаған елге айналдыруды көкसेген, сол үшін де Қазақстанды «жапон самурайларына» сатпақшы болғандар деген қауесетті де есінде сақтаған халық жады болатын. Енді бір қазақтың зиялы тобының өкілдерін Қызыл Қазақстанға жан-тәнімен берілсе де кеңес үкіметіне жақпай қалды. Олардың ақталғандығы туралы әңгімелер ертерек айтылды. Бірақ, ол кісілер өз естелік әңгімелерін «жұмсарған тоталитарлық» жүйеге сыйғызып, өзіне-өзі цензура қойып айтуға мәжбүр болды. Сондықтан, көп нәрсе айтылмады анықталып, айтқандарынан айтпаған жәйттер уақыт көлеңкесінде, тасада қала берді. Кеңестік жүйеге қызмет жасағандардың, бұрын алашта болған азаматтардың Сәкен, Сәбит сияқты азаматтармен қарым-қатынастары біржақты трактовка жасалып келді, белгілі дәрежеде әлі де солай. Дүние ақ, қара болып қана көрінбейтіні сияқты өмірдің, сол кезеңдегі қарым-қатынастардың түр-түсі, реңкі әртүрлі болғанға ұқсайды.

Тарихи шындықты тек архив құжаттарына ғана сүйеніп ашуға болмайтыны белгілі. Өйткені деректі жасаушы архив құжатының авторы көргенін, түсінгенін ғана жазып отырған жоқ, ол сол замана ыңғайына жығылып, болған оқиғаны субъективті тұрғыдан беруге мәжбүр болып отырған ол бір пақыр деп білгеніміз жөн. Ал сол заман куәсі болған, уақыт өтіп, тоталитарлық коммунистік режим келмеске кеткен уақыттағы адамның әңгімесінің бітімі бөлек. Тіпті өзі құрлысшысы болған режимге сын көзбен қарап замана шындығын қаз қалыпында беруге тырысады. Оқырман назарына ұсынылып отырған кітапқа Ақмола облысы тұрғындарының зұлмат пен зобалаң жылдар куәгерлерінің естелік әңгімелері кіріп отыр. Халық жадынан алынған дерек-дәйектер сол бір тарихтың қилы кезеңдерінің көлеңкелі тұстарына жарық түсіретін тарихи құнды деректер болып табылады. Бұл еңбек халқымыздың тұтас тарихын қалыптастыру жолындағы өзіндік бір үлес болады деп ойлаймыз.

## Мазмұны

Алғы сөз .....	4
Жабал Ерғалиұлы Ерғалиев .....	6
Жетпісқалиев Серік Сапарұлы .....	12
Төреғожа Қайырбай Зейноллаұлы .....	16
Аяғанов Серік Әкпенұлы .....	20
Әлиев Шиап Шарапұлы .....	22
Есмағанбет Мұсатай Ғалымұлы .....	24
Мейрам Мырзахметұлы Ғибадилов .....	27
Жүнісов Хайролла Шайсолтанұлы .....	31
Әлімжанов Баянғали Тақанұлы .....	35
Серікпаев Әділхан Дастанұлы .....	52
Қиіқов Қайыргелді Ақылбекұлы .....	54
Байқал Қайроллаұлы Баядилов .....	58
Сайлау Кәрібайұлы Ыбыраев .....	74
Дүйсенбаев Есболат Есләмбекұлы .....	80
Сәуле Таңсықбаева .....	85
Кунанбаева Алма Сунгатовна .....	89
Нұрғасымов Алтай Нұрғасымұлы .....	91
Мустафина Шолпан Акановна .....	94
Вергун (Темпель) Елена Александровна .....	95
Аубакиров Аубакар Хатуевич .....	98
Оздоева Роза Даудовна .....	100
Қайыржамал Қонысбайқызы .....	104
Қабыкен Жұманғалиұлы Қонқаев .....	106
Айтқұлов Мұрат Тлеуғабылұлы .....	109
Өмірбек Арыстанғалиұлы Дәулеткереев .....	110
Шәриев Орал Пазылұлы .....	114
Бейсенбаев Зейнолла Жақияұлы .....	115
Хасенов Белгібай Қойшыбайұлы .....	117
Шәрия Қалимұратқызы Әзенова .....	118
Таушов Болат .....	121
Штекк Федор Иванович .....	125
Саменов Азамат .....	126
Орманшин Әбілда .....	128
Тілеубердин Әлібек Қазбекұлы, Тілеубердина Шолпан Мырзабайқызы .....	130
Нұрпейісов Алданыш Нұрахметұлы .....	135
Бектас Жұмабайұлы .....	139
Марат Қойшин .....	140
Мухаметжанов Мурат Жумабекович .....	142
Ахетов Қайыргелді Сәлімұлы .....	145



Шарипова Алтын Бексултановна .....	146
Аяшинов Дәурен Масағытұлы .....	147
Қайырбекова Анар Төлеубекқызы .....	154
Болат Кенелұлы Сыздық .....	157
Аубакиров Нұрлан Маманұлы .....	190
Рахимов Орал Қабыкенұлы .....	192
Ермағанбетова Паулина Давыдовна .....	193
Құсайынов Сағадат Арынұлы .....	194
Қорытынды .....	197



**АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН  
ҚҰРБАНДАРЫ ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ  
ЕСКЕ АЛУ КІТАБЫ  
КНИГА ПАМЯТИ ЧЛЕНОВ СЕМЕЙ ЖЕРТВ  
ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ  
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ**

**ЕСТЕЛІК ӘНГІМЕЛЕР ЖИНАҒЫ  
СБОРНИК ПАМЯТНЫХ РАССКАЗОВ**

Басуға 26.11.2023 ж. қол қойылды.  
Пішімі 70x100/16 Шартты баспа табағы 16,25  
Таралымы 50 дана. Тапсырыс №

Жеке кәсіпкер Н.Ф.Устюгова  
«Мир печати» баспаханасында басылды  
020000 Көкшетау қ., Б.Әшімов көшесі, 230 үй,  
Тел. 87162 32 62 26

Бет қаттаушы әрі көркемдеуші  
Айжан Аушахметова